Бүгінгі кезеңде қоғамның философиялық ойлау жүйесі жаһандану, цифрландыру, мәдени сәйкестік дағдарысы, экологиялық қауіптер және жасанды интеллекттің өрлеуі сияқты факторлардың ықпалымен қалыптасуда. Осындай жағдайда ұстазымның ғылыми мұрасы – руханилық пен мәдениеттің үйлесімділік принципін сақтаудың, ұлттық дүниетанымды әлемдік философиялық ағымдармен сабақтастыра түсінудің теориялық негізі бола алады.

Бұл мақаланы жазуым – мен үшін ұстаздық өнегені қастерлеу, ғылыми дәстүрді жалғастырудың бір көрінісі. Әбжанов Төлеуғазы Ысқақұлы – қазақ философиясына ғана емес, менің ғылыми көзқарасымның қалыптасуына да шешуші ықпал еткен тұлға. Сондықтан бұл мақала – бір жағынан ғылыми мұраны талдау болса, екінші жағынан ұстазға деген шәкірттік алғысым мен құрметімнің айғағы.

Т.Ы.Әбжанов еңбектерінің өзектілігі – олардың тек өткенді пайымдаумен шектелмей, бүгінгі күннің күрделі сұрақтарына жауап іздеуінде. Ол қазақ философиясын әлемдік философиялық дискурсқа енгізудің жолдарын көрсетті. Осы тұрғыдан алғанда, ғалымның мұрасы қазіргі қазақстандық философия үшін бағдаршам қызметін атқарады. Оның зерттеулері – рухани мұралылықтың, тарихи сабақтастықтың және жаңа мәдени парадигмалардың тоғысқан тұсы.

Әбжанов Төлеуғазы Ысқақұлы – қазақ философия ғылымының өркендеуіне елеулі үлес қосқан тұлға. 1935 жылы Ресейдің Кемерово облысында дүниеге келген ол жасынан білімге құштар болып өсіп, 1957 жылы Қарағанды мемлекеттік педагогикалық институтының тарих-филология факультетін тәмамдады.

Еңбек жолын ауыл мектебінде бастап, кейін жоғары білім ордаларында оқытушы, доцент, профессор, кафедра меңгерушісі қызметін атқарды. Оның ғылыми бағыттарының қалыптасуына сол кезеңдегі философия ғылымының күрделі ахуалы әсер етті. Кеңестік жүйеде философия көбіне марксизм-ленинизм шеңберінде түсіндірілгенімен, Т.Ы.Әбжанов оны рухани-адамгершілік категориялармен толықтыруға ұмтылды.

1990 жылы «Философия тарихындағы пайым мен зерденің диалектикасы» атты докторлық диссертация қорғауы – оның ғылыми жолындағы маңызды белес. Бұл еңбекте ол ақыл мен зерде категорияларын тарихи-философиялық талдаудан өткізіп, адамның рухани мүмкіндіктерін айқындап берді[5].

Ғалымның кейінгі еңбектерінде де осы ізденістер жалғасын тапты. «Феноменология казахского духа» еңбегінде ұлттық рухтың мәдени және өркениеттік мәні ашылып, жаһандану жағдайындағы қазақ дүниетанымының ерекшеліктері көрсетілді[4]. «Адамға қарай бет бұрсақ» еңбегінде адам болмысының рухани қырлары зерделенсе[2], «Ойлау тарихының белестері» философиялық ой эволюциясының негізгі кезеңдерін талдады[3]. Бұл еңбектер бүгінгі күнге дейін өзектігін жоғалтпай, жас ғалымдар үшін әдістемелік және теориялық бағдар қызметін атқарып келеді.

Әбжанов Төлеуғазы Ысқақұлының ғылыми мұрасы тек теориялық қазына ғана емес, сонымен бірге ұстаздық өнегенің де айғағы. Ол көптеген шәкірт тәрбиелеп, қазақ философиясында ғылыми мектеп қалыптастырды. Оның дәрістері мен ғылыми жетекшілігі арқылы біздер – шәкірттері рухани-мәдени мәселелерді терең пайымдауға, ұлттық дүниетанымды әлемдік философия аясында талдауға дағдыландық. Сондықтан оның еңбектері мен ұстаздық дәстүрі бүгінгі және болашақ философтар үшін сарқылмас рухани қазына болып қала береді.

Т.Ы.Әбжановтың ғылыми мұрасы – 60-тан астам еңбекті қамтиды. Олардың ішінде монографиялар, оқу құралдары, мақалалар бар. Бұл еңбектер философия тарихы, таным теориясы, логика және ұлттық руханият салаларын қамтып, ғалымның ойлау кеңістігінің ауқымын көрсетеді. Оның еңбектерінің мазмұны тек теориялық деңгейде шектелмей, әрдайым қоғамның рухани сұранысына жауап беріп отырғанын байқауға болады.

Мәселен, «Философия тарихындағы таным теориясы және метод проблемасы» еңбегінде таным теориясы мен әдіснаманың өзара байланысы терең талданса [1], «Адамға қарай бет бұрсақ» – адам болмысына [2], оның рухани қалыптасуына арналған. Ал «Ойлау тарихының белестері» философиялық ой эволюциясының негізгі кезеңдерін сараптайды [3]. Бұл еңбектердің бәрін біріктіретін ортақ қыр – адамның рухани әлемін түсінуге ұмтылыс. Осы ізденістердің шарықтау шегі ретінде «Феноменология казахского духа» еңбегін атауға болады [4]. Мұнда қазақ халқының рухани болмысы мен мәдениеті феноменологиялық әдіс арқылы пайымдалып, ұлттық рухтың жаһандық философиялық дискурстағы орны айқындалды.

Нәтижесінде, Әбжанов рух ұғымын тек философиялық категория ретінде негіздеп қана қоймай, қазақ дүниетанымын әлемдік философияның дамуымен сабақтастыра зерттеді. Оның феноменологияны қолдануы ұлттық философиядағы жаңа әдістемелік бағыттың бастамасы болды. Бұл еңбектердің барлығы өзара логикалық бірлікте, бірін-бірі толықтырып, ғалымның руханилықты қоғам дамуының басты іргетасы ретінде қарастырған көзқарасын дәлелдейді.

Т.Ы.Әбжановтың ойынша, руханилық – адамзаттың болмыстық мәнін айқындайтын іргелі категория. Ол қоғам дамуының негізінде тек экономикалық немесе саяси факторлар емес, ең алдымен рухани құндылықтар тұратынын атап көрсетті. Осыдан келіп оның басты философиялық өзектері айқындалады:

Рух және мәдениет үйлесімі. Рух – мәдениеттің тірегі, мәдениет – рухтың көрінісі.

Тарихи сабақтастық. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан құндылықтар – адамзат дамуының іргетасы.

Жаһандану мен дәстүрлі мәдениет тоғысы. Жаһандану дәуірінде ұлттық рух пен мәдениет өзіндік ерекшелікті сақтап, жаңа жағдайға бейімделуі қажет.

Философияның миссиясы. Философия – тек теориялық ғылым емес, адамның рухани әлемін қалыптастыратын практикалық күш.

Осы қағидаларға сүйене отырып, Әбжанов философияны халықтың рухани жаңғыруының құралы ретінде танытты. Оның пайымдауынша, дәстүрлі мәдениет «өткеннің сарқыншағы» емес, қайта қазіргі заманғы әлеуметтік-экологиялық және мәдени дағдарыстарға жауап беретін өміршең рухани ресурс болып табылады.

Бүгінде Қазақстан қоғамы мәдени жаһандану, цифрландыру, экологиялық қауіптер және жасанды интеллекттің дамуы сияқты жаңа сын-қатерлерге бетпе-бет келіп отыр. Мұндай жағдайда ұстазым Әбжанов Төлеуғазы Ысқақұлының идеяларының ерекше маңызы бар. Ол рухани жаңғырудың философиялық негіздерін айқындап, ұлттық идентификацияны сақтаудың жолдарын көрсетті. Ғалымның ойлары дәстүрлі мәдениеттің экологиялық дағдарыстарды еңсерудегі орны мен әлеуетін дәлелдей отырып, бүгінгі күнге де, келешекке де бағыт береді.

Әбжанов Төлеуғазы Ысқақұлының еңбектерін қазіргі Қазақстанның «Рухани жаңғыру» бағдарламасы және ұлттық идеяларымен сабақтастыруға болады. Оның тұжырымдары мәдениетті тек өткенді сақтаушы емес, жаңа болашақты қалыптастырушы күш ретінде пайымдауға мүмкіндік береді. Мен үшін Т.Ы. Әбжанов – қазақ философиясының іргетасын қалаған ірі ойшыл ғана емес, ғылыми көзқарасымның қалыптасуына ықпал еткен ұстаз. Оның ғылыми мұрасы – рух пен мәдениет, дәстүр мен жаңашылдық, ұлттық құндылық пен жаһандық өркениет арасындағы үйлесімділікті түсінудің кілті.

Осы еңбектер шәкірттері үшін де, жалпы қазақ руханияты үшін де сарқылмас қазына болып қала береді. Сондықтан ұстазымның ғылыми мұрасын зерделеу – мен үшін тек ғылыми ізденіс қана емес, рухани борыш әрі алғыс білдірудің бір жолы. Әбжанов Төлеуғазы Ысқақұлының идеялары бүгінгі және болашақ ұрпаққа философиялық бағдар беріп, қазақ философиясының өрісін кеңейте беретініне сенемін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әбжанов Т., Әбішев Қ. Философия тарихындағы таным теориясы және метод проблемасы. – Алматы: Ғылым, 1990. – 120 б.
2. Нысанбаев Ә., Әбжанов Т. Адамға қарай бет бұрсақ. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 160 б.
3. Нысанбаев Ә., Әбжанов Т. Ойлау тарихының белестері. Алматы: Ғылым, 1994. – 171 б.
4. Абжанов Т. Феноменология казахского духа. – Караганды: КарГУ, 2003. – 210 б.
5. Әбжанов Т. Ы. Диалектика рассудка и разума в истории философии: докторлық диссертация. – Алматы, 1992. – 247 б.

УДК 167

ФИЛОСОФИЯ ОБРАЗОВАНИЯ И. КАНТА В КОНТЕКСТЕ СОВРЕМЕННОГО КРИЗИСА СМЫСЛОВ

Сейфуллина Галия Рустембековна
Карагандинский университет имени академика Е.А.Букетова,
ассоциированный профессор кафедры философии и теории культуры, Караганда, Казахстан

Проблема соотношения образования и воспитания занимает одно из ключевых мест в философии образования, где образовательный процесс рассматривается не только как передача знаний, но как глубинное становление человеческой субъективности. В контексте современной социокультурной ситуации, характеризующейся кризисом смыслов, утратой нормативных оснований и фрагментацией культурного пространства, возрастает интерес к классическим философским подходам, способным переосмыслить сущность образования в его антропологическом и аксиологическом измерении.

Идею неразрывного единства образования и воспитания с особой выразительностью подчёркивал И. Кант. В его философии образование — это не просто передача знаний или освоение навыков, но прежде всего процесс восхождения к свободе, преодоления природной обусловленности и одновременно процесс встраивания личности в мир культуры и общественной жизни. Тем самым

Кант укореняет своё понимание образования в логосной традиции, идущей от Платона, Августина, Фомы Аквинского, а также Ж.-Ж. Руссо, где разум выступает не столько инструментом познания, сколько основанием этического и экзистенциального выбора [1]. Исходной точкой кантовской концепции становится фундаментальное антропологическое утверждение: «Человек — единственное существо, подлежащее воспитанию» [2, с. 444]. Это суждение содержит в себе не только описание факта, но и нормативную установку: человек становится самим собой только благодаря воздействию культуры, приобщению к духовным нормам и выходу за пределы природной заданности. На этом основании Кант выстраивает стройную систему ступеней воспитания, каждая из которых представляет собой необходимую фазу движения личности к моральной автономии.

Первая ступень — это дисциплина, которая в кантовском смысле не сводится к внешнему подчинению или дрессуре, но представляет собой форму внутреннего упорядочивания, направленного на ограничение инстинктивной «дикости» и установление границ, внутри которых возможно развитие свободной воли. Первая ступень необходима, чтобы «животная природа человека, будь то, как индивидуального существа, будь то, как члена общества, не наносила ущерба его собственно человеческим качествам» [2, с. 453-454]. Именно дисциплина, по Канту, закладывает основу для будущей нравственности, поскольку учит человека быть хозяином самому себе, формирует способность к отлаживанию импульсов и рефлексии над своими действиями. Кант выводит утверждение, что дисциплина выступает не как форма подавления личности, а как условие ее освобождения от слепого следования желаниям и непосредственным влечениям. В ней проявляется фундаментальная кантовское различие между гетерономией и автономией, а именно то, что пока человек действует под властью внешних или внутренних принуждений, он остается в состоянии несвободы. Только обретение способности к самоограничению и саморегуляции открывает возможность для перехода к следующей ступени – формированию разума и практического суждения.

Вторая ступень это — культура. Она охватывает «наставление и обучение» в узком смысле, то есть формирование тех способностей и навыков, которые позволяют человеку эффективно действовать в мире. Это развитие инструментального разума, способности к целеполаганию и достижению целей, необходимое условие профессиональной и социальной самореализации [2, с. 454]. Кант приводит примеры чтения и письма как культурных навыков, но в современной интерпретации культура в этом ключе должна включать и цифровую грамотность, и умение ориентироваться в информационных потоках, и способность к критическому мышлению. Без этого компонент культура превращается в чисто утилитарную адаптацию, лишённую подлинного смысла. Ее подлинный смысл проявляется в способности человека пользоваться своими знаниями и умениями во благо как себе, так и обществу при этом руководствуясь не внешним принуждением, а внутренне осмысленным выбором. Культура должна формировать не просто «полезного человека общества», но субъекта, способного действовать в пространстве разума и ответственности. В этом аспекте культура служит связующим звеном между дисциплиной как основой самоконтроля и последующими уровнями развития личности, подготавливая человека к участию в общественной и моральной жизни.

Третья ступень — цивилизованность, которая ориентирована уже не столько на эффективность, сколько на качество человеческого сосуществования. Кант описывает её как способность быть принятым и полезным в обществе, умение вызывать симпатию, быть приятным и влиятельным [2, с. 454]. Цивилизованность выражается в умении адаптироваться к культурному контексту эпохи, что делает эту ступень особенно значимой в условиях глобализации, культурной мобильности и трансформации социальных норм. При этом Кант подчёркивает, что формы цивилизованности исторически изменчивы и зависят от «вкусов века», что делает этот уровень открытым к переосмыслению в каждом поколении: «в соответствии со вкусами каждого столетия» [2, с. 454].

Однако и культура, и цивилизованность, по Канту, морально нейтральны, так как они лишь создают предпосылки для подлинного становления личности, но не гарантируют его. «Ясно … что моральное образование требует … наибольшего внимания» [2, с. 484].

Цивилизованность, как её трактует Кант, представляет собой важную, но всё же промежуточную ступень в процессе формирования человеческой личности. Она необходима для упорядочивания общественного быта, обеспечения коммуникации и функционирования социума, однако сама по себе не гарантирует нравственной зрелости. Более того, её инструментальная направленность — использование манер, такта и любезности ради достижения собственных целей — демонстрирует, что цивилизованность может быть легко подчинена эгоистическим интересам, если

не опирается на нравственное основание. Отсюда и кантовский акцент на необходимости перехода от внешней, условной социализации к внутренне мотивированной нравственности.

Четвёртая, завершающая ступень — нравственность, или воспитание автономной личности, способной действовать из уважения к нравственному закону, выраженному в категорическом императиве. Цель воспитания — не просто сделать человека «удобным» для общества, но сформировать в нём способность к самоограничению и автономному выбору добра как всеобщего и необходимого. Именно на этом уровне — уровне морального мышления, основанного на категорическом императиве — завершается становление подлинного человека как субъекта свободы и ответственности. «Человек должен не только быть пригодным для всякого рода целей, но и выработать такой образ мыслей, избирать исключительно добрые цели. Добрые цели есть такие, которые по необходимости одобряются всеми, и могут быть в одно и то же время целями каждого» [2, с. 454].

Переход к уровню нравственности в кантовской концепции образования предполагает качественно иную форму педагогического взаимодействия, в которой становится возможным не просто передача норм и ценностей, но внутреннее становление личности как субъекта морального выбора. На этом этапе воспитание выходит за пределы инструментальной логики и формальной социализации, приобретая экзистенциальное измерение. Формирование способности к автономному выбору добра требует от образовательной среды и педагогического акта не внешнего воздействия, а создания условий для свободного самоопределения субъекта.

В условиях современной социокультурной трансформации, характеризующейся цифровой перегрузкой, неопределенностью ценностных ориентиров и ростом отчуждения, кантовская идея воспитания как движения к моральной автономии приобретает особую актуальность. В мире, где знания становятся все более доступными, но одновременно все менее связанными с жизненной мудростью и нравственным содержанием, образование нуждается в переосмыслении своих оснований. Кантовское понимание воспитания как формирование способности к разумному самоуправлению и нравственной ориентации дает теоретический ресурс для противостояния тенденции редукции образования к сервисной услуге или алгоритмически управляемому процессу.

Современное воспитание, как и прежде, определяется глубиной и качеством общения, насыщенного культурными смыслами и построенного на личностно ориентированной диалогичности. Однако сегодня это общение все чаще происходит в условиях фрагментарной идентичности, ускоренного темпа жизни и давления со стороны цифровых технологий. В этих условиях особенно важно создать такие формы образовательного взаимодействия, которые предполагают взаимообогащение и взаимовлияние, что принципиально отличается от подходов, трактующих образовательный и воспитательный процесс как ремесленническую деятельность, сводимую к технологическим схемам или одностороннему целенаправленному воздействию. В подлинном образовании создаётся совместное социокультурное пространство, где воспитание осуществляется в контексте уважения к субъектности другого. Педагогу важно осознавать, что он входит в жизненное пространство другого человека и действует в поле его саморазвития и внутренней эволюции. Механизм действия образования как коммуникации имеет своим результатом осуществление процессов саморазвития: самоактуализации, самореализации. В этом смысле воспитание предстает не как процесс формовки, навязывающий готовые модели поведения, а как пространство встреч, в котором возможны подлинные отношения и становление личности через свободное соучастие. Диалогичность, лежащая в основе такого подхода, предполагает не просто обмен репликами или мнениями, а вхождение в сферу бытийной сопричастности, где вступившие в диалог являются не противоположностями, а соучастниками становления. Это пространство открыто для непредсказуемости, для живого ответа, для роста, в котором оба участника изменяются. Здесь невозможно планирование в строгом смысле, как это возможно в технологии, потому что главной целью становится не результат, а путь, процесс движения к самости, к внутренней свободе, к осознанному выбору добра. Такое понимание образования требует от педагога не только профессиональной подготовки, но и высокой внутренней культуры, способности к эмпатии, открытости, готовности к собственной трансформации. Именно поэтому педагог, выступающий в роли наставника, не может быть просто «носителем знания» — он становится свидетелем и участником духовного становления другого, и это предполагает не власть, а доверие, не контроль, а присутствие, не управление, а сопровождение. Подобный подход радикально меняет само понимание образовательной среды: она становится не системой контроля, а культурно-смысловым полем, в котором формируются основания личности, её ценностная ориентация, способность к нравственному самоопределению. Только в этом горизонте возможен выход из состояния моральной растерянности

и технологической зависимости — через восстановление субъектности, через воспитание, которое мыслится не как формовка, а как становление человека в человеке. Такой взгляд на образование делает его не просто актуальным, а жизненно необходимым в эпоху, когда на карту поставлено само понимание человеческого.

Список использованной литературы:
1. Шачина А.Ю. К вопросу о влиянии Ж.-Ж. Руссо на творчество И. Канта // Вестник Российского университета дружбы народов. Серия: Философия. 2018. Т. 22. № 2. С. 236—247. doi:10.22363/2313-2302-2018-22-2-236-247.
2. Кант И. «О педагогике» (1803) // Кант И. Трактаты и письма / Пер. с нем. / под ред. А.В. Гулыга – М.: Наука, 1980. - 709 с.

ӘОЖ: 101.1(091)(574)

ПАЙЫМ МЕН ЗЕРДЕНІҢ ТАРИХИ ДИАЛЕКТИКАСЫ: Т.Ы. ӘБЖАНОВТЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МҰРАСЫ

Стамова Рахат Дуйшембуевна
А.А. Алтмышбаев атындағы Философия, құқық және әлеуметтік-саяси зерттеулер институты, философия ғылымдарының докторы, профессор, Бішкек, Қырғызстан
Садыкова Торғын Мейрханқызы
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті философия кафедрасының аға оқытушысы, Астана, Қазақстан

Философия тарихында адамның ойлау қабілетінің формалары – **пайым** мен **зерде** – әрқашан өзекті зерттеу нысаны болып келген. Бұл екі категория танымдық процестің ажырамас құрамдас бөліктері бола отырып, ақиқатқа жетудің түрлі жолдарын бейнелейді. Пайым – формальды-логикалық ойлаудың негізі ретінде дүниені талдау мен жүйелеуге қызмет етсе, зерде – диалектикалық ойлау арқылы болмыстың тұтастығын, ішкі байланыстары мен қайшылықтарын ұғындыруға бағытталады. Осы тұрғыдан алғанда, пайым мен зерденің арақатынасы тек таным теориясында ғана емес, адамның рухани әлемін, оның шығармашылық қабілеттерін және мәдени даму деңгейін түсінуде де шешуші рөл атқарады.

Осы мәселені кешенді түрде қарастырған көрнекті қазақстандық ғалым, философия ғылымдарының докторы, профессор **Төлеуғазы Ысқақұлы Әбжанов** болды. Оның «Философия тарихындағы пайым мен зерденің диалектикасы» атты еңбегінде философия тарихындағы пайым мен зерде категорияларының эволюциясын жүйелі түрде талдаған іргелі еңбек болып табылады [1, 79 б.]. Т.Ы. Әбжанов бұл категорияларды тек гносеологиялық тұрғыда емес, сондай-ақ әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде қарастырып, олардың тарихи дамуын қоғамдық тәжірибемен, рухани құндылықтармен және мәдениетпен сабақтастыра зерттеді.

Қазіргі заманғы философиялық дискурс шеңберінде де аталмыш мәселе өзектілігін сақтауда. XX–XXI ғасырдағы ғылыми-техникалық прогресс пен әлеуметтік дағдарыстар жағдайында рационалдылық мәселесі қайтадан күн тәртібіне шықты. Сондықтан пайым мен зерде категорияларын тарихи-философиялық тұрғыда зерделеу тек өткенді түсінуге ғана емес, бүгінгі қоғамның рухани болмысын пайымдауға да мүмкіндік береді.

Антикалық философияда пайым мен зерде ұғымдарының іргетасы қаланды. Ежелгі грек ойшылдары адамның танымдық қабілеттерін түсіндіруде бұл екі категорияны тікелей ажыратып көрсетпесе де, олардың мәнін айқындайтын идеяларды ұсынды.

Сократ философияны адамға, оның рухани болмысына бағыттап, пайым мен зерденің айырмашылығын практикалық-этикалық тұрғыда көрсетті. Ол пайымды күнделікті тәжірибелік білімді реттеуші қабілет ретінде қарастырса, зердені адамды ақиқатқа, игілікке, ізгілікке бастайтын күш ретінде таныды [3, 59 б.].

Платон екі әлем туралы ілімінде пайым мен зерденің айырмашылығын айқын сипаттады. Оның ойынша, пайым – сезімдік дүниеге қатысты біліммен шектелсе, зерде – идеялар әлемін, болмыстың түпкі мәнін ұғынуға бағытталған қабілет. Осы арқылы Платон зердені философиялық танымның жоғарғы сатысы ретінде таныстырды [3, 76 б.].

Аристотель пайым мен зердені біртұтас таным процесінің екі қыры ретінде қарастырды. Пайым – логикалық ойлаудың формаларын қамтамасыз етсе, зерде – мүмкіндіктен шындыққа өтуді, яғни болмыстың ішкі құрылымын ашуды жүзеге асырады. Оның ілімі пайым мен зерденің өзара байланысын ғылыми жүйеге түсіріп, формальды логика мен метафизикалық ойлаудың негізін салды [3, 128 б.].

Жаңа дәуірдегі ғылым мен техника дамуы пайым мен зерденің қызметін жаңа қырынан ашты. **Фрэнсис Бэкон** тәжірибеге сүйене отырып, пайымды ғылыми білімді жинақтау мен жүйелеудің құралы ретінде көрсетті. Оның эмпиризмге негізделген философиясы пайымның тәжірибелік танымдағы рөлін күшейтті [1, 32 б.].

Ал **Рене Декарт** рационализмді негіздеп, зердені ақиқатты табудың басты құралы ретінде айқындады. Оның «Cogito, ergo sum» («Ойлаймын, ендеше бармын») қағидасы зерденің адам болмысының мәнін анықтаудағы шешуші рөлін айқын көрсетті [4, 32 б.].

Барух Спиноза болса, пайым мен зердені диалектикалық тұрғыда біріктіріп қарастырды. Ол пайымды табиғат құбылыстарын талдау құралы ретінде қолданса, зердені болмыстың тұтастығын түсіндіретін әмбебап күш ретінде таныды [3, 161 б.].

Сонымен, антикалық дәуірде бастау алған пайым мен зерденің арақатынасы Жаңа дәуірде жаңа мазмұнға ие болып, ғылыми әдіснама мен рационалдық ізденістердің өзегіне айналды. Егер антикалық философтар бұл категорияларды адамның болмысы мен әлемді түсінудің жалпы негізі ретінде қарастырса, Жаңа дәуір ойшылдары оларды ғылым мен рационалдық прогрестің қозғаушы күші ретінде сипаттады.

Иммануил Кант пайым мен зердені таным қабілетінің екі сатысы ретінде қарастырды. Оның көзқарасында **пайым** – құбылыстарды категориялар арқылы реттеп, тәжірибелік білімді жүйеге түсіретін қабілет. Ал з**ерде** – құбылыстардың шегінен шығып, ақыл-ойды жалпы идеялар деңгейіне көтеретін, яғни абсолютті шындыққа ұмтылдыратын күш [5, 195 б.].

Кант пайымды «табиғат заңдарын танып-білуге арналған» қабілет ретінде сипаттады, бірақ зерденің міндетін одан жоғары қойды. Зерде адамды моральдық заңдармен байланыстырып, бостандық пен жауапкершілік мәселесін шешуге жол ашады. Дегенмен, Кант зерденің шексіз мүмкіндігін мойындамаған, ол зердені «антиномиялармен» шектелген қабілет деп есептеген. Бұл көзқарас зерде мен пайым арасындағы қайшылықты айқын көрсетеді.

Гегель философиясында пайым мен зерде **диалектикалық бірлікте** қарастырылады. Оның ойынша, пайым – шындықты бөлуге, саралауға, категорияларға ажыратуға бейім формальды ойлау. Бірақ пайым тек сыртқы байланыстарды ашып көрсетумен шектеледі. Ал зерде – болмыстың ішкі қайшылықтарын қамтып, даму заңдылықтарын айқындайтын жоғары деңгейдегі ойлау қабілеті [3, 207 б.].

Гегель зердені абсолюттік идеяға жетелейтін шығармашылық күш деп бағалады. Ол пайым мен зердені қарама-қарсы қоймай, олардың өзара өтуін, диалектикалық байланысын ашып көрсетті. Пайым – ойлаудың қажетті сатысы, бірақ ол зердеге ұласқанда ғана толық мағынасына жетеді.

Т.Ы.Әбжанов неміс классикалық философиясын пайым мен зерде мәселесінің шарықтау кезеңі ретінде қарастырады. Ол Кантта бұл категориялардың алғаш рет жүйелі ажыратылғанын, ал Гегельде олардың диалектикалық бірлігі мен қайшылығы тұтас таным теориясына айналғанын атап көрсетеді.

Нәтижесінде, неміс классикалық философиясы пайым мен зердені тек танымдық қабілет ретінде емес, тарихи-философиялық дамудың негізгі қозғаушы күштері ретінде қарастырды. Бұл идеялар Әбжанов еңбегінде жаңа қырынан пайымдалып, қазақ философиясында да өз жалғасын тапты.

XX ғасыр адамзат тарихындағы аса күрделі кезеңдердің бірі болды. Ғылыми-техникалық прогресс, соғыс қасіреттері, тоталитарлық жүйелер мен әлеуметтік дағдарыстар дәстүрлі рационалдылықтың шектеулерін айқын көрсетті. Ағартушылық дәуірінен бастау алған «зерде арқылы барлық қайшылықты шешуге болады» деген сенім күйзеліске ұшырады.

Екі дүниежүзілік соғыс, ядролық қарудың жасалуы, экологиялық дағдарыстар мен әлеуметтік теңсіздіктер зерденің шексіз мүмкіндігіне деген сенімді әлсіретті. Осы кезеңде философияда «зерденің дағдарысы» мәселесі алдыңғы қатарға шықты. Бұл әсіресе Франкфурт мектебі өкілдерінің М. Хоркхаймер, Т. Адорно, Г. Маркузе еңбектерінде кеңінен талданды. Олар пайым мен зерденің біржақты дамуының салдары ретінде қоғамның технократиялық бақылау жүйесіне тәуелділігін көрсетті.

XX ғасырдың екінші жартысында постмодернистік ойшылдар Ж. Деррида, М. Фуко, Ж.-Ф. Лиотар зерденің әмбебаптық сипатын сынға алды. Олар ақылдың абсолютті заңдылықтары жоқ екенін, әрбір мәдениет пен қоғамның өзіндік «ақиқат» формалары барын дәлелдеді [6, 107 б.]. Бұл көзқарас пайым мен зердені тарихи-әлеуметтік контекстке байланысты қарастыру қажеттігін күшейтті.

XXI ғасырда пайым мен зерденің диалектикасы жаңа мағынаға ие болып отыр.

Ғылымда – жасанды интеллект пен цифрлық технологиялардың дамуы пайымның логикалық-аналитикалық қызметін күшейтсе, зерденің шығармашылық және сындарлы ойлау қабілеті аса қажет болып отыр.

Қоғамда – жаһандық экологиялық, мәдени және этикалық мәселелерді шешу үшін тек формальды пайым жеткіліксіз, зерденің құндылықтарға негізделген дүниетанымдық мүмкіндігі қажет.

Адамның рухани әлемінде – пайым мен зерде бірлігінің бұзылуы тұлғаның рухани дағдарысына әкеледі, ал олардың үйлесімі толыққанды тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді.

Т.Ы.Әбжанов пайым мен зерденің тарихтағы өзгерістерін тек теориялық тұрғыдан ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік-мәдени процестермен байланыстыра қарастырады [1, 45 б.]. Оның пікірінше, XX ғасырдағы дағдарыс пайым мен зерденің өзара қайшылығынан туындады. Алайда бұл қайшылық жаңа ізденістерге жол ашады. Ақыл тек логикалық-формальды ойлау емес, сонымен бірге шығармашылық пен рухани мәдениеттің тірегі болуы тиіс.

Пайым мен зерде категориялары философия тарихында адамның ойлау жүйесін, рухани болмысын және мәдени дамуын түсінудің басты кілті болды. Антикалық дәуірде олардың алғашқы негіздері қаланып, Жаңа дәуірде ғылым мен рационализмнің дамуына байланысты жаңа мазмұнға ие болды. Неміс классикалық философиясы пайым мен зердені жүйелі талдап, олардың диалектикалық бірлігін ашып көрсетті. XX ғасырда рационалдылықтың дағдарысы бұл категорияларды қайта қарастыруға алып келді. Ал қазіргі заманда пайым мен зерде мәселесі жасанды интеллект, жаһандық экологиялық және этикалық проблемаларды шешуде өзекті мәнге ие болып отыр.

Т.Ы. Әбжановтың «Философия тарихындағы пайым мен зерденің диалектикасы» атты еңбегі осы философиялық категориялардың тарихи эволюциясын терең талдап, олардың диалектикалық байланысын ашып көрсетті [1, 32 б.]. Ғалым пайым мен зерденің қоғамдағы рөлін, олардың мәдениетпен және рухани құндылықтармен байланысын анықтап, қазақ философиясында ерекше ғылыми мектеп қалыптастыруға ықпал етті. Сондықтан Т.Ы.Әбжановтың еңбегі қазіргі заманғы философиялық ойдың дамуына айрықша үлес қосып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әбжанов Т., Әбішев Қ. Философия тарихындағы пайым мен зерденің диалектикасы. – Алматы: Ғылым, 1992.- б.

2. Plato. *The Republic*. Trans. B. Jowett. – New York: Dover Publications, 2000. – 288 p.

3. Нысанбаев Ә., Әбжанов Т. Қысқаша философия тарихы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1999. –272 б.

4. Descartes, R. *Discourse on Method and Meditations on First Philosophy.* – Indianapolis: Hackett Publishing, 1998. – 128 p.

5. Кант И. Сочинения в шести томах. Под общ. ред. В. Ф. Асмуса. А. В. Гулыги, Т. И. Ойзермана, Москва: Мысль, 1966. (Философское наследие. Акад. наук СССР. Ин-т философии) Т. 5. 564 с.

6. Lyotard, J.-F. *The Postmodern Condition: A Report on Knowledge.* – Minneapolis: University of Minnesota Press, 1984. – 210 p.

ON THE DISTINCTION BETWEEN MORALITY AND LEGALITY: KANT'S LIBERAL LEGALISM

Özlem Ünlü
Selçuk University
Assistant Professor at Department of Philosophy

In this study, I examine the controversial relation between morality and politics in Kant's practical philosophy as mainly formulated in his 1785 early work Groundwork of the Metaphysics of Morals (Grundlegung zur Metaphysik der Sitten) and 1797 work the Metaphysics of Morals (Die Metaphysik der Sitten).1 I argue that Kant's grounding principle of morality and justice in practical reason can be united in his conception of law. Kantian conception of law must be understood within the unity of practical reason, in which morality, justice, and politics cannot substantially be conceived separately; conceived apart from one another, they would drift in an empty space simply because, for Kant, freedom is at stake, be it moral or political freedom, or, to put it in Kantian terms, internal or external freedom.

For Kant, in a manner like moral freedom who demand us to act only in a way that the subjective principle of action can become a universal law, rightful political freedom can be understood as the guarantee that one is bound only by laws to which one has given consent. Kantian conception of moral subject is demanded prior to action to inquire whether the maxim of that action could be willed as a universal law governing the actions of all. Through this inquiry, the moral subject arrives at the formal moral law. The public character of the categorical imperative consists primarily in its demand that rational beings be regarded as ends in themselves. Insofar as every rational being possesses the capacity for universal legislation, they function as a constitutive element of the kingdom of ends—an element that cannot be negated or ignored. As seen, Kant's moral law is already political not only in its consequences but already in its very formulations. Likewise, as Kant states in Perpetual Peace, rightful political equality within a political community means that no citizen can impose legal obligations on another without at the same time being equally subject to laws that allow others to impose the same obligations on them. Indeed, in both realm the same kind of law is to run rational acting. Kant, by disregarding both the natural and the social–empirical elements of inequality, maintains that human beings can be equal only at the capacity of pure practical reason.

However, to affirm that the concept of freedom, as well as autonomy constitutes the foundation of Kant's theory of pollical liberalism is not to suggest that citizens will act in accordance with laws that they could rationally demand for themselves, whether as individuals or as a collective. For sure, in Kantian worlds, citizens are to be expected to act in a rational way in theory or, they have the capacity to do so. Thus, Kantian political liberalism must assume individuals or citizens have the capacity or potential to act in a rational way as they bear practical reason, though they do not have to do so.

Here is the philosophical problem that while Kant's conception of practical reason claims an obvious unity in the sense that morality has a priority all over legal and political sphere, Kant introduces the distinction between moral and politico-legal sphere within the practical reason. On the one hand, Kantian moral law is a guiding principle for other humane spheres. On the other hand, the laws of legality do not necessarily entail high morality improvement and thus can be independent from the laws of morality, namely the formulations of categorical imperative.

Kant's insistence on a sharp division between legality and morality lies in the difference between moral maxims and legal maxims. The domain in which we are to discuss the legal order falls within the scope of external freedom. It is therefore not the sphere in which the intention or good will of the action is to be examined, but rather legal maxim in which the legitimacy of the action itself is to be determined. Juridical legislation is not the same as moral legislation. In other words, it is not the duty of legality to check out whether moral action comes out of good will or not:

All legislation (whether it prescribes internal or external actions, and whether it is prescribed a priori through simple reason or through another person's will) consists of two elements: first, a law represents objectively the action that is to be done as necessary, that is, that makes the action into a duty; second, a motive that subjectively links the ground determining will to this action with the representation of the law. So his second element amounts to this, that the law makes duty the motive (Kant, 1999, 22).

[1] Kant's theory of justice is developed in the *Metaphysical Elements of Justice* (*Die Metaphysischen Anfangsgründe der Rechtslehre*), which constitutes the first part of the work originally titled *Metaphysik der Sitten* and translated into English as the *Metaphysics of Morals*. Its second part, the *Tugendlehre*, investigates the metaphysical principles of the concept of virtue. The work, translated into English under the title *The Metaphysics of Morals*. For the English edition, see Immanuel Kant, *The Metaphysics of Morals*, trans. Mary Gregor (New York: Cambridge University Press, 1991). In this study, I resort to John Ladd's translation since it offers a more detailed focus on justice, a natural consequence of the exclusion of the second section of the book, the *Tugendlehre*, brings the reader closer to the original German language. Immanuel Kant, *Metaphysical Elements of Justice*, trans. John Ladd (Indianapolis: Hackett Publishing Company, 1999).

Within Kant's liberal framework, the distinction between moral and juridical laws lies in their relationship to motivation: moral laws, whether it be the law of virtue or justice, require that moral duty serve as the will's determining ground, whereas juridical laws demand only external acting without regard to motivational factors. As the laws of freedom, both derive their normative authority from their compatibility with the moral law, as assessed via the categorical imperative as a criterion of validity. Thus, the main aim of the Rechtslehre, on this account of Kant's liberal legal theory, involves articulating the conditions under which external enforcement mechanisms can be morally justified as means of securing observance of legal duties. Only in this way, we can think of the distinction between morality and legality, and the unity of practical reason together without

List of References

Kant, I. The Metaphysics of Morals, trans. Mary Gregor. New York: Cambridge University Press, 1991.

—. Perpetual Peace. In Kant Political Writings, ed. Hans Reiss and trans. H.B. Nisbet. Cambridge: Cambridge University Press, 1991, 93-125.

—.Critique of Practical Reason, trans. and ed. Mary Gregor. Cambridge: Cambridge University Press, 1997.

—. Metaphysical Elements of Justice, trans. John Ladd. Indianapolis: Hackett Publishing Company, 1999.

—. Groundwork of the Metaphysic of Morals, trans. Thomas E. Hill Jr. and Arnulf Zweig. New York: Oxford University Press, 2002.

Pippin, Robert B. Idealism as Modernism: Hegelian Variations. Cambridge: Cambridge University Press, 1997

ӘОЖ 24-185.325

КАРМА КОНЦЕПЦИЯСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МӘНІ

Сулейменов Мухтар Амантурлиевич
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің оқытушысы, магистр,
Астана, Қазақстан
Б. Н. Ельцин атындағы Қырғыз-Ресей Славян университетінің философия және дінтану
кафедрасының докторанты

Карма үнді өркениетінде, әсіресе индуизм мен буддизмде, адам әрекетінің салдары мен жауапкершілігін түсіндіретін іргелі ұғым. Индуизмде ол дхарма, атман және самсарамен байланысып, тағдыр мен тіршіліктің үздіксіз айналымын білдіреді. Буддизмде карма скандха, сана, реинкарнация, өзара шарттылық және бос кеңістік (шуньята) түсініктерімен ұштасып, азаттыққа жетудің кедергілерін еңсеру жолы ретінде бағаланады. Философиялық тұрғыда карма тек іс-әрекеттің салдары ғана емес, этикалық жауапкершілік пен еркін таңдау феномені ретінде көрініс табады. Ол адамның болмысы мен рухани дамуын түсіндіруге мүмкіндік беріп, аксиологиялық, антропологиялық және гносеологиялық мәнге ие. Қазіргі ғылымдағы себептілік пен жүйелілікке қатысты тұжырымдармен салыстырғанда, карма әмбебап категория ретінде адам өмірінің мәнін ашып көрсетеді.

Карма ұғымы үнді өркениетінің діни-философиялық жүйелерінде, әсіресе индуизм мен буддизмде іргелі категория болып саналады. Индуизмде ол дхарма, атман және самсара ілімдерімен байланысып, адамның тағдырын, жауапкершілігін және қайта туу шеңберін түсіндіреді. Буддизмде карма скандха, сана, реинкарнация, өзара шарттылық және шуньята түсініктерімен тоғыса отырып, азаттыққа жетудің алғышарты ретінде қарастырылады. Махаяна дәстүрінде бұл ұғым тек жеке арылу емес, барлық жан иелерінің игілігі үшін жасалатын әрекеттердің философиялық негізі ретінде ерекше мәнге ие. Карма концепциясын зерттеуде бірнеше әдіснамалық тәсілдер қолданылды. Салыстырмалы-философиялық талдау индуизм мен буддизмнің әртүрлі тармақтарындағы (Хинаяна, Тхеравада, Махаяна) түсініктерді үнді философиясының жүйелерімен (санкхья, веданта, ньяя) салыстыру арқылы олардың ерекшеліктерін айқындады. Нәтижесінде, карманың Махаянадағы түсіндірмесі шуньята мен өзара шарттылық идеяларымен терең байланысты екені анықталды. Герменевтикалық тәсіл Нагарджуна мен Васубандху еңбектерін, сондай-ақ индуистік канондық мәтіндерді талдауға негізделіп, олардың мәдени-философиялық астарын және символдық құрылымын ашуға мүмкіндік берді. Феноменологиялық көзқарас карманы адамның ішкі дүниесімен, ниеті мен тәжірибесімен байланыстыра қарастырып, оның тек сыртқы әрекет емес, санамен біте

қайнасқан онтологиялық табиғатын айқындады. Сонымен қатар, интердисциплинарлық бағыт карма теориясын қазіргі нейроғылым, психология, этика және кванттық физикадағы тұжырымдармен салыстыра отырып, оның әмбебаптығы мен өміршеңдігін көрсетті. Мәселен, буддизмдегі сананың үздіксіздігі идеясы когнитивтік ғылымдағы «сана ағымы» ұғымымен үндестірілді. Осылайша, индуизм мен буддизмдегі, соның ішінде Махаянадағы карма концепциясы адамның болмысын, еркіндігін және жауапкершілігін түсіндіретін терең философиялық ілім ретінде айқындалады.

Карма – үнді өркениетінің басты категориясы. Индуизмде ол дхарма, атман және самсарамен байланысып, әрекет–салдар–жауапкершілік шеңберін түсіндіреді; адам тағдыры этикалық таңдау мен ғұрыптық-моральдық тәртіпке тәуелді. Буддизмде карма анатман, скандха, өзара шарттылық (пратитьясамутпада) және шуньята ұғымдарымен ұштасып, ниет пен әрекеттің саналық құрылымына әсер ететін себептілік ретінде қарастырылады. Буддизмнің екі тең мәртебелі бағыты – ерте дәстүр (Тхеравада/«Хинаяна») мен Махаяна – бір баспалдақтың сатыларындай: (1) моральдық-этикалық негіздерді меңгеру, (2) «бос кеңістік» пен барлық құбылыстың өзара шартты табиғатын тану. Шуньята «өзінді-заттық болмыстың» (свабхава) жоқтығын көрсетеді; нағыз ояну - осы бос табиғатты тікелей түсінудің нәтижесі. Махаянада бұл түсіну бодхисаттва идеалымен ұштасып, «Мен» мен «Өзгенің» шекарасын еңсеруге бағытталады. Төрт Асыл Шындық карма ілімін тәжірибелік-логикалық деңгейде орнықтырады: азаптың барын, оның себептерін, тоқтауын және оған апарар жолды көрсетеді. Скандхалардың құбылмалы табиғаты азапқа бейімділікті түсіндірсе, карма осы бейімділіктің қалайша ниет пен әрекет арқылы болашақ тәжірибеге ұрық себетінін айқындайды. Қорыта келе, индуизм мен буддизмдегі (соның ішінде Махаянадағы) карма - онтология, этика және гносеологияны тоғыстыратын тұтас жүйе: ол фатализм емес, саналы ниет пен әрекет арқылы болмысты түрлендірудің принципі [1, 7 б.].

Буддизм ілімі азаптың тек көзге көрінетін түрлерін ғана емес, әлі пайда болмаған, бірақ сананың тереңінде сақталған кармалық бейімдерден туындайтын ішкі күйзелістерді де қарастырады. Бұл құбылыс карманың жүзеге асу тетігін айқындап, скандха, сана, өзара тәуелділік және бос кеңістік ұғымдарының ажырамас байланысын көрсетеді. Будда философиясы тұрғысынан «тұлға» дербес мән емес, уақытша бірігіп тұрған денелік және рухани құрамдас бөліктердің жиынтығы ғана. Олар тұрақсыз, үнемі өзгерісте болады және әрқайсысы өзіндік қызмет атқарады. Осы құрамдастар бес скандхаға жіктеліп, олардың бірлестігі адам өміріндегі қасірет пен азаптың негізгі себептерін құрайды. Осылайша, карма концепциясы буддизмде тек әрекет пен оның салдарын түсіндірумен шектелмей, адам болмысының өтпелілігі мен сананың құрылымдық табиғатын ашып көрсететін философиялық ілім ретінде мәнге ие.

«Абхидхармакошада» тіршіліктің шартты болмысы бес скандха арқылы түсіндіріледі. Олардың қатарына денелік және психикалық құрамдастар, соның ішінде сезімдік танымдар да кіреді. Скандхалардың негізгі сипаты – тұрақсыздық: олар мәңгі емес, үнемі өзгерісте болады. Дәл осы тұрақсыздық буддистік философияның басты талдау нысанына айналған. Бұл бес топ бір жағынан нирванаға жетуге мүмкіндік беретін өткінші құбылыстар болса, екінші жағынан дүниелік сананың ықпалындағы қайшылық пен бұлдырлықтың көрінісі болып саналады. Будда ілімі бойынша, скандхалар – жалған «Менді» қалыптастыратын феномендер. Олар уақытша әрі себеп-салдарлық байланыстарға тәуелді болғандықтан, адамның адасқан түсініктерінің негізіне айналады.Осылайша, скандхалар ілімі карма заңымен өзара байланысты: әрекет пен санадағы кармалық іздер осы өткінші құрамдастарда жинақталып, адамның болмысына ықпал етеді [2, 5 б.].

Буддизм ілімі бойынша скандхалар – карманың бастауы әрі сансарадағы азаптың негізі. «Абхидхармакошада» айтылғандай, болмыстың барлық құбылыстары бес топқа бөлінеді: рупа (материалдық форма), ведана (сезім), санджня (қабылдау), самскара (ниет пен ой әрекеттері), виджняна (сана). Рупа-скандха – адамның денесі мен сезім мүшелері, сондай-ақ олар қабылдайтын объектілер. Оның негізін жер, су, от, жел сияқты төрт іргелі элемент құрайды. Бұлар тек сыртқы заттар ғана емес, адамның ішкі психо-физикалық процестерінде де әрекет етеді. Ведана-скандха сезімдерді қамтиды: жағымды, жағымсыз және бейтарап күй. Бұл сезімдер сезім мүшелерінің сыртқы нысандармен түйісуі арқылы туады. Санджня-скандха қабылдау мен тануды білдіреді. Ол арқылы адам заттарды ажыратады, ұғымдар құрастырады, салыстырады. Самскара-скандха – карманың негізгі қайнары. Бұл – адамның еркі, ниеті, ішкі импульстары. Жақсы немесе жаман ой-қимыл осы деңгейде басталып, нақты кармалық із қалдырады. Асанга мен Васубандху еңбектерінде бұл факторлардың ондаған түрі сипатталады. Осылайша, скандхалар адамды құрайтын психо-физикалық элементтер ғана емес, карманың қалыптасу алаңы болып табылады. Олар тұрақсыз, шартты әрі себеп-салдарға тәуелді. Буддизмде тұлға – осы өткінші құрамдастардың уақытша бірлестігі ғана. Ал оларды дұрыс түсіну нирванаға, яғни азаттыққа бастайды [3, 196 б.]. Виджняна-скандха, яғни сана — буддизм философиясында танымдық процестің негізін құрайтын басты элемент. Ол сезім мүшелері

мен ақыл-ойға сүйене отырып, сыртқы және ішкі объектілерді бейнелейді. Сана – айнаның бейнені көрсетуі секілді: ол затты бағаламайды, тек оның бар екендігін тіркейді. Буддизм бойынша, сана алты түрге бөлінеді: көру, есту, иіс сезу, дәм сезу, денемен түйсіну және ақыл-ой санасы. Бұлардың әрқайсысы өз негізіне (көз, құлақ, мұрын, тіл, дене, ой) және сәйкес объектісіне (бейне, дыбыс, иіс, дәм, жанасу, ой-елес) тәуелді. Олар шартты жағдайға байланысты уақытша пайда болады және тұрақсыздыққа ұшырайды. Сананың қызметі бірнеше кезеңнен тұрады: алдымен түйсік пайда болады, кейін ол қабылдауға түседі, соңынан объектіні ажырата білу арқылы бейне қалыптасады. Бірақ нақты тану мен бағалау — қабылдау (санджня) мен ой әрекеттерінің (самскара) үлесіне тиеді. Сондықтан буддистік ілімде сенсорлық саналар «концептуалды емес» таным деп аталады: олар тек нысанның бар екенін аңғарады, ал оны жақсы-жаман деп саралау кейінгі деңгейде жүзеге асады. Осылайша, виджняна-скандха — адам болмысының рухани қабаты ғана емес, карманың жүзеге асу алаңы. Сананың үздіксіздігі ниет пен әрекетке ықпал етіп, себеп-салдарлық байланысты айқындайды. Бұл буддизмдегі карма концепциясының гносеологиялық және онтологиялық негізін құрайды [4, 16 б.].

Карма индуизм мен буддизм философиясындағы іргелі категория ретінде адам әрекеті мен оның салдарын түсіндірудің әмбебап принципін білдіреді. Ол дхарма, самсара, скандха және шуньята ілімдерімен сабақтасып, тұлғаның онтологиялық, этикалық және гносеологиялық болмысын айқындайды. Махаяна дәстүрінде карма барлық тірі жанның игілігіне бағытталған әрекеттің философиялық негізі ретінде ерекше мәнге ие.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Геше Джамьян Кьенце. Ло Чжонг практикасына арналған нұсқаулар. – М.: Лама Цонкапаның Будда Орталығы, 1998. – 126 б.

2. Васубандху. Абхидхармакоша (Абхидхаманың энциклопедиясы). Үшінші бөлім. Әлем туралы ілім / Санскрит тілінен аударған, кіріспе, түсініктеме және тарихи-философиялық зерттеу – Е.П. Островская және В.И. Рудой. – СПб.: «Андреев және ұлдары», 1994. – 336 б.

3. Ақыл мен білім. Дрэпун тибет монастырының Гоман-дацанындағы таным теориясын үйрену дәстүрі. – СПб.: Санкт-Петербург университеті, 2005. – 307 б. (№104)

4. Валпола Рахула. Будда не үйретті / Аударған: И.В. Берхин. – СПб.: Алмаз жолы, 1995. – 97 б. (№100)

УДК 796.01

ПРЕДЕЛ РАЦИОНАЛЬНОСТИ И ПОСТНЕКЛАССИЧЕСКАЯ ЭПИСТЕМА: К ФИЛОСОФИИ ПОДГОТОВКИ СПОРТСМЕНА

Сухачев Евгений Александрович
ФГБОУ ВО «Поволжский государственный университет физической культуры, спорта и туризма», кандидат педагогических наук, доцент кафедры теории и методики футбола и хоккея, мастер спорта России, Казань, Россия

Введение

В современной философии тело долгое время оставалось «слепым пятном» – либо объектом редукции, либо сосудом для сознания. Между тем, существуют практики, где тело не только действует, но и знает. В спорте, особенно в контексте высоких нагрузок и предельных усилий, тело выступает как носитель опыта, интуиции, молчащей мудрости. Оно не следует приказам разума – оно предвосхищает их.

Спортивная подготовка – это не просто набор техник или программ, а пространство, где возникает уникальный когнитивный опыт: знание, не оформленное в словах, но доступное через повторение, ритм, утомление, интуицию, провалы и прорывы. Это знание не передаётся как теория – оно впитывается, проживается, обживается телом.

Статья не ставит цели дать готовую теорию. Скорее, это попытка философского приближения к тому, что обычно скрыто за опытом спортивной подготовки, опытом становления тела как субъекта познания.

1. Преамбула: тело как философский вызов

Философская традиция Европы, начиная с Платона, формировалась как логос тела, вытеснённого, подавленного, превращённого в субстанцию, сопротивляющуюся истине. Тело было:

то, в чём заключена душа (у Платона), механизмом, управляемым разумом (у Декарта), живым символом в социальной игре (у Фуко), структурой переживаний (у Мерло-Понти) [1, 2, 3, 4].

Тело редко рассматривалось философией как самостоятельный когнитивный субъект. Чаще – как объект управления, страдания, наблюдения. Однако в контексте спортивной практики оно проявляет свойства, которые позволяют говорить о знании, хотя и не в классическом его понимании. Речь идёт не о знании как рефлексивной артикуляции, а о знании как способности действовать точно, своевременно, соразмерно – без логического анализа, но с чёткой эффективностью.

Такое знание можно обозначить как молчаливое (М. Полани) или воплощённое (embodied cognition) [5, 6]. Оно не проходит через язык, но организует поведение. Оно не высказывается, но повторяется, калибруется, настраивается. В феноменологической перспективе (Мерло-Понти) тело – это не просто носитель сознания, а средоточие первичного понимания мира, укоренённого в жесте, ощущении, ритме. Здесь знание – это не репрезентация, а присутствие.

2. Рациональность как предел и возможность: спортивная практика как воплощённая эпистема

Традиционное представление о рациональности закрепилось в философии как система логически оформленных суждений, аргументации, верифицируемых понятий. Но такая модель отражает лишь один из возможных режимов разумности – аналитический, дискурсивный, вербальный. Между тем, спортивная практика выявляет другой тип рациональности – воплощённой, ситуативной, кинестетической.

Суицидтің он ортақ белгісі (Э. Шнейдман бойынша) : Суицидтің жалпы мақсаты – мәселені шешу. Суицидтің жалпы міндеті – сананы тоқтату. Суицидке итермелейтін ортақ стимул – жан дүниенің (психикалық) төзгісіз ауырсынуы. Суицидке себеп болатын ортақ стресс факторы – қанағаттандырылмаған психологиялық қажеттіліктер. Суицидтің ортақ эмоционалды күйі – дәрменсіздік пен үмітсіздік. Суицидке қатысты ортақ ішкі қатынас – амбиваленттілік (екіұдай сезім). Суицид жасаған адамның ортақ психикалық күйі – когнитивті (ойлау) процестердің тарылуы. Суицидтің ортақ әрекеті – қашу (эгрессия). Суицидтің ортақ коммуникативті әрекеті – өзінің ниетін хабарлау. Суицидтік мінез-құлықтың ортақ заңдылығы – жалпы өмірлік мінез-құлық стиліне сәйкестік [3, 75 б.].

Суицидтік мінез-құлықтың түрлері: Суицид – адамның өз өмірін тоқтатуға деген анық ниетімен жасалған әрекеттер. Парасуицид: - А) Адамның өліміне әкелуі мүмкін әрекеттер, бірақ олардың тікелей өзін өлтіруге деген ниеті жоқ немесе мотивтері анық емес. Бұл көбінесе адамның сол кездегі психикалық жағдайына байланысты. Б) Өмірмен қош айтысу ниетінсіз жасалған демонстрациялық-шантаждық әрекеттер.

Суицидтік мінез-құлыққа жатпайтын автоагрессивті әрекеттер де бар. Олар әртүрлі себептермен жасалады, бірақ адамның өзін өлтіру ниеті болмайды. Мұндай әрекеттер басқа адамдардың назарын аударту, эмоционалды күйзелісті жеңілдету немесе өз өмірімен эксперимент жасау мақсатында орын алуы мүмкін. Суицидтік мінез-құлықтың динамикасы. Суицидтік мінез-құлық – адамның өзін-өзі өлтіру туралы ойлары, сезімдері және әрекеттерін қамтитын психикалық процестер. Бұл үрдіс бірнеше деңгейден өтеді: Антивиталдық (өмірге деген қызығушылықтың жойылуы) ойлар: "Бұл өмірде өмір сүргенше, өлген артық", "Өмірдің мәні жоқ" деген сияқты ойлар пайда болады. Бұл кезеңде адам өлім туралы нақты ойланбайды, тек өмірден үміті үзіледі. Пассивті суицидтік ойлар: Өзіне қол жұмсау туралы тікелей ойлар жоқ, бірақ "Егер мен өлсем, бәрі жеңіл болар еді" деген сияқты қиялдар пайда болады. Суицидтік жоспарлар: Адам өзіне қол жұмсаудың жолдары мен жағдайларын ойластырады. Суицидтік ниет: Адам нақты шешім қабылдап, өз-өзіне қол жұмсауға әрекет етеді. Пресуицидтік кезең қысқа уақыт (минуттар, сағаттар) немесе ұзақ (бірнеше ай) болуы мүмкін.

Н.В. Конанчук (1983) бойынша суицидке бейім тұлғалардың сипаттамалары: Эмоционалды тұрақсыздық, импульсивтілік, эмоционалды тәуелділік, жақын қарым-қатынасқа мұқтаждық, сенгіштік, эмоциялардың тұрақтылығы, ригидтілігі, өзіндік қадір-қасиетінің жоғары деңгейі, өз бетінше шешім қабылдау қабілеті, қажеттіліктерінің жоғары деңгейде болуы, табысты болуға ұмтылу, табысты болуға табандылық, компромиске келмеу, стресті жеңілдету механизмдерінің әлсіздігі [4, 52 б.].

А. В. Лихачев бойынша суицид мотивтерінің жіктелуі: Психикалық аурулар (19,00%), алкоголизм (9,76%), материалдық қиындықтар (7,67%), өмірден шаршау (5,52%), қайғы-қасірет пен реніш (4,49%), физикалық азап (3,54%), ұят пен жазалаудан қорқу (3,36%), Махаббат (2,10%), [5, 87 б.].

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) психикалық денсаулық критерийлері: өзінің физикалық және психикалық "Менін" біртұтас әрі тұрақты сезінуі, ұқсас жағдайларда эмоцияларының тұрақтылығы, өзінің ойлары мен іс-әрекеттеріне сын көзбен қарау, қоршаған орта жағдайларына психикалық реакциялардың сәйкестігі, қоғамдық нормаларға сай өзін-өзі реттеу қабілеті, өмірлік жоспар құру және оны жүзеге асыру қабілеті, өзінің мінез-құлқын өзгермелі жағдайларға бейімдей білуі.

Суицидтік қауіп факторлары (Рингель, Штенгель, Кильхольц, 1974). А тобы – нақты қауіптің белгілері: Бұрынғы суицидтік әрекеттер, отбасындағы немесе жақын ортасындағы суицид жағдайлары, өзін-өзі өлтіру туралы тікелей немесе жанама ескертулер, суицидке дайындықтың белгілері, бірнеше рет суицид туралы сөйлескеннен кейін күтпеген тыныштық, өзін-өзі өлтіру туралы қорқынышты түстер. В тобы – психикалық денсаулық жағдайына байланысты факторлар: Ауыр депрессия немесе мазасыздық, ұзаққа созылған ұйқының бұзылуы, өмірге деген қызығушылықтың жоғалуы, суицидтік ойлар мен әрекеттердің жиілігі, өзін кінәлі сезіну, алкоголизм немесе нашақорлық. С тобы – сыртқы факторлар: Балалық шақта отбасылық мәселелер, жалғыздық, оқшаулану, қаржылық қиындықтар, өмірлік мақсаттардың болмауы, діни сенімнің әлсіздігі. Суицидтің алдын алу үшін психологиялық, әлеуметтік және заңнамалық шаралар қажет: Медициналық көмек: психотерапия, дәрілік емдеу. Әлеуметтік қолдау: дағдарыс орталықтарын құру, психологиялық кеңес беру қызметтерін дамыту. Құқықтық реттеу: интернеттегі суицидті насихаттайтын контентке бақылау орнату. Қоғамдық және білім беру шаралары: мектептер мен университеттерде психикалық денсаулық бойынша тренингтер өткізу.

Э. Гроллман бойынша суицидтің алдын алу бойынша кеңестер: Суицидтің себептерін анықтаңыз, суицидке бейім адамды жеке тұлға ретінде қабылдаңыз, онымен сенімді қарым-қатынас орнатыңыз, оның сөздерін мұқият тыңдаңыз, оның ойларымен дауласпаңыз, оған сұрақтар қойыңыз, жалған үміт бермеңіз, шынайы шешімдерді ұсыныңыз, үміт сыйлаңыз, суицид қаупін бағалаңыз, қауіпті жағдайда оны жалғыз қалдырмаңыз, кәсіби көмекке жүгініңіз, үздіксіз қолдау көрсетіңіз [6, 65 б.].

Қорытынды

Суицид – бұл күрделі әлеуметтік-психологиялық мәселе, оның алдын алу үшін кешенді тәсіл қажет. Психологиялық, әлеуметтік және мәдени факторларды ескере отырып, қоғамда суицидтің алдын алу жүйесін құру маңызды. Осы мақалада суицидтің негізгі теориялық тұжырымдамалары, себептері, белгілері және алдын алу шаралары қарастырылды. Бұл мәселені шешу үшін әр адам өз үлесін қоса алады: жақындарына қолдау көрсету, психикалық денсаулықты қолдау қызметтерін дамыту және қоғамда осы мәселе туралы ашық талқылау атмосферасын құру арқылы.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы. Суицидтің алдын алу: жаһандық императив. – Женева: ДДСҰ, 2014. – 92 б. Қолжетімділік тәртібі: https://apps.who.int/iris/bitstream/handle/10665/131056/9789241564878_eng.pdf

2. Дюркгейм Э. Өзін-өзі өлтіру: социологиялық этюд / франц. тілінен ауд. – Мәскеу: Мысль, 1994. – 399 б.

3. Шнейдман Э. Суицидент жаны. – Мәскеу: Смысл, 2001. – 317 б.

4. Конанчук Н.В. Суицидентпен алғашқы психотерапиялық байланыс. – Ленинград, 1983. – 145 б.

5. Личачев А.В. Суицидтік мінез-құлықтың мотивациясы мен механизмдері. – Мәскеу, 2000. – 190 б.

6. Гроллман Э. Суицид: превенция, интервенция, поственция. – Мәскеу: Когито-Центр, 2008. – 220 б.

СЕКЦИЯ 2. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ РУХАНИ ДҮНИЕСІНДЕГІ ДАНАЛЫҚ ДӘСТҮРЛЕРІ
СЕКЦИЯ 2. ТРАДИЦИИ МУДРОСТИ В ДУХОВНОМ МИРЕ КАЗАХСКОГО НАРОДА
SECTION 2. TRADITIONS OF WISDOM IN THE SPIRITUAL WORLD OF THE KAZAKH PEOPLE.

ӘОЖ 297.1

«ҚҰТТЫ БІЛІК» ДАСТАНЫ, «ҚАБУСНАМА» ШЫҒАРМАЛАРЫ ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ КӨРІНІСІНДЕ

Аскерхан Нургулан
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті,
философия және психология факультеті, докторант,
Қарағанды, Қазақстан

Қазақ халқының ғасырлық дүниетанымы қалыптасуы барысында мұсылмандық философияның рөлі ерекше болған, әсіресе шығыс перипатетизмі адам тәрбиесін ақыл, этика, ізгілік және қоғамдық жауапкершілікпен тығыз байланыста қарастырған. Бұл бағытта білім мен тәрбие адамның кемелдікке жету жолындағы басты құрал ретінде көрініс тапты. Осындай идеялар ортағасырлық түркі және парсы дүниетанымына сіңіп, көркем әдеби-дидактикалық еңбектерде көрініс тапқан. «Қабуснама» мен «Құтты білік» соның айқын дәлелі. Қазақ философиясының қалыптасуында маңызды рөл атқарған негізгі фактордың бірі – көркем әдебиет. Көркем әдебиет – өмір шындығын бейнелейтін көркемдік шешім. Шынайы өмірдің суреті мен халықтың тағылымды тарихы әдебиетте сыршылдығымен, көркемдігімен ерекшеленеді. Әдебиетте адам бейнесін жасаудың түрлі тәсілдері бар. Егер жазушы нағыз суреткер әрі шебер болса, оның қолданған әрбір көркемдік әдісі кейіпкер бейнесін ашуға қызмет етеді. Жазушы қай дәуірде өмір сүрсе де, өз шығармасының арқауына өмір шындығын алады. Біз мұндай туындыларды орта ғасырдағы жазба әдебиеттен кездестіреміз.

Орта ғасыр жазба әдебиетінің аса құнды тәрбиелік мәні бар шығармаларының қатарында «Қабуснама» мен «Құтты білік» айтсақ болады. Бұл екі еңбек те жалпы білім беретін мектептердің оқу бағдарламасынан кездестіре аламыз.

«Қабуснама» – XI ғасырда өмір сүрген Журжани әмірлігінің билеушісі, шығыс ойшылы Кейкаустың тәрбиелік сарында жазған еңбегі. Ол бұл еңбегін ұлы Гилан Шахқа арнаған. Қартайған шағында ол: «Менің дүниеде жиып-терген ең асыл қазынам – саған арнап жазған осы өсиет-нақыл кітабым», – дейді [1]. Еңбек 44 тараудан тұрады. Алғашқы бес тарауы Алла мен пайғамбарларға мадақ айтуға арналса, қалғандары тәлім-тәрбие, өсиет-өнеге түрінде баяндалады.

«Құтты білік» – XI ғасырда Жетісу жерінде өмір сүрген белгілі ақын Жүсіп Хас Хажиб Баласағұнидің түркі халықтарына ортақ еңбегі. Бұл дастан 85 тараудан, 13 мың жолдан тұрады. Ол әңгіме-аңыз түрінде баяндалып, даналық сөздер, өсиет пен ғибратқа толы.

Аталған екі еңбектің авторлары әр елде өмір сүргенімен, олардың ой-тұжырымдары мен кейінгі ұрпаққа қалдырған тәлімі шығыс халықтарына ортақ мұра екендігі анық байқалады. «Қабуснама» мен «Құтты біліктің» мазмұны тәлім-тәрбие мен өсиет-өнеге жағынан өзара ұқсас. Автролар өз дәуіріндегі ел өмірінің шындығын арқау етіп, қоғамға қажетті даналық ойлар айтты. Әлемнің озық ойшылдары да бұл еңбектерді даналық дастандар қатарына қосқан. Мұның себебі – екеуі де шығыс халықтары мәдениетінің ескерткіші болып, көтерген тәрбиелік мәселелері ортақ сипатта болуы. Ал тәрбие – кез келген дәуірде құндылығын жоймайтын мәңгілік ұлағат.

«Қабуснаманы» 1992 жылы өзбек және татар тіліндегі нұсқасынан Тұрсынәлі Айнабеков қазақшаға аударса, «Құтты білікті» 1986 жылы көне түркі тілінен Асқар Егеубаев аударған. «Қабуснама» мен «Құтты білік» – адамгершілік пен гуманизм рухында жазылған, ақыл-өсиетке, тәлім-тәртіпке құрылған дидактикалық шығармалар. Екі автордың да басты мақсаты – ұрпаққа ұлағатты тәрбие беру.

Дастандардың кейіпкерлері көп емес. «Қабуснамада» шығарма желісі әкенің балаға айтқан өсиеті түрінде өрбиді. Ал «Құтты білікте» оқиға Күнтуды – Әділдік, Айтолды – Дәулет, Өгдүлміш –

Ақыл, Одғұрмыш – Қанағат бейнелерінің әңгімелесуі, кеңесуі арқылы дамиды. Кейкаус өз ойын қара сөзбен жеткізсе, Жүсіп Баласағұни ойларын өлең жолдары арқылы көркемдейді. Сондықтан бұл еңбектер әрі әдеби, әрі педагогикалық шығармалар болып есептеледі. Олардың әдеби сипаты – ойды көркем сөзбен астарлап жеткізуінде, ал тәрбиелік мәні – өмірде кездесетін барлық жағдайды қамтуында. Шығармаларды талдау барысында біз ең алдымен авторлардың өмірлік ұстанымына және сөз саптауына назар аудара аламыз. Осы арқылы оқырманды өмірге бейімдеуде нені басшылыққа алғанын айта аламыз.

Екі шығарманың негізгі ұқсастықтары:

- Дін, әдеп, өнер, даналықтың мәні кеңінен сөз етіледі.
- Екі еңбек те өсиет-өнеге түрінде жазылған.
- Екеуінде де әке баласына үгіт-насихат айтады.

Шығармадағы ортақ тақырыптарды тереңдете айта кетсек:

Дін туралы көзқарас: «Қабуснаманың» алғашқы бес тарауында, ал «Құтты біліктің» 1, 2, 3 және 50-баптарында Аллаға, әулиелерге, пайғамбарларға қатысты ойлар айтылады. Мысалы, «Қабуснамада»: «Ей, перзентім, білгенің жақсы, Алланың бірлігін, барлығын мойындауға ықылас-сенімің берік болсын. Өйткені көп адамдар оны мойындамау салдарынан көңілі қараңғыланып азғындайды. Ал көңілі пәк таза жандар адаспайды» – деп өсиет айтылады. «Құтты білікте» былай делінеді:

«Алла атымен айттым сөздің әлібін,
Жарылқаған, жаратқан бір тәңірім.
Саған өзге кіріге алмас, дарасың,
Әуелгі де, соңғы да өзің, сарасың» – деп Алланың бірлігі мен барлығын дәріптейді [2].

Сөз қадірі мен шешендік туралы жағына келсек «Қабуснаманың» 7-тарауында: «Ей, перзентім, адамдар үшке, сөз төртке бөлінеді. Біріншісі – білген сайын білуге ұмтылатындар. Бұлар – ғалымдар. Екіншісі – біле тұра білмеймін дейтіндер. Бұлар – ұйқыдағы зұлымдар, олардан сақ болу керек. Үшіншісі – білмейтін әрі білгеннің тілін алмайтындар. Бұлар – надандар, олардан аулақ жүрген жөн. Сөздің де түрлері бар: Біріншісі – білуге де, айтуға да қажеті жоқ сөздер. Екіншісі – білуге де, айтуға да қажет сөздер. Үшіншісі – білуге қажет емес, бірақ айтуға болатын сөздер. Төртіншісі – білуге қажет, бірақ айтуға болмайтын сөздер. Дүниенің бар жақсылығы – білуге де, айтуға да қажет сөздерде. Ал білуге қажет, бірақ айтуға болмайтын сөздердің мысалы – мансапқордың не досыңның айыбын бетіне басу. Мұны ашық айту – ақылсыздық, себебі ол сенімен өштесуі мүмкін. Сондықтан мұндайды білгенің дұрыс, бірақ айтпаған жөн» – деп көрсетеді. Ал «Құтты білікте» былай делінеді:

Естінің сөзі – хауыздың лебіндей есер,
Есердің сөзі – сүйреңдеп өз басын кесер.
Айтар болсаң, әр ойыңды қадап айт,

Бір сөзіңді мың толғамға балап айт,- деген жолдары сондай-ақ «Тіл өнерінің қасиеті» мен «Сөз сиқыры» бөлімдерінде: «Тіл адамды көкке көтереді, сол арқылы бақытқа жетеді. Бірақ адам өз тілінен жаза да тартады. Жақсы болғың келсе – жаман сөз айтпа. Адам екі нәрседен өкінбейді: бірі – жақсы ісі, екіншісі – жақсы сөзі» – деген нақылдар бар. Бұл қазақтың «Жақсы сөз – жарым ырыс», «Сөйлей білмеген сөз қадірін кетірер» деген мақалдарымен үндес.

Ұрпаққа ұлағатты тәрбие беру туралы жағына келсек. «Қабуснаманың» «Перзентті тәрбиелеу туралы» тарауында былай делінеді: «Ей, перзентім, егер сенің балаң болса, оған жақсы ат қой. Бұл – ата-ананың баласына беретін алғашқы қарызы. Одан кейін перзентіңді ақылды әрі мейірімді тәрбиешінің қолына тапсыру қажет. Ол есейе бастағанда, міндетті түрде кәсіпке, өнерге баулы. Егер сен әскери қызметкер болсаң, баланы әскери өнерге үйрет, ал өзге кәсіппен шұғылдансаң, сол кәсіпке бейімде. Осы өнерлерді меңгерген соң, дене шынықтырумен айналысып, суда жүзуді үйренсін». Ал «Құтты біліктің» 63-бабында былай делінген: «Ұл-қызыңды бөтен жерде қалдырмай, өз үйіңде өсір. Оларға әдеп үйретіп, білім бер. Ұлың ержетсе, үйлендір, қызың бойжетсе, тұрмысқа бер». Бұл өсиеттер халқымыздың дәстүрлі тәлім-тәрбиесімен де үндесіп жатыр.

Дос таңдау туралы жағына келсек. Қабуснаманың» 28-тарауында айтылса, «Құтты біліктің» 85-бабының 6565-6604 бәйіттерінде келтірілген. Екі еңбекте де адал дос пен амал досты айыру, жалған достардың қиянаты жайлы ортақ пікірлер өрбиді.

Қонақ күту және қонаққа бару туралы сөздерге келсек. «Қабуснаманың» 12-тарауында: «Ей, перзентім, әрбір адамның үйіне қонақ бола берме, ол сенің ар-намысыңа нұқсан келтіреді. Егер

қонаққа барсаң, аш қарныңа барма, сондай-ақ қатты жүріп, ентігіп бару да әдепсіздік саналады. Тағам жеген кезде ас таңдап, алдыңа қойылғанды жемеу – үй иесінің көңілін қалдырады», – деп жазылған.

Қонақ күту әдебі туралы сөздерге келсек. «Қабуснамада»: «Егер тағамды шамадан тыс жесең, жұрттың көзіне жаман көрінесің. Қонаққа барғанда, ол сенің үлкен досыңның үйі болса да, өзіңе лайықты орынға отыр. Ас ішіп отырғанда күтуші не қызметкерлерге бұйрық берме», – деп өсиет айтылады. Ал «Құтты біліктің» 4573–4679-баптарында:

Қай қонаққа барсаң да сен, тағамды,
Әдеппен іш, аша берме аранды.
Қолын асқа созса, үлкен, бек кісі,
Сен кейін соз – көргенділік белгісі.
Кісі көңілі – нәзік шиша, шар айна,
Мұқият бол, шағып алма, абайла!-деп екі ғұламаның да қонақтық әдебі жайлы ойлары үндес екені байқалады.

Жақсылықтың қадірі туралы байланыстарға келсек. «Қабуснамада»: «Ей, перзентім, жақсылық жасаудан жалықпа әрі істеген изгілігің үшін өкінбе. Өкінгенің өзіңе зиян. Біреуге жақсылық жасап, оның қуанышын көрсең, сенің де көңілің шат болады. Егер менің тілімді алсаң, ешкімге жақсылығыңды аяма. Бұл саған ешқашан зиян келтірмейді» делінсе, ал «Құтты білікте» былай делінген:

Жақсылық қыл, суымай бойда қаның,
Бір өлім бар жөн болар ойлағаның.
Құрметтер ел, жан болсаң затың жақсы,
Талай ғасыр жаңғырар Атың жақсы,-деп екі шығармада да – жақсылық жасаған адамның аты мәңгі жасайтыны туралы ортақ ой айтылады.

Түс жору жайлы да шығармаларда ортақ сөздер келеді. Екі еңбекте де түс жоруға қатысты нақты мысалдар келтірілген. «Қабуснамада» Харун Рашид түсінде аузындағы тістері түгел түсіп қалғанын көреді. Бұл түсті екі жорушы екі түрлі жориды.Ал «Құтты білікте» Одғұрмұш түсінде елу баспалдаққа көтеріліп, бір атты кісінің берген суын түбіне дейін ішіп қойғанын айтады. Өгдүлміш оны жақсылыққа жориды, ал Одғұрмұш керісінше, өзінің өмірден өтетінін меңзейді. Осыдан шығатын қорытынды: түсті жақсылыққа жорысақ – жақсылыққа жолығамыз, жамандыққа жорысақ – ісіміз де кері кетеді деген ойға саяды.

Шығыс ойшылы Кейкаус пен түркі ғұламасы Жүсіп Баласағұнидің еңбектері бүгінгі күнге дейін өз маңызын жойған жоқ. Бұған дәлел – қазіргі педагогикалық ілімдер мен ақын-жазушылар шығармаларында да осы ізгі ойлардың жалғасын табуы. Әсіресе, XIX ғасырдағы Ыбырай Алтынсарин мен Абай Құнанбайұлының еңбектері мен пікірлерінен бұл үндестікті көруге болады. «Қабуснаманың» кейбір тарауларын Ы.Алтынсарин аударса, Абайдың қара сөздері де мазмұн жағынан осы еңбектермен сабақтас [3]. Сондай-ақ, Жүсіп Баласағұнидің идеялары да қазақ ағартушыларының ойларымен ұштасып жатады.

Ислам дінінің таралуынан бастап алып, мұсылмандық философиясының қадыптасуымен, шығыс перипатетизмінің салдарымен жалпы тәрбиелік және этикалық тұжырымдары бар «Қабуснама» мен «Құтты білік» шығармалары көркем-дидактикалық сипатта жалғасын тапқан. Екі туынды да адамның тұлға ретінде қалыптасуына және қоғамдағы ізгі қарым-қатынастарды орнықтыруға қызмет етеді. Демек, бұл еңбектердің дүниеге келуі — діннің таралуымен, философиялық ойлармен, перипатетизм ілімінің түркі-исламдық рухани мәдениетке ықпалының айқын дәлелі. Бұл – суреткер шығармасының өмір шындығынан алшақ кетпейтінінің дәлелі. «Қабуснама» мен «Құтты білік» еңбектерін қазақ ағартушыларының мұраларымен салыстыра отырып, олардың тәлімдік мәнін тереңірек зерттеу – алдағы уақыттың міндеті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кайкавус ибн Искандар. *Қабуснама* / ауд. Н. Калла. – Алматы: Жазушы, 1986. - 11б.

2. Жүсіп Хас Хажиб Баласағұнидің Хас Хажиб. Құтты білік / ауд. А. Егеубаев. –Алматы: Ғылым, 1985. - 90 б.

3. Ақмамбетов Ә. *Қазақ философиясының тарихы* / Ақмамбетов Ә. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 29 б.

ӘОЖ 39.396

ҚАЗАҚ МИФОЛОГИЯЛЫҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ САНДЫҚ АРХЕТИПТЕРДІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ОНТОЛОГИЯСЫ

Анламасова Ырсалды Жиентаевна
Академик Е.А.Букетов атындағы ұлттық зерттеу университеті, докторант
Қарағанды, Қазақстан

Қазақ мифологиялық дүниетанымының онтологиясы адам мен табиғат арасындағы қатынастың құрылымдық сипатынан бастау алады. Бұл тұрғыдан алғашқы мифологиялық тарихи типтер дүниені тану, сезіну, түйсіну дәстүрлі философия адамның ғаламдығы орнын танығысы келсе, қазақ онтологиясында адам мен табиғаттың арасындағы үйлесімділіктен бастау алады. Қазақ мифологиялық дүниетанымындағы сандық архетиптердің философиялық онтологиясы қалыптасты.

Мифологиялық кезеңдегі адам мен табиғаттың арасындағы қатынас — адамзаттың дүниені танудағы ең алғашқы рухани тәжірибесі ретінде ерекше маңызға ие. Бұл кезеңде адам өзін табиғаттан бөлек емес, керісінше, оның бір бөлшегі, тіпті баласы ретінде қабылдады. Табиғат – тірі, қасиетті, құдайлық мәнге ие құбылыс ретінде қабылданды. Адам мен табиғат арасындағы шекаралар ажыратылмаған, екі арадағы байланыс — тұтас, сакральды және симметриялы сипатта болды. Адам табиғаттағы әрбір құбылысты: күннің шығуы мен батуы, найзағай, дауыл, көктем мен қыс алмасуы сияқты оқиғаларды тылсым күштердің әрекеті ретінде түсінді. Бұл тылсым күштерге құдайлар, рухтар, аруақтар түрінде бейне берілді.

Мифологиядағы табиғат — тек физикалық орта емес, рухани мазмұнға толы әлем. Ол құпияға толы әрі адаммен тілдесе алатын тіршілік иесі ретінде қарастырылды. Көшпелі халықтар, соның ішінде түркілер мен қазақтар үшін Жер-Ана, Көк-Тәңір, Су рухы, Ағаш-ана секілді мифологиялық бейнелер табиғатпен тікелей байланысты сакралды образдар болды. Адам табиғатпен қарым-қатынаста белгілі бір тәртіп пен құрмет нормаларын сақтауы тиіс деп сенді. Табиғатқа зиян келтіру — тек экологиялық қылмыс емес, рухани заңдылықты бұзу, құдайлық тепе-теңдікті бұзумен тең саналды.

Мифологиялық дүниетанымда антропоморфизм, яғни табиғат құбылыстарын адам бейнесінде елестету кеңінен тараған. Жаңбыр – аспанның жылауы, күн – Тәңірдің көзі, найзағай – ашу мен қаһар символы ретінде ұғынылды. Мұндай ұғымдар табиғатты адаммен жақындастырып, онымен эмоционалды әрі символдық қатынас орнатуға мүмкіндік берді. Табиғатпен осындай тікелей байланыс орнату адамға қауіптен сақтану ғана емес, сонымен қатар тіршіліктің мәнін түсінуге көмектесті. Осы кезеңдегі дүниетанымдық ерекшелік – рационалды түсіндіруден гөрі, сезімге, интуицияға, ұжымдық жадқа, аңыз-әпсаналарға сүйенуінде. Бұл мифологиялық ойлау жүйесі кейінгі дәуірлерде, әсіресе діни, философиялық және мәдениеттанулық құрылымдардың негізіне айналды. Яғни, миф табиғатты түсіндірудің ғана емес, адамның өзі туралы, оның мәні мен мақсаты жайлы алғашқы ой-толғамының формасы болды. Ендеше, мифологиялық кезеңдегі адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынас — рухани тұтастыққа, табиғатқа деген құрмет пен үйлесімділікке негізделген. Бұл қатынас бүгінгі жаһандық экологиялық дағдарыстар жағдайында да адамзатқа маңызды үлгі бола алады. Табиғатты тек ресурс емес, рухани болмыстың бір бөлігі ретінде қабылдау — мифтік дүниетанымның адамзатқа қалдырған аса терең философиялық сабағы. Миф – шынайы өмірді мифологиялық модельдер мен образдар арқылы беруде көркемдік қызмет атқарады.

Ғаламдық ағаш кеңістіктің құрылымын бере алатынын С.Қондыбай да атап көрсеткен. Үш (3) архетипі: Онтологиялық триада (Тәңірі-Ана-Жер); Болмыстың диалектикасы: туу-өсу-жетілу. Ол ғаламдық ағашты тік тұрпат (вертикаль) бойынша тұратынын, оның үш (төменгі – тамыр, ортаңғы – дің, жоғарғы – бұтақтар мен жапырақтар) деңгейден тұратынын және оның ғаламның вертикаль моделін (тернардық немесе триграмманы) бейнелейтінін көрсетеді [1, 458].

Қытай философиясындағы Инь мен Янь ұғымын, яғни әлемнің аспан мен жер, жоғарғы мен төменгі, жарық пен қараңғы, ай мен күн, ішкі және сыртқы, өмір мен өлім сияқты дуалистік сипатын еске түсіреді. Мұндағы Инь мен Яньнің дуалистік сипаты мен өзара әсері бүкіләлемдік құбылыстардың мәнін айқындайды. Мұндай қызметті олар адамның таным процесіне де қатысты атқарады. Бұл екеуі бүкіләлемдік хаосты реттеуші бастау болып табылады. Ауысу, өзгеру, толықтыру құбылыстары Инь мен Яньнің өзара қатынасқа түсуі нәтижесінде жүзеге асып жатады. Екеуі бір-бірінсіз өмір сүрмейді [2, 15]. Мұндай дуалистік сипат үнді халықтарының джайнизм ілімінде де кездеседі. Джайнизм ілімінде кеңістік шексіз және ол лока (дүние) – көзге көрінетін, үш деңгейлі әлем (жоғарғы, ортаңғы, төменгі) және алока (дүние емес) – көзге көрінбейтін деп екіге бөлінеді. Ең қызығы мұнда төменгі әлем (адха-лока) жеті қабаттан тұрады [3, 336].

Бұл қазақ мифологиясындағы «жеті қат жердің асты» ұғымымен астарлас келеді. Егер джайнизм ұғымындағы ең төменгі екі қабаты «қараңғылық → толық қараңғылық (полная тьма)» деп бөлінсе, қазақта ең төменгі қабаты «көр» ұғымымен түсіндірілуі мүмкін. Бұл ел аузындағы «көр соқыр», «су қараңғы» сөздерімен де түсіндіріледі, себебі көр соқыр – толықтай қараңғылықты білдіреді, ал «су қараңғы» дегені судың (жер, топырақ, құм, тұман, қараңғы, толық қараңғы) жердің төменгі қабаттарындағы кеңістікті бөліп тұратындығынан болу керек.

Ал ағаштың орналасуын осы Янь мен Инь нүктесіне және джайнизм схемасына салып көрсек, ағаштың ғаламдық бейнесі айқындалады (2-сурет).



Сурет 2 - Үш деңгейлі әлем (қазақ, қытай, үнді ұғымдары негізінде)

Қазақ ұғымында «жеті қат жер» деген ұғыммен қоса, «жеті қат көк» ұғымы жеті қат аспанның метафизикалық құрылымын анықтайды. Ғалым С.Қондыбай ғаламдық ағаштың белгілі бір символикамен сабақтастырылатыны туралы айтады. Оның айтуынша идеал ағаштың үш түрі болады. Ол үш бұтақты, үш тамырлы, бір дінді – қарапайым идеал ағашы, екіншісі – жеті бұтақты, жеті тамырлы, бір дінді, үшіншісі – тоғыз бұтақты, тоғыз тамырлы, бір дінді идеал ағаш. Алайда мифтік дәстүрде бұлардың ешбірі идеал күйінде сақталмаған, тек жекелеген сандық сарқыншақтары ғана кездеседі дейді [1, 462].

Келтірілген мысалдар мен тұжырымдар қазақ танымында ежелден қалыптасқан уақыт пен кеңістікке деген көзқарасының жоғары деңгейде болғанын көрсетеді және бұл әлі күнге дейін күшін жойған жоқ. Кеңістіктің үш өлшемі болатыны белгілі, олар: ұзындығы, ені және биіктігі. Ал уақыт кеңістікпен тығыз байланыста болғандықтан оның төртінші өлшемі ретінде қаралады. Көркемдік уақыт пен кеңістік тұтасқан кезде образ пайда болады дедік. Бұл образ ғаламның түрлі модельдері арқылы берілуі мүмкін. Жоғарыда «ғаламдық ағаш», «табалдырық» арқылы көркем уақыт пен кеңістікке ұлттық-фольклорлық танымдармен астастыра отырып талдау жасалды. Бұдан шығатын қорытынды, уақыт пен кеңістікті тұтас қарауда мекеншақ (хронотоп) ұғымын қолдансақ, мекеншақтың басты мақсаты көркем шығармадағы оқиғалардың уақыты мен кеңістігінің біртұтас ажырамас бірліктерінен көркем образ жасау болып табылады. Кеңістік пен уақыт континуумы оқырманның уақыт пен кеңістігі сияқты ұғымдардан тұратынын, және осы ұғымдардың әрқайсысы жеке-жеке емес, өзара байланыса келіп, бір-бірін толықтырып, көркем мәтіннің тұтас континуумын құрайды.

Мифтің өзінің ілкі болмысын сақтай отырып, жаңаша ойлаудың негізінде жаңа мифологиялық образдар мен сюжеттердің қалыптасуына, сәйкесінше, неомифологизмнің дамуына, авторлық мифологизмнің тууына ықпалы қарастырылды. Мұндай бетбұрыстың орын алуы әдебиетте жаңа серпілістер мен жаңа бағыттағы жанрлардың тууына септігін тигізді. Бұл бетбұрыс қазіргі қазақ жазушыларының мифті дәстүрлі формада емес, қазіргі қоғамда болып жатқан күрделі проблемаларды, адам жанының күйзелісін, т.б. көркемдік шындық кеңістігінде бейнелеу үшін мифтің өзгерген, трансформацияланған түрін қолдануды дәстүрге айналдырды.

Мифологиялық образ жасаудағы ең маңызды аспект ол – архетиптер мен мифологемалардың қолданылуы болып табылады. Архетип дүниедегі барлық жаратылыстың іргетасы ретінде сипаттала отырып, өмірлік құбылыстар арқылы көркем әдебиетке ену жолдарын З.Фрейдтің «тұлғалық бейсаналық», К.Г.Юнгтің «ұжымдық бейсаналық» теориялары арқылы түсіндірілді. К.Г.Юнгтің персона, анима және анимус, сәби, рух немесе дана қарт, Ұлы Ана, көлеңке, хабаршы архетиптеріне талдау, олардың қазіргі қазақ дүниетанымында көркем шығармалар арқылы ұсынылды. [5, 134].

Сонымен қатар, қазіргі әңгіме жанрындағы кеңістік-уақыт континуумы ерекшеліктері, кеңістік пен уақыт мәселесіне философиялық тұрғыдан зерттеу антикалық философтардан бастау алған Демокрит, Аристотельдердің уақыт пен кеңістікті түсіндірудегі алғашқы болжамдары мен қытай философы Хун Цзычен, XVIII ғасырдағы Еуропалық философтар Дж.Беркли мен Д.Юм, неміс философы И.Канттың анықтамаларына сүйене отырып, уақыт пен кеңістік ұғымының мәні ашылады.

Уақыт пен кеңістік континуумының «мифологиялық ойлау» шеңберінде түсіндіруде Эрнст Кассирердің «Символикалық формалардың философиясы» аталатын үлкен еңбегінің «Мифологиялық ойлау» томында «мифологиялық кеңістік қабылдаудың сенсорлық кеңістігі (пространство чувственного восприятия) мен таза таным кеңістігі, геометриялық ойлау кеңістігі арасындағы өзіндік орта позицияда орын алады» деген пікірмен қоса және сенсорлық қабылдау кеңістігі, көру кеңістігі, жанасу кеңістігі және таза математикалық кеңістіктің басқалармен сәйкес келмейтінін және олардың арасында дәйекті алшақтық болуын және «әр нүкте, әр кеңістіктіктегі элементтің өзіндік «бояуы» бар және ол жалпы тұжырымдамалық сипаттамаға бағынбайды» – деген көзқарасы дәлел. [4, 90-100].

Көркемдік уақыт пен кеңістік ұғымын анықтауда «ғаламдық ағашқа» – ғаламдық құрылымның «болмыстық бейнесі», ғаламның нөлдік нүктесі – ғалам кіндігі (шекара), вертикалды кеңістігі ретінде сипаттама берілді. Осы орайда Е.Тұрсынов, С.Қондыбай, Т.Есембеков еңбектерінде қаралған. Т.Есембековтың көркемдік уақыт пен көркемдік кеңістікке берілген анықтамасы мен классификациясын басшылыққа ала отырып, мифтік уақыт пен мифтік кеңістіктің реалды уақыт пен кеңістіктен айырмашылығы көрсетіліп, континуум категориясы негізінде түсіндірілді. Мифологиялық уақыт пен кеңістік континуумы ретінде бәйтерек образы нысанаға алынды. Бәйтерек образына қатысты қазақ фольклорлық-ертегілік, аңыздық-мифологиялық мотивтер мен сюжеттер талдандып, ағашқа жаратушылық, адам жанының сақтаушысы, басқа әлемге емін-еркін өтетін шекара, т.б. қасиеттері әлемдік мифологиядағы ағаш образымен салыстырылып, жеке ғылыми түйіндемелер жасай келе, ағаштың идеал мифтік сипатын триграмма түрінде ұсынды.

Қазіргі қазақ дүниетанымында мифологиялық образдардың жасалуы, образ жасаудағы архетип пен мифологемалардың рөлі, кеңістік пен мифтік уақыт континуумы төңірегінде жасалған тұжырымдар сандық архетип контекстерінде қарау, онтологиялық мағынаны салыстырмалы талдаудың дәстүрлі әлеуметтенудегі сандық модельдерді этномәдениеттік реконструкция болады.

Қазақ мифологиялық дүниетанымындағы сандық архетиптердің философиялық онтологиясын синтездеу арқылы біз архетиптік және сакралды құрылымдардың нақты мәдени кеңістікте қалай іске асатынын көре аламыз. Бұл интеграция тек теориялық жаңалық емес, сонымен қатар онтологиялық және тәжірибелік маңызы бар философиялық модель ұсынады. Қазақ дүниетанымындағы сандық модельдер тек теориялық конструкциялар емес, өмірді реттейтін практикалық жүйелер. Пифогордың сандық терияларындағы «Әлем сандар арқылы ұйымдастырылған космос» ол гармония мен тәртіптің кілті деп түсіндірсе, Платонның идеялар әлеміндегі бөлшектері ретінде сезімдік дүниеден тыс трансцентенттік шындықтың бейнесі Э. Кассирердің мифтік ойлау теориясы, Батыста сан — зерденің өнімі (ratio), қазақ дүниетанымында сан — тіршіліктің табиғи үйлесімі (harmony + өмірлік тәжірибе).

Қазақ мифологиялық дүниетанымындағы сандық архетиптердің философиялық онтологиясын қазіргі цифрлыққа бағынған қоғамның маңыздылығымен зерттейді. Бұл тамырларды саналы түрде тереңдету түсінігі, ұлттық ойдың философиялық негіздерін қалпына келтіру, жаһандық гуманитарилық дискурста қазақ танымының орнын анықтау. Қазақтың 3-7-9-40 сандары – рухани ДНК-мыз. Себебі мәдени код арқылы ашылатын ұғымдар жатыр. Оларсыз біз өзіміздің болмысымыздың генетикалық кодын оқи алмаймыз. Бүгінгі цифрлық жүйе арқылы басқарылатын қоғамда сандардың реттілігі үлкен рол ойнайды. Біздің санамыздағы ақпараттың өзі сол сандар арқылы бізді әлемге, қоғамға, орналасудың реттілігін береді. Қазақ дүниетанымында адам — жай бақылаушы емес, әлемнің тірі, әрекет етуші бір бөлігі. Осы парадигмада архетиптер мен қасиетті сандар адамның өміріне нақты бағдар береді: олар болмысты сезінудің, оны танудың және реттеудің тетіктері ретінде қызмет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. Төртінші кітап. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – 504 б.

2. Есіркепова Г.К. Философия. Оқу құралы. – Алматы: альманах, 2017. – 158 б.

3. Лысенко В.Г., Терентьев А.А., Шохин В.К. Ранняя буддийская философия. Философия джайнизма. – М: «Восточная литература» РАН, 1994. – 383 б.

4. Кассиер Э. Философия символических форм. Том-2. Мифологическое мышление./ перев. С.А.Ромашко. – Москва: Санкт-Петербург, 2022. – 280 б.

5. Юнг К.-Г. Душа и миф: Шесть архетипов. – Киев; М.: Порт-Рояль; Совершенство, 1997. – 384 б.

ӘОЖ 130.3

ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫНДАҒЫ ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ

Әбдіраманова Айгүл Темірханқызы
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті,
Экономика және құқық институты,
философия ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қызылорда, Қазақстан

Қазақ елі егемендікке ие болып, қоғамның саяси, экономикалық, мәдени өзгерістерге ұшырауына байланысты, халқымыз тарихи дамудың жаңа серпінді сатысына көтерілді. Осыған орай бәсекеге қабілетті ұлт қалыптастыруда, ұлттық дүниетанымда, ұлттық санада елеулі идеялардың жаңғыруымен, халықтың табиғи болмыстық ерекшеліктерін толықтай танып-түсінуге бетбұрыс жасалына бастады. Қазақ халқы ежелден тамырын тереңге жайған, қилы замандарда өз салт-санасын, дәстүрін, тілін, дінін сақтап келе жатқан ұлт. Ежелден қазақ халқы жастардың тәрбиесіне ден қойған. Ұлы тұлғалардың өнегесі арқылы ұрпақты тәрбиелеу қазақ халқында ежелден-ақ келе жатқан үрдіс.

Жеке адамның индивид қалпынан тұлғатұғырына көтерілу процесіне қоғамдағықалыптасқанахуал, отбасындағыэтностық тәлім тәрбие, білім берген оқуордасы, ата бабасынан мирас болып бойына сіңетін генетикалық ерекшеліктері, жоғарғыпсихикалық процестердіңжүзеге асу ерекшеліктері әсер етеді. Ұлттық тәрбиенің өлмес негізі, рухани күші оның өмір сүру болмысынан туындаған өзіндік ұлағаты, тәжірибесінің молдығы, рухани мұрасының тереңдігі мен өнегелігінде жатыр.

Қазақ қашанда ұрпағының толыққанды тұлға болып қалыптасуына атсалысып жырлары, әпсаналары, ертегілері арқылы бала кезінен ұлттық тәрбиені бойына сіңіріп отырған. Бауырмашылдық, адалдық, адамгершілік, үлкенге ізет, кішіге қамқорлық сияқты қаситтерді Қаз дауысты Қазыбек былай суреттейді:

Біз қазақ елі мал баққан елміз,
Ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз.
Елімізді жау басынбасын деп
Ордамыздан құт қашпасын деп,
Найзаға үкі таққан елміз,
Дұшпанның аяғына жаншылмаған елміз,
Басымыздан намысты асырмаған елміз,
Адалдықты әрқашан жасырмаған елміз.
Атаның өсиетін балаға,
Баланың өнерін атаға
Айтып, тарата білген елміз.
Құлақтың құрышын қандырып
Әділ сөзді халыққа айта білген елміз [1].

Ұлттық тәрбиенің адамгершілік ұстанымдары қоғам дамуының кең көлемдік, әлемдік мәселесі ретінде қарастырылуда қазақ халқы тәрбиесінің өне бойынан табылады. Жеке адам туралы сөз болғанда, жеке адам - көптің бірі, ол әлі тұлға емес. Осы мағынада алғанда «жеке адам» және «тұлға» ұғымдары көлем жағынан да, мазмұны жағынан да бір-бірінен қарама-қарсы болып табылады. Жеке адам ұғымында адамның жекеше ерекше түрі, сапасы бейнеленбейді, сондықтан оның мазмұны аз болады, бірақ өте көлемді, өйткені әрбір адам-индивид. Әр адам өзінше жеке тұлға. Жеке адамның айтарлықтай ерекшеліктерінің бірі - оның өзіне тән мінез-құлқында, іс-әрекетінде, көзқарасындағы ерекшеліктерімен дараланууы.

Жеке адам болу дегеніміз - азаматтың адам ретінде сезіну, сан ғасырлар бойы халық тәжірибесі туғызған рухани мәдениеттің мәңгілік игіліктерін бойына дарытып, осы игіліктерді еңбекке, әлеуметтік мәнді қызметке, қоғамдық өмірге, адамдар қатынасы, күнделікті тұрмысқа енгізу. Адам немесе жеке тұлға өзінің сана-сезімін, көзқарасын, рухани-саяси дүниетанымын үнемі білім мен еңбектің арқасында жетілдіріп отыруы керек. Тұлғаны құндылықтар арқылы дамытуға, мәдени дағдыларды игеруге, өз жауапкершілігін арттыруға және әділдік жолымен жүруге, әділдік жоқ жерде адамшылық жоқ деген пікірді айтады ұлы ойшыл М. Х. Дулати [2].

Жеке тұлғаның, яғни құндылықтар дүниесінің қалыптасуына оның дүниетанымының ықпалы зор. «Жеке тұлғаның дара ерекшеліктері оның жас ерекшеліктерімен тығыз байланыста болады. Жеке тұлғаның жас ерекшеліктері деп белгілі бір адамға тән оның мінез құлқындағы, ақыл ойындағы,

қабілетіндегі, тағы басқа басты қасиеттерін басқа адамдардан елеулі айырмашылығын айтуға болады. Оқыту мен тәрбие жұмыстарының мақсатын, мазмұнын жүзеге асыруды қолданылатын формалармен әдістерді таңдау, көптеген жағдайда жас және дара ерекшеліктеріне байланысты өзгеріп отырады. Сондықтан да мұғалімнің педагогикалық әрекетін нәтижелі ұйымдастыру шарттарының бірі - балалардың жас және дара ерекшеліктерінің даму заңдылықтарын жете меңгеру» [3].

Даралық бір адамның басқа бір адамнан, бір тұлғаның басқа бір тұлғадан айырмашылығын, оның ешкімге ұқсамайтынын, өзіне тән ерекшелігі бар екенін сипаттайды. Даралық, әдетте, адамның мінезі және шығармашылық қызмет - әрекеті мен қабілеттілігінің өзгешелігінің өзгешелігі арқылы ерекшеленеді. Даралық ұғымы бір адамды басқа бір адамнан, бір тұлғаны басқа бір тұлғадан ажыратып, оған өзіне тән сұлулық мен қайталанбас қасиеттерден тұрады.

Бүкіл адамзат тегіне тән, жалпы белгілермен қатар, оның өзгелерден ерекшеленетін өздеріне тән қасиеттері бар. Әлем әрқашан түрлі дауыстар, түрлі үндерден тұрады. Бір-біріне даралығы жағынан ұқсамайды әр адамның бойы, түрі, салмағы, дене бітімі, әлеуметтік дамуының интеллектуалдық деңгейі, психологиялық қатпары, рухани мәдениеттің әр түрлі-деңгейі сияқты ерекшеліктер болып табылады. Адам дүниедегі ең басты құндылық. Құндылықтар оның қоршаған дүниеге қатысты ұстанымдары мен қатынасын қалыптастыру, күрделі әрі өзгермелі әлемде бағыт-бағдарын айқындауға әсер етеді. Тек тарихи дамудың белгілі бір кезеңінде адами әрекет құндылықтар арқылы реттеліп отырады. Аксиология құндылықтар табиғаты оларды реалдылықтағы орны және құндылық әлемінің құрлысы, өзара әлеуметтік және мәдени факторлармен, жеке тұлғаның құрлысымен байланысы туралы философиялық ілім. Кең мағынасында мәдениет әлемі, адамның рухани әрекетінің саласы, тұлғаның рухани байлығының өлшемін білдіретін, оның адамгершіліктік санасын білдіреді.

Құндылықтар қоғам мен адамға жақсы мен жаманды, пайда мен зиянды, ақиқат пен жалғанды, сұлулықпен ұсқынсыздықты, әділеттілік пен әділетсіздікті, тиым салынған мен рұқсат етілмегенді, маңыздылық пен мәнсіздіктің ара жігін ашуға көмектеседі. Яғни құндылықтар табиғатында адамзат тегінің өзі өмір сүріп отырған әлемді рухани-практикалық тұрғыдан игерудің тәжірибесі жинақталған. Осы тұрғыдан мәдение пен құндылық ажырамас бірлікте болады, құндылық мәдениет болмысының құрамдас бөлігі болып табылады.

Құндылықтар қоғам үшін ең маңызды деген әдет-ғұрып, нормалар мен мағыналар қызметін өзіне бағындыра отырып, оны реттейді. Қазақ қоғамының өмір сүру салтында құндылықтарды жоғары бағалау, жас ұрпақты соған баулу дәстүрге айналған. Тұлғаның рухани өлшемі адамгершілік қасиеттермен анықталады және ол адам тұлғасының даму-деңгейінің көрсеткіші болып табылады.

Кең мағынасында алсақ, құндылықтар әлемі - мәдениет әлемі. Адам әрқашан кез-келген құбылысқа немесе обьектіге өзінің бағасын береді. Бір затты немесе құбылысты бағалау сана жұмысын талап етеді. Адамның шындыққа құндылықты қатынасы тек сананың негізінде ғана мүмкін болады. Алайда құндылықты сананың танымдық санадан ерекшелігі, ол зат немесе құбылыс не болып табылады деген сұраққа жауап іздейді. Сондықтан құндылықтар адамның рухани әрекет саласы, оның санасының (өзіндік санасының) жетілгендігінің, тұлғалық қалыптасу-деңгейінің, рухани байлығының көрсеткіші болып табылады.

Адамның еркін таңдауына байланысты құндылық адами қажеттіліктердің қанағаттануын да білдіреді. Бірақ қанағаттану құндылықтардың табиғатын бұрмалап қабылдауға алып келуі-де мүмкін. «Мақсатыңа жету үшін құралдың бәрі жақсы» деген ұстаным адамды құндылық емес, мақсаттың құралы ретінде қарастыруға жол ашады. Бұл ұстанымда тұлғалық құндылықтар мен қасиеттерге қарағанда функционалдық тиімділік, пайдалылық алдыңғы қатарға шығады. Сондықтан шынайы құндылықтар мен жалған құндылықтардың аражігін аша білу, тани білу маңызды болып табылады.

Шынайы құндылықтар деп адамға игілік әкелетін, оның бойында адамдық қасиеттерді қалыптастыратын, бақытқа бастайтын, қоғам мен жеке адамның ілгерлей дамуына ықпал ететін құндылықтарды айтамыз. Алдамшы жалған құдылықтар, уақытша жылтырап көрінгенімен, қоғам мен жеке индивидтің дамуына пайдасын тигізбейді. Шынай құндылықтар уақыт өткен сайын жарқырай береді, сан ғасырлар өтседе өзінің мәні мен мағынасын жоғалтпайды. Шынай құндылықтар өмір мектебінің дәрістері тәрізді, онда бізге дейінгі адамзаттың маңдай алды өкілдерінің рухани ізденістері, ой-толғамдары, аңсаған армандары мен күңіренген күрсіністері көрініс табады.

Адам өз мінез-құлқын, әрекетін басқа адамдардың қылықтарымен салыстыра отырып, өзінің кім екенін түсінеді, өзін-өзі тану қабілетіне жетеді.

Қазақ халқының өмір сүру салтында құндылықтарды жоғары бағалау, жас ұрпақты соған баулу дәстүрге айналған. Тұлғаның рухани өлшемі адамгершілік қасиеттері мен анықталады және ол адам тұлғасының даму-деңгейінің көрсеткіші болып табылады.

Қазақ халқының ұлы, ағартушысы Ыбырай Алтынсарин өзінің еңбектерін ана тілінде жазып, «бала тәрбиесі оның табиғи ортасы мен халқының салт-дәстүрі рухында тағлым болса, оның сана-сезімінің дамып, жетілуі-де ұлты мен халқына қызмет ететін көкірегі ояу, тұлға болып өседі» деп ой түйіндеген. Еңбекті сүю, үлкенді құрметтеу, мейрімділікке, кішіпейілдікке сияқты қасиеттерді жастарға түсінікті болатындай еңбектері арқылы жеткізе білді.

Қазақ ағартушылығында, қазақ халқының мәдениеті тарихында орасан үлкен орын алдған ұлы, ақын ойшыл Абай Құнанбаев. Ақынның эстетикалық және этикалық мәселелдер жөніндегі ой-пікірлері сол кездегі қоғамдық ойдың үлкен белесі болып табылады. Оның шығармаларындағы басты тақырыптарының бірі моральдық мәселелер болып табылады. Адамгершілік адамның тұлғалық сипаты болып саналады да, мейрімділік, парасаттылық, адалдық, шыншылдық, әділдік, еңбек сүйгіштік, ұжымдылық деген қасиеттерді біріктіреді. Абай шығармашылығының негізгі өзегі - адамның адамгершілік, ар-ұяты, ақылдығы болып келеді.

Жеке тұлғалардың қалыптасуында моральдық ілімдерін, олардың теориялық дейгейін айтап қана қоймай, іс жүзінде ұстанатын парыз, әділеттік, мейрімділік, адамдық, өзіне ғана емес, басқаларға да қызмет ете білу, жан-жақты жетілгендікке ұмтылу және басқа моральдық принциптерді танып -білу, оны өзіндік өмірлік тәжірибеде жүзеге асыруға, мақсаттық жүйеге айналдыруға талпыну-индивидтен бірте-бірте тұлғаның қалыптасуына қажетті принциптердің бірі.

Еркіндік адамның немесе жеке ұлттың халықтың өз мүдделері мен мүмкіндіктеріне сай әрекет етіп, өз қалауын жүзеге асыру. Адамның дүниеде болуының негізінде жатқан қасиет, ол еркіндік. Жеке адам мен ұлттың еркіндік дәрежесінің артуы тұтастай алғанда қоғамның ілгерілеу үрдісінің өзекті өлшемі болады.

Адамдардың дүниедегі обьективті жағдайда таңдау еркіндігі болғанымен, олар өзіндік мақсаттарды көздей алады және оған жетудің әр түрлі мүмкіндіктер қатарын неғұрлым тиімді жолды ерікті түрде пайдаланады. К. Маркс «Еркіндік қажеттілігін және заңдылықтарды білумен, оны игерумен байланыстырады», Ф. Энгельс «Еркіндік әлдебір нәрседен тәуелсіздік нышаны емес, керісінше ол адамның жаратысының күштеріне, қоғамдық қарым-қатынастарға және өз болмысына үстемдігі», Б. Спиноза «Ең бастысы - адамның еркіндігі оның ақыл-ойының еркіндігін жария етеді» деген пікірді айтады [4].

Адам рухы әрқашан өзінің себебін біліп, жоғарыға көтеріп, адамнан жоғары не бар деген сауалға тоқталуы тиіс. Сонда ғана өзін-өзі жетілдіреді. Адам жападан-жалғыз болмайды, адам қоғамда ғана толық қалыптасады және оның да өзіндік ішкі дауысы бар.

Рух материалдық әлемге сәйкес келмейтін өзінше ерекшелігі бар әлем болып табылады. Ғаламда рухтың екі түрлі көрінісі болады, біріншісі барлық материалдық нысандардың, құбылыстардың (органикалық, немесе органикалық емес дене болса да) өзіндік табиғи рухы болады, яғни кез-келген материалдық денеден, оның ішінде, тіптен, табиғаттың бір бөлігі ретінде көрініс беретін адам, ағзасынан да белгілі бір табиғи қуаттың күштің әлемге тарап отыратыны белгілі.

Руханилық - ізгі, ақылдың шешімі, ізгі жүрек өмір ізгі сезім, жанашырлықтың саналы және санадан тыс әрекеттерден көрінуі болса, Абайдың айтуынша «адамгершілік - махаббат пен әділдік, олар барлық нәрседе болады және шешіледі», яғни рухани тәрбие - адамдарды адамгершілікке, білімге, еңбек пен имандылыққа, бір сөзбен айтқанда жан дүниелерінің сұлулылығына тәрбиелеу деген сөз. Адамгершілік мінез негіздерінің астарында жалпы адамдық пен ұлттық құндылықтар бірігіп, адамдардың рухани мәдениетін жүзеге асыратыны белгілі.

Адам үшін жаудың үлкені оның өзінің бойындағы нәпсілік басылымдықтары болып табылады. Егер адам өзінің нәпсісін игеріп, оны руханилығымен көмкеріп отырса, онда оның рухы тазарады, халықтың ішкі бірлігі нығайып, адамға бауырмал бола түседі [5].

Тұлғаның рухани мәдени құндылықтарын қалыптастыру қоғамның дамуындағы маңызды мәселелердің бірі. Ол тұлғаның ішкі дүниесін байытып, рухани өсуіне ықпал ететін құнды дүние. Рухани құндылықтар арқылы адам өзінің болмысын түсініп, қоғамдағы орнын анықтайды. Осылайша ұлттық мәдениет сақталып, жаңа ұрпақтың саналы және парасатты азамат болып өсуіне негізі қаланады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Билер сөзі. - Алматы: Қазақстан, 1996. - 237 б.
2. Дулати М. Х. Тарих-и-Рашиди. – Алматы, 1999.
3. Әбенбаева С. Ш., Құдиярова А. М., Әбиев Ж.Ә. Педагогика. –Алматы, 2003 ж.
4. ҚазақстанҰлттық энциклопедия. –Т.3. - Алматы. 2001. - 398 б.
5. Нұрмұратов С.Е., Сағиқызы А. Ұлттық рух мәселесі хақында // Халықаралық конференция материалдары. - Алматы, 2006. - 176 б.

ӘОЖ 165.742

ФИЛОСОФИЯДАҒЫ ГУМАНИСТІК ИДЕЯЛАРДЫҢ ТАРИХИ ЭВОЛЮЦИЯСЫ

Балабекова Ляззат Гинаятовна
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, философия және мәдениет теориясы кафедрасы докторанты,
Қарағанды, Қазақстан

Гуманизм - адамды ең жоғарғы құндылық ретінде қарастыратын дүниетанымдық ұстаным. Ол адамның еркіндігіне, ар-ожданына, шығармашылық қабілетіне ерекше мән береді. Философия тарихында гуманистік идеялардың дамуы қоғамның рухани, әлеуметтік және мәдени дамуының маңызды көрсеткіші болып табылады. Гуманизм - мәлім әлеуметтік жағдайда жеке адамның шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған белсенділігі, адамның кім екеніне қарамай, оның құқы, құндылығы, әділеттілік, адамгершілік қатынастар.

Антикалық философияда адам мәселесі алғаш рет философиялық рефлексияның орталығына шықты. Протагордың әйгілі қағидасы: *«Адам – барлық заттың өлшемі»* гуманистік ойдың бастауы болды [1, 23 б.]. Сократ адамның ішкі жан дүниесін, ар-ожданын зерттеу арқылы моральдық гуманизмнің негізін қалады. Оның әйгілі «Өзіңді біл» сөзі гуманистік дәстүрдің негізі болды. [2, 12 б.]. Платон мен Аристотель ізгілік, білім және азаматтық парызды адам мәнінің басты сипаттары ретінде көрсетті [3, 8 б.].

Стоиктер адамдардың табиғат заңына қарсы теңдігі туралы идеяны алға тартып, ақыл мен моральдық өзін-өзі бақылаудың құндылығын атап өтті. Эпикур адам өмірінің мақсатын ішкі тыныштық деп түсінетін бақытқа жетуде көрді.Аристотель адамды «Саяси жануар» деп санап, адамның өзін тек қоғамда жүзеге асыра алатындығын баса айтты.

Орта ғасырларда діни дүниетаным басым болғанымен, Августин мен Фома Аквинский ілімдерінде адамның рухани құндылықтары ерекше дәріптелді. Бұл дәуірдегі гуманизм Құдаймен байланыста қарастырылды, алайда адамның ішкі әлеміне назар аудару дәстүрі сақталды [4, 14 б.].

Томас Аквинский өзінің схоластикасында адам Құдайдың жаратылысы, ақыл мен ерік - жігері бар деп тұжырымдады. Бұл жерде гуманизм теоцентризмнің көлеңкесінде болғанымен, орта ғасырларда адамның рухани қадір-қасиеті туралы ой бекітілген.

Ренессанс гуманистік идеялардың шынайы гүлденуіне айналды. Осы дәуірдің ойшылдары, суретшілері мен ғалымдары адамды ғаламның орталығына қойды. Пико делла Мирандола адамға өзін-өзі жасау еркіндігі берілді деп мәлімдеді. Роттердам эразмы адамның адамгершілік жетілуіне және ақыл мен сенімнің үйлесімділігіне баса назар аударды.

XIV–XVI ғасырларда гуманизм жаңа мәдени серпінге ие болды. Петрарка, Эразм Роттердамский еңбектерінде адамның шығармашылық еркіндігі мен білімге ұмтылысы дәріптелді [5, 9 б.]. Леонардо да Винчи мен Микеланджело өнер арқылы адамның сұлулығы мен құдіретін паш етті. Бұл кезеңде гуманизм антропоцентристік сипат алды.

Жаңа заманда рационализм мен ғылымның дамуы гуманистік идеялардың жаңа қырларын ашты. Декарт, Спиноза және Локк адамның ақыл-ойы мен еркіндігін қорғады. Ағартушылар (Вольтер, Руссо, Дидро) әлеуметтік теңдік пен әділеттілікті гуманизмнің негізі деп білді. Рене Декарт ақыл мен адамның ойлау автономиясын растады. Джон Локк адамның табиғи құқықтары туралы тұжырымдаманы тұжырымдады. Жан-Жак Руссо бостандық пен теңдікті қоғамдық келісімнің негізі ретінде қарастырды. Иммануил Кант адамның моральдық автономиясын және оның «мақсат ретінде» қарастырылуы қажеттігін атап өтті [6, 15 б.].

XIX ғасырда гуманизм әлеуметтік және тарихи өлшемге ие болды. Гегель адамзаттың дамуын рухтың өзін-өзі жүзеге асыру процесі ретінде көрді. Фейербах адамға діни абстракциялармен салыстыра отырып, сезімтал тіршілік иесі ретінде назар аударды. Маркс гуманизмді еңбек қызметімен және әлеуметтік әділеттілікпен байланыстырды. Ол үшін адам өзінің мәнін ұжымдық іс-әрекетте жүзеге асырады, ал қысым мен қанау жеке тұлғаның шынайы ашылуына кедергі келтіреді

XX ғасырда гуманизм жаңа формаларға ие болады:

- Экзистенциализм (Сартр, Камю, Хайдеггер) - адам өмірінің бірегейлігіне, еркіндікке және жеке жауапкершілікке баса назар аудару.

- Персонализм (Бердяев, Мунье) - тұлғаның рухани және бірегей шындық ретіндегі құндылығын растау.

- Гуманистік психология (Маслоу, Роджерс) - жеке тұлғаның әлеуетін ашу, өзін-өзі жүзеге асыруға ұмтылу идеясы.

- **Қазіргі замандағы гуманизм** адам құқықтары, экологиялық жауапкершілік, мәдени әртүрлілікті сақтау және жаһандану жағдайындағы рухани құндылықтарға бағытталады.

Гуманистік ой тек Батыс Еуропада ғана емес, Шығыс өркениеттерінде де дамыды. **Конфуций** (б.з.д. VI–V ғғ.) адамның қоғамдағы орны мен моральдық жауапкершілігін дәріптеді. Оның *«жэнь»* (адамгершілік, изгілік) ұғымы гуманистік құндылықтардың өзегі болды.

Әл-Фараби «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастарында» адам бақытқа тек білім, изгілік және қоғамдағы үйлесім арқылы жете алады деп көрсетті. **Жүсіп Баласағұн** «Құтты білік» еңбегінде билік пен әділеттілікті, изгілік пен парасаттылықты басты құндылық ретінде ұсынды.

Абай Құнанбайұлы адамгершілік, білім және ар-ождан мәселелерін терең талдады. Оның *«толық адам»* концепциясы қазақ философиясындағы гуманизмнің шыңы болып саналады. Абайдың гуманистік көзқарастары Шығыстың дәстүрлі ойымен (Әл-Фараби, Ж.Баласағұн) және Батыстың гуманистік философиясымен үндес. Бірақ ол қазақы дүниетанымға тән ерекшеліктерді - ар, намыс, қанағат, мейірім сияқты ұғымдарды ерекше мәнге ие етті. Сондықтан **«толық адам» концепциясы - қазақ философиясындағы гуманизмнің шыңы әрі ұлттық рухани дамудың бағдаршамы** деп бағаланады[7, 16 б.].

Ыбырай Алтынсарин білім мен еңбектің, изгілік пен әділеттіліктің маңызын дәріптеп, ағартушылық гуманизмнің үлгісін көрсетті. Оның гуманистік идеялары негізінен **білім, еңбек, адамгершілік және әділеттілік** құндылықтарымен тығыз байланысты. Ол:

-білім арқылы халықты надандықтан құтқаруды,

-еңбек арқылы адамды тәрбиелеуді,

-изгілік пен әділеттілікті қоғамның басты қағидасы етуді мақсат етті.

подразумевает, что желаемого результата можно достичь с помощью предмета, бывшем когда-либо в контакте с данным человеком. Эту магию можно определить как контагиозную, так как в ее основе лежит простой ход мышления – вещи, которые однажды контактировали, продолжают пребывать в контакте постоянно. Обе разновидности магии Дж. Фрезером объединены одним термином «симпатическая магия», поскольку в обоих случаях подразумевается, что благодаря тайной симпатии вещи воздействуют на расстоянии друг на друга. Попытаемся показывать, как вера в симпатическую магию выражалась в ритуалах казахского народа в прошлом, и как проявляется в современных условиях.

Важным элементом казахского сознания в прошлом было понятие *«ырым»* (рым). «*Ырым»* делался казахами для предвосхищения благоприятного результата некоторых жизненных событий. На значительную роль веры в *«ырым»* в казахской традиционной культуре XIX века обратил внимание в свое время Чокан Валиханов: « Рым, то есть обычай, соблюдение которого в шаманстве избавляло от несчастий, а нарушение вело за собой какое-нибудь бедствие. Рымом называются также обряды, исполняемые в видах предзнаменования… При отчуждении из табуна лошади берут клок волос от гривы и, намочив в слюне животного, кладут в карман; этот обычай называется «брать слюну», отдавая кому-нибудь платье, оставляет у себя одну пуговицу или завязку… никогда не продают главное в стаде животное, чтобы добро, в данном случае скот, не убывало в этой семье… Некоторые киргизы имеют собственный рым, то есть, заметив, что известные действия всегда ведут за собой худо, а другие - благо, он избегают первых и не упускают делать последние и прочее…». [2, с.301]

Не случайно «*ырыс»* (божественный знак) и «*ырым*» (добрая примета) имеют в казахском языке один корень. В содержательном плане ритуал «*ырыма*» в каждом конкретном случае сводится к некоторым символическим действиям, целью которых является предотвращение возможного несчастья. Можно предположить, что понятие *«ырым» од*новременно охватывает собой содержание других терминов, таких как «*кие», «құт»,* «*кесір»*. «*Кие»* — это сакральная сила, присутствующая в природных явлениях, животных, человеке и предметах. Использование в обрядах предметов, обладающих «*кие»,* согласно народным верованиям, позволяло получить квинтэссенцию *құт*, а неисполнение обрядов приводило к тому, что *«кие»* могло трансформироваться во зло – *«кесір».* Сам Чокан Валиханов считал веру в «ырым» существенной обрядовой частью древнего шаманского мировоззрения казахов.

Однако, несмотря на то, что сейчас уже 21 век, у нашего народа есть одна черта, которая роднит их с предками – большинство казахов очень суеверны. Желание людей верить, что тот или иной ритуал принесет удачу в каком-нибудь начинании, продолжает влиять на их повседневное поведение. И это архаическая вера в добрые приметы, в которых связываются между собой два каких-то события, определенные вещи, рядовые явления. Ырым продолжает играть большую роль в повседневной жизни казахов, а именно выполнение определенных действий в целях предотвращения несчастья. Он по-прежнему исполняется казахами при особо важных событиях, благоприятный исход которого не предсказуем, но особо желателен для человека. Обязательно *ырым* исполняется для детей: рождение и первое купание; вывод ребенка из 40-дневья должна осуществлять обязательно семейная и многодетная женщина; в честь детских ритуалов собирается большое застолье и т.д. Казахи исполняют *ырым* перед дальней поездкой (например, за рубеж), при организации собственного бизнеса, перед свадьбой молодых, да в любых своих начинаниях, когда не уверены в благополучном исходе мероприятия. Казахский *ырым* это образец «повседневной» магии в отличие от магии сакральной. Как было ранее показано, магия основана на вере в способность человека сверхъестественным образом достигать желаемых изменений в реальном мире. При этом существует устойчивое мнение о том, что магия – это убежище для слабых, не способных справиться с жизненными задачам и личными проблемами, оставаясь на почве реальности. С другой стороны, надо признать, что магия возникла и продолжает существовать как средство регулирования эмоций и ритуализации человеческого оптимизма, поскольку обеспечивает человеку уверенность в ситуациях неопределенности. И, сейчас желание верить, что ритуал принесет удачу в каком-нибудь начинании, очень сильно влияет на поведение людей. В повседневной жизни казахов это просто вера в добрые приметы, в которых связываются между собой два каких-то события в причинно-следственной связи, определенные вещи и рядовые явления, но которым сильно доверяют наши люди. Например, вера в дурной глаз. Всевозможные талисманы, предназначения для оберёга их обладателя от беды, зависти, дурного глаза, порчи и прочих напастей, можно увидеть где угодно. Амулеты есть и у входов в бедные дома и роскошные апартаменты, и на окне маленького магазина, и на стекле автомобиля, и под одеждой человека, и на столе в дорогом офисе. Особенно трепетно относятся люди к словам.

Нельзя бездумно расточать комплименты вроде: «Ты прекрасно выглядишь!» или «Какие у тебя красивые дети!». Их могут принять за желание сглазить, если фраза не будет сопровождаться выражением «тьфу - тьфу». А уж изъявления приязни к человеку, даже если оно идёт от чистого сердца, вообще находится на грани табу! Особенно оберегают от дурного глаза маленьких детей. Например, в некоторых семьях для того, чтобы отвести от ребенка всякую нечисть, новорожденным мальчикам оставляют утробные волосы (айдар), которые убирают в 5-7 лет после мусульманского ритуала обрезания. В древности у казахов было принято долгожданным детям давать неблагозвучные, отталкивающие имена-клички, искренне считая, что шайтану ребёнок, зовущийся столь непривлекательно, будет совершенно неинтересен. А сейчас в ответ на вопрос: «Как здоровье ребёнка?» можно услышать в ответ лишь: «а ничего, так себе». Так что подобные вопросы лучше не задавать. На улицах больших городов можно увидеть такое зрелище: хорошо одетая, интеллигентная мать чинно шествует с ребёнком, на лбу которого нанесена сажа в виде пятна, а в шапочку воткнута булавка с камешком. Это древний магический ритуал нашего народа. В прошлом казахи маскировали своих детей, наряжая их в нестиранные обноски и пачкая лица сажей. По мнению заботливых родителей, такой ребёнок не будет привлекать внимания не только завистников, но могущественных злых духов. Теперь же маленьких детей одевают в чистую и красивую одежду, но обязательно надевают на них обереги. Других магических ритуалов и примет у казахов великое множество. Например, ни в коем случае нельзя вечером передавать друг другу деньги, ногти и волосы не стригутся на ночь, квартиры не убираются по вечерам, туфли не ставятся крест-накрест, после захода солнца не прикасаются к иголке и нитке. Такие приметы существуют не только в нашем народе, они общи всему человечеству, прошедшему этап первобытного строя. Однако именно наши люди в большей степени, чем другие народы сохранили древние обычаи и продолжают придавать подобным действиям прежний магический смысл. Конечно же, не все казахи фанатично исполняют древние магические ритуалы и обычаи. Однако в отношении подавляющего большинства из них можно сказать одно – наш народ безгранично предан своим древнейшим корням, которые и по сей день определяют основное направление, как его действий, так и его сознания. Таким образом, осуществление ритуала *«ырым»* представителями казахского этноса означает сохранность в его сознании и культуре повседневности первобытной магии, конечно, в существенно усечённом и фрагментарном виде.

Универсальным общетюркским символом является понятие «қут», которое имеет широкое смысловое поле значений: зародыш, собственно жизнь, плодородие, божья благодать, счастье. Обобщение всех этих значений в категории «қут» содержит энергию всего существующего: человека, животных, растений, то есть жизненную силу природы в целом. Первым даром, получаемым человеком от природы, является дар жизни «*қут»* в виде зародыша, который испрашивали женщины от своей прародительницы и покровительницы Матери - Умай. У тюркских народностей Сибири существовал языческий обряд «испрашивания» ребенка: женщины с молитвой стояли перед деревом, и как будто бы на них сверху, прямо в лоно матери падал зародыш ребенка. Так понималось древними тюрками зарождение человеческой жизни. Известно, что в тюркской мифологии символом жизненной силы выступало молочное озеро на вершине горы в Верхнем мире. Поэтому молоко не только является одним из главных продуктов питания у казахского народа, но также обладает наивысшим сакральным статусом в системе ценностей этноса. Существовали табу (запреты): на выливание излишков молока, запрет на наступание или перешагивание молока, и даже запрет на передачу закваски айрана чужому человеку или угощение его молочными продуктами, поскольку оно является символом жизнеспособности всего рода. Можно считать, что главной целью всех ритуалов традиционной культуры казахов в прошлом было получение (и сохранение) *қут* - жизненной силы и удачи. Идея *«қут»* в значении «жизнь-плодородие», являясь центральной для тюркского мировоззрения, она также пронизывала собой все ритуалы казахской культуры. Само понятие жизни в ее национально выраженных престижных атрибутах определялось именно в связи с плодородием, которое было залогом семейственности и многодетности. Это значит, что сам круг значений категории «*қут»* становится своеобразным семиотическим кодом казахской культуры как в прошлом, так и в настоящем.

Список использованной литературы:

1. Фрезер Дж. Золотая ветвь: Исследование магии и религии. – 2-изд. – М.: Наука. – 1986. – 511с.

2. Валиханов Ч.Избранные произведения. М.:Наука. – 1986. – 414 с.

ӘОЖ 316.75

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ РУХАНИ ДҮНИЕСІНДЕГІ ЖАСТАРДЫҢ ДІНИ САУАТЫН АРТТЫРУ МӘСЕЛЕСІ

Захай Арнагул
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, докторант
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу
университеті, оқытушы, Астана, Қазақстан

Еліміздің ата заңында ар-ождан бостандығы туралы, дінге және діни нанымға байланысты кемсітуге болмайтындығы, сондай-ақ қандай дін болмасын, азаматтардың ерекшеілктеріне қарамастан тең құқылы екендігі жазылған.

Қазақстандағы қазіргі діни ахуал күрделі әрі сан-салалы. Сөзіміздің дәйекті болуы үшін соңғы кездердегі деректерге назар аудара кетсек, 1989 жылғы 1 қаңтарда 30 конфессияға тиесілі 700-ге жуық діни бірлестіктер болса, 2003 жылдың 1 қаңтарында 3206 діни бірлестіктер жұмыс істеген. Қазір діни бірлестіктер мен ұйымдардың саны 4209-ға жеткен. Олардың арасында 2488 исламдық, осылардың ішінде суниттік, шииттік, сопылық, ахмадия ағымдары бар. Бұған қоса Қазақстанның аумағында православиелік шіркеуге жататын 292 діни бірлестік, 7 старообрядтық шіркеу, римдік-католиктік шіркеуінің 84 бірлестігі, 1267 протестанттық бірлестік жұмыс істейді. Қазіргі Қазақстандағы дәстүрлі емес діни қауымдарға төмендегілер енеді: 5 буддистік қауым, 24 индуистік, 12 кришнаиттік, 23 бахай, 2 трансценденталдық медитация қауымы, ұлы ақ бауырластықтың 2 қауымы, 6 саентология шіркеуі қауымы және т.б. Ең басты алаңдатушылық тудыратын мәселе діни ұйымдардың бар қарқынымен өсуінде болып отыр.[1]

Миссионерлік – діни ұйымдардың ілімдерін таратуға арналған діни және саяси қызмет. Миссионерлік ұйымдардың шоқындыру саясаты, Африка және Азия халықтары арасында қарқындап, мақсатты түрде жүргізіліп отыр. Миссионерлік ұйымдарға бірқатар елдердің мемлекеттік құрылымдары, қайырымдылық қорлары, үкіметтік емес ұйымдар, қаржылық топтар материалдық және моральдық тұрғыдан көмектесіп, ортақтаса жұмыс жасайды. Миссионерлер баратын ел халқының дінін, тарихын, әдет-ғұрпын, ділі мен психологиясын зерттеп біліп барады.

Көптеген миссионерлер жергілікті халық басым елді мекендерде тұрып, сол халықтың тілін, әдет-ғұрпын, мінез-құлықтарын өз қызметтерін табысты атқару үшін жетерліктей деңгейде зерттеп, үйренеді. Елімізде протестанттық және неопротестанттық шіркеулердің миссионерлік қызметтері халқымыздың діни бірлігі мен ынтымақты өміріне кері әсерін тигізеді.

Дәстүрлі емес діни ағымдардың өкілдері, яғни миссионерлер өздерінің нанымдарын таратуда әртүрлі әдіс-тәсілдерді пайдаланады. Негізінен заң аясында тіркеліп, жария түрде жұмыс атқарған сияқты көрінгенімен, астарлы түрде көптеген жұмыстарды атқарады. Оған қазіргі тіл үйрету курстарының, қайырымдылық қорларының көбейіп кетуі, сол арқылы өздеріне жақтастарды тауып жатқандығы куә.

Сонымен қатар, заман талабына сай оқу орындарын құру, сол арқылы өздері қалаған мамандар мен адамдарды даярлап шығу да миссионерлердің батыл қолданатын тәсілі болып табылады. Яғни, Қазақстан территориясында да жеке оқу орындарының қатарында осы мақсатта жұмыс істеп жатқардары баршылық [2].

Сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарын, соның ішінде діни мағыналы газет-журналдар шығару да қазіргі дәстүрлі емес діни ағымдар жиі пайдаланатын тәсіл.

Жалпы Орталық Азияда, соның ішінде Қазақстанда діни ағымдардың еркін таралуы мен олардың қатарының күн санап өсуінде халықтың, әсіресе жастардың құқықтық және діни сауатының төмендігі үлкен ықпалын тигізіп отыр деуге болады [3].

Өзекті мәселелердің бірі діни ұйымдардың Қазақстан территориясында тіркелуі мәселесі. Зиянды діни ұйымдар бастабында өздерінің жарғыларында нақты жүзеге асыратын шынайы қызметтерін көрсетпейді. Өйткені, олардың бұл ұстанымдары Қазақстан Республикасының заңдарына сай келмейді. Олардың шынайы бейнелері, тараптарларының саны белгілі бір межеден асқаннан кейін ғана көріне бастайды. Мәселен, соңғы кездері көріне бастаған «Йегова куәгерлері» бірлестігінің заңға қайшы әрекеттері. «Йегова куәгерлері» - Қазақстандағы саны жағынан өсіп келе жатқан конфессия болып отыр. Оның діни орталығы Есік қаласында орналасқан, 70-тен астам діни бірлестіктері әділет органдарында ресми тіркелген және 30-дан аса жергілікті қауымдары бар, оны ұстанатын адамдары өзге дәстүрлі емес діни ұйымдармен салыстырғанда анағұрлым жоғары. Сондықтан да олардың ұстанымдары бойынша қолға қару алуға, науқас адамға қан құюға, шекараны

мойындауға т.б. елдік ерекшеліктерді ұстануға болмайтындықтан сенімдеріне қайшы болып саналады.

1999 жылы діни бірлестіктердің құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатымен Қазақстанның діни бірлестіктер қауымдастығы құрылды. Бұл қауымдастық 200-ге жуық діни бірлестіктерді біріктіреді. Сонымен қатар осындай зиянды ағымдардан зардап шеккен адамдарды сауықтыратын орталықтар да күн санап артып келе жатыр.

Қазақстан Республикасының Конституциясында ождан бостандығы мен діни бостандықтың қағидаттары, әртүрлі конфессияларға жататын азаматтардың өздерінің діни бірлестіктерін құрудағы теңқұқылығы, мемлекеттің шіркеуден бөлінгендігі туралы қағидаттар бекітілген. Сондай-ақ діннің және діни бірлестіктердің әлеуметтік қызметтерін реттеудің халықаралық тәжірибелеріне негізделген өзге де бірқатар нормативтік-құқықтық негіздер бар. Соған қарамастан, діннің мәртебесі, оның қоғам өміріндегі шынайы жағдайы мен рөлі, яғни діннің қоғамның әлеуметтік-саяси, рухани салаларына тигізер әсерінің мәртебесі, кеңістігі және шекаралары қазірге дейін дәл анықталмаған. Осындай белгісіздік, әсіресе оның теріс салдары еліміздегі қазіргі діни жағдайда орын алған жаңа үрдістерге байланысты анық та айқын аңғарылуда. Бұл, әрине, әсіресе дін мен діни сананың күдік туғызатын діни-рухани нормалары мен догмаларына негізделген жаңа діни ағымдар мен бағыттардың пайда болуына байланысты. Мұндай әсірешіл нышандар діни фундаментализм мен діни экстремизм ретінде көрініс табуы мүмкін.

Қазіргі кезде азаматтар көптеген құқық бұзушылықтарға қарсы құқық қорғаушыларға жүгіну керектігін біледі. Мәселен, ұрлық жасалса шариғат бойынша оның қолын шабуды емес, құқық қорғаушылар арқылы заңды жауапқа тартуды ойлайды. Алайда, көптеген теріс ағымның құрбанына айналған азаматтар, әсіресе әйелдер өзінің тұрмыстық зорлық-зомбылықтарының жауабы шариғаттан іздейтіндігі түсініксіз. Сондықтан, зайырлы мемлекеттің азаматы ретінде кез-келген құқық бұзушылықтар мен қоғамдық қатынастар заңмен реттелететіндігін естен шығармаған дұрыс. Шариғат бойынша да құқықпен қолданылған жаза, шариғи жазаның орнына жүреді деп есептеледі.

Қорытындылай келгенде, дәстүрлі емес діни ағымдардың таралу жолдары; алдымен белгілі бір тұлғаның дәстүрлі ағымдардың таралуында қолдау көрсетуі болып табылады. Яғни, олар өздерін құқықтық және әлеуметтік тұрғыдан қорғау мақсатында танымал, беделді адамдармен тығыз жұмыс атқаруға барын салады. Екіншіден басқа мемлекеттердің мүддесі тұрғысынан әрекет жасайды. Бұл діни ұйымдардың Қазақстанда таралуына кейбір шет мемлекеттерде өздерін мойындатқан немесе идеологиясына сай келетіндіктен үкіметтік деңгейде таралу қолдауына ие болады. Үшіншіден олардың қаржылық мәселелері жөнінде болып отыр. Дәстүрлі емес діни ұйымдардың екі қыры бар: бірі коммерциялық, екіншісі идеологиялық. Олар тек діни ағым ретінде ғана емес, инвестор немесе бизнес өкілі ретінде де еркін жұмыс істейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Шәпиев Б. Діни бірлестіктер іс-әрекеттерінің бағыттары. Әдістемелік құрал. – Алматы, 2009. – 5 б.

2. Абдуррахман К., Түмер Г. Діндер тарихы. –Анкара: 1997. – 411 б.

3. Жастардың көзқарасы тұрғысынан Түркі әлемінің діни мәселелері// Форум материалдары/ - Анкара: 1998. 24-25 бб.

УДК 101.9

ЧОКАН ВАЛИХАНОВ В КОНТЕКСТЕ ИСТОРИИ ФИЛОСОФИИ СОВРЕМЕННОГО КАЗАХСТАНА

Иманбеков Мирлан Мейрамбекович
Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
ассоциированный профессор кафедры философии, Астана, Казахстан

Изучение творческого наследия выдающихся мыслителей прошлого является неотъемлемой частью истории философии. Внимание историков философии к исследованию казахского самосознания в целом и концепциям этого самосознания в творчестве казахских мыслителей в частности получило новый стимул с обретением нашим государством независимости.

Выделение казахской философии как специфического раздела мировой философии невозможно без изучения истории казахской философии, появления и становления самобытных с

историко-философской точки зрения концепций и теорий, рассматривавших самосознание как философское понятие. Наблюдается потребность в исследованиях, посвященных выяснению теоретических подходов выдающихся казахских мыслителей прошлого к изучению самосознания вообще и казахского самосознания в частности.

Развитие современной философии немыслимо без понимания того, что она формировалась, исторически синтезируя в себе особенности национальных философий. Такое обогащение философии невозможно без сохранения своеобразия национальных традиций философствования. Но и национальные философии обогащаются, соприкасаясь и взаимодействуя друг с другом. Данное взаимообогащение осуществляется выдающимися национальными мыслителями. Его выделение есть одна из важнейших задач истории философии.

Значение творчества Ч. Валиханова трудно переоценить. Без сомнения, Ч. Валиханова оценивают как гения. Его научное дарование проявилось в этнологии, истории, географии, литературе, языкознании, юриспруденции, военной науке, философии. Во всех областях научного знания, с которыми он сталкивался, Ч. Валиханов оставил заметный след.

Он жил в трудный для казахского народа период. Присоединение к Российской империи вызвало неоднозначную реакцию со стороны казахов, что привело к расколу казахского сознания. Данный раскол проявился, с одной стороны, в неприятии и противоборстве российской экспансии, с другой стороны, в Казахском Просвещении. С одной стороны - творчество поэтов «эпохи скорби», вооруженное сопротивление, например, восстание 1836 - 1837 годов в Букеевском ханстве под руководством И. Тайманова, национально-освободительное движение 1837 - 1846 годов, возглавленное ханом Кенесары Касымовым. С другой - творчество Ч. Валиханова, Абая, И. Алтынсарина, активное принятие достижений европейской цивилизации от экономических отношений до общественных институтов. Казахское сознание стояло перед выбором будущего развития.

Трагичность этого выбора обусловлена потерей даже номинальной независимости и государственности. В 1822 году была упразднена ханская власть в Среднем жузе. В 1824 году - в Младшем жузе. В 1845 году упразднена ханская власть в Букеевской орде.

Но трагедия казахского бытия породила такие вершины казахского духа, как Ч. Валиханов, Абай, хан Кенесары Касымов и других. Как писал в статье «Мой Чокан» О. Сулейменов: «...Если народ не дал человечеству нескольких великих людей, он не оправдал своего существования в истории» [1, с.14].

Ч. Валиханов жил в сложную эпоху. В его творчестве эта эпоха отразилась во всей своей многогранности и многообразии, трагичности и противоречивости.

Внук последнего хана Среднего жуза, Ч. Валиханов с честью выполнил свой долг перед своим народом, одновременно отдав гений ученого делу служения науке, и верой и правдой служа России. Его детство прошло в казахской степи, европейское образование он получил в Омском кадетском корпусе. Он много времени провел в странствиях по миру, объездил всю казахскую степь, Киргизию, Кашгарию, Россию до Петербурга. Он вернулся на Родину. Родившись и сформировавшись как человек на Родине, он ее покинул, чтобы возвратиться. Этот алгоритм жизни подобен алгоритму бытия героев казахских эпосов, например, Кобланды или Алпамыса.

Описанный алгоритм может быть осмыслен философски. Конечно, современный философский опыт многообразен, что потребовало в данном исследовании ограничиться определенными рамками истории философии.

Ведущей тенденцией современной философской мысли в Казахстане является, несомненно, интерес к духовному наследию казахов. Потребность в философском осмыслении этого наследия не вызывает сомнений.

Конечно, если понимать философию как науку, тенденция к чему проявилась в истории философии с Гегеля, она превращается в профессиональную деятельность философов, приобретая специфические черты научного знания и становясь особенной областью человеческого познания, со своими законами развития, категориальным аппаратом, предметом и проблемами, вопросами, методами и противоречиями. Но мы убеждены, что у философии есть и другая сторона. Философские проблемы и вопросы сущностно укоренены в человеке независимо от того, считает он себя философом или нет. Некоторые люди обнаруживают в себе эти проблемы и вопросы, и лишь в единицах эти проблемы и вопросы ясно и отчетливо заявляют о себе. К последним можно отнести Ч. Валиханова.

Изучение духовного наследия казахов с необходимостью отсылает нас к рационалистической философии. Рассматривая царство истинного духа в «Феноменологии духа», Гегель определил дух народа следующим образом: «В рассматриваемой нами здесь сущности единичность имеет значение

самосознания вообще, а не единичного случайного сознания... Нравственная субстанция... в этом определении есть *действительная* субстанция, абсолютный дух *реализован* в множественности наличного *сознания*; он есть *общественность...* Это дух, который есть *для себя*, сохраняя себя в *отражении индивидов,* и есть *в себе* или есть субстанция, сохраняя их внутри себя. Как *действительная субстанция* он есть *народ*, как *действительное сознание* - *гражданин* народа. Это сознание имеет свою *сущность* в простом духе, а достоверность себя самого - *в действительности* этого духа, в целом народе, и непосредственно в нем - свою *истину*; следовательно, - не в чем-то, что не действительно, а в некотором духе, который *существует* и *обладает значимостью*» [2, с.237].

Казахский дух есть «действительная субстанция». Он «реализован» в самосознании Ч. Валиханова, и это самосознание достоверно «существует и обладает значимостью» для духа народа. Сущность и истина самосознания заключена в духе народа.

Н. Гартман, показывая иерархию бытия реального мира, писал: «Над организмом, опираясь на него, но совершенно от него отличный, возвышается мир души, сознание с его актами и содержаниями. А над ним надстраивается духовная жизнь, которая раскрывается не в сознании отдельного человека, а образует общую сферу, процесс становления которой связывает поколения... Не может быть сомнения, к какому из этих слоев принадлежит познание... Разворачивается оно лишь в высшем слое, в духе» [3, с.484].

История казахского духа в рамках рационалистического дискурса мало исследована. Ч. Валиханов был первым из тех, кто положил начало этому исследованию. Смысл всего его творчества заключается в данном контексте в том, что оно посвящено осмыслению с позиций казахского духа наследия европейской культуры и переосмыслению казахского духа с позиций европейской культуры в целом и философии в частности. И само творчество Ч. Валиханова требует такого осмысления в контексте истории философии.

Несомненно, Ч. Валиханов - выдающийся мыслитель. Он важен и необходим для истории философии, ибо история философии как форма существования самой философии имеет своим предметом развитие самосознания и духа человека и народа.

Философия - не только наука, изучающая общие законы развития природы, общества и мыслительной деятельности, но любовь к мудрости. Как пишут К.А. Абишев и Т.И. Абжанов: «Философия табиғат, қоғам және ойлау процесінің жалпы заңдылықтарын ашатын алданғы қатарлы ғылым ғана болып қоймай, ол даналықты сүюге, оның мәнін ашуға бағытталған практикалық қызметке айналды» [4, с.102].

Определяя историю, А.Н. Нысанбаев и Т.И. Абжанов пишут в своей монографии «Қысқаша философия тарихы»: «…Философия тарихы – сол философияның өзінің өмір сүру формасы» [5, с.4]. Мы полностью разделяем их позицию, которая заключается в том, что история философии, понимаемая как форма существования самой философии, становится историей человеческого самосознания и мышления: «Ендеше философия тарихы - адамның өзіндік санасының тарихы, ойлау тарихы десек қателесе қоймаспыз» [6, с.3].

Необходимость истории философии заключается в том, что она занимается исследованием творчества тех или иных мыслителей, оказывая заметное влияние на развитие культуры того или иного общества и философии в целом. История философии, проясняя философские идеи мыслителей прошлого, конкретизирует философское знание. А.Н. Нысанбаев и Т.И. Абжанов, размышляя о роли истории философии в современном мире, пишут: «Философия тарихы қазіргі философияның дамуы үшін аса қажет. Ойткені, ол қазіргі философияның өмір сүру формасы. Сондықтан да өткен заманның ойшылдарына әрбір қоғамның мәдениеті ерекше көніл бөліп, олардан нәр алып отыр. Себебі философия тарихы философияның сана-сезімімен тығыз байланысты болып, оны ерекше айқындай түседі» [7, с.7].

Интерес к историко-философскому исследованию творчества Ч. Валиханова также обусловлен непреходящей актуальностью идей, проблем и вопросов, которые обнаруживаются в его творческом наследии: «Өткен дәуір ойшылдары мен философтарының шығармалары қай заманда да өлшеусіз маңызы бар, қоғамдық ойға қосылатын қазына болып есептеледі» [8, с.5].

В истории философии можно выделить два направления исследований. Первое - история развития философских идей как определенных сущностей, самих по себе. Второе - исследование этих идей в творчестве того или иного конкретного мыслителя. Для первого направления характерно понимание идеи как идеи, развивающейся в различных мыслителях. Мы обратились ко второму направлению, для которого характерно обратное - понимание того, что различные философские идеи развиваются в конкретном мыслителе.

Особый интерес вызывает творчество Ч. Валиханова с точки зрения истории философии. Этот интерес обусловлен двумя факторами. Первый - развитие самого сознания Ч. Валиханова. Второй фактор - развитие этого сознания как самосознания казахского народа.

В отношении первого фактора необходимо отметить, что сознание Ч. Валиханова выступает как единичное сознание. Его развитие осуществляется от сознания к самосознанию, от самосознания - к разуму. Как единичное сознание Ч. Валиханова есть разумное самосознание. Относительно второго фактора -необходимо определить сознание Ч. Валиханова как самосознание казахского народа. Сознание Ч. Валиханова как всеобщее сознание есть претворенное в действительность разумное самосознание, которое есть дух народа [9, с. 93 - 99, 187 - 192, 233 – 235].

Таким образом, самосознание Ч. Валиханова содержит в себе в процессе своего развития и формы единичного сознания и формы всеобщего сознания как духа. Следовательно, в сознании Ч. Валиханова можно обнаружить проблемы и противоречия и жизни его народа, и его собственного бытия. К проблемам и противоречиям его собственного бытия можно отнести проблемы и противоречия научного сознания и науки.

Данное состояние Ч. Валиханов осознавал. Но это было тяжкое бремя, что иногда обнаруживается при чтении его писем своим друзьям. Так, в письме к А.Н. Майкову он писал: «Я вижу теперь, как трудно одному бороться со всеми, вижу, что истина, как бы она ни была светла, не может изгнать самых неверных заблуждений, когда они освящены временем, и особенно у киргизов...» [10, с.153].

Об этом же писал Чокану Ф.М. Достоевский: «... не великая ли цель, не святое ли дело, быть чуть ли не первым из своих, который растолковал в России, что такое степь, ее значение и ваш народ относительно России, и в то же время служить своей Родине просвещенным ходатаем за нее у русских. Вспомните, что вы первый киргиз, образованный по-европейски вполне. Судьба же вас сделала вдобавок превосходнейшим человеком, дав вам и душу, и сердце» [11, с.178-179].

То, что Чокан осознавал свое положение, подтверждают и люди, с которыми он общался. Например, друг Ч. Валиханова Г.Н. Потанин писал о нем: «Эта привязанность к Европе не отрывала его от его народа, напротив, европейский дух, в котором он воспитался, обязывал его смотреть на себя как на слугу своего киргизского народа» [12, с.94].

Творчество Ч. Валиханова важно не только в связи с появившимся интересом к своему духовному наследию и историческому прошлому, но, в первую очередь, непреходящим значением тех идей, проблем и вопросов, в которых из самых глубин национального бытия прорывается дух, стремящийся к самопознанию. Осуществление данного стремления есть несомненная заслуга Ч. Валиханова.

Дух как казахское самосознание в форме сознания Ч. Валиханова развивался, сформировавшись в своем в-себе-бытии в казахской степи, в странствиях по Евразии как форме своего инобытия, постоянно возвращаясь к себе из своего инобытия, и поднялся до формы казахского самосознания.

Список использованной литературы:

1. Сулейменов О.О. Эссе, публицистика. Стихи, поэмы. Аз и Я. - Алма-Ата: Жалын, 1990. - 592 с.
2. Гегель Г.В.Ф. Сочинения. Система наук. Часть 1. Феноменология духа. - Москва: Соцэкгиз, 1959. - Т. 4. -440 с.
3. Западная философия: итоги тысячелетия / Составление Жамиашвили В.М. - Екатеринбург: Деловая книга, Бишкек: Одиссей, 1997. -656 с.
4. Әбішев Қ., Әбжанов Т. Философия тарихындағы таным теориясы және метод проблемасы. - Алматы: Ғылым, 1990. -119 б.
5. Нысанбаев Ә., Әбжанов Т. Қысқаша философия тарихы. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1999. -272 б.
6. Нысанбаев Ә.Н., Әбжанов Т.Ы. Ойлау тарихының белестері. - Алматы: Ғылым, 1994. -76 б.
7. Нысанбаев Ә., Әбжанов Т. Адамға қарай бет бұрсақ: Оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 1992. -160 б.
8. Нысанбаев Ә., Әбжанов Т. Қысқаша философия тарихы. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1999. -272 б.
9. Гегель Г.В.Ф. Сочинения. Система наук. Часть 1. Феноменология духа. - Москва: Соцэкгиз, 1959. - Т. 4. -440 с.
10. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений. - Алма-Ата, 1985. - Т. 5. -528 с.
11. Там же. С. 178 - 179.
12. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений. - Алма-Ата, 1984. - Т. 1. -432 с.

ӘОЖ 17(574)

КЕМЕЛ АДАМ КОНЦЕПТІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ДӘСТҮРІНДЕГІ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ

Караконисова Салтанат Гомаровна
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
философия және мәдениет теориясы кафедрасының аға оқытушысы, Қарағанды, Қазақстан

«Кемел адам» ұғымы қазақ рухани мәдениетінің өзегінде тұр: ол түркі-көшпелі дүниетанымды, исламдық (әсіресе сопылық) антропологияны, ортағасырлық философияны және XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басындағы ойшылдардың ерте модерндік жобаларын сабақтастырады. Бұл категория абстрактілі моралистік емес: ол танымдық жетілу, этикалық жауапкершілік, қоғамдық қызмет және экзистенциалдық тұтастық тоғысқан адамның нормативтік бейнесін айқындайды.

Бастапқы философиялық көкжиек Әл-Фараби шығармашылық тұрғыдан игерген перипатетикалық дәстүр шеңберінде қалыптасады. «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» трактатында адам кемелдігі оқшау рухани шың емес, зияткерлік өзектену мен ортақ игілікке азаматтық қызметтің бірлігі ретінде пайымдалады. Қайырымды адам – саяси тұтастықтың түпкі мақсат-мұратымен жеке мақсаттарын үйлестіретін ақыл-парасат субъектісі; адамның «кемелдігі» институционалдық тәртіптің, педагогика мен тәрбиенің сапалылығымен тікелей байланыста болады [1]. Осылайша фарабилік «әлеуметтік-нормативтік» кемелдік үлгісі қаланады: зияткерлік, этика және саясат ажырамас бірлікті құрайды, ал жеке ізгілік әділ қалалық құрылымды орнықтыруға белсенді қатысу арқылы расталады.

Исламдық-сопылық антропологияда «әл-инсан әл-кәмил» («кемел адам») ұғымы метафизикалық тереңдікке ие болады: кемел адам Құдайлық есімдер мен сипаттардың «айнасы», сондай-ақ ғарыштық тәртіптің адам табиғатында көрініс табатын синтетикалық түйін-нүктесі ретінде танылады. Классикалық сопылық ойда (Ибн Араби және оның ізбасарлары) кемелдік ішкі түрлену тәжірибесімен – жүрек тазалығымен, ықыласпен (ихсан), зікір мен тәубе амалдарымен – ажырамас байланыста. Қазақ контексінде бұл сарындар Яссауи дәстүрі арқылы айқындалады: Ахмет Ясауидің хикметтері тұтастықты абстрактілі пайыммен емес, өмірлік тәртіппен – тәубешілдікпен, ұстамдылықпен, қызмет пен мейіріммен – бекітетін адам бейнесін ұсынады. Мұнда «кемел адам» – теориялық құрылым емес, жүрек пен мінездің амал-практикаларының жемісі; онда рухани өлшем қауымдық өмірдің көкжиегімен астасады [2].

Көшпелі қоғам адамгершілік тұтастықтың өзіне тән тілін қалыптастырады, онда эпос, жыраулар поэзиясы, әдет-ғұрып құқығы және билер институты лайықты адамның «келбетін» сомдайды. Ұжымдық жады мен дала поэтикасы мінез сапасын қоғамдық ресурс ретінде орнықтырады: «ар», «намыс», сөзге беріктік, әділ төрелік, жомарттық пен ұстамдылық – қоғамдық танудың нақты өлшемдері. Осы тұрғыдан «кемел адам» – қоғамдық сенім мен ынтымақтың кепілі, яғни қауым ар мен жауапкершіліктің әділ бөлінісін сақтайтын тұлға [3]. Бұл қабаттың маңызды белгісі – ізгіліктің коммуникациялық табиғаты: кемелдік сөзде (айтыс, кеңес), арағайындық институттарында (билер соты), сый алмасу мен қонақжайлық ритуалдарында «сынақтан өтеді»; ол жекелік құбылыс емес, қоғам алдында ашық әрі есепті.

XIX–XX ғасырлар тоғысында Абай бұл идеалды теориялық тұрғыдан айқын тұжырымдайды. Оның «толық адам» концепциясы дәстүрді жаңғыртушылық бағытта ең анық қайта қарау болды. «Ақыл – қайрат – жүрек» үштігі таным, ерік-жігер және сезім арасындағы тепе-теңдік талабын жүйелейді; ал «махаббат – әділет – рақым» («имани гүл») ішкі жетілуді қоғамдық ынтымақ этикасына айналдырады. Абай түсіндіруінде «кемел адам» жай ғана тақуалық не серілік емес; ол білімге, еңбекке және азаматтық жауапкершілікке сүйенген бағдар: ақиқатқа сүйіспеншілік, ой тәртібі, әділ пайымға дағдылану, игілікке нақты істермен қызмет ету [4]. Сопылықтағы ішкі рухани күш-жігерге басымдық беруден өзгеше, Абай «жүректі» «ғылым» және «еңбекпен» ұштастырып, ішкі кемелденуді мәдени-әлеуметтік жаңғырудың нақты бағдарламасына айналдырады.

Шәкәрім бұл бетбұрысты тереңдетіп, «ұжданды» (ар-ождан) «ар ғылымының» (жақсылық туралы ілімнің) өзекті қағидаты ретінде орнықтырады. «Ынсап – әділет – мейірім» үштігі

адамгершілік өзін-өзі бақылаудың нормативтік өзегін айқындайды, ал «таза ақыл» идеясы – моральдық рефлексияның әдісі: мұнда «кемелдік» нәпсі-құмарлықты ұждан төрелігіне және әділет қағидатына бағындыру қабілетімен өлшенеді. Шәкәрімде «кемел адам» – күн сайын «жүрек алдында есеп беруді» практикаға айналдырған тұлға [5]. Осылайша «кемел адам» жобасы ішкі шындық пен қоғамдық жауапкершіліктің бағдарламасы ретінде қайта мағыналанып, модернизацияның сын-қатерлерімен сабақтас түрде ұсынылады.

Жалпы алғанда, бұл бағыттар идеалдың бірнеше тарихи-ұғымдық түрленуін қалыптастырады. Біріншісі – метафизикалық-аскетикалық тұлғадан (сопылық «әл-инсан әл-кәмил») фарабилік сипаттағы азаматтық-этикалық үлгіге өту: мұнда кемелдік әділетті қоғамдық өмір мен парасатты басқару формасы арқылы түсіндіріледі. Екіншісі – ұжымдық-нормативтік қалыптан Абай мен Шәкәрімдегі тұлғалық-рефлексивтік антропологияға ығысу: кемелдік «жүрек пен ақылды тәрбиелеу» жобасына айналып, ұжданның жетілуі, өзін-өзі сынға дағдылану, жауапты еңбек және мәдени тәртіппен өлшенеді. Үшіншісі – идеалдың білім беру мен құқықтық тәжірибелерде модернизациялық айқындалуы: «кемел адам» азаматтық ізгіліктер, кәсіби этика, қоғамдық сөз мәдениеті және соттық медиация тілінде институционалдық көрініс табады; бұл тұста билер мен жыраулар дәстүрі қоғамдық ашықтық пен білім берудің заманауи формаларымен тоғысады.

Маңыздысы, кеңестік дәуір идеалды түбегейлі жойған жоқ, тек оны жеткізу арналары өзгерді. Дәстүрдегі этикалық категориялар фольклорға, отбасылық әлеуметтендіруге, өзара жәрдем мен ру абыройын сақтау сияқты бейресми тәжірибелерге ауысты; қатарлас еңбек пен кәсіби адалдықтың жаңа нормалары қалыптасты, сол нормаларда «ар» мінез-құлықтың ішкі реттеушісі ретінде тіршілігін жалғастырды. Тәуелсіздік кезеңі идеалға айқын нормативтік мазмұнын қайтарды, бірақ енді жаһандық коммуникация мен цифрлық медиа кеңістігі аясында: бүгінде «кемел адам» жеке руханиятты, азаматтық ізгілікті және цифрлық қарым-қатынас этикасын ұштастыратын мәдени код ретінде қажет.

Қазіргі жағдайда – ақпараттық қанығу, платформалық медиатизация, дәстүрлі қауымдық шеңберлердің босаңсуы – «кемел адам» идеалының күтпеген заманауи қырлары айқындалады. Біріншіден, бұл – «зейін этикасы»: тапшылық ресурс енді ақпарат емес, жинақылық пен парасатты пайым; кемелдік білім мен пікірді айыра білу, дереккөздерді тексеру, сондай-ақ жария желілердегі сөз бен әрекет үшін жауап беру дағдысы арқылы көрінеді. Екіншіден, бұл – «цифрлық ұждан»: авторлыққа, жеке деректерге, өзгенің шекараларына құрмет – желілік тұрмыс жағдайында Абайдың «махаббат – әділет – рақым» және Шәкәрімнің «ұждан» ұстанымдарының тікелей жалғасы. Үшіншіден, бұл – азаматтық құзыреттілік: парасатты пікірталас жүргізу, кәсібилік, ашықтық және ортақ іске жұмылуға әзірлік арқылы ортақ игілікке қызмет ету – фарабилік қайырымды қаланың түпкі мұратын қазіргі институттар тіліне түсіру. Осылайша «кемел адам» музейлік жәдігер емес, тәрбие, қоғамдық коммуникация және мемлекеттік қызмет мәдениеті үшін әрекеттік моральдық-танымдық бағдар болып қала береді.

Қорытындылай айтқанда, қазақ философиялық дәстүріндегі «кемел адам» – мағыналық қайта құрылымдардың бірнеше кезеңінен өтіп, бүгін де өзектілігін сақтап тұрған адам тұтастығының ұзақ мерзімді жобасы. Оның бастауы жүрекке қатысты сопылық метафизикада жатыр; Әл-Фарабиде саяси әрі педагогикалық тұрғыдан айқын тұжырымдалды; Абай мен Шәкәрімде тұлғалық-этикалық және азаматтық-модернизациялық қырынан қайта пайымдалды; кейінгі күнделікті өмірде сабақтастығын үзбей, қазір азаматтық ізгіліктер мен цифрлық этика тілінде табиғи түрде түрленіп келеді. Күші де осында: ол рухани тәжірибенің вертикалін ортақ істердің көкжиегімен байланыстырып, адам қадір-қасиетінің өлшемін белгілейді; бұл өлшем әрі ұжданның тыныштығында, әрі қоғамдық әңгімеде тексеріле алады.

Пайдаланылған әдебиет тізімі:

1. Әл-Фараби Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары. – Алматы: Атамұра, 2007. – 281 б.
2. Ахмет Ясауи Диуани хикмет. – Алматы: Жазушы, 1993. – 109 б.
3. Сейдімбек А. Қазақ әлемі: этномәдени пайымдау. – Астана: Фолиант, 2013. — 224 б.
4. Абай Слова назидания (Қара сөздер). – Алматы: Жазушы, 2002. – 56 б.
5. Шәкәрім Үш анық. – Алматы: Ғылым, 1991. – 80 б.

ӘОЖ 165.9

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДАНАЛЫҚ ДӘСТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВТЫҢ «БАҚЫТ ДЕГЕН – СЕНІҢ БАЛА КҮНДЕРІҢ» ӨЛЕҢІНДЕГІ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ОЙ

Қали Тоғжан Қахарманқызы
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, магистрант, Астана, Қазақстан
Өмірбай Абзал Саятайұлы
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, философия ғылымдарының кандидаты, доцент,
Астана, Қазақстан

Қазақ халқының рухани мәдениетінде ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан даналық дәстүрлер ерекше орын алады. Ата-бабаларымыз ғасырлар бойы жинақтаған өмірлік тәжірибесін кейінгі буындарға нақыл сөздер, мақал-мәтелдер, жыр-дастандар мен шешендік өнер арқылы аманат еткен. Мұндай халық даналығы – ұлттың рухани байлығының қайнар көзі, ұрпаққа мирас болып отыратын қазына [1]. Даналық дәстүрлері арқылы әр буынға ізгілікті іс-әрекет үлгілері мен өсиет-өнегелер беріліп, ұлттық дүниетаным сабақтастығы қамтамасыз етілген [1]. Қазақ қоғамында үлкенді сыйлау, әділдікті бағалау, қанағат ету, тәубе мен ар-ұятты сақтау сияқты ұстанымдар осы даналық мұралар негізінде қалыптасқан. Қысқаша айтқанда, халқымыздың даналық дәстүрлері – рухани мәдениеттің өзегі әрі ұрпақтар сабақтастығын жалғаушы алтын көпір.

Бұл даналық дәстүрлерінің басты мақсаты – жеке адам мен қоғамды ізгілікке тәрбиелеу, өмірдің мәні мен бақыттың сырын түсіндіру. Қазақ халқы үшін бақыт ұғымы материалдық игіліктен гөрі рухани құндылықтармен тығыз байланысты болған. Көшпелі өмір салтында отбасы амандығы, жерұйық мекен, береке-бірлік пен еркіндік – нағыз бақыттың өлшемдері саналған. Осы ұғымдарды ұрпақ санасына сіңіруде жыршы-жыраулардың толғаулары мен шешен-билердің өсиет сөздері философиялық терең meaningге ие болды. Бақыт туралы халықтық түсінік ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, қазақтың дүниетанымдық құндылығы ретінде бүгінгі күнге жетіп отыр.

Қазақ ойшылдарының даналық дәстүрі

Қазақ халқының даналық дәстүрін қалыптастыруға көптеген ойшыл тұлғалар үлес қосқан. Ерте дәуірдегі түркі әлемінің данышпандарының бірі – Әбу Насыр әл-Фараби. Әл-Фараби бақыт ұғымына терең философиялық талдау жасап, оны адам өмірінің жоғарғы мақсаты деп санаған [2]. Оның айтуынша, «Бақыт – әрбір адам ұмтылатын мақсат, өйткені ол белгісіз бір жетілу болып табылады» [3]. Яғни бақыт – ең қадірлі, ең кемел игілік [3]. Әл-Фараби шын бақытқа жету үшін адамға кемелдік қажет деп түсіндіреді: парасатты ақыл, ізгілікті мінез-құлық және білім арқылы ғана адам толыққанды бақытқа қол жеткізе алады. Мәселен, ол еңбектерінде кейбір адамдар ләззат пен байлықты бақыт санайтынын, алайда нағыз бақыттың материалдық емес, рухани игіліктерде екенін көрсетеді. Әл-Фарабидің бұл тұжырымдары кейінгі қазақ ойшылдарына да ықпал етіп, даналық дәстүрдің бір тірегіне айналды. Ұлы ойшылдың «қасиетті ақыл-парасат пен кемел мінез үйлесім тапқанда ғана адам бақытқа жетеді» деген пікірі қазақ дүниетанымында адамгершілік пен ақылдылықты ұштастыру идеясына үндес келеді [. Бұл үндестік Абай философиясынан да көрініс табады – Абай Құнанбайұлы «Ақыл, қайрат, жүрек» туралы тұжырымдарында толық адам болу арқылы кемел бақытқа жетуге болатынын насихаттайды. Ендеше, әл-Фараби мен Абайды байланыстыратын даналық арна – бақытқа жетелер білім, өнер, ізгі мінез құндылығын жастарға өнеге ету.

Халық даналығының тағы бір көрнекті өкілі – XV ғасырда өмір сүрген жырау, би әрі философ Асан Қайғы. Ел аузындағы аңыз бойынша Асан Қайғы әділдік орнап, халық мәңгі бақуат өмір сүретін «Жерұйық» деген жайлы өлке іздеп бүтін қазақ даласын кезген екен [2]. Оның утопиялық ізденісі шындығында халыққа жайлы қоныс, бейбіт те берекелі өмір іздеу арқылы бақытты қоғам орнату мұраты болатын. Жұрттың бәрі тең, төрт түлікке жұт жүрмейтін құт мекен табуды армандаған Асан Қайғы сол замандағы әлеуметтік әділетсіздікке қарсы наразылық философиясын аңғартады. Ол өз толғауларында ел бірлігін сақтау, әділ ханға сүйену, табиғатпен етене өмір сүру сияқты ой-толғамдарын айтып, келер ұрпаққа өсиет қалдырған. Асан Қайғының «қайғысы» деп аталып кеткен тіркестің өзі ел қамын ойлап, қамыққан кемеңгер бейнесін білдіреді. Оның: «Әділдік орнаған жерде ғана халық бақытты болады» деген мазмұндағы нақыл сөзі ел ішінде сақталған [5]. Демек, Асан Қайғының даналық дәстүрі халықтың жерұйыққа, бақытқа деген ұмтылысын бейнелейді және бұл ұмтылыс кейінгі дәуірлердегі ойшылдар еңбегінде жалғасын тапты [2].

Қорыта айтқанда, қазақ ойшылдарының даналық дәстүрі үздіксіз сабақтастықта дамып келеді. Әл-Фараби мен ортағасырлық ислам философтарының бақыт туралы тұжырымдары, жыраулар мен билердің өмір тәжірибесінен түйген өсиеттері, Абай бастаған ағартушылардың адамгершілік

ұстанымдары – бәрі бір арнада тоғысып, ұлттық бақыт философиясын құрады. Бұл дәстүр жеке ізгілік пен қоғам игілігін тең көретін, сыртқы дүниеден гөрі адам жанының тыныштығын жоғары қоятын дара мектебі бар рухани мұра екені даусыз.

Мұқағали Мақатаев өлеңіндегі «бақыт» ұғымы

Қазақтың даналық дәстүрі XX ғасырда да жалғасын тауып, заманауи әдебиетте көрініс тапты. Солардың бірі – халық жүрегіне ең жақын ақындардың бірі Мұқағали Мақатаев. Мұқағали поэзиясы шыншылдығымен, өміршең философиялық ойларымен бағалы. Ақынның «Бақыт деген – сенің бала күндерің» өлеңі бақыт ұғымын өзгеше қырынан талдаған туынды ретінде ерекше назар аударады. Өлеңнің бастауында лирикалық кейіпкер ұстазының «Бақыт деген не?» тақырыбында шығарма жазуды тапсырғанын айтып, өзін қайран қалдырады: бала Мұқағали бақыттың не екенін білмей дал болады. Осы қарапайым сюжеттік жағдай арқылы ақын бақыт туралы терең философиялық ой-толғамдарын өрбітеді.

Мақатаевтың бұл өлеңі шартты түрде екі бөліктен тұрады: алғашқы бөлімде ақын балалық шақтың бақытын суреттейді, екінші бөлімде бақыт туралы жалпы пайымдарын ұсынады. Ең әуелі, ақын балдәурен шақтың қадірін ерекше сезіммен жеткізеді: «Бақыт деген – сенің бала күндерің, / Бақытсыз-ақ бақытты боп жүргенің, / Бақтығын да, басқасын да білмеуің, / Бақытсыз-ақ ойнағаның-күлгенің» [3]. Бұл жолдарда ақын балалық шақтағы бейқам қуаныштарды нағыз бақыт деп атайды. Расында, бала кезде адам бақыттың мәнін түсінбесе де, жоқ нәрсеге уайымдамай, таза көңілмен ойнап-күлгеннің өзі – шынайы бақыт күйі. Мұқағали «бақытсыз-ақ бақытты болу» деген парадокс арқылы бақыттың субъективті күй екенін аңғартады: кішкентай бала materially ешнәрсеге ие болмаса да, бақытты күйде жүре береді, өйткені оның көңілі тоқ, сезімі шат. Ақынның бұл пікірі қазақтың «Балалы үй – базар» дейтін мәтелімен де үндеседі, яғни балалықтың өзі – бір базарлық, қуаныштың қайнары [4].

Ары қарай ақын бақыт табиғатын философиялық тұрғыда талдайды: «Бақыт жайлы менің мынау білгенім: / Бақыт деген – бірде шаттық, бірде мұң» [3]. Мұнда бақыттың екіұдай болмысы нақты әрі көркем жеткізілген. Шындығында, өмірде тоқтаусыз қуаныш немесе мәңгі мұң болмайды; екеуі де – бақыт құрамдасы. Ақынның айтуынша, «Бақытты сол – тәрік етіп түндерін, бақыт іздеп азаптанса кімде-кім» [3]. Яғни адам бақыт жолында талмай еңбек етсе, түн ұйқысын төрт бөліп, маңдай терін төксе – сол адам бақытты. Бұл жерде Мұқағали бақытты процесс ретінде қарастырады: бақытқа жету жолындағы ізденістің өзі бақыт мәнін құрайды деген идея. Шынында да, өмірде белгілі мақсат-мұраты, сол жолда талпынысы бар жан өзін бақытты сезіне алады, ал мақсаты жоқ, өмірі қызықсыз адам бақытсыз болмақ. Ақын бұл ойды келесі жолдарда нақтылай түседі: «Бақыт іздеп мал бақ, мейлің, тас қала, / Бірақ, балам, мынаны естен тастама: / Бақыттысың бақыт іздеп сорласаң, / Бақытты боп сорлап жүрсең – масқара!» [4]. Мұнда бір қарағанда күрделі парадокс айтылғанымен, астарында терең мағына бар: бақытты боламын деп бейнет шексең, соның өзі бақыт (өткені өміріңнің мәні бар), ал қолыңда бар бақытының қадірін білмей, рақат ішінде жүріп торықсаң – содан асқан сорлылық жоқ. Демек, Мұқағали бақытты бағалау, барға қанағат ету идеясын таратады. Бұл тұжырым да қазақтың «Қанағат қарын тойғызар» дейтін дана сөзімен астасып жатыр. Ақынның «масқара» деп өткірлеу айтуы – бақыттың қадірін білмегендерді сынға алуы деп түсінеміз.

Өлеңнің соңында Мақатаев бақыттың ең басты өлшемі – сүйіспеншілік пен жақын жандар екенін тебірене жырлайды: «Бақытың – мен, бақытың деп біл мені, / Мені білсең, бақытыңды білгенің. / Ал мен үшін ең бақытты күндерім – / Балам, саған бақыт іздеп жүргенім!» [3]. Ақын бұл жерде әке мен бала диалогы арқылы терең ой ұқтырады. Әкесі (лирикалық кейіпкер) өз перзентіне «Мен сенің бақытыңмын, мені бақыт санасаң, шын бақытты түсінгенің» дейді. Яғни баланың бақыты – ата-ана, отбасы екені меңзеледі. Ал әкенің өзі үшін ең büyük бақыт – перзентінің бақыты үшін еңбек етуі. Осылайша, Мұқағали бақыттың отбасылық, сүйіспеншілік сипатын алға тартады. Шынында, қазақ дәстүрінде «Ата-ана бақыты – баланың бақыты, баланың бақыты – ата-ананың қуанышы» деген түсінік бар. Ақын осыны көркем тілмен өрнектеп отыр. Бұл ой оның басқа бір өлеңінде айтылатын «Үш бақытым» ұғымымен де үндес: Мұқағали өз халқым, тілім, Отанымды үш бірдей бақытым деп жария еткені белгілі. Яғни бақыт – тек жеке басының рахаты емес, ұлт пен тілдің мерейі, елдің тәуелсіздігі. Мұқағали үшін ұлтына қызмет ету, сол жолда талмай іздену – бақыттың шыңы болатын [4]. Қарастырылып отырған өлеңде де ақын осы ойды бала тәрбиесі призмасы арқылы ұсынады.

Қорыта айтқанда, халықтық бақыт түсінігі мен қазіргі сырттан бақыт іздеу құбылысы арасында сабақтастық бар, ол – бақытқа ұмтылыс. Адамзат өткен замандарда да бақытты қоғам орнатуға, әділетті мемлекет құруға талпынса (утопистік идеялар, жерұйық іздеу), бүгінде де әділ қоғам идеалын іздейді (әлеуметтік утопиялар, «бақытты қала» концепциялары). Сонымен бірге, екі дәуірде де шын бақыттың өлшемі өзгермейді: ол – адамдық қадір-қасиет, сүйіспеншілік пен тыныш өмір. Қазақтың даналық дәстүрлері бізге осы мәңгі құндылықтарды аманат етсе, бүгінгі заманда сол құндылықтардың мәні тіпті арта түсуде. Сондықтан сырттан емес, өз жүрегімізден, өз орта-қоғамымыздан бақытты табу идеясы – көне дәуірден келе жатқан, қазір де өзектілігін жоймаған ұстаным.

Қорытынды

Қазақ халқының даналық дәстүрлері – өткеннен бүгінге жеткен бағасыз мұра, жастар үшін таусылмас тағылым көзі. Даналық дәстүрлер ұрпақты адамгершілікке, ынтымаққа, сабыр мен қанағатқа тәрбиелеп, өмірдің мәнін түсінуге жол сілтейді. Бүгінгі қазақ жастары жаһандану заманында түрлі ақпарат ағымына, батыстық мәдени ықпалдарға тап болғанымен, ұлттық құндылықтарды бойтұмардай сақтаудың маңызы зор. Дәл осы жерде даналық дәстүрлердің берері мол. Мысалы, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету, ата-анаға қызмет ету сияқты қасиеттерді жастарға насихаттау ұлттық бірегейлікті нығайтады. Сонымен бірге, ата-баба мұрасы тек салт-дәстүрде ғана емес, терең философиялық ұғым-түсініктерде жатқанын ұмытпауымыз керек. Бақыт, өмірдің мәні, аруақ сыйлау, қамқорлық деген ұғымдарды қазіргі жас буынға даналық үлгілерімен сіңірсе, рухани жан-дүниесі бай, қайнарынан қуат алған ұрпақ өсері анық.

Мұқағали Мақатаев жырлаған балалық бақыт, ата-ана мен перзент арасындағы махаббат – осы даналықтың бір ғана көрінісі. Ақын өлеңі жастарға бақыттың бар формуласы жақын нәрседе екенін ұғындырады. Жалпы, әдебиет пен өнер арқылы даналық дәстүрлер жастар жүрегіне жол тауып келеді. Жастар Мұқағалидың өлеңінен өз балалық шақтарының қадірін сезінсе, Абайдың қара сөздерінен адам болудың мәнін ұғады, Әл-Фарабидің еңбектерінен білім мен тәрбие арқылы кемелденудің маңызын түсінеді. Бұның бәрі – даналық дәстүрлердің қазіргі ұрпақ санасына тигізер игі әсері. Сондықтан ұлттық философияның інжу-маржандарын білім беру жүйесінде, тәрбие жұмыстарында кең пайдалану – уақыт талабы.

Түйіндей айтқанда, қазақ халқының даналық дәстүрлері – мәңгі жаңғыратын қазына. Ол өткеннің энциклопедиясы ғана емес, бүгіннің де бағдаршамы. Мұқағали Мақатаев жырындағы бақыт философиясы соның бір айғағы: ақын бабалар аңсаған бақыттың қасында, өз жүрегінде екенін көрсетті [4]. Ендеше, қазіргі жастар үшін даналық дәстүрлерді тану – өз болмысын тану, ұлттық тамырынан қуат алып, жаһан дауылында қисаймау. Ұлттық құндылықтарды сақтау арқылы ғана келер ұрпақ өз бақытын сырттан емес, өз елінің қасиет-қазынасынан табатынына сенім мол. Қазақтың мыңжылдық әпсанасы жалғаса берсін, дана халқымыздың бағы жана берсін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1975. – 420 б.
2. Кемербай Р.А. Асан Қайғы: қилы заман философиясы: философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Нұр-Сұлтан, 2020. – 128 б.
3. Бегманова Б. Мұқағали Мақатаев және қазақ поэзиясындағы дәстүр мен жаңашылдық: әдеби зерттеу. – Алматы: Дәстүр, 2015. – 232 б.
4. Мақатаев М. Өмір-дастан: өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Жазушы, 1976. – 240 б. (таңдамалы жинақ).
5. Жолдасова Г. Халық даналығы – рухани байлық көзі (әдістемелік әзірлеме). – Bilimdiler.kz, 03.02.2014. (8-сынып «Өзін-өзі тану» пәні бойынша ашық сабақ материалы).

ӘОЖ 1(4/9)

ТҮРКІ-ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІКТІК МӘНІ

Қоңырбаева Күлсия Мағражқызы
ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының
жетекші ғылыми қызметкері, философия ғылымдарының кандидаты,
Сағиқызы Аяжан
ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының
бас ғылыми қызметкері, философия ғылымдарының докторы, Алматы, Қазақстан

Қазіргі қазақстандық қоғамды рухани жетілдіруде және оның тұрақты дамуы мен әлеуетін нығайтуда түркі-қазақ философиялық мұраларына оралып, дүниетанымдық, дүниеге көзқарастық негіздерін санада жаңғырту жаһанданған әлемде ұлттық келбетті сақтап қалудың тетіктерінің бастысы. Түркілік рухани құндылықтар қазіргі кезеңдегі қоғамның жаңаруы жағдайында ұлттық код пен ментальдылыққа негізделген іргетасы. Өйткені түркі-қазақ философиясының идеялық негізін: еркіндік, адалдық, әділеттілік, уәдеге беріктік, намысшылдық құрайды. Осы адамгершіліктің мәні болған рухани-мәдени философиялық құндылықтар, солғын тартқан қазақтың өзіндік санасының архетиптерін оятуға әсер етері анық. Сондықтан түркілік ой жауһарларын философиялық тұрғыдан

талдау, оның этикалық, эстетикалық қырларын ашу – бұл ұлттық түп тамырдан таралған рухани құндылықтарды талдаумен шектелмейді, болашақ дамуға бағдар ретінде тиянақ болатын негіз. Түркілік рухани адамгершілік мәнін зерделеудің мақсат-мүддесі ұлттық өзіндік сана мен отаншылдық сезімін ояту. Түркілердің төл әдеби-мәдени туындыларының адамға жоғары деңгейде әсер ету күші арқылы тарих қойнауынан үн қатуы, оның қазіргі және болашақ ұрпақтың рухын оятарлық әлеуетін дәйектейді. Қазақ философиясының аясы көне рухани мұраларды зерттеп-зерделеу нәтижесінде әлі де қарқынды түрде кеңи түсері сөзсіз. Ұлттық ділдің арқауы түркілік рухани құндылықтардың дүниетанымдық қырларын зерделеу, қазіргі жаңа Қазақстанның рухани кеңістігін қалыптастыруда өзінің өзектілігімен алға шығуда. Сонымен қатар тарихи сананың үнемі жаңғырып отыруының көрінісі. Сондықтан еліміздің мәдениеті мен руханиятының барлық салаларында рухтандырушы екпінге айналуы тиіс деген ойдамыз Түркі философиялық ой-толғулары өзіне тән өзгеше үлгіде және мазмұны жағынан да өзіндік ерекшелікке ие. Өйткені түркі халықтарына ойдың негізгі түйінін поэтикалық түрде тұжырымдау тән болды. Осы негізде олар философиялық пайымдауларын, әдеби мұраларын жасады. Рухани қайнар бастаулары түркі философиялық ой-толғауларынан нәр алып, сабақтастықпен жалғасқан қазақ рухани мәдениетінің болашақ бағытын айқындап, мәдени дамудың дербестігін қамтамасыз ету қажет деп ойлаймыз.

Түркілердің ең негізгі ұғым концептерінің бірі – адам өмірінің өнегелі мазмұнының категориялық императиві ретіндегі «адамгершілік» ұғымы. Адамгершілік - адамдардың арасында ғана емес, әлеммен, табиғатпен және өзімен-өзі қатынас жасағанда да басшылыққа алынуы тиіс. Ұлы Дала кеңістігін ерекше құрмет тұту, табиғат аясымен үйлесімділікте болу түркілік діни сенімдерде жатыр. Әуелгіде «Қара Жер – Көк Аспан» болып құрылған әлемнің тұтас бейнесі, құдайланып «Ұмай Ана – Көк Тәңірі» деп рухтандырылды. Түркілердің табиғатты құрметтеуді білдіретін жердің тәңіриесі «Ұмай Ана» ұғымы, қазіргі кездегі «Табиғат Ана» деп аталатын этикалық-экологиялық үлгіге айналды. Тәңіршіл наным-сенімдегі түркілер Тәңірі, Ұмай, қасиетті жер-су жеңіс беріп тұрса ғана олардың қағандары таққа отыратынына сенімді болды. Ал қағанды Тәңірі жарылқап, қаған дәрежесіне көтеруі үшін оның «құты» болу керек деп түсінді.

Қазақтар Ұлы Далада мәдениет мәйегінен жеміс көріп, өркениет ошағын құрған төлтума қасиетін сақтап қалған бірден-бір ұлт. Олар Батыс пен Шығыс елдері арасындағы адам аралық қарым-қатынастың, тауар алмасудың, капиталдың, көлік және қонақжайлылық пен қызмет көрсету мәдениетінің ырғақты қозғалысының ережесін жасады. Өздерінің еркін, ашық, қонақжай, жомарт қатарлы оңды да оңтайлы қасиеттері арқылы Ұлы Жібек жолы бойындағы сауда мәдениеті тетіктерін жетілдіруге зор үлесін қосты. Түркілердің этно мәдениетін мұқият зерделеген Л.Н. Гумилевтің: «түріктердің қоғамдық тұрмысы мен әлеуметтік институттарының маңызы зор: ел, елшілік-тәспихтық жүйе, шендер иерархиясы, әскери тәртіп, елшілік үрдісі, сол сияқты көрші елдердің идеологиялық жүйелеріне қарама-қарсы қоятын мұқият әзірленген дүниетанымның болғаны таң қалдырмай қоймайды», – деген пайымдаулары ұлы Қағанаттар құрған түркілердің ұлттық сана мен мәңгілік ел болудың іргетасы сонау түркілік кезеңнен де ертеректе қалыптасқандығының айғағы [1, 86 б.]. Бұл өміршеңдіктің сырын зерттеушілердің олардың шаруашылық тәсілі мен өркениет түрінің өзгеріссіз қалуы деген пікірі мақұлдауға тұрарлық.

Түріктердің VI–VIII ғасырлардағы тарихы мен тағдыры «Күлтегін» (Үлкен жазу) тас ескерткішінде баяндалған. Жырда Иоллығ-тегін: «Биікте көк тәңірі, төменде қара жер жаралғанда, екеуінің арасында адам баласы жаралған, адам баласы үстіне ата тегім Бумын Қаған, Істеми қаған отырған, отырып, түрік халқының ел жұртын қалыптастырған, иелік еткен. ... Басы барды идірдік, тізесі барды бүктірдік» [2, 43,46 бб.], – деген салтанатты мәлімдемелері қазіргі Қытай қорғанынан бастап Жерорта теңізіне дейінгі аралықтағы, бір-бірімен аудармашысыз-ақ түсінісе алатын қырыққа тарта түркі тілдес ұлт өкілдерінің рухын көтеріп, мақтаныш сезімдерін тудырады. Күлтегін жырының негізгі мақсаты мен идеясы ел тұтастығы мен бірлігі. Халықтың тұтастығын бекітуде, туған жерін қорғауда, сыртқы жауларымен шайқаста ең бастысы ауызбіршілік, ержүректілік, ата-баба дәстүрлеріне берік болуды үндеді.

Ең бастысы түркілерді қытайлардың тәтті сөздері мен алтын, күміс, ішімдік пен астық, жібектеріне қызығып кетіп өздерінің тәуелсіздіктерінен айрылып қалмауын басты қару ретінде ұстанды. Н.Л. Гумилевтің пайымдауынша, мұнда тек мемлекеттердің күресі ғана емес, сонымен бірге мәдениеттердің де күресі, екі дүниетаным мен дүниетүсініктердің күресі бар. Ұлы Дала өз манифесімен қытай болмау, ол тек өзінше болу құқын мәлімдеді. Мұндай күрес тіпті хундық Модэ-шанью уақытынан бері қарай созылып келеді, бірақ мұнда ол құжатта қисынды мазмұндалып жазылып қойылған. Қытайдың ырқына берілмеу үшін орасан зор күш-жігер жұмсау керек болды, әне соны Құтлұғ, Тонықөк, Күлтегін және Иолығ-тегін сықылды көк түріктер жүзеге асырды [1, 339 б.] Қытайланбау мәселесі әлі күнге өз өзектілігін арттырмаса кеміген жоқ. Бұл жолда бабалар тасқа

жазып қалдырған өсиеттің мән-мағынасын түсіндірумен қоса, оларды ұрпақтар жүрегіне ұялатқан лазым. Түркі елінің өсіп-өркендеуіне зор үлес қосқан, түркілік философиялық ойдың нәрінен мәңгілік мұра қалдырған Тоныкөк тұлғасынан өнеге аларлық тұстар аз емес. Қытай сарайында жүріп, олардың көрші түркілермен қандай саясат ұстанатыны жөнінде жақсы хабары бар Тоныкөк түркі тайпаларын ортақ жауға қарсы ұйымдастыруда асқан шеберлік танытады. Ұшан-теңіз ақыл-парасаты мен мол білімділігінің арқасында Тоныкөк түрік жұртын біріктіруде, тәуелсіз ел болуы жолында аянбай тер төкті. Екінші Шығыс Түркі қағанаты әскерінің бас қолбасшысы «көк түркінің көк семсері» атанған Күлтегін 731 жылы қайтыс болғанда төркүл дүниенің елшілері келіп, аруағына тағзым етті. Бұл оқиға VIII ғасырдағы түркі мемлекетінің беделі мен абыройының асқақ болғандығының дәлелі. Халықаралық қауымдастықты мойынтауы мемлекеттермен халықаралық қатынастары деңгейінің жоғары болғандығын көрсетеді. Күлтегінге орнатылған ескерткіш тас адамгершілікке негізделген түркі этикасының құндылығын және түркілік философиялық-этикалық ойдың шыңдалуын паш етті.

Халықтың дүниетанымы әрдайым оның адамгершіліктік идеалдарында көрініс тауып отырады. Жетілген өркениетті қоғамның ең басты көрсеткіші сапалы адам. Осы көзқарас тұрғысынан алғанда түркілік кезең этикалық-философиялық ой-толғаулары адамының адамгершілік сапасын арттыруға ықпал жасағанын байқаймыз. Қазіргі кезеңде адамды рухани адамгершілік тұрғыдан жетілдіру, қазақтың кісілік келбетінің қалыптасуына келіп тіреледі. Өскелең ұрпақ зердесіне түркілік этикалық, эстетикалық құндылықтарды дарытуда, жаңғыртуда ұтарымыз мол. Ғибратты сөздер, рухтандырушы императивтер ұрпақтар санасын дамытуда әрқашан қаперде ұстайтын үлгілер.

Түркі халықтарына ортақ тұлға, аты аңызға айналған Қорқыт – VIII-IX ғасырларда оғыз-қыпшақ тайпаларының бірлігін нығайтушы қайраткер, ойшыл, жырау, сазгер, болашақты болжайтын сәуегейі болды. Ойшыл философиясының өзегі адам өмірінің мәні, мақсаты мен мұраты мәселелері болды. Қорқыт атаның дүниеге көзқарасы философиялық-этикалық тұжырымдамаларында айқындалып, нақыл сөздері, қобыз күйлері арқылы қазіргі кезеңге жетті.

Қорқыттың шығармашыл тұлғасы, жасампаз әлеуеті туралы ауызша аңыз-әфсаналардарға зер салсақ көріпкел-әулиенің айтқан нақыл сөздері әлі күнге халық жадында сақталғандығы оның өміршеңдігін көрсетеді. Қорқыт ата өсиеті бізге дейінгілерге ғибратты жол көрсетті. Қазіргі біздің замандастарымыз үшін мәні күннен күнге ашылуда. Ал болашақ ұрпақтың мәңгі есте ұстар шамшырағы. Қорқыт Атаның: «Ат жемейтін ащы шөптің шыққаннан шықпағаны игі, адам ішпес ащы судың аққанынан ақпағаны игі, атасының атын шығармаған жігерсіз ұлдың – туғанынан тумағаны игі. Көп қорқытады, терең батырады. Бас аман болса, бөрік табылады», - деген тұжырымдары мақалға айналған [2]. Ол алғашқы қобызды жасап, күй шалу дәстүрін орнықтырды. Қорқыттың жасампаз да шығармашылық болмысының өзі, бүкіл ежелгі түркілік мәдениеттің өзіндік төлтумалығын айқындайды. Қорқыттың әмбебап шығармашылығы батырлық пен әсемдік, нәзіктік, сұлулық қобыздың сарынымен үндестік тапқан. Қазақтар арасында Қорқыт күйлерін күні бүгінге дейін қобызда «Қорқыт күйі», «Қорқыт сарыны», «Қорқыт толғауы», «Кілем жайған», «Тәңір күйі», «Көк бұқа», «Қорқыттың елмен қоштасуы» «Башпай» байырғы сарынымен тартылып жүр. Қорқыт күйлерінің қазіргі қазақтардың рухани игілігіне айналуының өзі ұрпақтар арасындағы желісі үзілмеген сабақтастықтың айғағы. Заманалар көшінің әуен-саздарымен қоса бағзыдан тартқан бақсы сарындары қобыз күйлері эстетикалық талғамды тыңдаушысын ғасырлар қойнауындағы ғажайып әлемге жетелері сөзсіз.

Көшпелі өмір салты орныққан, өзіндік кісілік бітім-болмысы толысқан дала жұрты кез-келген жаңалықты қабылдай салмаған. Орта ғасырларда түркілік рухани әлем өздеріне дейінгі мәдени мұраның қордаланған бай тәжірибесін байыптап, философиялық ой-кешудің алғашқы тұжырымдамаларын шығармашылықпен жүзеге асыра бастады. Түркі әлемінің дәстүрлі дүниетанымдық негізде қалыптасқан жыр-дастандары басқаша реңде түрленіп, сопылық ағымдағы философиялық еңбектер пайда болды. Түркілік философияда терең дүниетанымдық түсініктер қалыптасып ислам діні адамгершілік тұғырлардың биіктей түсуіне, мәдени жетілдірулерге ықпал етті. Араб, парсы классикалық туындылары түркі халықтарының рухани кеңістігінде сенім мен білім көкжиегін кеңейтуге жол ашып, ислам діні сахара жұртшылығының араб жазуын игеруіне де игі әсерін тигізді. Адам тіршілігінің философиясы, этика мен эстетикасы жаңғыртылған түрге енді, түрік тілінде этикалық-дидактикалық, ғылыми-танымдық, философиялық еңбектер жазылды. Мұсылман мәдениеті жайылған Ұлы Дала елінің сәулеті, әдебиеті, ғылымы, музыкасы мен қала құрылысы өнері қайта құрулар нәтижесінде басқаша реңкте қайта жаңғырды. Ислам діні тарала бастаған кездері көне түркі жазуларының орнын араб жазулары алмастырды. Араб және парсы әдебиеті қазақтың линвистикалық кеңістігінде жиырма пайыздан асып барады деген тіл білімі ғалымдарының көрсеткішіне назар салсақ, қазақтар ол сөздерді талғамсыз қабылдай бермеген. Жаңадан енген сөздердің дені категориялық ұғымдар болып табылады. Мәселен адам – араб сөзі. Түркілерде ол –

кісі деп аталады. Саясат, мәдениет, кемел, шапағат, мұғалім – деген сөздер де ислам арқылы еніп сөз қорымызды толықтырған ұғым-түсініктер.

Түркілік кезеңдегі ойшылдардың шығармашылығының дені этикалық-моральдік, адамгершілік мәселелеріне арналғандығын олардың бізге жеткен мұраларын талдап-тарқатсақ көз жеткізеріміз анық. Түркілік қайнарлар ұлттық шеңберден шығып жалпы адамзаттық категориялармен ой кешті. Адамзатты ізгілікке баулыды. XI ғасырда өмір сүрген көрнекті ақын, аса ірі мемлекет қайраткері ойшыл Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» дастаны түркі халықтарының тілінде жазылған алғашқы энциклопедиялық еңбек. Түркі династиясының аса бір гүлденген шақтарында Қараханидтер дәуірінде жазылды. Жүсіп Баласағұнның гуманизм принциптеріне терең мән бере адамгершілік пен имандылыққа, білімділік пен біліктілікке, әділдік пен еңбекке үндеген философиялық-этикалық еңбегінің маңызына көптеген зерттеушілер баса назар аударады. М. Орынбеков пайымдауынша: «Егер «Құтты білікті» этикалық тұрғыдан қарастырсақ, оның пәндік сұхбаттан айырмашылығы – мұнда қызмет етуші адамның қиналысы мен адамгершілігінен және парасаттылығынан бастау алатын ар-ождан басты нәрсе болып табылады. Этиканың онтологиядан және метафизикадан айырмашылығының өзі адамның қайғы-қасіретке тап болған жан дүниесіне бойлауында жатыр. Баласағұн сондықтан да көбінесе кедейліктің, қайғы-қасіреттің тауқыметін тартқан адамдардың жан айғайын тақырыпқа арқау еткен. Сондықтан да гносеология мен ғылымдағы орталық ұғым ретіндегі ақиқаттың орнын этикада қасірет иеленген» [3, 66 б.].

Зерттеушілер бұл шығарманың Қарахан мемлекетінің Ата Заңы қызметін атқарғандығына тоқталады. Шығармада жетілген қоғам орнатудың әлеуметтік-этикалық мәселелерін дүниетанымдық тұрғыдан шешуге талпыныс жасалған. Өйткені бұл еңбекте мемлекеттегі жоғарыдан бастап төменге дейінгі әлеуметтік топтардың мінез-құлқы, білім дәрежесі, ақыл-парасаты, құқығы мен міндеті қандай болуы қажет екендігі баяндалады. Алдымен ел басқарушысының бойынан табылар қасиеттерге: ақыл-парасатты, ниет түзулігін, білімділікті, өнерлі, шешен, жомарт, кең пейілді, жарқын жүзді, кекшіл болмауды жатқызады. Мемлекеттің гүлденуі мен халқының бақытқа кенелуі ел билеушінің өте зеректігі мен іскерлігіне байланысты деп топшылайды. Дастанда елбасшысының бойынан табылуы тиіс қасиеттерді:

Әскер толып, тұрса күші дігірлеп,
Тұрмыс, заңды тураласа іліммен,
Бектің аты бар жаһанға тараса,
Күн-күн сайын құты артса тамаша.
Бектік үшін туған олар анадан,
Бектік сүтпен, іспен бойға тараған.
Бектің ісі, тек бектердің еншісі –
Бектер ісін ұғар бекке тең кісі.
Бек халықты тек білікпен сендірер,
Барлығын да ақылына жеңдірер.
Бек дегенің білікпенен берік тұр
Білік кетсе, бек қалады – желік құр [4, 215 б.].

Ел билеушінің этикалық-адамгершілікті тұғырлары: парасаттылық, ізгілік, қайырымдылық болуға тиіс. Ал мемлекеттің елшісі бойынан: көріктілік, зеректік, жат-жұрттықтардың тілдерін меңгерген шешен, жақсы аңшы, құсбегі, жұлдызшы, түс жорып білетін, музыкаға бейімділікті тала етеді. Түркілік этиканың негізгі ұғымдары «бақыт», «еркіндік», «адалдық» т.т. Жүсіп Баласағұни пайымдауында: «Кім бақытты? Жомарт бақытты, Мәрт бақытты, Басқаларға бақыт берген адамның өзіне де бақыт тиесі. Құлқы пәк, қылығы ізгі бектердің көрген күні де сүйінішті, рахымды. Жаратушы кімге ізгі құлық берсе, сол құлқымен жөн-жосық келер, сол құлқымен көгеріп, көктер. Бақ адамның құлқына бұйырар» [4, 180 б.]. Жүсіп пайымдауында адамға бақ, дәулет, құт оны қадірлей алмаса тұрақтамайды. Бақытты болсам, дәулетті болсам, құт қонса екен үйіме деп армандамайтын адам жоқ. Бірақ бұл игіліктер ойшылдың топшылауында қасиетті адамға қонады. «кісіге екі дүниедегі пайдалы [нәрсе]., ізгі іс немесе мінезі түзулік, екіншісі – ұят, үшіншісі – әділдік, бұл үшеуі арқылы адам шын бақыт табады, үшеуі біріксе сүйініш болды [де] ... » [4, 107 б.].

Сондықтан жан тазалығы, ар тазалығы алдыңғы орынға шығуы тиіс. Ойшыл адамзаттың мәңгілік этикалық-философиялық мәселелері болып табылатын қанағат, ынсап, дүниеқұмарлық, ашкөздік, тойымсыздық қатарлы ұғым түсініктерге тоқталады. Ашкөзденбе, ұятты ойла, адал бол, Ашық айтып, әділ іске жарар бол! Мешкей тынып, сұғанақ көз, тояр ма? Ашкөзділер жаһанды жеп, тояр ма? Мемлекет қызметіндегі шенеуніктерді парақорлықтан ада болуға шақырады. Бүгінгі ашкөзік жайлаған қоғамда осы парақорлық өршіп, өз шегіне жеткендігін көрсетіп отыр.

Адамдардың мейірімділігі мен зұлымдығының табиғаты туа бітетіндігі және қалыптасатындығы

жайлы Ж. Баласағұнның ой-толғауларында, шығыс перипатетиктерінің қоғамдық орта мен тәрбиенің адам мінезін өзгертетіні туралы әлеуметтік тұрғыдағы дәлелдері мен алдын-ала анықталады дейтін діни идея жатқандығы байқалады. Алайда Жүсіп Хас Хиджабтың этикалық тұжырымдамасының философиялық мәні мен мағынасы: жақсы адамның аты – мәңгі өлмей артында қалдырған шапағаты, оған деген құрмет деген даналықпен астасып жатыр. Түркі ойшылының қазір де ұрпақтарының рухани жетілуіне атсалысып жатқандығының айғағы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Гумилев Л.Н. Көне түріктер. – Алматы: Білім 478 б.

2 Баласағұн Ж. Құтты білік / Көне түркі тілінен ауд. және алғы сөзі мен түсінік. жазғ. А.Егеубаев. – Алматы: Жазушы, 1986. – 616 б.

3 Орынбеков М. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанындағы философиялық ойлар. Қазақ даласының ойшылдары (IX–XII ғғ.) Алматы: Ғылым. 1995. – 160 б.

4 Егеубаев А. Жүсіп Баласағұн. – Алматы: Арда, 2005. – 311 б.

УДК 299.27.1

ИСТОКИ ТЕНГРИАНСТВО И НЕОТЕНГРИАНСТВО

Кулбашева Галия Касымхановна
Кызылординский университет имени Коркыт Ата,
Институт экономики и права,
кандидат философских наук, доцент, Кызылорда, Казахстан

Неотенгрианство представляют собой современный этап развития духовных практик и мировоззрений, связанных с почитанием Тенгри — бога неба у тюрко-монгольских народов. Современные последователи тенгрианства не просто копируют древние верования, но и переосмысливают их, сочетая с научными, философскими знаниями. Это выражается, например, в синкретизме с шаманизмом и даже философией пантеизмаили в интерпретации Тенгри не только как божества, но и как универсального космического закона. Нередко в неотенгрианстве встречается включение современных экологических и гуманистических концепций. Неотенгрианство связано с современным возрождением и переосмыслением тенгрианских верований. Некоторые последователи воспринимают его как религию, другие – как философию или этническую традицию.

Реверсия (лат. reversio - возврат) – отражает в культуре стремление к переосмыслению традиционного тенгрианства в современных условиях, реконструкцию, а также адаптацию к новой культурной и социальной реальности. Рассматривая реверсию как модель культурной динамики, отметим, что она характеризуется историчностью и проблематизацией, благодаря этому культурологический дискурс обречен на особые рекурсивные формы вопрошания истории, использующие обороты типа «после чего-то» и «назад к чему-то». Они призваны подчеркнуть, в одном случае резкий, перелом в общественном развитии, наступление новой исторической эпохи, в а другом – переосмысление прошлого во имя будущего. «Пусть все беспрерывно возвращается, – это есть высшая степень сближения между будущим и существующим миром; в этом вечном возврате заключается высшая точка мышления» [1, с. 48].

Отметим, что идея вечного возвращения встречается в разных культурах и исторических эпохах и отражает, по сути, концепцию универсализма. Различные трактовки этой идеи можно найти еще в древности: в мифологии, в произведениях античных философов, в религиях. У пифагорейцев, например, можно встретить высказывания о двух типах возврата: повторение во времени (например, смена времен года) и повторение в вечности» [2, с. 135].

В своем культурологическом эссе «О пользе и вреде истории для жизни» Ницше проводит важную для него идею вечного возврата, отвечая на вопрос, чем полезно современному человеку монументальное воззрение на прошлое. «Тем, - пишет он, - что он научается понимать, что-то великое, которое некогда существовало, было, во всяком случае, хоть раз возможно, и что поэтому оно может стать возможным когда-нибудь еще раз». Это стремление к возврату заключается в преодолении своей ограниченной человеческой природы и в приобщении к «духу» предков и к «духу» исторического пространства.

Несомненно, реверсия может быть вызвана духовным стремлением возвращаться к первоистоку, «к мифологическому первоначалу, к Великому времени», как пишет М. Элиаде,

анализируя миф о возвращении [4, с. 27]. По мысли Элиаде, архетипы и повторения в жизни актуализируются тогда, когда наблюдается стремление преодолеть линейное движение истории в попытке приобрести «автономную «историю» и выйти из профанного непрерывного времени в сакральноемифологическое время, имеющего свою «историю».

Современный интерес к тенгрианству объясняется несколькими факторами:

- в условиях глобализации многие народы стремятся восстановить свои исконные духовные традиции;

- тенгрианство проповедует уважение к природе, что находит отклик в современных экологических движениях;

- некоторые люди воспринимают тенгрианство как альтернативу авраамическим религиям, считая его более естественным и близким к корням своих предков;

- в условиях постмодерна многие люди обращаются к архаическим духовным практикам;

К основным чертам неотенгрианства относится почитание Тенгри как верховного божества, олицетворяющего небо, и Умай – женского божества, связанного с землей и плодородием. Тенгри посылает свою волю через природу: Солнце. Луну, Звезды, Небо, Землю, Воду и т. д. Соответственно, природу надо почитать и уважать, как Тенгри. Поэтому основной задачей является установление гармонии с природой, обожествление стихий. Природа, растения, реки, вода, земля, горы и т. д. считались живыми и одушевленными, поскольку люди обладали душой и являлись частицей Природы, то и она никак не могла быть бездушной и мертвой. Человек рассматривается как часть природы, без превосходства над ней; важна гармония с окружающим миром. В тенгрианстве нет канонических текстов, знания передавались устно. Признается существование мира духов, а также почитание предков. Важное значение имела практика установления связи с миром духов через шаманские обряды. Понятия Ада не было. За все проступки Тенгри наказывал людей при жизни, если человек избегал наказания, то оно достигало его детей и внуков, но именно в этой жизни. В тенгрианстве преобладало не чувство страха, а чувство благодарности Природе и через нее – Тенгри.

Концепция неотенгрианства как реверсии к духовным истокам развивается разными авторами, исследователями и энтузиастами тюркской и монгольской духовности. Среди наиболее известных фигур, внесших вклад в осмысление и популяризацию неотенгрианства, можно выделить следующих: Абаева Н. В. [5], Акатай С. Н. [6], Арона А. [7], Аюпова, Н. Г. [8], Гумилева Л. Н. [9]Безертинова Р. Н. [10], Нурлана Оспанулы [11], АуэзханКодара [12], Никонова А. Ю. [13], Сарыгулова Д. [14], Шарипова Р. Г. [15] и многих других авторов. Кроме этого, в евроазийском культурном пространстве создаются некоммерческие фонды изучения тенгрианства, целью которых является обоснование появления тенгриведения — нового направления в гуманитарных науках, исследующего мировоззрение, культуру, цивилизационные концепты «кочевых» народов Евразии [16].

Основные различия между тенгрианством и неотенгрианством заключаются в их историческом контексте, формах проявления и целях.

Если тенгрианство это традиционная религия тюркских кочевников, существовавшее в евразийских степях и Центральной Азии, то неотенгрианство представляет собой современное возрождение и реконструкцию тенгрианских верований, возникшее в конце XX — начале XXI века среди тюркских народов. Неотенгрианство ближе к анимизму и шаманизму, чем к классическим мировым религиям. Оно не требует строгих догм и священных писаний, ориентируясь на связь с природой, духами и предками. Неотенгрианство частично похоже на даосизм и синтоизм в плане идеи гармонии с природой и поиска баланса. Оно также имеет черты пантеизма, но сохраняет персоналистическое божество – Тенгри.

В неотенгрианстве явно присутствует идеологическая основа, которая проявляется в стремлении возродить исконные традиции и ценности как ответ на процессы реисламизации и влияния других религиозных течений, иногда воспринимаемых как чуждые традиционной культуре. Часто используемой формой выражения этой идеологии является участие в неотрадиционалистских проектах, направленных на укрепление национальной идентичности и культурного наследия.

Отметим ключевые различия между тенгрианством и неотенгрианством.

Прежде всего, по времени они охватывают разный исторический период: тенгрианство – это историческая религия средневековых кочевых обществ, а неотенгрианство характеризует современное движение, возникшее в контексте поиска национальной идентичности и духовных ориентиров.

По целям и мотивам: если тенгрианство – это естественная религиозная практика, отражающая мировоззрение и образ жизни кочевников, то для неотенгрианства характерна сознательная реконструкция и адаптация древних верований для укрепления культурной

самобытности в современных условиях. Ближе всего оно к неоязычеству, так как оба движения направлены на восстановление древних верований конкретных народов. Однако оно также имеет черты шаманизма, но в отличие от современного неошаманизма, оно этнически привязано к тюрко-монгольским культурам.

Неотенгрианство – это уникальное возрождение древних тюркских традиций, но оно не замыкается в прошлом, а адаптируется к современному миру. Оно соединяет элементы шаманизма, анимизма и этнической религии, отличаясь от жестких догматических систем мировых религий. Неотенгрианство, прежде всего, этнофилософия, как открытое мировоззрение, отличающееся экологичностью, т. е. ответственностью перед природой, любовью к окружающему миру. Наследие тенгрианской культуры является основанием для объединения разнообразных культур тюркских и монгольских народов, в традициях которых продолжают сохраняться элементы тенгрианского менталитета и мировоззрения.

Таким образом, неотенгрианство — это не просто ностальгия по прошлому, а попытка создать живую, актуальную духовную систему, основанную на древних принципах гармонии с миром и природой.

Список использованной литературы:

1. Галеви Д. Жизнь Фридриха Ницше // Ф. Ницше. Сочинения: в 2 т. – СПб. , 1998. – Т. 2-862 с.
2. Жмудь Л. Я. Пифагор и его школа. – СПб. , 2002 Ленинград: Наука, 1990. - 192 с.
3. Ницше Ф. Сочинения: В 2 т. Т. 1. М. , 1990. - 830 с.
4. Элиаде М. Миф о вечном возвращении (архетипы и повторение) // Элиаде М. Космос и история: Избранные работы / Пер. с фр. и англ. / Под ред. И. Г. Григуревича и М. Л. Гаспарова. М. , 1987. -312 с.
5. Абаев Н. В. Тенгрианство как религия и философия древних татаро-монголов Внутренней Азии. https: // web. archive. org/web/20150128145114/ http: //www. mesoeurasia. org/archives/1097 - (дата обращения: 16. 03. 25)
6. Акатай С. Н. Древние культы и традиционная культура казахского народа: монография; Алматы: Print-Express, 2001. — 424 с.
7. Арон А. Ислам и Тенгрианство. Размышления искателя истины /А. Арон // Тенгрианство-мировоззрение алтайских народов: сб. докл. I междунар. науч. конф. - Бишкек, 2003. - С. 183-194.
8. Аюпов Н. Г. Тенгрианство как открытое мировоззрение / Н. Г. Аюпов; Мин-во образования и науки Респ. Казахстан. - Алма-аты: КНПУ имени Абая, 2004. - 224 с.
9. Гумилев Л. Н. Древние тюрки. — М. , 1993. -537 с.
10. Безертинов Р. Н. Тэнгрианство – религия тюрков и монголов: научно-популярное издан., 2-е изд., доп. – Н.-Челны. Аяз, 2000, Казань, Слово, 2004, - 448 с.
11. Оспанулы Н. Тюркская онтология: метафизические основания тенгрианства/ журнал «Евразийское сообщество». -№ 1. - Алматы, 1998. -С. 189-199.
12. Кодар А. Культ Тенгри в системе религий раннего средневековья // Тенгрианство – мировоззрение алтайских народов. Сборник докладов Первой международной научной конференции – Кыргызстан, Бишкек – 2009 г. -С. 110-121; Кодар А. Тенгрианство в контексте монотеизма /Историологос. История - общество - культура - образование - язык: проблемы культурной динамики, межцивилизационных взаимодействий и коммуникации в общественном развитии. - Вып. 1. - М. : 2007, С. 238 – 246.
13. Никонов А. Ю. АлтунБитиг. Тенгрианство. Алматы: издат. дом «ЖибекЖолы», 2000. – 86 с.
14. Сарыгулов Д. Тенгрианство и глобальные проблемы современности// Тенгрианство – мировоззрение алтайских народов. Сборник докладов Первой международной научной конференции. – Кыргызстан, Бишкек. – Ноябрь 2003 г. – С. 110 – 121.
15. Шарипов Р. Г. Духовная культура древнетюркской цивилизации: Менталитет. Религия. Искусство. Эпос. - Уфа: ИИЯЛ УНЦ РАН, 2015-154 с.
16. Международный фонд исследования Тенгри. https: //tengrifund. ru/ -(дата обращения: 16. 03. 25). Список тенгристских движений - List of Tengristmovements: https: //ru. wikibrief. org/wiki/ List_of_Tengrist_movements- (дата обращения: 16. 03. 25).

УДК 316.347:323.1(574)"19/20"

ТРАНСФОРМАЦИЯ ЭТНОПОЛИТИЧЕСКИХ ЦЕННОСТЕЙ КАЗАХСКОГО НАРОДА: ОТ ПРОШЛОГО К НАСТОЯЩЕМУ

Мацюк Дмитрий Анатольевич
Актюбинский региональный университет им. К. Жубанова,
кандидат философских наук, старший преподаватель кафедры Ассамблеи народа Казахстана и социально-политических дисциплин, Актобе, Казахстан

Почти каждый народ в процессе цивилизационного развития вырабатывает те или иные нормы и правила политической жизни, которые позволяют ему выстраивать и трансформировать собственную государственность. Именно эти нормы и правила и становятся национальными политическим (этнополитическими) ценностями. Если говорить о данных ценностях через призму этногенеза казахского народа, то здесь большую роль сыграли природно-географические, культурные, -внутри и внешнеполитические условия его развития. Поэтому, ценности всегда изменялись, приспосабливаясь к современным им условиям. Ведь «… изменение ценностей – эволюционный процесс, в результате которого отбор проходят те ценности, которые в наибольшей степени пригодны для жизни в конкретных жизненных условиях» [1, с. 211]. К примеру, ценность демократии по своему важна, но в казахстанских условиях она имеет свои особенности, исходя из историко-культурных особенностей региона.

Среди целого перечня этнополитических ценностей казахского народа, можно выделить следующие наиболее значимые:

1) Суверенитет и независимость. Под суверенитетом обычно понимают «верховенство и независимость государственной власти внутри страны и ее независимость во внешнеполитической сфере является важнейшим свойством самостоятельности и независимости государственной власти, так и государства в целом» [2, с. 947]. Для казахского народа независимость есть действительно священная ценность, символ свободы и самобытности. У большинства сразу на слуху 1991 год, и это верно. Но все же хотелось бы вспомнить и далекий 1465 год, когда султаны Керей и Жанибек первыми из казахских правителей провозгласили независимость от ханства Абулхаира и в течение долгих десятилетий казахские ханы отстаивали данную ценность в борьбе с шайбанидами и угрозами со стороны Китая, Джунгарии и т.д. Безусловно, идеи независимости наиболее проявили свое выражение в период царского периода (1731-1917 гг.) и советской эпохи (1917-1991 гг.) истории Казахстана. Несмотря на формальное равенство всех советских республик, Советский Казахстан пребывал в полной политической, экономической зависимости от центра. Единственно, в период перестройки (1985-1991 гг.) в республике открылась возможность реализации политических свобод (создания иных партий, движений, свобода слова, гласность). После обретения независимости в 1991 году идея суверенного государства прочно укоренилась в сознании граждан.

2) Единство и общественное согласие. Единство для кочевников всегда было ценностью, благодаря которой человек мог выжить в суровых условиях степи. Когда именно коллективизм позволял, с одной стороны, вести кочевое хозяйство, а с другой – обороняться от весьма агрессивных соседей, и вместе с тем, принимать необходимые политико-стратегические решения. Логическим продолжением единства выступает, с нашей точки зрения, общественное согласие, когда различные группы населения в рамках определенных договоренностей, совместно создают условия мирного сосуществования, невзирая на разницу в доступе к общественным, властным и экономическим благам. Общественное согласие является залогом стабильного развития страны, в особенности в сфере межэтнических и межрелигиозных взаимоотношений. Недаром статья 14 Конституции РК гласит: «Никто не может подвергаться какой-либо дискриминации по мотивам происхождения, социального, должностного и имущественного положения, пола, расы, национальности, языка, отношения к религии, убеждений, места жительства или по любым иным обстоятельствам» [3].

3) Патриотизм. Во все времена и многих народов мира данная ценность лежала в основе развития собственной государственности, культуры и языка. Когда мы говорим о патриотизме, это, прежде всего, любовь к Родине, отстаивание интересов государства, долг службы в вооруженных силах, в особенности в условиях военного времени и т.д. Но патриотизм – это также уважение к истории, к национальным героям и традициям. Все это сыграло важную роль в политическом сознании казахского народа и современных казахстанцев. В ценность патриотизма также включена

готовность защищать интересы своей страны на международной арене, развивать экономику, национальную культуру и культуру всего многонационального казахстанского народа. На бытовом уровне, с нашей точки зрения, патриотизм выражается и в добросовестном выполнении своих профессиональных обязанностей, усовершенствовании себя, стремлении к лидерству во имя решения общих целей, воспитании образованного поколения. Важно, чтобы патриотизм не трансформировался в национализм, как это было часто в истории XX века. Патриотизм, как любовь к своей нации, не должен одновременно идти как ущемление прав этнических меньшинств. Ведь в этом случае рациональное зерно патриотизма способно перерасти в национализм. Поэтому казахстанский патриотизм есть интернациональное чувство, желание создать комфортные условия для всех граждан вне зависимости от их национальной принадлежности.

4) Справедливость и законность. Справедливость есть ключевая политическая ценность современности. «Справедливость требует предоставления равных основных свобод и честных возможностей для всех …» [4, с. 152]. Но у людей различное положение в социальной иерархии. А если мы говорим о традиционном обществе, то справедливость выражалась в способности кочевой элиты уладить с минимальными рисками различного рода межродовых и межличностных конфликтов. Поэтому казахский народ традиционно придает большое значение справедливости. Это видно еще из института биев (народных судей), где честное и беспристрастное судейство рассматривалось как искусство правового разбирательства и ценилось выше всего. И в современном Казахстане ценность справедливости и законности выражается в стремлении к правовому государству, где все равны перед законом. Однако бывают отдельные случаи, когда ряд высокопоставленных чиновников, используя свое служебное положение, пытаются влиять на правосудие. В этих условиях широкие массы общественности стремятся предать судопроизводству общественный и открытый характер. Ведь режим законности укрепляет ценность справедливости, создающую атмосферу доверия и гармонии в обществе, что способствует устойчивому развитию и социальной стабильности.

5) Демократия и участие в управлении. Демократия с момента зарождения в культуре Древней Греции до современного ее состояния прошла достаточно длительный период своей трансформации. Если мы говорим о ценности кочевой демократии, то это была, прежде всего, ценность военной демократии, совершенно отличимая от демократии в современном ее (западном) понимании. Демократия здесь понималась как право целого круга военачальников и аристократов иметь собственный голос и вносить вклад в процесс принятия общего политического решения. А не как право всех общинников участвовать в управлении государства. Поэтому идеи народовластия восходят к традициям знаменитых курултаев как народных собраний, на которых обсуждались важные политические вопросы. Современная же ценность демократии в Казахстане делает упор на участие широких слоев населения в политической жизни. В этой связи демократические принципы реализуются через участие граждан в выборах, политических партиях и общественных объединениях. А как их деятельность повлияет на процесс укрепления самой демократии в стране – это уже другой вопрос.

6) Труд и ответственность перед обществом. Напомним, что «социальная ответственность характеризуется взаимосвязью с деятельностью человека и направленностью на общественное благо» [5, с. 8]. Поэтому ответственность чиновничьего аппарата перед народом – одна из важнейших политических ценностей, которая обеспечивает стабильность, справедливость и доверие к отечественным институтам власти. Данная ценность создает условия, когда представители властных структур обязаны действовать в интересах народа, соблюдать законы, быть подотчетными за свои действия (или бездействия) и нести последствия за ошибки, злоупотребления. Именно подотчетность чиновников способна снизить уровень коррупции, способствует более эффективному управлению ресурсами и укрепляет легитимность власти. В этих условиях важна обратная связь между гражданами и государством, что позволяет наладить участие населения в принятии решений и контроле за их реализацией. Все это в совокупности способно привести к росту доверия к государству, к повышению гражданской активности и политической культуре.

7) Верность традициям и уважение к старшим. Данная политическая ценность не теряет своей актуальности на протяжении веков, так как «на основе традиций происходит консолидация как больших человеческих общностей (нации, этносы, народы), так и малых …» [6, с. 4]. Это способствует стабильности, преемственности и единству общества. Эти принципы выстраивают моральный фундамент нации, усиливают межпоколенную связь и обеспечивают процесс передачи историко-культурного опыта и национального самосознания. В условиях негативных социально-политических изменений данные ценности служат своеобразным якорем, не позволяющим обществу утратить собственные корни и идентичность.

Процесс глобализации и проникновения западных ценностей играет неоднозначную роль на отечественные этнополитические ценности. Следуя законом диалектики, можно выделить определенные плюсы и минусы данного процесса. Итак, положительное влияние западной культуры заключается, прежде всего, в продвижении таких демократических ценностей, как права человека, свободы слова, политический плюрализма, гендерное равенство, а также верховенство закона. Данные веяния позитивно влияют на развитие правосознания граждан, повышают планку требований к прозрачности и подотчетности власти, а вместе с тем стимулируют активность молодежи. Отдельные стороны западной модели управления активизируют эффективность, конкуренцию и стимулируют новые реформы в Казахстане. Также стоит отметить и постепенный процесс укрепления института гражданского общества как ключевого элемента западной политической традиции.

Вместе с тем, стоит выделить и отрицательные стороны. *Во-первых*, необходимо избавиться от стремления слепого копирования западных моделей, которые не всегда учитывают местные историко-культурные особенности, что способно спровоцировать народное недовольство. *Во-вторых*, усиленное влияние Запада воспринимается консервативной частью населения как угроза национальной идентичности, развитию традиций и религиозных устоев. Это может спровоцировать конфликт ценностей между поколениями, особенно в среде городской и сельской молодежи. *В-третьих*, активизация западных ценностей индивидуализма и потребительства грозит ослаблением коллективных и семейных ценностей, традиционно важных для казахстанского общества. Таким образом, процесс глобализации как проявление западной культуры способен оказывать как позитивное, так и негативное влияние на политические ценности современного Казахстана. Поэтому задачей государства здесь должно стать нахождение баланса между модернизацией и сохранением национальных основ.

Как мы ранее упоминали, важно понимать, что этнополитические ценности, невзирая на их глубокие исторические корни, не есть некий застоявшийся продукт. Они находятся в постоянном движении и развитии. Особенно данный процесс мы наблюдаем в последние 34 года независимости. Поэтому процесс трансформации политических ценностей страны необходим для того, чтобы республика могла и далее эффективно адаптироваться к вызовам современности, укрепить институты демократии и обеспечить стабильное развитие.

В целом, этнополитические ценности Казахстана представляют собой нормы и правила, которые уходят своими корнями вглубь веков. Начиная зарождаться в условиях кочевого образа жизни, они впитали в себя принципы коллективизма, уважения к представителям власти, приоритет коллективного над индивидуальным, а также почитание аксакалов и бережное хранение традиций. За шесть веков (с 1465 г.) именно они помогали выстраивать степную государственность, развивать органы власти, проводить определенные политические реформы и т.д. В условиях независимого Казахстана этнополитические ценности являются базисом в развитии демократических процессов в стране. Безусловно, претворение в жизнь данных ценностей есть сложный и долговременный процесс.

Список использованной литературы:

1. Абдигалиева Г.К., Жампетова А.О. Особенности развития политических ценностей // Вестник. Серия философия. Серия культурология. Серия политология. №1 (63). 2018 (с. 211-217).

2. Краткий юридический словарь / Под ред. А.Н. Азрилияна. М.: Институт новой экономики, 2005.

3. Конституция Республики Казахстан (принята на республиканском референдуме 30 августа. 1995 года) (с изменениями и дополнениями по состоянию на 10.03.2017 г.) [Электронный ресурс]: Режим доступа: // https://faolex.fao.org/docs/pdf/kaz127827.pdf

4. Бэрри Б., Матраверс М. Справедливость (статья из философской энциклопедии) [Электронный ресурс]: Режим доступа: // https://elar.urfu.ru/bitstream/10995/109372/1/5-7525-0934-3_2001_1_031.pdf

5. Попова А.А. Категория социальной ответственности в контексте развития философской мысли [Электронный ресурс]: Режим доступа: // https://hmbul.bmstu.ru/articles/457/457.pdf

6. Малинин В.Б., Трапаидзе К.З. Понятие традиций и обычаев [Электронный ресурс]: Режим доступа: // https://phsreda.com/e-articles/114/Action114-74152.pdf

ӘОЖ 61:1

ХАЛЫҚ ДАНАЛЫҒЫ: ҚАЗАҚ МЕДИЦИНАСЫНДАҒЫ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕР

Мейрамова Нургуль Амантаевна
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Философия кафедрасы докторанты, Астана, Қазақстан

Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымы – антропологиялық, этикалық және медициналық көзқарастардың біріккен жүйесі. Бұл дүниетанымға сәйкес медицина тек емдеу тәжірибесі емес, философиялық категория ретінде саналған. Дәстүрлі медицинада «адам», «жан», «тән», «рух», «құт» және тағы осылар сипатты ұғымдар өзара байланыста қарастырылған. Адамды тұтас организм ретінде қабылдау – холистік тәсілдің көрінісі. Философиялық тұрғыдан алғанда, денсаулық – адамның биологиялық тепе-теңдігі мен рухани үйлесімінің нәтижесі. Ауру тек патологиялық жағдай емес, экзистенциалдық сынақ ретінде түсіндірілген. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымындағы медицина мен философияның байланысын зерттеу – бүгінгі күнде де өзекті болып отыр. Өйткені қазіргі медициналық антропология ғылымы адамды көпқырлы болмыс ретінде зерттеуді талап етеді.

Қазақ халқы үшін медицина тек шипа беру ғана емес, өмір мәнін түсіндіретін дүниетанымдық жүйе болған. Халық даналығы денсаулықты сақтау үшін табиғатпен үйлесімділікке ерекше мән берген. Мәселен, табиғатты қорғау, суды таза ұстау, отқа тіл тигізбеу – профилактикалық мәдениеттің бір бөлігі. Бұл тәжірибелер медициналық этика және биоэтика ұғымдарымен тікелей байланысты. Қазақ дүниетанымында аурудың себептері тек биологиялық факторлармен шектелмей, моральдық және метафизикалық негіздермен айқындалады. Осыдан дәстүрлі медицина философиялық тұрғыдан «соматикалық» және «психосоматикалық» көзқарастарды қамтитының көруге болады.

Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында адам тек биологиялық тіршілік иесі ретінде емес, жан, тән және рухтан тұратын тұтас болмыс деп жоғарыда келтірдік. Мәселен, жан – адамның ішкі рухани әлемі, сезімі, санасы мен ойлау қабілеті ретінде сипатталса, тән – материалдық құрылым, яғни биологиялық организмнің барлық жүйесі ретінде қарастырылған. Ал рух – адамды жоғары құндылықтарға жетелейтін, оны этика мен мораль өлшемдері арқылы басқаратын құдіретті күш деп саналған. Жан мен тән үйлесім тапқанда ғана адамның дені сау болып, ал рухы осы үйлесімнің сақталуына негіз болған. Сондықтан қазақ дүниетанымында денсаулық тек организмнің физиологиялық тепе-теңдігі емес, сонымен бірге адамның рухани-адамгершілік деңгейімен тікелей байланысты [1, с. 30].

Қазақ халқының түсінігінде денсаулық – құт, береке және бақытпен сабақтас ұғым. Халық «Денсаулық – зор байлық», «Дені саудың – жаны сау» деген нақылдарымен осы көзқарасты айқын жеткізген. Ауру, керісінше, адамның табиғатпен және рухани әлеммен байланысының әлсіреуінен туындайды деп сенілген. Аурудың себептері тек биологиялық факторлардан ғана емес, моральдық қателіктерден, адамгершілік нормаларды бұзудан, рухани әлсіреуден де туындайды деген көзқарас болған. Бұл түсінік қазіргі психосоматикалық медицина теорияларына өте жақын. Адам ашу-ызаға, күншілдікке, қызғанышқа берілсе, жан дүниесі бұзылып, ол тән ауруына әкеледі деп сенген. Яғни, халық даналығы денсаулықты сақтау үшін тек дұрыс тамақтану мен өмір салты емес, дұрыс мінез-құлық пен ізгі ниетті де талап еткен.

Аурудың мәнін түсіндіруде қазақ дүниетанымында жан ауруы мен тән ауруы айқын ажыратылған. Жан ауруы – қайғы, мұң, күйзеліс, сенімнің әлсіреуі сияқты ішкі рухани дерттер. Тән ауруы – сыртқы себептерден туындайтын, организмге тікелей әсер ететін сырқаттар. Бірақ бұл екі құбылыс өзара тығыз байланысты деп қарастырылған, себебі жан ауруы тәнге әсер етсе, тән ауруы жанға салмақ түсіреді. Мысалы, ұзаққа созылған мұң мен күйзеліс адамның жүйке жүйесін әлсіретіп, дене ауруларын туғызуы мүмкін. Ал керісінше, ұзаққа созылған тән ауруы адамның үмітін азайтып, жан ауруына әкелуі ықтимал. Осылайша, қазақ дүниетанымы жан мен тәннің бірлігін сақтау арқылы ғана шынайы саулыққа жетуге болады деп тұжырымдаған.

Денсаулықты сақтау мен аурудың алдын алуда қазақ халқының ырым-тыйымдары ерекше рөл атқарған. Бұл тыйымдар тек тұрмыстық тәртіп емес, терең философиялық мәні бар мәдени-рухани құбылыстар. Мәселен, «Суға түкірме» деген тыйым суды қадірлеуге үйрете отырып, эпидемиологиялық қауіптің алдын алған. Бұл тыйымның философиялық мәні – табиғатты қасиетті деп тану және оны таза ұстау арқылы адамның денсаулығын қорғау. «Отты баспа» деген тыйым да кездейсоқ емес, өйткені от қазақ дүниетанымында тазару мен жаңа өмірдің символы саналған. Бұл

Ол қазақтың мал шаруашылығы табиғатпен үйлескенін ерекше атап өтті. Қазақтар маусымдық жайылымдарды дұрыс пайдаланып, табиғи ортаға зиян келтірмей өмір сүрген. Көктеу, жайлау, күзеу, қыстау тәртібі — қазақтың экологиялық тепе-теңдікті сақтай отырып, малды тиімді бағуының дәлелі. Әлихан бұл жүйені «жаратылыстың заңына сай шаруашылық» деп бағалады. Қоныс аудару саясаты мал шаруашылығына зиян келтірді. Патша үкіметі қазақ жеріне орыс шаруаларын жаппай қоныстандырғанда, қазақтар көшіп-қонуға жарамды жерлерінен айырылды, бұл өз кезегінде мал шаруашылығын күйретуге әкелді. «Көшпелі тұрмыс — қазаққа табиғи бейімделген өмір. Бұл жолдан зорлықпен шығару — халықты жұтатудың жолы», — деп ескертті ол . Мал — қазақтың байлығы ғана емес, еркіндігінің де негізі.

Әлихан Бөкейхан үшін мал ұстау еркін өмірдің кепілі еді. Жері мен малы бар халық — өз күнін өзі көреді, ешкімге тәуелді болмайды.

Мал баққан қазақ — отырықшы егіншіге тәуелді емес. Жер мен мал — қазақтың еркін өмірінің тірегі. Мал шаруашылығы – экономикалық тиімді сала деп есептеді. Әлихан мал шаруашылығының экономикалық тиімділігін нақты статистикалық деректермен дәлелдеді. Ол қазақ даласындағы малдың түрлері, саны мен сапасы туралы нақты мәліметтер жинап, ғылыми тұжырымдар жасады.

Қазақтың жылқы, қой, түйе, сиыр өсіру ерекшеліктерін сипаттады. Қазақтың жылқы мен түйе өсірудегі тәжірибесін озық тәжірибе ретінде бағалады. Алаш басшысы қазақ тілі мен діні туралы айтқан ойлары — оның ұлттық сананы оятудағы ең басты ұстанымдарының бірі болды. Ол тіл мен дінді халықтың рухани тірегі, ұлтты ұлт ететін негізгі күштер деп білді. Оның бұл тақырыптардағы көзқарастары саяси, мәдени және ғылыми еңбектерінде кең көрініс тапты. Тіл — ұлттың жаны. Әлихан қазақ тілін ұлттың рухы мен болмысының айнасы деп бағалады. Ол тілді сақтау — ұлттық тәуелсіздікке апаратын басты жол екенін түсінді. Ұлттың ұлт болып сақталуы үшін ең алдымен тіл керектігін атап көрсетті. Ол қазақ тілінің әдеби, поэтикалық, ғылыми әлеуетін жоғары бағалады. Публицист ретінде өзі де қазақ тілінде мақала, зерттеу жазып, тілді дамытудың үлгісін көрсетті.

Әлихан қазақ тілі өзінің табиғи тазалығымен, көркемдігімен кез келген тілмен тең тұра алатынын айтқан болатын. Тілді үйрету мен дамыту мәселесі. Әлихан қазақ балаларының ана тілінде білім алуы қажет екенін баса айтты.

Әлихан Бөкейхан ислам дінін қазақ халқының рухани тірегі, моральдық негізі деп санады. Ол «Дін – халықты тәрбиелейтін, бірлікке бастайтын күш» деп, діннің ағартушылық және бірлік қалыптастырудағы рөлін жоғары бағалады. Дінді саясатқа араластырмай, ағарту жолына бағыттау. «Жер жұмысының бас мекемесі қазақтардың арасына православный дін таралып, орнығып беку үшін, Дала облыстарындағы халықтарды орыс патшалығына тезірек жақындатып, жұтқызып, сіңіру үшін орыс мәдениетіне қосылып олар орыспен бірдей орыс болып бірігу үшін, қазақтар мен орыстарды бірге қала қылып отырғызуды ұнатып, жаратқандығын һәм солай етуді тілейтіндігін хабар қылып, білдіріп отыр» деп сол құжаттардан үзінде келтіреді [4, 272 б]. Бұл Әлиханның ашық саяси күрескер екендігіне дәлел әрі білімді заңгер болғандығының арқасында қазақты көп қатерден сақтады.

Әлихан дінді қоғамды алға сүйрейтін күшке айналдыруды көздеді. Ол дінді халықты қараңғылықта ұстау құралына айналдыруға қарсы болды. Нағыз ислам — білімге, адалдыққа, әділдікке үндейтін дін екенін көрсетті. Әлихан діннің ақыл мен ғылымға қарсы тұрмауы керектігін, шынайы ислам — оқуға, ізденуге, әділетке бастайтындығын жазған еді.

Әлихан Бөкейхан өзінің ғылыми көзқарастарын халыққа жеткізу үшін түрлі мерзімді басылымдарда мақалалар жариялады. Бұл еңбектерінде ол қазақ қоғамының әлеуметтік, экономикалық мәселелерін көтеріп, білім мен ғылымның маңыздылығын насихаттады. Ұлт көсемі жер мәселесі туралы айтқан ойлары — оның ғылыми, саяси және публицистік қызметінің өзегі болды. Ол жерді қазақ халқының өмір сүруінің негізгі тірегі деп таныды және патша үкіметінің отаршыл жер саясатына ашық қарсы шықты.

Әлихан Бөкейханның жер туралы ойлары — бүгінгі күнге дейін маңызын жоймаған, терең ғылыми және ұлттық тұғырға негізделген көзқарастар. Ол жердің экономикалық қана емес, ұлттық тәуелсіздік пен рухани тұтастықтың кепілі екенін түсініп, осы жолда күресті. Әлихан мал шаруашылығын — қазақ халқының экономикасы, табиғатпен үндестігі және ұлттық болмысының негізі деп қарастырды. Ол мал кәсібін тек күнкөріс құралы емес, ұлттың тіршілік философиясы деп таныды. Оның мал шаруашылығына байланысты ғылыми және публицистикалық еңбектері — қазіргі ауыл шаруашылығы мен этнография саласына да маңызды үлес болып табылады. Ол қазақ халқының ислам дінін өз ерекшелігімен қабылдағанын, оның дін мен дәстүрді үйлестіре білгенін атап өтті. Сондықтан дінді халықтың табиғи болмысынан ажыратуға болмайтынын жазды.

Әлихан Бөкейхан үшін қазақ тілі мен діні — ұлтты сақтау мен дамытудағы басты рухани тіректер болды. Ол тілді сақтау — ұлтты сақтау, дінді сақтау — рухты сақтау деп білді. Ол бұл екі құндылықты да ағарту, ұлттық бірлік және тәуелсіздік жолындағы басты құрал деп қарастырды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бөкейхан Ә.Н. Шығармаларының 9 томдық толық жинағы / Ә. Бөкейхан; құраст.: Ж.С. Аққұлұлы. — Астана: «Сарыарқа», 2013. — Т. 8. — 528 б.

2. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда / К. Нұрпейісов. — Алматы: «Atatek», 1995. — 256 б

3. «Қазақ» газеті. 1913 жыл / құраст.: С.О. Смағұлова, Ғ.Қ. Әнес, Т.А. Замзаева. — Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. — 480 б

4. Бөкейхан Әлихан. Шығармаларының 7 томдық толық жинағы: V том / Әлихан Бөкейхан. — Астана: «Сарыарқа» БҮ, 2010. — 560 б

УДК 159.9

ПСИХОЛОГИЯ РЕЛИГИИ УИЛЬЯМА ДЖЕЙМСА И ВОЗМОЖНОСТИ ЕЕ ПРИМЕНЕНИЯ В ИССЛЕДОВАНИИ КАЗАХСКОЙ ДУХОВНОСТИ

Нуртаза Самат Русланулы
Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, докторант
Астана, Казахстан

В независимом Казахстане развивается молодая научная дисциплина «психология религии». В этой связи представляется актуальным, во-первых, разобраться в прошлом и настоящем психологии религии; во-вторых, изучить возможности применения методологии и опыта выдающихся представителей данной науки для более глубокого, эвристического исследования казахского духовного наследия, религиозных моделей казахского кочевого общества. Среди ученых, внесших особый вклад в современное религиоведение в аспекте психологии религии, выделяется личность американского ученого Уильяма Джеймса (1842-1910). Один из отцов методологии прагматизма в философии, основоположник психологии религии У. Джеймс внес неоценимый вклад в ценностное обоснование феномена религии в жизни человечества, защите религиозной веры от вульгарно-материалистической критики со стороны позитивистов, бихевиористов и др. течений. В то же время Джеймс ограничил роль теологии и рационализма, сосредоточив свое внимание на субъективно-психологическом опыте человека, считая, что связанные с искренней верой определенные душевные состояния и мистические переживания помогают людям в духовном самопознании и трансформации личности. В своих трудах, прежде всего в знаменитой книге «Многообразие религиозного опыта» У. Джеймс обосновывает религию с позиций прагматизма как уникальное явление, способное преодолевать кризисы сознания и открывать резервы жизненной энергии [1]. Взгляды У. Джеймса оказали огромное влияние на философию, религиоведение, психологию, теологию. И поныне он считается ученым, совершившим коренной поворот в методологии религиоведения [2].

Изучая наследие У. Джеймса, мы обнаружили в работах ценные теоретико-методологические подходы и методы, которые могут и должны плодотворно применяться в изучении и интерпретации многих явлений казахской культуры и религии. Помимо этого в трудах американского философа и религиоведа есть цитаты и фрагменты, в которых говорится о воинах-кочевниках и их психологии, также упоминается такой феномен, как суфизм, имевший прямое отношение к духовному наследию казахов. Так, ниже мы приведем важный отрывок из знаменитой работы «Многообразие религиозного опыта» У. Джеймса, который может быть методологическим принципом для изучения особенностей психологии и религии воинственных степных племен Евразии, наследниками которых являются современные казахи: «Война и различные приключения, без сомнения, не дают развиваться изнеженности в людях. Они требуют таких длительных и напряженных усилий, что система мотивов поведения у человека перестраивается. Неудобства и неприятности, голод и дождь, боль и холод, грязь и нищета перестают оказывать на него устрашающее действие. Смерть обращается в самое простое явление» [1, с. 293]. Как считал У. Джеймс, «в своем триумфальном шествии», т.е. в подвиге высшей самоактуализации, великие завоеватели и великие аскеты-подвижники имеют много сходства [1, с. 302]. Здесь мы бы вспомнили еще одного классика – социолога религии Макса Вебера, который среди разных типов религиозности выделял «рыцарский тип» религиозности, также «героическую веру».

Комментируя вышеприведенные цитаты классиков, мы можем сказать, что при изучении конкретных проявлений или использования религиозных вероучений (у казахов доминировал ислам, суфизм в лице учения и практики великого шейха Ходжи Ахмеда Ясави), адаптации мировой религии к реальному типу общества и этнопсихологии, важно принять во внимание, что казахи и их предки – кочевые тюрки– были прежде всего воинами, батырами, завоевателями земель, для которых моделью человека, эталоном выступал чрезвычайно сильный, смелый, выносливый, закаленный физически и морально (стрессоустойчивость, терпение), также имевший живой практичный ум и железную волю муж-герой. Еще в орхонских надписях VIII века тюрки сказали о себе «Мы – потомственные мужи-герои!» [3, с. 140]. В казахской духовной культуре главным достоянием считается героический эпос, и в нем всегда воспевается доблестный и смелый богатырь [4].

Из истории древней и средневековой Евразии известно, что кочевые тюрки, будучи своеобразной «кастой воинов», много веков держали военно-политическое первенство в степной

Евразии, занимались активным освоением широких просторов континента от Алтая до Дуная. С точки зрения социальной психологии многовековые традиции военно-кочевого образа жизни не могли не отразиться на коллективном менталитете. Безусловно, особенно в ранние эпохи психология кочевых этносов базировалась на моделях высшей самоактуализации человека (конечно, несколько отличной от чисто духовных методов самосовершенствования, но все же имевшей важное значение как ее модификация или морально-физическая подготовка для духовной ступени). Например, в индийской философии считалось, что есть разные пути к Богу – путь созерцания, путь любви, путь деяний. Имевшие рыцарский кодекс тюрки-кочевники выступали если брать в целом силой, призванной к справедливому управлению. Миссию тюрков в мусульманском мире как воинов и правителей признавал арабский философ Ибн Халдун. Великий Махмуд Кашгари писал, что тюрки избраны Всевышним для управления миром [5, 25]. В действительности, победа над внешним врагом достигается через победу над своим Эго и нафсом (в суфизме – биологическое «я», низшая природа, сила инерции). И кочевник-воин, на которого, если вспомнить цитату из Джеймса, «неудобства и неприятности, голод и дождь, боль и холод, грязь и нищета перестали оказывать устрашающее действие», в древности действительно считался особым духовным типом человека. И даже позже, русско-европейские путешественники, краеведы XIX века отмечали необычайную терпеливость, храбрость и мужество казахов, рыцарство и культ чести в ментальности этого народа.

Далее, если применять классификацию религий и религиозных типов по У. Джеймсу, то модель религиозности кочевников-казахов можно отнести к среднему типу между «религией душевного здоровья» (по Джеймсу – языческие религии) и «религиями спасения» (или «страждущих душ», к которым Джеймс относил мировые религии), ибо, с одной стороны, даже в лоне ислама кочевники в силу близости к природе и космичности сознания, тяготели к цельному мировоззрению. Но с другой стороны, кочевников трудно отнести к последователям религии беспечного «душевного здоровья», т.к. изначально конно-кочевой номад выделился из массы первобытных народов как преодолевший инерцию природы человек «геройского типа», как «дважды рожденный» (twice born , также понятие из психологии религии У. Джеймса).

В самом самоназвании сформировавшегося окончательно на рубеже XV-XVI вв. средневекового казахского этноса – в слове Qazaq (значение: вольный человек) содержится намек на психологию воина, также простоту и неприхотливость образа жизни. Известны слова знаменитого правителя казахов Касым-хана (XVI в.), который хорошо передает дух казахской ментальности: «Мы – жители степи. У нас нет ни редких, ни дорогих вещей, ни товаров. Главное наше богатство заключается в лошадях: мясо и кожа их служат нам пищей и одеждой, а приятнейший напиток для нас, приготовленный из кобыльего молока, – кумыс. На земле нашей нет ни садов, ни зданий; место наших развлечений – пастбища скота и табуны лошадей, и мы ходим любоваться этим зрелищем [6, с.326-327].

В трудах У. Джеймса имеются гениальные научные идеи о духовной природе человека, о связи психологии и веры, о многообразии религиозного опыта, который может происходить с человеком даже бессознательно и спонтанно – на природе, в реалиях войны и миграций, душевных смятениях и живом искреннем поиске своего личного Бога. Выдающийся мыслитель еще в начале XX столетия, когда было мало объективной информации о мусульманском мистицизме, с уважением относился к суфизму, другим восточным религиям. Ценные подходы Джеймса можно использовать для определения значимости духовно-мистического измерения учения Ходжи Ахмеда Ясави – духовного учителя тюрков, для понимания психологических аспектов ясавийского учения.

Список использованной литературы:

1. Джеймс, У. Многообразие религиозного опыта. Пер. с англ. М., 1993, 418 с.
2. Baader, M. William James' Theory of Religion and Pluralistic World/ https://brill.com/display/book/edcoll/9789087903558/BP000004.xml Дата обращения: 05.09.2025
3. Стеблева И. Поэзия тюрков VI-VIII вв. М., 1965. 148 с.
4. Ақсауыт. Батырлар жыры. 1 том. Алматы, 1977. 365 б.
5. Махмуд ал-Кашгари. Диван лугат ат-турк. /перевод З.-А. Ауэзовой. Алматы, 2005. 1288 с.
6. Мухаммед Хайдар. Тарих-и Рашиди.Алматы, 1999. 656 с.

ӘОЖ 974

ҚАЗАҚ ДӘСТҮРІНДЕГІ «ӘУЛИЕ КУЛЬТІН» ЗЕРТТЕУДІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ: ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК, ТАРИХНАМАЛЫҚ АСПЕКТТЕРІ

Нұртазина Назира Даутбекқызы
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті
Қазақстан тарихы тарихы кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының докторы
Дауытбекова Маржан Қанатбекқызы
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті
Қазақстан тарихы тарихы кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты, Алматы, Қазақстан

Қазақ мәдениетінің мазмұнында мұсылмандық сенімдер мен әдет-ғұрыптар жетекші рөл атқарған. Бүгінгі таңда діни дәстүріміздің жүйеқұрғыш компоненті Ясауидің сопылық ілімі, жалпы мұсылмандық құндылықтар болғаны негізделіп отыр [1]. Сонымен бірге исламға дейінгі кейбір мәдени қалдықтар салт-дәстүр мазмұнында қосалқы, перифериялық элемент болып сақталып келгені де рас. В. Басилов пен Дж. Кармышева атап өткендей, «жалпыисламдық және жергілікті (кешендердің) өзара байланысуы ислам тұрғысынан реалды діни жағдайды қайта қарауды, реисламизацияны, исламның өмір сүруінің нақты формасын «дәстүрлендіруді» қажет етті» [2, 182 б.].

Суфизммен байланысты мазарларды зиярат ету, қасиетті тұлғаларға тағзым ету, «әулиелі жерлерді» құрметтеу, сол сияқты зікір айту, Құран аят-сүрелерімен науқастарды емдеу практикалары қазақ өмірінің ажырамас бөлігі болды. Әулие – Құрандағы «әулия Алла» (Аллаға жақын адамдар, яғни « достары» ұғымынан шыққан сөз, рухани кемелденудің ең биік дәрежесіне жеткен (көбінесе сопылық жолмен) тұлғаның атауы. Ал қазір осы феноменді зерттеудің жаңаша теориялық-әдістемелік ұстанымы *әулиеге тағзым* («культ святых») құбылысын ежелгі наным-сенімдердің жаңғырығы емес, сопылықпен, ясауизммен байланысты дәстүрлі (ортағасырлық) исламның толыққанды көрінісі деп қарастыру болып табылады [3].

Халқымыздың рухани мұрасында, тарихи жадында «Сайрамдағы сансыз баб», «Түркістанда түмен баб», «Отырарда отыз баб», «Маңғыстауда 360 әулие», т.б. мифологемалары тегіннен тегін тараған жоқ. «Аңыз түбі ақиқат» дегендей, халық агиологиясының орны да қазіргі Oral traditional History жанры аясында қайта қаралып, оның әсіресе халықтың мәдени жадын зерттеуде бірегей құнды қайнаркөз екені мойындалып жатыр.

Әулие культіне байланысты Орталық Азия халықтарының наным-сенмідерін зерттеу совет этнографиясында бастағаны белгілі. Бұл ретте біз әдетте В.Н. Басиловтың «Культ святых в исламе» сынды іргелі зерттеулерін атауымыз керек [4]. Әрине, одан ертеректе атақты венгр исламтанушысы И.Гольдциердің «Культ святых в исламе» атты зерттеуі орыс тіліне аударылып жарық көргені мәлім [5]. Осы екі іргелі монографияның арасындағы идеялық және әдістемелік жақындық пен сабақтастық «әулиеге табынуды» исламға дейінгі діни-мифтік жүйелердің ықпалымен байланыстыру, бұл құбылыстың «шамандық» астарын негіздеу (немесе жасанды құрастыру) еді. Басқа сөзбен «ориентализм» таңбасы десек болады, бірақ кейін ол одан да сорақы атеистік, антиисламдық көзқарасқа ұласты. Советтік кезеңде қалыптасқан «көшпенділердің үстірт исламы» («поверностный ислам» кочевников), немесе «діни синкретизм» тұжырымдары бойынша әулиеге тағзым, зияратқа қатысты сенімдер мен практикаларды ертедегі діни культтармен түсіндіру қалыпты үрдіске айналды.

Ол кездегі кеңестік әдістеме тіпті суфизмнің (тасаввуф, сопылық) өзін мұсылмандық іргетасынан ажыратуға тырысып бақты. «Ислам. Историографические очерки» атты зерттеудің авторлары атап көрсеткендей [6], жалпы XX ғасырдың орта шеніне дейін еуропалық исламтану ғылымында тасаввуф, яғни сопылық «исламға дейінгі», «исламнан тыс» (мәселен, зороастризм, христиан, үнділік, т.б.) жүйелердің ықпалымен пайда болған кірме (заимствованный) құбылыс деген көзқарас үстемдік құрды. Дегенмен әсіресе XX ғ. 2-ші жартысында әлемдік исламтану ол ұстанымнан бас тартып, суфизм исламның өзіне тән ілім (ағым) әрі практика, тіпті ислам дінінің эзотериялық (құпия) интерпретациясы, «мистикалық-аскеттік» бағыт, діннің «интериоризациясы», т.б. деп анықтай бастады. Батыста әйгілі Рене Генон мектебі өкілдері, әсіресе Фритьоф Шуон («Исламды түсіну», 1961 ж.), сол сияқты Артур Джон Арберри сынды исламтанушылар өздерінің шығыстану, әдебиеттану бағытындағы іргелі зерттеулерімен суфизм дискурсын жаңа сапалық деңгейге көтеріп, іс жүзінде иеологиялық, әдістемелік төңкеріс жасады [7]. Ал әлемдік мейнстримнан оқшауланып қала берген Совет Одағының гуманитарлық ғылымы теориялық-әдістемелік жағынан ұзақ мерзімді

дағдарыста, ескі таптаурындар құрсауында мүшкіл күй кешуге мәжбүр болды.

Тарихи-этнографиялық әдебиетте Орталық Азиядағы, сол сияқты Солтүстік Кавказ, Еділ-Орал өңірлері халықтары тарихындағы әулие культіне маркстік идеология исламофобиялық сипатына сәйкес күдікпен қарап, ғылыми зерттеулерге бейресми тыйым салды. Өте сирек, көбінесе этнографиялық зерттеулерде әулиелер тақырыбы қозғалып жатса, оларды шаманизмге теліп қоятын. Ә.Мүминовтың тұжырымдауы бойынша, сол кезде әсіресе қожалар рөлінің зерттелмеуі «қазақтың үстірт исламы» формуласына жол ашқан. Ғасырлар бойы қастерлену объектіне айналған әулиелердің, Қожа Ахмет Ясауиден бастап, қожалардың тегі Пайғамбар, сахабалар, «бабтарға» тірелетіні совет ғылымы үшін аса «ыңғайсыз» жәйт болғандықтан әулие феноменінің (емшілік, қасиетті мазарлар, т.б.) мұсылмандық тарихи-өркениеттік фактормен байланысы бүркемеленіп, бұрмаланып отырды, сол сияқты реті келсе бұл ғұрыптар және сенімдер тиісті әдебиетте ашық сынға алынып, келемеженді.

Тәуелсіз Қазақстанның жағдайында рухани мұрамыздың аса маңызды бөлігі - әулиелер мәселесіне қатысты, біріншіден, ескірген кеңестік «әулие культі» формуласын «әулиені қастерлеу» (немесе: тағзым) деген қисынды, қазақы-мұсылмандық сөз тіркесімен алмастырудың, екіншіден, идеялық мазмұны жағынан осы құбылыстың «діни синкреттік» емес, ислам дініндегі суфизм арнасында қалыптасқан ислами құбылыс екенін негіздеудің маңызы зор болып отыр. Әрине, жоғарыдай айтып өткеніміздей, бұл ғылыми тұжырым және әулие культіне жаңаша баға беру тәңіршілдік, ата-бабаға сыйыну, анимизм, т.б. ескі діни кешендердің белгілі мөлшердегі әсерін жоққа шығармайды; соңғылардың сарқыншақтары (реликт) мен мұсылмандық тағзым ғұрпы арасында белгілі тарихи-генетикалық байланыс, типологиялық ұқсастық, мәдени-рухани сабақтастық болды.

Қазақтың әулиені қастерлеу ғұрпының, сакралды тұлғалардың тарихын шынайы зерттеудің жаңа парадигмасының келесі маңызды методологиялық ұстанымы – ол «әулие культін» «әулиелер сұлтаны» аталған Қожа Ахмет Ясауи тұлғасымен қайта байланыстыру, себебі жергілікті әулиелер иерархиясында түркістандық пір ерекше құрметке ие болғаны қазір жақсы белгілі («99 пірдің пірі», т.б.теңеулер). Әлішер Науаи сияқты классик ақын, сопылық білгірі Қожа Ахмет Ясауиді «Түркі елінің құбыласы» деп атаған.

Ертеден қазақ халқы Ясауиді «Әзірет Сұлтан», «Сұлтан әл-Әрифин», «Пир-и Түркістан» деп қастерледі, ал зиярат ғұрпының өзегі әрі ең биік шыңы - Қасиетті Түркістанға тағзым ету болды [8]. Қазақ хандары «әулие Қожа Ахмед Йасауи хазретлері» деп кие тұтып, зиярат жасап келді. Ясы-Түркістанның «екінші Мекке» аталуы да Қожа Ахмет Ясауидің әулиелер иерархиясындағы теңдесі жоқ биік мәртебесін көрсететін халық агиологиясы қойнауынан алынған аса маңызды аргумент, дәйек. Ендеше қазақтың «әулиелік» феноменін ешқашан дәстүрлі исламнан, сопылық пен ясауизмнен ажырату мүмкін емес. Халықтың дүние суреттемесінде Әулие «Әзірет Сұлтан» (Ясауи) нағыз түркі-мұсылман әулиесінің эталоны, үлгісі және бұрын-соңды болмаған әулиелік құбылыс саналды (оның басты себебі Ясауиді Пайғамбардың өзінің таңдауы, Арыстан баб арқылы беріп жіберген «аманат(- құрма туралы іргелі миф). Осы секілді сакралды мифтер, сюжеттер төңірегінде жүздеген діни аңыздар тарап, қазақ халқының тарихи жады оларды ұрпақтан ұрпаққа айтып сақтады. Ясауидің өзіне байланысты қазір «100 аңыз» жинағы жарық көрді [8]. Сондықтан әулие феноменін Орталық Азиядағы суфизм контексінде жан-жақты зерделеу бізге Ясауи мұрасын тереңірек ашуға да мүмкіндік береді (себебі, «әулие» мен «Ясауи» - егіз ұғым).

Сопылықтың ежелгі ареалдарының бірі – посткеңестік Орталық Азияда тасаввуф пен ясауилікті зерттеуді филология, шығыстану, филология немесе этнографияның тар шеңберінен шығаруға, оны пәнаралық синтез негізінде жаһандық деңгейге көтеруге, рухани мұрамызды әлемдік философия, антропология мен психологияның заманауи жетістіктерімен байланыстыруға бағытталған әрекеттер әзірше жеткіліксіз. Ал тіпті қазақ әулиелерінің нақты тарихи-этнографиялық аспекттерін алсақ, ол мәселеде де «ақ таңдақтар» баршылық. Осы жолдар авторларының тарапынан соңғы жылдары ишандарды тұлғатану бағытында зерттеу, сол сияқты әйел-әулиелер мәселесі көтерілді [9].

Әулие мәселесін Ясауи тұлғасымен (және ясауи мектебі мұраларымен) интегралды тұрғыда қарастыру барысында төмендегідей ғылыми мәселелер өзекті деп табылды: аймақтық исламдағы киелі тұлғаларды құрметтеу дәстүрінің тарихи алғышарттарын және оның әр кезеңдердегі ерекшеліктерін, қалыптасудағы сопылықтың рөлін, қожалар қызметі және шежірелерімен байланысын анықтау; исламтану мен түркітанудың жаңа үрдістерін, әртүрлі ғылыми көзқарастарды салыстыру және интеграциялау арнасында әулиелерге тағзым етудің мазмұнын түркі-ханафилік исламның маркеры ретінде анағұрлым тереңірек қарастыру, теориялық-әдістемелік тұрғыдан қайта интерпретациялау; «*әулие», «кие», «аруақ», «кәміл адам*», т.б. категориялар мен сакралды терминдерді анықтай отырып, қазақ қауымындағы діни тұлғаларды киелендіруінің теологиялық,

психологиялық алғышарттарын негіздеу; ясауилік ілім мен мектеп (тариқат) тәжірибесінің квинтэссенциясы, сопылық эзотеризм мәселелері тұрғысынан діни терминдерді анықтау; ишандар, әулие-әйелдер (бибілер, қасиетті аналар) туралы тарихи-этнографиялық ақпаратты сакралды география, қазақ фольклоры және көшпенділердің дүниетанымымен тығыз байланыста талдау, т.б.

Өзекті мәселелердің қатарына ортағасырлық сопылық агиографиясын, «тазкира» (әулиелер өмірі) жанрындағы парсы және түркітілдес шығармалардағы ясауизмнің тағдыры, әулие бейнесін қарастырумен қатар, Қазақстан мен Өзбекстанның тарихындағы сопы-ишандар, зиярат нысандарына қатысты тарихи және дінтанулық мәліметтерді жаңаша талдап, жүйелеу жатады (бұл жергілікті исламның ерекшеліктерін және Орталық Азия халықтарының интеграциясындағы рөлін нақтылауға көмектеседі). Мысалы, тақырыптың деректік базаға қатысты агиографиялық ескерткіштер, мәселен, әл-Алауидың «Ламахат мин нафахат ал-кудс», әл-Кашифидің «Рашахат айн ал-хайат» шығармалары Ясауи мектебіне қатысты құнды мағлұматтар береді [10]. Әлішер Науаидің «Насаим ал-мухаббат мин шамаим ал-футатуат» атты агиографиялық шығармасы да зерттеліп, ғылыми айналымға тисіті бөліктері енгізілуде (онда жүздеген әулие тұлғалар туралы баяндалады). Сол сияқты ортағасырлық «Манакиб-и Маулана Лутфулла», «Зийа ал-кулуб» дереккөздері Қазақ хандығы және Орталық Азия билеушілерінің әулие-пірлерге деген зор құрметін, жалпы, көшпенділер өмірінде сопылықтың айрықша рөлін ашуға негіз бола алады. Әулиелер, сопылық туралы қазақ шежірелері, ауызша тарих материалдарында деректер кездеседі. Қазақ мұсылмандығына байланысты халықтың көзқарастарын Шәді-төре Жәңгіровтың «Тарихат», В. Радлов, А. Диваев, т.б. фольклортанушылары жинаған діни-ғұрыптық фольклор үлгілері («қисса», «зікір» үлгілері) айқындайды.

Әрине, мұсылман әулиелер мұрасын «мазарлар кеңістігі» мен қасиетті географиядан ажырату мүмкін емес. Діни зиярат объектілерінің (мемориалдық-культтік кешендер, мазарлар, жерасты мешіттер, ханака, хазира, шілхана, қадамжай, т.б.) белгілі діни тұлғамен немесе қожа әулеттерімен байланысын нақтылау қажет. Осыған байланысты зиярат, зікір рәсімдеріне, аскеттік (*қылует, үзлет*) тәжірибесіне, сол сияқты сопылардың табиғат, жан-жануарларға көзқарасына (бұрынғы тарихнама, этнографияда экологиялық білімдерді тек шаманизмға теліді, ол сыңаржақтық) және кейінгі ғасырлардағы ишан-сопылардың діни дәстүрді сақтап қалудағы діни-ағартушылық рөліне, олардың кітаби-жазбаша, заттай мұралары, сол сияқты шипагерлік-медициналық қызметіне ғылыми сипаттама беру үшін кешенді пәнаралық зерттеулер жүргізілуге тиісті.

Қазақ ишандары, сопы-дәруіштер туралы далалық этнографиялық зерттеулердің, архивтік және теологиялық дереккөздердің жаңа материалдарын іздестіру, оларды ғылыми айналымға енгізу міндеті де айқындалды; әсіресе Қазақстан тарихындағы тариқат өкілдері ишан, шейх, қалпе, махсым, дуана сынды мистиктердің оқу-білімге, емшілікке қатысты мұралдарын, суфизмдегі сананың қалыптан тыс мистикалық ахуалдарына қол жеткізу, өзінің рухани «менін» тану әрі ашу жолдарын зерделеуге баса назар аудару керек.

Теориялық-әдістемелік негіздермен бірге қарастырылып отырған тақырып бойынша іргелі зерттеулердің мазмұнын қазіргі заман өлшемімен сыни талдау қажет. Ізашар-ғалымдар мұрасын қайта қарау, сол сияқты жалпы қазіргі исламтанушы, деректанушы және өлкетанушылардың іргелі еңбектерін саралау жаңа перспективаларды әулие культін (тағзым) зерттеудің жаңа қырларын ашуға мүмкіндік береді. Мысалы, революцияға дейінгі орыс ғылымында дәруіштер мен ишандарға отаршылдық әкімшіліктің қажеттіліктеріне орай ғана қызығушылық туындап отырғаны анықталады (П. Позднев, Е. Смирнов және т.б.) Шығыстанушылық «ориенталистік» көзқарас әдебиетте бақсы/бахши, дуана, тәуіп сынды діни тұлғалардың араласуына, ажыратылмауына әкелді. Сонымен бірге классиктер В. Бартольд, А. Вамбери, В. Радлов, М. Массон және т. б. еңбектерін атап өткен жөн. Олардың арасында В. Жуковский, В. Гордлевский, Н. Лыкошин, Ю. Новицкийдің, т.б. әулиелерге, сопылық практикаларға қатысты арнайы жарияланымдары кездеседі. Жергілікті ишандар жайлы И.Бларамберг, И. Казанцев, И. Гейер, С. Абдулгафаров жазды. Сол кезде, яғни XIX ғ. соңы-XX ғ. басы, мұсылман мазарларына қатысты ғұрыптар, зиярат, діни аңыздар, Қожа Ахмет Ясауи, Сүлеймен Бақырғани, Бахауддин Нақшбанд сынды әйгілі діни тұлғалар туралы алғашқы мәліметтер жиналды. Ясауидің «Диуан-и Хикмет» шығармасы 1901 ж. Қазан қаласында басылып шыққаны белгілі [11].

КСРО-да сопылық пен әулиелерді зерттеуге тыйым салынғанына қарамастан 20-30 жж. өлкетану, этнография, фольклористика аясында кейбір қызықты жарияланымдар жарық көріп жатты, соның ішінде А. Троицкаяның Ташкенттегі мұсылман әйелдердің зікірі туралы, А. Андреевтің әулиелер иерархиясы туралы танымдық мақалаларын айта кету керек [12]. Әсіресе XX ғ. 60-шы жж. бастап шығыстану, этнография жандана бастады. Алайда қазақтың діни сеніміндегі әулиелер, әулиелі жерлер мәселесін «синкретизм» ұғымы арқылы түсіндіру үрдісі көп жағдайда исламды таратушы тұлғаларды негізсіз ежелгі мифтік кейіпкерлер санатына жатқызуға әкелді (мысалы, Шопан ата, Зеңгі

баба сынды әулиелерді); көп жағдайда әулие жайында гуманитарлық ғалымдардың еңбектерінде мүлдем тіс жармау әдеті орнықты. Дегенмен, атеистік сарындағы зерттеулер мазмұнында құнды этнографиялық материалдар да ұшырасты. Мысалға, О. Дастановтың еңбектерінде әулиелер, Қазақстанның қасиетті жерлері тақырыбы фактологиялық жағынан жақсы негізделді.

Посткеңестік әдебиетте ресейлік исламтанушы С. Абашинның еңбектерінің маңызы артты. Ғалымның басшылығымен ислам тақырыбына энциклопедиялық сөздіктер мен жинақтар жарық көрді, ал ізбасары А. Панков әулиелер культі туралы жаңаша тұжырымдама негізінде ғылыми диссертация қорғады [13]. Соңғы зерттеулерінде ресейлік ғалымдар әулиелікті шаманизмнен гөрі «аймақтық ислам» дәстүрімен байланыстырыла зерттей бастағаны анық байқалады (соның ішінде белгілі этнограф Е.Ларина). Кейінгі кезеңде Еуразиядағы киелі нысандарды зерттеу анағұрлым табысты жүргізілді, агиология материалдары, шығыстық шығармалар жан-жақты зерттеліп жатыр. Еділ-Орал өңіріндегі ишанизм дәстүрін рухани құбылыс немесе институт ретінде зерттеген ресейлік авторларды атауға болады [14]. Әлбетте, біздің зерттеушілер үшін қазақстандық ясауитану мен «әулиетануды» әлемдік (ТМД, алыс шетел) суфизм штудияларымен сәйкестендіру міндеті тұр. Түркия ғалымдары жалпы тасаввуф және Ясауи мұрасына ықыласпен қарап, қомақты үлес қосуда. Мысалға, Неджет Тосунның Бахауддин мен Ясауи туралы еңбектерін атап өтуге болады [15].

90-шы жылдардан бері Қазақстанда «халықтық ислам» тақырыбы біртіндеп қайта жандана бастады, мәдени-рухани ренессансқа сай әулиелер мұрасын, ишанизм, сопылық әдебиет, шығыстық дереккөздерді С. Дәуітұлы, Р. Мустафина, А.Муминов, т.б. зерттеді. Тәуелсіздіктің басты рухани нәтижелерінің бірі Ясауи есімінің жаңғыруы болды. Қазіргі ясауитануды кеңінен сипаттаудың артық екенін айта отырып, ол бағытта Д. Кенжетайдың [16] сүбелі үлесін, сол сияқты құнды энциклопедиялардың шығуын, «Диуан-и Хикмет» аудармаларын, ясауитану бойынша жазба дереккөздердің, классикалық мұраның толық зерттеле бастауы жәйттерін атап өтуге болады (Хазини, Насаб-нама, т.б.).

Қазақ агиографиясы мен суфизм арасындағы байланысты А. Құсайынов зерттеді. Тасаввуф, ишанизм өкілдері ретінде тарихта аты қалған тұлғалар Марал ишан, Досжан ишан, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Айқожа ишан, Әппақ ишан, Бекасыл әулие, Жалаңаяқ Әздер (Әзлер) сияқты діни тұлғалардың өмірбаяны, генеалогиялық деректері үзік-үзік болса да зерттеле бастады. Өлкетанушылар, гуманитарлық ғылым өкілдері Б. Кәрібозұлы, С. Нұртайұлы, З. Ибадуллаева, Б. Әбдірахманов, С. Керелбаев, С. Косбармаков, Е. Оспанов, т.б. авторлар әулие-ишандар тақырыбына өз үлесін қосты. Қожалар, баптар, ишандар бойынша ауызша тарих материалдары жарияланды, жаңа зерттеулер жарық көрд. Әулиелік жерлер, діни зияратқа байланысты әдет-ғұрыптар, сопылықтың халық сенімдеріне, фольклорға әсерін зерттеулер жалғасуда. Сонымен қатар қазақ философиясы мен әдебиетіндегі діни мәселелер, көркем шығармалардағы сопылық сарындар арнайы зерттеу нысанына айналды.

Ғылыми-көпшілік әдебиетке жататын емші-тәуіптер, бақсылар, әулиелер туралы өлкетанулық, этнографиялық жарияланымдардың мазмұнында да құнды мәліметтер ұшырасады. Мифолог С.Қондыбайдың қазақтану бағытындағы пәнаралық зерттеулерінде әулие, кие, қасиетті жерлерге қатысты авторлық пайымдары құрметке лайық. Автор мұсылмандық-сопылық фактордың терең әрі өркендетушілік ықпалын мойындап, Тәңірлік пен Мұсылмандықты өзара үйлестіруге тырысқан әдістемесін жүзеге асырған. Мысалы, өзінің «Маңғыстау мен Үстірттің киелі орындары» атты кітабында ол қазақ емшілерінің, көріпкелдер мен әулиелердің барлығының да ислам (қазақы ислам) дінінің ауқымында әрекет еткенігін көрсетеді, сонымен қатар зерттеуші іс жүзінде сопы-әулиелердің аруағы ашылуы, қасиет қонуы және шамандардың (бақсы деп аударылған) рухани инициациясы арасындағы ұқсастықты өзінше пайымдайды [17, 135 б.]. С. Қондыбай Маңғыстау, Арал-Каспий аймағында әулиеліктің Түркістаннан кейінгі екінші ареалы қалыптасуын XIV ғасырдағы исламдану толқынымен, «әулиелер экспортымен» байланысты деп түсіндіреді.

«Қасиетті Қазақстан» мемлекеттік жобасы бойынша шыққан көптомдық кітаптар киелі нысандар, әулиелі жерлер мен қасиетті тұлғалар тақырыбына арналды, мазмұнында ғылыми әдебиеттердегі тиісті мәліметтер қорытылды. Өлкетанушылар қазақ әулиелеріне қатысты баға жетпес шежірелік материалдарды ел аузынан жинап, тынбай зерттеп, ауқымды жұмыс жасағанын да атап өткен жөн. Мысалы, С. Саттарұлының «Абд ул-Жалил баб (Хорасан ата)», Ш. Әшімұлының «Өткен әзиз әулиелер» атты көлемді еңбектері, Мархамет Жанасұлы Шаһхайымтегінің «Алтай қазақтарының дін тұтқасы Мұхаммед Мүмин Хазірет шежіресі» кітабы (Керей ишан жайлы), т.б. атауға болады [18].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Нуртазина Н. Ислам и генезис казахской мусульманской традиции. - Астана, 2024. -472 с.

2. Басилов В. Н. Кармышева Дж. Х. Ислам у казахов (до 1917 г.). - Москва: РАН, Институт Этнологии и Антропологии, 1997. -161 с.

3. Нуртазина Н.Д, Картабаева Е.Т. Дауытбекова М.К. Наследие казахских ишанов и святых целителей: новые подходы и перспективы изучения в контексте мусульманско-суфийской традиции Центральной Азии / Электронный научный журнал «edu.e-history.kz». 2024. -Т. 11. -№ 3. -С. 541–557.

4. Басилов В.Н. Культ святых в исламе. – Москва: «Мысль», 1970. -144 с.

5. Гольдциер И. Культ святых в исламе (Мухамеданские эскизы). -Москва, ГАИЗ, 1938. -180 с.

6. Ислам. Историографические очерки / Под ред. С.М. Прозорова. -Москва: ИВР РАН, 1991. -228 с.

7. Arthur John Arberry.Sufism: An Account of the Mystics of Islam -London: Allen & Unwin, 1950. Muslim Saints and Mystics, A translation of episodes from the Tazkirat al-Awliya (Memorial of the Saints) originally written by Farid al-Din Attar, London, 1966. René Guénon. Insights into Islamic Esoterism and Taoism, 1973. Understanding Islam.By Schuon, F., -London Unwin Paperbacks, 1965.

8. Нуртазина Н. Путешествие к мусульманским святым Туркестана : традиция и современнность /Туризм и сервис в панораме тысячелетий. Вып.1. -Москва, 2009. - С. 266-286.

9. Нұртазина Н., Қартабаева Е., Касимбекова М. Қазақ мұсылмандық дәстүріндегі әулие-ишандар / Вестник КазНУ им. Аль-Фараби, серия ист., 202, № 1. - С. 149-164.

10. Нуртазина Н.Д. Сопылық және әйел: қазақ дәстүрінде әулие аналарды қастерлеудің рухани бастаулары / Ғасыр данасы-Қожа Ахмет Ясауи» халықаралық ғылыми-тәжірбиелік конференциясының жинағы. - Түркістан, 2024. Б. 304-311.

11. Тулибаева Ж.М. Агиографические сочинения как источник по истории духовной культуры казахского народа / Персоязычные источники по истории казахов и Казахстана XIII-XIX вв. -Астана: ЕНУ им. Л. Гумилева, 2006. - С. 181-211.

12. Ясауи Қожа Ахмед. Диуан-и Хикмет. - Қазан, 1901. - 135 б.

13. Троицкая А.Л. *Женский зикр* в старом *Ташкенте* /Сборник Музея антропологии и этнографии, т.7. Л., 1928. С. 173-199. Андреев М. С. Чильтаны в среднеазиатских верованиях. - Ташкент: Изд. Об-ва для изучения Таджикистана, 1927. - 17 с.

14. Панков И.А. Культ авлийа’ аллах в исламе, его генезис и эволюция / Культ Йусуфа Хамадани в центральноазиатском исламе как социокультурный феномен. Санкт-Петербург, 2018. - 252 с. - С. 38-94

15. Гусева Ю. Н. Ишанизм как суфийская традиция Средней Волги в XX веке: формы, смыслы, значение: Монография/ под ред. О. Н. Сенюткиной; под общ. ред. Д. В. Мухетдинова. - Москва: «Медина», 2013. 214 с.

16. Юнусова А.Б. Ишанизм на Урале: духовная традиция и проблемы возрождения интеллектуального ислама /Расулевские чтения: ислам в истории и современной жизни России. - Челябинск, 2017. - С. 170–180.

17. Necdet Tosun. Bahaeddin Nakşbend: Hayatı, Görüşleri, Tarikatı, İstanbul 2002; 464 s. Necdet Tosun. Ahmed Yesevi, Ankara, Hoca AhmedYesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi Yay. 2015. -312 s.

18. Кенжетай Д. Қожа Ахмет Иасауи дүниетанымы. Түркістан: Тұран, 2004. -341 б.

19. Қондыбай С. Толық шығармалар жинағы: научное издание. –Т.3. Маңғыстау географиясы. Маңғыстау мен Үстірттің киелі орындары. - Алматы: Арыс, 2008. -288 б.

20. Саттарұлы С. Абд ул-Жалил баб. (Хорасан ата). Тарихи-құжатты танымдық кітап. - Алматы: РИИЦ-Азия. 2007. - 520 б.

21. Әшімұлы Ш. Өткен әзиз әулиелер. - Қызылорда, 2021. -500 б.

Saints) originally written by Farid al-Din Attar, London, 1966. René Guénon. Insights into Islamic Esoterism and Taoism, 1973. Understanding Islam.By Schuon, F., -London Unwin Paperbacks, 1965.

22. Нуртазина Н. Путешествие к мусульманским святым Туркестана : традиция и современнность /Туризм и сервис в панораме тысячелетий. Вып.1. -Москва, 2009. - С. 266-286.

23. Нұртазина Н., Қартабаева Е., Касимбекова М. Қазақ мұсылмандық дәстүріндегі әулие-ишандар / Вестник КазНУ им. Аль-Фараби, серия ист., 202, № 1. - С. 149-164.

24. Нуртазина Н.Д. Сопылық және әйел: қазақ дәстүрінде әулие аналарды қастерлеудің рухани бастаулары / Ғасыр данасы-Қожа Ахмет Ясауи» халықаралық ғылыми-тәжірбиелік конференциясының жинағы. - Түркістан, 2024. Б. 304-311.

25. Тулибаева Ж.М. Агиографические сочинения как источник по истории духовной культуры казахского народа / Персоязычные источники по истории казахов и Казахстана XIII-XIX вв. -Астана: ЕНУ им. Л. Гумилева, 2006. - С. 181-211.

26. Ясауи Қожа Ахмед. Диуан-и Хикмет. - Қазан, 1901. - 135 б.

27. Троицкая А.Л. *Женский зикр* в старом *Ташкенте* /Сборник Музея антропологии и этнографии, т.7. Л., 1928. С. 173-199. Андреев М. С. Чильтаны в среднеазиатских верованиях. - Ташкент: Изд. Об-ва для изучения Таджикистана, 1927. - 17 с.

28. Панков И.А. Культ авлийа' аллах в исламе, его генезис и эволюция / Культ Йусуфа Хамадани в центральноазиатском исламе как социокультурный феномен. Санкт-Петербург, 2018. - 252 с. - С. 38-94

29. Гусева Ю. Н. Ишанизм как суфийская традиция Средней Волги в XX веке: формы, смыслы, значение: Монография/ под ред. О. Н. Сенюткиной; под общ. ред. Д. В. Мухетдинова. - Москва: «Медина», 2013. 214 с.

30. Юнусова А.Б. Ишанизм на Урале: духовная традиция и проблемы возрождения интеллектуального ислама /Расулевские чтения: ислам в истории и современной жизни России. - Челябинск, 2017. - С. 170–180.

31. Necdet Tosun. Bahaeddin Nakşbend: Hayatı, Görüşleri, Tarikatı, İstanbul 2002; 464 s. Necdet Tosun. Ahmed Yesevi, Ankara, Hoca AhmedYesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi Yay. 2015. -312 s.

32. Кенжетай Д. Қожа Ахмет Иасауи дүниетанымы. Түркістан: Тұран, 2004. -341 б.

33. Қондыбай С. Толық шығармалар жинағы: научное издание. –Т.3. Маңғыстау географиясы. Маңғыстау мен Үстірттің киелі орындары. - Алматы: Арыс, 2008. -288 б.

34. Саттарұлы С. Абд ул-Жалил баб. (Хорасан ата). Тарихи-құжатты танымдық кітап. - Алматы: РИИЦ-Азия. 2007. - 520 б.

35. Әшімұлы Ш. Өткен әзиз әулиелер. - Қызылорда, 2021. -500 б.

ӘОЖ 83.3

ҚАЗАҚ ДАНАЛЫҒЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІҢ РУХАНИ НЕГІЗДЕРІ

Оқай Алтынгүл
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, докторант,
Астана, Казақстан

Қазах халқының ғасырлар бойы жинақтаған құнды мұрасы ұрпақтан -ұрпаққа жалғасқан тәрбиенің қайнар көзі болып табылады. Ұлттық құндылықтарды бүгінгі қоғам дамуына сай жаңғырту, дамыту–мәдени–рухани тұтастықты сақтауды айқындайды. Халқымыздың дәстүрлі көшпелі мәдениетінен бастау алып, тұрмыс–тіршілігімен біте қайнасып, өмірінің бір бөлшегіне айналған салт–дәстүрлерде, фольклорда, даналық ой-толғамдарында және т.б. өмір сүрудің барлық қағидалары бар.

Әр дәуірдің өзіндік ерекшеліктерін көрсететін даналық ойларда халықтың береке–бірлігін арттыратын, тұтастығын нығайтатын, бірегейлігіне ықпал еткен факторлар көрініс тапқан. Бұл жыраулардың жырларында, салт -дәстүрлердің мазмұнында, әдет–ғұрыптарда орын алып, тек моральдық бағдар ғана емес, ұлттың рухани болмысын құрайтын ұлттық құндылықтар болып табылады. Ол ұлттық бірегейліктің өзегін қалыптастыратын дүниетанымдық жүйені құрайтындығымен ерекшеленді.

Халқымыз өмірлік тәжірибесінің нәтижесінде табиғатпен үндестікте өмір сүрудің мәнін түсініп, экологиялық тепе–теңдікті сақтап, сол кезеңнің өмір сүру дағдысын қалыптастырды. Табиғат құбылыстарына қарап алдағы күннің райын болжап, шаруасын қамдап, тұрмыс–тіршілігін үйлестірді, қоршаған ортаның тылсым сырларын білуге талпынды. Өзі өмір сүрген ортаның құпиясын білуге деген ұмтылыс–қазақ халқының дүниетанымын орнықтыруға, ұлттық болмысын ашуға, мәдениетінің қалыптасуына ықпал етті.

Әрбір мәдениет үнемі өзіне рухани іргетасы болатын құрылымдарды іздейді, соны орнықтыруға тырысады. Әлемдегі басқа ұлттар мен ұлыстар сияқты қазақ халқының да көп ғасырлық тарихында озық үлгісі боларлық әлемді танып–білудің, зерделеудің өзіндік сипаттамалары, түркілік ерекшеліктерді танытатын философиялық ойлар мен тұжырымдар жеткілікті болғаны белгілі [1, 6 б.]. Өркениет даму барысында сол дәуірдің әлеуметтік–саяси, мәдени және идеологиялық ықпалына сай өз құндылықтарын қалыптастыратыны белгілі. Қазақ халқы тарихи дамуы барысында түркілік мәдениеттің жалғасы болып табылатын рухани құндылықтарын дамытты.

Қазақтың төл мәдениетінің рухани іргетасының қалыптасуы мен дамуына сөз өнерінің айрықша әсер еткенін атап өту қажет. Бұл жыраулар поэзиясында, халық ауыз әдебиетінде, жыр–дастандарда, шежірелер мен аңыз әңгімелерде т.б. кеңінен орын алды.

Жыраулық поэзия–қазақ халқының рухани мұрасын сөз арқылы ұрпақтан–ұрпаққа жеткізген құнды мұра, ұлт руханиятының айнасы. Жыраулар Бұқар жырау, Қазтуған, Асанқайғы, Доспанбет, Шалкиіз, Ақтамберді т.б. мұралары даналық ойлардың басы ғана емес, ескі мен жаңаның тоғысуы деп түсінуіміз қажет. Өздері өмір сүрген дәуірдегі адамдардың мұң–мұқтажын, қоғамдағы әлеуметтік қайшылықтарды жырлап, ханның кеңесшісі, биге ақылгөй болып, елдің бірлігін, жердің тұтастығын жырлады. Кейінгі ұрпаққа өшпес мұра қалдырып, болашақтың бағыт–бағдарын айқындап кетті.

Жырау туындылары көңіл пернесін дөп басар әсерлілігімен, кезегенін орып түсер өткірлігімен, аз сөзге көп мағына сыйғызған нақтылығымен, сұлу сазды көркемдігі, асау серпімді қуатымен ерекшеленеді. Жыраулардың ғасырлар көгінен өтіп, біздің дәуірге жеткен шағын көлемді, шымыр толғауларынан көне заман таңбасы – түз тұрғынының дүние танымы, адамдық табиғаты, мінез ерекшеліктері, моральдық, этикалық қағидалары айқын аңғарылады [2, 8-9 бб.]. Бұл жыраулардың көшпелі өмір салтында табиғат пен адам арасындағы байланыс, адам болмысына табиғаттың әсері, ой еркіндігі, мінез–құлық нормаларының қалыптасуын философиялық тұрғыда сипаттайды.

Жыраулар поэзиясы жан–жақтылығымен ерекшеленді. Сол кезеңнің күнделікті өміріне, шаруашылығына қатысты тұрмыстық жырлармен қатар, дін, байлық пен кедейлік, этика, мораль қоғамдық мәселелерді де қамтыды. Адам бойындағы құнды қасиеттер әділдік, отансүйгіштік, ерлік, мейірімділік т.б. адамгершілік нормалар да жыраулардың жырларынан көрініс тапты. Заманның өзгеруіне сай адамдардың санасындағы өзгерістер, ұлттық мүддеге сәйкес келмейтін құндылықтардың орын алуы, руаралық тартыстардың ұлт бірегейлігіне нұқсан келтіруін айқын көрсетті. Ел басқарған хандарға, билерге дат айтып, халықтың мүддесіне қызмет етуді, сахарадағы саяси–әлеуметтік жағдайдың маңыздылығын жан–жақты сипаттады.

Сонымен қатар, жыраулар поэзиясы халқымыздың мақал–мәтелдерін, нақыл сөздерін, шешендік өнерін дымытып, бейнелі тіркестерді кеңінен қолданып, қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейтті. Бұл өз кезегінде рухани–мәдени құндылықтардың қалыптасуына, поэзия жанрының жаңа мазмұнға ие болуына әсерін тигізді. Адамдардың моральдық ұғымдарын жеке түрде емес, ұжымдық сана деңгейінде қамтуы, біртұтас мағынамен үйлестіре білуі–ұлттың бірлігін сақтаудың зор мүмкіндігі еді.

Қазіргі таңда жыраулар шығармаларының мазмұнынан қазақ халқының өзіне ғана тән ұлттық болмысын, дүниеге көзқарасын, қоғамдық этика негіздерін, тарихи жады мен болашаққа деген сенімді көреміз. Бұл сол шығармалардың құндылығы мен бүгінгі таңдағы өзектілігін айқындайды.

Қазақ халқының даналық ойлары жыраулардан кейін ойшыл ағартушылар А.Құнанбаев, Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, Ш.Құдайбердіұлы, М. Жұмабаев, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатов және т.б. шығармалары арқылы ұрпаққа жетті. Ұлы ақын Абай Құнанбаев жиырма бесінші қара сөзінде: «Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да–бәрі орыста тұр. Зарарынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек. Оның себебі олар дүниенің тілін білді, мұндай болды. Сен оның тілін білсең, көкірек көзің ашылады» ,-деп білім алуға, ғылымның мәнін түсінуге шақырды (3, 45 б.). Өз халқына орыстың тілін үйреніп жақсысын меңгеріп, жаман әдеттерінен қашық бол дей келіп, оның тілін білсең дүниені танып білесің, өзіңе ғана емес халқыңа пайдалы боласың деп, оқу–білімнің мәнін ертеден түсінді. Тіршіліктің маңызы адамның адал еңбегі мен білімде ғана деп пайымдады. Халқын мектеп салып бала оқытуға, отырықшылыққа, егіншілікпен

айналысуға насихаттады. Сол дәуірдегі дүниенің кілті орыс халқының ғылымы мен өнері деп, оны үйрену арқылы батыс мәдениетіне жол ашылатынын білді.

Ұлы ағартушы Абай Құнанбаев көптеген шығармаларында қазақ халқының тұрмысын және қара басының қамын ойлайтын адамдардың надандығын айта келіп, рухани құндылықты жоғары қойды. Ұлттың береке -бірлігі, хандар мен билердің елді адал басқаруы, әділдіктің болуына адамгершілік қасиеттерге ерекше мән берді, ұлттық сананы қалыптастырды.

Адамның адал еңбегі, ар –ождан мәселелері бәрінен жоғары тұруы керек, «Атаңның баласы болма, адамның баласы бол», - деп көпке ортақ пайдалы болуға шақырды. Халқының қамын ертеден ойлаған дара тұлға қазақ халқының бірлігі бекем болып, ұлт болып ұйысып, мәдениеті мен дәстүрін сақтап, әлемдік өркениеттен өз орнын алуына күш жігерін жұмсады. Жастарды білім–ғылым игеруге, рухани кемелденуге насихаттаған шығармалары бүгінгі таңда да өзекті болып отыр.

Қазақ халқының ағартушы педагогі Ыбырай Алтынсарин шығармалары қазақ жазба әдебиетін дамытып қана қоймай, ұлттың рухани жаңаруына, бірегейлігіне ықпал еткен құнды дүниелер. Ыбырай Алтынсарин қазақ балаларына арнап мектеп ашып, қазақ тілінде оқулықтар жазды. Балаларды жастайынан оқуға, білімге құштар болуға үндеп, заман талабына сай дамуына бағыт - бағдар берген тұлғалардың бірі.

«Қазақ хрестоматиясына» кірген өлеңдерінде халық–ағарту идеясын көтерді. «Кел, балалар, оқылық», «Өнер -білім бар жұрттар» өлеңдері осындай мақсатта туған. «Кел, балалар, оқылық» өлеңінде ақын бір жағынан жастарды оқуға, білім алуға үндесе, екінші жағынан, өнер, ғылым–білімге, оның жалпы халық үшін керектігіне еш мән бермейтін ескі көзқарасқа соққы берді [4, 6 б].

Бұл шығармаларында балаларға қазақ тілінде білім беру арқылы өз ұлтының ұлттық құндылықтарын біліп өсуіне, ауыз әдебиеті үлгілерімен сусындап, халқының тарихы, мәдениетімен танысуға ерекше мән берді. Шығармаларының мазмұны–жастарды оқу–білімге шақырып, дәстүрлі көшпелі мәдениеттен өркениетті өмірге жол бастайтын рухани құндылықтарға толы болды. Жас ұрпақтың ұлттық болмысын жоғалтпай, білім беру, ғылымды меңгеру арқылы табысқа жетуге, халқына пайда тигізуге, адал еңбек етуге насихаттады. Ол білімді адамның жеке басын дамытуға ғана емес, халықтың тұтастығын сақтайтын, қоғамның дамуына ықпал ететін, болашағын айқындайтын күш деп түсіндірді.

Ағартушы педагогтің ашқан мектептері ана тілінде білім беріп, балалардың бойына ұлттық сананың жастайынан сіңуіне мүмкіндік туғызып, бірегейліктің қалыптасуына ықпалын тигізді. Ана тілінде білім беру арқылы тілдің мәртебесін арттырып, жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеуге жол ашты.

Ыбырай Алтынсарин еңбектерінен әдебиеттің өркендеуіне үлес қосып, этикалық құндылықтардың сақталуын, қазақ халқының салт–дәстүрін, болмысын жаңашылдықпен үйлестіргенін көреміз. Әңгімелерінде, өлеңдерінде рухани–адамгершілік қасиеттерді, еңбекқорлықты, табандылықты, адалдықты дәріптеп осы қасиеттерді жас ұрпақтың бойына сіңіруді мақсат етеді. Қазақ қоғамының болашағын білім–ғылыммен байланыстырады.

Қазақ ойшылдарының ішінде саналы ғұмырын халқының бақытты өмір сүруіне, береке–бірлігінің нығаюына, білімді ұлт болып қалыптасуына арнап сол жолда аянбай еткен қоғам қайраткері, ғалым, аудармашы, публицист Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінің орны ерекше.

Ғалымның «Әліпби», «Тіл құралы», «Баяншы», «Әдебиет танытқыш» және т.б. еңбектері қазақ тілі мен әдебиттануда қайталанбас құнды мұра болса, ал, халықтың ұлттық болмысын сақтауда, тілін дамытуда, тілі арқылы бірегейлігін айқындаудың да құралы болып табылады. Халқын оқу–ағарту ісіне араласуға, жаңаны үйренуге, білім алуға ынталандырған еңбектерінің маңызы зор.

Тіл туралы төмендегідей ой айтады: «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің қуаттысы–тіл. Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Тілді сақтау–ұлтты сақтау, тілдің дамуы–халықтың өркендеуі» ,-деп тілсіз ұлттың өмір сүре алмайтынын, ұлттың болмысы өзінің ана тілінде екенін атап көрсетеді [5, 1 б.].

Ахмет Байтұрсынұлы–қазақ тіл білімінің негізін қалаушы, тілдің ұлттық құндылықтарды сақтаудағы маңызын терең түсінген, тілді білім мен мәдениеттің тамыры деп, ерекше мән берген ғалым. Балаларды ана тілінде оқыту мен тәрбиелеу арқылы ұлттың болашағын қалыптастырудың, ғылымды меңгерудің, мәдениетті дамытудың мүмкіндіктерін жан–жақты айқындаған.

Ғалымның еңбектері қазақ тіл білімінің ғылыми жүйесін негіздеп, қазақ тілінің бірнеше салаларын жүйелеп, тіл біліміндегі алғашқы ғылыми терминдерді жасап, тілдің қолданылу мүмкіндіктерін кеңейтті. Сонымен қатар, тіл туралы айтылған ойлары–қазақ тілін дамытуға, сақтауға, жетілдіруге оны ғылым тіліне айналдыруға, ұлтты тәрбиелеуге негіз болды.

Қазақ халқы–кең байтақ еуразиялық кеңістікте ұзақ уақыт бойы үстемдік еткен және егіншілік пен қалалық мәдениеттің тарихына айтарлықтай ықпал еткен көшпелі өркениеттің мұрагері. Осы уақыт аралығында дәстүрлі көшпенді мәдениеттің рухани тәжірибесін жинақтап, сұрыптап, даналық ойлары арқылы ұрпақтар сабақтастығын жалғап, кейінгі ұрпаққа өшпес мұра қалдырды.

Жыраулардың жырлары, ойшыл ғалымдардың іргелі еңбектері арқылы бүгінгі күнге жеткен қазақ даналығын қазіргі ұлттық бірегейлікті қалыптастыруға орынды қолдану және насихаттау қажет. Ол әр қазақ отбасында, мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиелеу білім беру бағдарламаларының мазмұнында, орта мектептер мен колледждердің т.б. оқу–тәрбие үдерістерінде қамтылса – ұлт зиялылары арманы жүзеге асар еді.

Даналық ойлардың ерекшелігі–қазақ халқының ойлау жүйесінің көрінісі ғана емес, ұрпақ тәрбиесінің құралына айналып, бүгінгі күнге дейін өз маңызын жойған жоқ.

Қорытындылай келе, қазақ халқының даналық ойлары–халықтың өмір қағидаларымен ұштасып жатыр. Жыраулар поэзиясы елдің тұтастығын, бірлігін, отансүйгіштік қасиеттерді жырлап, халықтың рухани тірегіне айналды. Осындай рухани құндылықтарды ағартушы–ғалымдар мен ойшылдар әрі қарай жалғастырып, ұлттық дүниетаным мен бірегейлікке жаңа сипат берді.

Абай Құнанбаев адам мен қоғам арасындағы байланысты қамтып, өзі өмір сүрген заманның қарама–қайшы оқиғаларымен күресіп, адам баласын иман мен ғылымды меңгеруге шақырып, ұлттың таным–түсінігін кеңейтті. Халықты береке–бірлікке бірігуге насихаттап, оның жолдарын да анық көрсетті.

Ыбырай Алтынсарин халықты ағарту ісіне баулып, оқу–білімді үйренудің мәнін түсіндіріп, оқулықтар жазып, өмірдің құндылығын біліммен байланыстырды. Жас ұрпақтың болашағы тек білім игерумен, адал еңбекпен көркейетінін баса айтты. Ал, ғалым Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерінен рухани–мәдени құндылықтардың қазақ халқының тілінен бастау алатыны айтылған. Тілдің ұлт үшін маңыздылығына тоқталып, ұлттың болмысы, іргетасы–халықтың тілі деді.

Ұлт зиялыларының қазақ даналығы туралы ойлары ұлттың бірегейлігін қалыптастыруды құрайтын құндылықтар. Олардың қай–қайсысы да қоғам мен адам игілігі, халықтың мәдени–рухани кемелденуі үшін аса маңызды. Сондықтан, даналық ойлар мен ұлттық бірегейліктің рухани негіздері–өткен мен бүгінді жалғайтын, болашаққа жол ашатын құнды мұра болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ руханияты: тарихи-философиялық және этномәдени негіздер. Ұжымдық монография / З.К. Шәукенованың жалпы редакциялауымен. -Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФСДИ, 2013.-375 б.

2. Бес ғасыр жырлайды. -Алматы: «Жазушы», 1989. -382 б.

3. Абай. Қара сөз. -Алматы: «Атамұра», 2020. -197 б.

4. «Көкейімнен кетпейді»: ұлттың ұлы ұстазы Ыбырай Алтынсариннің тілегі. [Электрондық ресурс]. 29.11.2020 жаңартылды 01.02.2022 https://sputnik.kz/20201129/ Ybyray-Altynsarin-derekter-15609706.html6

5. Ахмет Байтұрсынұлының еңбектері–жөн сілтейтін нұсқаулық. [Электрондық ресурс]. 04.09.2022. https://egemen.kz/article/322240-akhmet-baytursynulynynh-enhbekteri-%E2%80%93-dgon-silteytin-nusqaulyq.

ӘОЖ 1(091)

Рақымжанов Бақытжан Қадырұлы
Философия ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Астана, Қазақстан

Абайдан кейінгі даналық ойдың көрнекті тұлғасы Шәкәрім Құдайбердіұлы болғаны баршаңызға аян. Шәкәрім шығармашылығының басты ерекшелігінің бірі – қалыптасқан ұғым түсініктер жүйесінде қалып қоймай, қазақ тілінің философиялық лексикасын жаңаша ұғымдармен түрлендіріп, ой көкжиегін кеңейте білгендігінде.

Сондай ұғым, түсініктерге «затшыл ғылым, пәншілдік», «сау ақыл», «арлы ақыл», «арсыз ақыл», «ноқталы ойды» жатқызуға болады.

Ұсынып отырған ғылыми-танымдық мақаламыздың тақырыбы Шәкәрімнің философиялық лексикасындағы «затшыл ғылым», «пәншілдік» ұғымдарына арналады.

Өткен ғасыр кеңестік атейстік-ағартушылық идеологиямен білім алып, философияда марксистік көзқарастарға басымдық беретін кейбір адамдар үшін бұл тақырып қисынға қиғаштау

көрініп жатуы мүмкін екенін ескертеміз. Бұл мәселеде данышпан бабамыздың айтар ойы, тоқтамы бөлек.

«Ғылым деп, боқты жегізді,
Денесіз зат жоқ дегізді.
Пайдасыз пәнмен перделеп,
Тапқызбай қойды негізді»

деп толғанған Шәкәрімнің түп негізгі Хақиқатты іздеуде қол жеткізген өз байламы бар.

Ақиқатты ізден шыққан адамзат баласының осы бір ұлы сапарда материалдық әлемнен тыс тұрған «болмыс», «тіршілік» жоқ деп біржақты жасаған байламын Шәкәрім затшыл ғылымға балаған.

Сөз Шәкәрімнің осы ізденістері жайлы болмақ.

Автор

ШӘКӘРІМ СЫНАҒАН ПӘНШІЛДІК

Пәншілдік қазақтың философиялық лексикасына Шәкәрім шығармалары арқылы енген түсінік. Ойшылдың *пән* және *пәншілдік* дегені затшыл ғылым жайы. *Пәннің* синонимі *затшыл ғылым*. Шәкәрім сынаған *пәншілдікті* түсіндіруде оның сипатын білдіретін затшыл ғылым түсінігін қолданамыз. Пәншілдік дүниені тануда қалыптасқан қағида болса, затшыл ғылым оның сипаты.

Шәкәрімде *пән* түсінігіне қатысты келесідей өлең жолдарын кездестіреміз:
*«**Пәнш**і мен дінші тыңдамас,*
Жиреніп мұны ұнамас.
Өйткені олар бір езу,
Әдетін тастап шыдамас»
Немесе;
*«**Пән** мен дін деп қор болар,*
Ойында өзі зор болар.
Ноқтадан басын ала алмас,
Жетекші айуан сол болар».

Келесі, «Күн аязда терезеге» өлеңінде: *«Шала дін мен қате **пәннің**, соңына ерме шынға ер»* десе, «Қасыңа қылыш қайратқан» өлеңінде: *«Ойы кем, сөзге шешендер. Денешіл, **пәншіл** кеселдер»* – дейді. Осында *«**Пән** айтты ғой деп сенбе»*– деген ойлар айтқан.

Ал мына бір өлең жолдарында: *«Жан жолдан қосылды деп **пән** де, дін де, ақылды байлап қойған соған мүлде»* деп оның адасқанын айтса, «Тура жолда қайғы тұрмас» өлеңінде: *«Шынды таптым, қайғы басты. Шын сырымды айтайын. Дін де, **пән** де қатты адасты, дау сабасты барқырап»*–дейді.

Келесі өлеңінде де *пән* жайын сөз еткен.

«Адасып діншіл азғанын,
Пәншілдер ғылым қазғанын,
Философ ойшыл жазғанын,
Сынауға енді бұрдым бас».

Сонымен «пән» деп Шәкәрім нені айтқан? Неліктен оны сынға алған? Біз осы сұрақтарға жауап іздейміз.

Шәкәрім үшін пәншілдік ол – ғылымда затшыл (материяшыл) болу. Кеңес заманындағы философиялық түсінікке салсақ – материализм.

Шәкәрім пәншілдікті оң қабылдамаған, керісінше, оның **олқылығын жазып сынаған**.

Шәкәрім «Үш анықта» түпкі жаратушыны іздеуде екі жолдың қалыптасқанын айтқан. Оның бірі – түп жаратушы бар деген **пайғамбарлар** болса, екіншісі – түпкі жаратушы жоқ, дүние өз бетінше жаралып, өніп жатыр дейтін **затшыл ғылым, пәншілдік**.

Шәкәрім «Үш анықта» осы екінші жолдағылар жайында пікірлерін келесідей ойларымен сабақтайды; *«Енді біліп жаратқан ие де жоқ, өлген соң өмір де жоқ деген жолдың түбінде осы барлық әлем неден бар болды деген ойдан шыққаны төменгі сөзден мәлім болды. Ескі заманның білімділері әр нәрсенің түпкі негізі неден жаралғанын тексеріп, тамам нәрсенің негізі төрт нәрсе деп білген. Онысы – от, су, топырақ, ауа. Олардан кейінгі білімділер ол төрт нәрсенің әр біреуі әлденеше негізден жаралғанын таба–таба жақынырақ кезде түп негізі сексен шамалы екенін тапты. Әр дененің көзге ілінбейтін кішкентай тараулардан қосылып жаралғанын тауып, ол кішкентайды қанша ұсақтаса да ақырында тіпті бөлуге келмейтін болады. Сол бөлінуге келмейтін түп негіздердің атын Европаша атом деп атады»*.

Шәкәрімнің айтып отырғаны дүниенің түп негізінде жатқан алғашқы бастама – субстанцияны табуға тырысқан көне грек ойшылдарың философиялық ізденісі. Бұл ізденістер жаратылыстану ғылымының қалыптасуына алғышарт болған. Бірақ сол шеңберден шыға алмаған. Себебі олардың тапқан бастамасы (грек философиясында субстанция деп аталады) материалды әлем элементтерімен шектеліп, одан аса алмаған. Бұны көне заман ойшылдарының кемшілігі деп те айтуға болмас. Өйткені жаратылыстану ғылымының зерттеу нысанының өзі зат. Шәкәрім атамыз бұлар ізденістерід теріске шығаруды мақсат етпеген, бірақ олардың жауабына қанағаттанбаған.

Заттар әлемінен тыс ақиқат жоқ, қолмен ұстап, көзге көрінетін нәрсе ғана бар дейтін танымды Шәкәрім *«пән»*, ал оны ұстанушыларды *«пәншілер»* деген.

Жоғарыда Шәкәрім дүниенің субстанциясын су, от, ауамен байланыстырған көне заман ойшылдары Фалес, Анаксимен және Гераклиттің жаратылыстанымдық көзқарастары жайында айтып отыр.

Грек философиясында бұлармен қатар Демокриттің атомдар туралы ілімі пайда болып, алғаш рет дүниені құраушы ең ұсақ бөлшек атомдар екені мәлім болған. Шәкәрім ол жайында *«...Гректің Эпикур, Демокрит деген білімділері сол атомды дәлел қылып, барлық әлем атомнан өршіп, жаралып жатыр, оны былай қылайыншы деп біліп жаратқан ие жоқ деген бір жолға негіз салды»* – дейді.

Шәкәрім пәншілдік жайын сөз етпес бұрын үлкен ізденістер жасаған. Дүниенің негізін іздеген әртүрлі ғылыми болжамдарды танып білген. Философтардың пікірлерін қорытып, ой жарыстырған.

«Үш анықты» оқи отырып көне заман ойшылдарының дүниенің субстанциясы туралы ізденісте материалды әлемнің құрылымын танумен шектелгенін аңғарамыз. Ал Шәкәрімді толғандырған басты сұрақ **заттық әлемнің құрылымы емес, оның неден жаралғаны.**

Ойшыл «Үш анық» еңбегінде затшыл ғылымның Еуропада қалай өріс алғаны туралы пікірлерін әрі қарай сабақтайды: *«Соңғы кезде Европаның Гасенди, Декарт, Ньютон, Линней сияқты ойшылдары бұрынғы Эпикур, Демокриттерден қалған жаратушы ие жоқ дегенді қайта жаңғыртып, Европа арасында сол ойдың жайылуына себеп болды. Және атомдар бірін–бірі тартып қосылуына бір күшті дәлел табылды. Ол әр нәрседе бірін–бірі тартатын қуат барлығы. Оны орысша притяжение деп арабша тажазиб дейді. Мұны алғаш тапқан Англияның Исаак Ньютон деген ойшылы. 17 ғасырда алманың үзіліп жерге түскенінен ойлап тапқан. Бұл біліп жаратқан ие жоқ дегенді ұғымдырақ айтсақ, әлемдегі бар нәрсенің негізгі сексен түрлі атом, солар бірін–бірі тартатын притяжение заңымен қосылып, дене жасап, бірінен–бірі өсіп, өзгеріп жатыр, оны былай қылайын деп әр қайсысын әр бөлек жаратып жатқан ие жоқ және жан деген өз алдына бір нәрсе емес, сол атомдардан жаралған дененің бір қозғалысы, өзгерістерінен шыққан сипат»*.

Шәкәрімнің ойынша, затшыл ғылым жан туралы мәселеде қателескен. Әсіресе, олардың жан атомдар өзгерісінен шыққан сипат деген пайымы Шәкәрім түсінігіне қайшы. Ол жанды рухтық сипатта емес заттық, атомдардан құралған сипат деген атомистер іліміне қанағаттанбаған. Эпикур мен Демокрит түсінігінше жан атомдардан құралғандықтан тіршілік иесі өлгенде ыдырап кетеді. Яғни, жан өз бетінше өмір сүрмейді. Шәкәрім болса, жанды затар әлемімен шектеп қоюды адасушылық санайды.

Түп жаратушы ие туралы ешқандай заттық сипат, тексеріп көретін форма таба алмағандықтан пәншілер оны жоқ дей салумен шектелген. Бірақ жан туралы сұрақтан бас тарта алмаған. Себебі, тіршілік иелері өмір сүріп тұр. Солай бола тұра жанда қолға ұстап тексеретін оның заттық сипаты жоқ. Тіршіліктің өмір сүріп тұрғанын көзбен көріп, куә болып отырған соң заттық формасы жоқ екен деп жанды теріске шығара алмай, еріксіз мойындаған. Бірақ жанды олар материаны түсіндіргендей атомдар құрамасы деп затшылдықпен түсіндірген. Оны бұлай түсіндіру жанның тәннен тыс, мына тіршіліктен кейін де өмір сүретіндігіне күмәнмен қарауға әкеліп, *пәншілдікке* ұрындырған. Бұл пікірлерге қарсы «Үш анықта» Шәкәрім XIX ғасыр Еуропада затшыл ғылым түсіндіре алмайтын жан құбылыстарын куәландырған телепатия, спиритуализм, магнетизм ілімдерінен мысалдар келтірген.

Өлген адам жанының хабар беретіндігін, кейде адам болған оқиғаны көріп білмей тұрып алдын-ала сезіп, біле алатындығын мысал қылған. Шәкәрім осы ілімдердің дүние астарында басқа күштердің бар екендігіне адамдарды тәжірибелер арқылы куәландырғанын, кейін *заттшыл ғылым* жолындағыларда оны мойындап таңданғанын айтқан.

«Үш анықта» мұндай мысалдарды ойшыл жанымыз тән өлгенде бірге жойылып, тарап кетеді деген жоғарыдағы атомистік көзқарастарға қарата пікір ретінде қолданып, ойлануға шақырған.

Сонымен Шәкәрім екі мәселедегі *пәншілдіктің* басты кемшілігін айтқан. Ол **жаратушы** мен **жанды тануда** пәншілердің заттар әлемімен шектелуі. *Пәнді* Шәкәрімнің сынға алу себептері; біріншіден, **олардың жаратушыны жоқ деп тануы**, екіншіден, **жанды жолдан қосылды деу** және оның денелерді жаратудағы рөлін түсінбеу. Бұған **жанның қабілеттері мен тілеуіне, азығына сенбеу** де кіреді.

Әрі қарай *«Жоғарыдағы айтылған барлықтың бәрі өздігінен жаралып жатыр, оны былай қылайын деп біліп жаратқан ие жоқ деген жол әлдеқашаннан айтылып келе жатса да, әсіресе 17-18-19 жүз жылдардың аяқ шеніне шейін Европа ішінде көбірек жайылды»* –деп Шәкәрім затшыл ғылымның дәлелдерінің күштірек дегендерінен төмендегідей мысалдар келтіреді (*қысқартып береміз. Б.Қ.*).

1. ***Қайта айналыс жолы.*** *Барлық дененің түп себебі бұрыннан бар қуатты дене атом. Әр нәрсені өсіп өндіретін сол, дүниеде еш нәрсе жоғалмайды, бірақ өзгереді. Заттар қатты, сұйық, газдар болып үш түрге түседі. Осылайша заттар бір күйден екінші күйге ауысып, өзгеріп отырады. Адам да өлген соң сезім кетіп еш нәрсе сезбейді. Осы заңдылық бойынша алмасып отырады.*

2. ***Жаратылыс жолы.*** *Мұқым барлықтың бәрін бар қылып тұрған – жаратылыс жолы. Сондықтан біліп жаратушы ие деген бекер сөз, ол жаратылыс жолы осы жаратылғандардың өзінен бөлек нәрсе емес. Осыдан бөлінбейтін заң барлықтың бәрі сол заңнан еріксіз жаралып жатыр. (Философ Литерие сөзі).*

3. ***Тұқымдастық жолы.*** *Құрғақтағы хайуандар, адамдар, өсімдіктер, құстар – бәрі теңізден туған. Теңіз жерді орап алғандықтан су хайуандары, өсімдіктері құрғаққа шыққан. Жер жүзіндегі өсетіндердің, жандылардың бәрі басында су хайуаны. Сондықтан бұларды бөлек–бөлек жаратқан ие жоқ дейді. (Маиеннің сөзі).* (Ч.Дарвиннің ілімі осы қағиданы ұстанғанын еске саламыз. Б.Қ.).

4. ***Дене сезімі.*** *Біз әр нәрсені денедегі сезімімізбен білеміз. Мұқым барлықтың бәрі жаралыс жолымен еріксіз бар болып жатқанын көріп, біліп тұрмыз. Егер біліп жаратушы ие бар болса, бұл жаратылыс себептерінің түк керегі жоқ болар еді. Неге десең, бір жаратушы білімді құдірет бар болғаннан соң бұл себептердің керегі не? Сондықтан біліп жаратушы жоқ дейді. (Бұл – Бюнхер сөзі).*

5. ***Әр түрлілік.*** *Барлық дүниеге қарасаң тасы, ағашы басқа өсімдіктер, хайуандар, адамдар, су, от сияқты, тіпті біріне–бірі ұқсамайды. Бұл нені көрсетеді? Бұл әр нәрсе қалай болса солай кезі келгендіктен себебіне қарай жаралып жатыр. Оны былай болсын деп жаратушы жоқ екені осыдан мәлім дейді. (Демокрит сөзі).*

Бұдан *пәншілдіктің* **Құдайды теріске шығаратындардың ілімі** екенін көреміз.

Кеңес дәуіріндегі біздің санамызды билеген Маркстік ілімдер де, заттар әлемін ғана ақиқат деп тануға шақырған позитивизм де, Дарвиннің эволюциялық теориясы да осы *пәншілдік* қағидаларына сүйенген.

Бірақ адам болмысын тек затшыл ғылыммен тани аламыз ба, адам болмысының өзі метафизикалық (мета-тыс, физика – табиғат, зат) мазмұнға ие емес пе деген сұрақ туады. Бұл Шәкәрімді де толғандырған.

Шәкәрім түп жатарушы мен жанды тануда «сау ақыл» керек, дұрысы дүниені «ноқтасыз, сау ақылмен тану» деген. **Сау ақыл әдетке, алған білімге, идеологияға, субъективті көзқарасқа, сыңарезулікке бой алдырмайтын – сана.** Сау ақыл үшін затшыл ғылымға, не болмаса соқыр сенімге арқа сүйеу жат.

«Көрініске шоқынған, көр сопы бізді не қылсын» дейді Шәкәрім. Түп Иесін тануда көрініс қуып, көктен, жерден жазу көріп, жаратушының бар екенінің дәлелі осы деп түсіну Шәкәрімге тән емес. Ол көрініске шоқынған дегенде, жаратушының заттық келбетін іздеп жүргендерді айтқан.

Адам ақиқатты тани ала ма? Ойланатын сұрақ. Біз сол ақиқаттың ішінде емеспіз бе?! Олай болса адам оны қалай қолына алып көре алады?

«Ақылға сыймас ол Алла» деп толғанған хәкім Абай, адамның жаратушыны тануы жайлы:

«Ақыл мен хауас барлығын,
«Білмейдүр жүрек, сезедүр.
Мутакаллим мантикин
Бекер босқа езедүр»

деген. Муттакаллим дегені рационалистер, ал, мантикин ол мантық – логика ғылымы. Абай рационалистерді жаратушыны білгісі келетінін, бірақ жаратушыға жаратылғанның ақылы (логика) жетпейтіндігін айтып отыр.

«Өзгені ақыл ойға қондырады,
Біле алмай бір Тәңіріні болдырады»

дейді Абай.

Адамға жаратушыны **білу тән емес, сезу тән**. **Адам үшін жаратушыны білуден көрі, сезу нәтижелі.**

Көрініске шоқыну, пұтқа сыйынуда, құдіретті жүзбе-жүз көрем дейтін әдетте пәншілдік сипат бар.

«Молдалардан дін сұрасаң,
Сандырақтар сандалар.
Пәншілермен бас құрасаң,
Жан, Құдай жоқ, дер тұрақ.
Біз хақиқат елегіне
Осы екеуін елесек.
Түкке тұрмас керегіңе,
Екеуі де қалжырақ.
Пәнші дейді: «қайда тәңірі?»
Дінші дейді: «менде тұр!».
Екеуі де сөзге нанды,
Таза ақылдан жоқ сұрақ.
Пәнші нанды бес сезімге
Дінші адасты жолынан.
Сал ақылға, дұрысы не?
Дәлелін тап жақсырақ».

Шәкәрім пәнші мен діншінің дәлелін қанағат тұтпаған. Сонда оның тапқаны не дейсіз ғой? **Ол жатарушыға адам жанымен байланысады дейді**. Затпен біз жатарушыны ешқашан тани алмаймыз. **Жаратушыны тану көңілдің ісі.** «Жер жаһанға сыймаған құдірет күш сенуші адамның көңіліне сыйып кетеді» дейді Жалал әд-дин Руми. Адамның көңілі жер жаһаннан да кең деп отыр.

Шәкәрім **Жаратушыны тану үшін жанды таны** деген қағида ұсынған. ***«Шынды білмек ойласаң сен, алдыменен жанды біл»*** дейді. Немесе *«Жанға көнсем, жан иесі – Тәңірге де көнгенім»* деп ойын ашып айтқан. Жанға сенбеу жан иесіне де сенбеуге әкеледі. Шәкәрім **жанды тану жаратушыға бастайтын бірден бір жол** деп түсіндіреді.

Зайырлы қоғамда жантануға жақынырақ келетін ғылымды психология деп жүрміз. Шәкәрім осы психология ғылымының жанның басынан бар екендігін ойланғысы келмейтіндігіне қынжылған.

«...Жаным жоқ» – деп болады масқара адам.
Жалам емес, жазыпты пән деп мұны,
Не демес ойы жетпей сасқан адам.
Жанының бастан барын байқамапты,
Психолог ғылымын ашқан адам».

«Жаралыс басы қозғалыс, қозғауға керек қолғабыс. Жан де мейлі, бір мән де, сол қуатпен бол таныс» деген Шәкәрім жанның тіршілік атауының қозғалтушы қуаты, оған қолғабыс қылып тұрған себеп екенін айтқысы келеді. **Жан тіршіліктің жалғасы немесе құрамдас бөлшегі емес, бастаушысы деген идея ұсынған.** Түпкі қозғалтушы себепті «жан дейміз бе, әлде бір мән дейміз бе» соны танып білу керек деген.

«Пәншілерді» Шәкәрім дәһрилер деп атаған. *«Дүние бұрын бар нәрседен жаралады десең, оны бар қылатұғын бір ие керек. Егер иесіз өзі бар болды десең, онда дәһри деген әр діннің сөзі сықылды бір теріс ақымақтық болады. Дәһрилер дүние өздігінен бар болып, ескірген сайын бір нәрседен бір нәрсе жаралады дейді. Бұл тіпті теріс жол»*–деп жазды.

Дәһрилер – Құдай жоқ, дүние өздігінен дейтіндер. Хәкім Абай өлеңдерінің бірінде де осы түсінік кездеседі.

«Күні–түні ойымда бір–ақ Тәңірі,
Өзіңе құмар қылған соның әмірі.
Халиққа махлұқ ақылы жете алмайды,
Оймен білген нәрсенің бәрі – дәһрі».

Оймен білген деп *пәншілердің* танымын айтып отыр. Ой затқа ғана жетеді, оның мүмкіндігі шектеулі. Жаратушыны жүрек көзімен сезіп біле алатынымызды тұспалдайды. *Халиққа* (жаратушыға) *махұлық* (жаратылған) ақылы жете алмайды (Абай).

Ғұлама ойшыл, имам Әбу Хамид әл-Ғазалиде «Философтар позициясының күйреуі» атты еңбегінде осы дәһрилер жайында айтқан. Жаратушыны іздеуде адамдар екіге бөлінген дей келе Ғазали «оның бірі – ғаламды Жаратушының жасағаны дейтіндер, бұлар жаратылған нәрсе ешқашан жарата алмайды, олардың негізінде жаратушы тұр деушілер, ойлары логикалық заңдылықтарға қайшы емес, екіншісі – дахриттер» дейді. «Дахриттер – құдайсыздар. Олар ғаламды мәңгі және өзгермейтін жаралыс деп, оның Жаратушыдан жаралғанына күмән келтірушілер» [6]. Ғазали дахриттер деп атейстерді айтқан.

Заттар әлемін ғана шындық дейтін дәһрилер ілімі материалды әлемнің қызығын көруге шақырып, **жанды мүлдем ұмытып,** денеге бас ұрады. Осыдан келіп адамзат баласының **суық ақылмен жасалған білімі көңілін тазарта алмай**, жан дененің құлына айналып, түп иесін мүлдем ұмытады. Ал имани білімі жоқ адам дүниенің сөзін сөйлейді.

«**Пән жамылған әлімдер**,
Дін жамылған зәлімдер,
Бере берсең, бәрін жер,
Сол жалмауыз паңнан без»
–деген Шәкәрім бұл жайында.

Жаратушыны теріс көрген, көкірегінде инедей саңылау жоқ адам үшін күнә, обал, сауап түсініктері қияли, мағынасыз. Білім жүрекке бармаған соң адам рухани тазара алмайды. Бұлар жайында, *"Адасып әлім шатылды, ол шатасқан шаңнан без"* деген ақын. Жаратушыны, жанды қаперіне ілмеген *«пәншілдік»* адам жүрегін қатайтып, жанашырлық, мейірім сезімдерін тұмшалайды.

«Күн көре алмай жақының жатыр өліп,
Шіміркенбей жемтігін жейсің бөліп.
«Ғылым деген бұл болса, адыра қалсын»
Демеске бара жатыр ішім толып»–дейді Шәкәрім.

Шәкәрімнің ойынша *пәншілдік* әлемнің құбылыстары жайында айтып, оның түп себебін көре алмай отыр.

«Ғылым деп боқты жегізді,
Денесіз зат жоқ дегізді.
Пайдасыз пәнмен перделеп,
Тапқызбай қойды негізді».

Пайдасыз *пән* жүректің көзін перделеп, оған «Хақтықтың сәулесін» (Абай) түсірмейді. *Пәншілер* үшін қолмен ұстап, көзбен көргендер ғана бар, қалғаны маңызды болмаған соң жан азығы, көңіл-жүрек тазалығы, жан тазалығы, махаббат, нұр, аян тәрізді көзге көрінбейтін құбылыстар жайында ештеңе айта алмаған. Негізінде адам баласы осылар арқылы адамдық дәрежеге көтеріліп, дүниені танып біледі. **Шәкәрімдегі Ар білімі туралы идея жантану ізденістерінің нәтижесінде қалыптасқан**.

«Айла, күш – айуандықтың ең жаманы,
Боқты боқпен жуғанмен ел түзелмес.
Ар түзейтін бір ғылым табылмаса,
Зұлымдықты жалғанда әділ жеңбес»
–деген ақын.

«Көрінер ғылымды елдің сырты таза,
Тексеріп терең ойға салмағанда.
Ақымақ пен айуанның иісі аңқиды,
Істерін әбден сынап талдағанда»
–деп Шәкәрім *пәншілдікке* белшесінен батқан құдайсыздық ілімдерін тағы да сынаған.

Ғылым *затшылдықпен* шектелсе, ол ардың ісіне айналмаса, сырты бүтін көрінгенмен іші бүлінетінін меңзеп отыр. Ғылым – ардың ісі болу керек. Ар тазалық өлшемі, адамның жаратушы алдындағы жауаптылығы. Ұждан екі дүниеде де жанның азығы.

Шәкәрімнің *пәншілдік* туралы айтқандары **пайдасыз білім** туралы **ойды қозғайды.** *Пәншілдік* ол да білім, **бірақ түп иесін тануда пайдасыз білім**. **Жантануда одан келетін үлес жоқ.** Жоғарыдағы ақынның *«Пайдасыз пәнмен перделеп, тапқызбай қойды негізді»* деген жолдардағы айтпағы да осы.

Орыс отаршылығы арқылы келген ағартушылық қазақтың санасына бөтен ілімдерді сіңіріп бақты. Ол ағартушылық саясат еліміздің, ұлтымыздың мәдениетін ескішілдік деп үйретті. Елдік санадан, дін мен тілден айырды. Қазір сырттан келген пайдасыз білімнің зардабын көріп отырған жайымыз бар. Қазаққа сырттан келген ағартушылық ілімдер құдайсыздық ұранын таратты. Саяси жасалған ағартушылық *пәншілдік* сипатта өріс алып, елге рухани азық бола алмады. **Бойымызға жұқпай, сыртта сырғанады**. Шындығында қазаққа *«жүректі тот»* (Шәкәрім) бастырмайтын, рухани тазалыққа, таза ауаға бастайтын Шәкәрім айтқан **ар білімі** қажет болатын.

Шәкәрім сынды ғұлама ар білімі қажет деу арқылы қазақтың ғана емес, адамзат баласының алдындағы үлкен сұрақты шешуге тырысқан.

«Сыртқы сөзің шын болса,
Ішің толған жын болса,
Жүрегіңде мін болса,
Айтқан сөзің ем емес!
Жүрегі таза адамдар,
Зұлымдықтан амандар,
Қиянатсыз надандар
Әулиеден кем емес!».

Шәкәрім *«қиянатсыз надандарды әулиеден кем емес»* деу арқылы адамшылықтың ең алдымен білім арқылы емес, қиянатсыздық арқылы қалыптасатынын айтып, қиянатсыздықты білімнен жоғары қойған.

Адам баласы зиянкес, қиянатшыл. Білім ардың алдына түсіп кетсе адамшылыққа қызмет етуі екі талай. **Пәншілдік – ардың алдына түсіп кеткен білім жүйесі.**

Ар білімнің **алдында** тұрса, білімді адамзат игілігі үшін қызмет еткізуге болады. Әр адам қиянатсыз болуға тырысса, зиянсыз экономика, зиянсыз білім, зиянсыз саясат, зиянсыз ғылым, зиянсыз дін, зиянсыз ой, зиянсыз қатынас адамзатты таза ауаға алып шығар еді. *«Қиянтың бар болса иманың жоқ»* деген Шәкәрім. Тұтқан дінің үшін де жаратушы алдында есеп бересің.

Қиянатсыз ой ойлау, қиянатсыз сөз сөйлеу, қиянатсыз әрекет ету адамды жарыққа, тазалыққа бастайды.

Әлихан Бөкейханның *«Білімнен мақсат шықпайды. Әзәзіл ұжмақтан надандықпен шыққан жоқ. ...Ұлтына, жұртына қызмет ету білімнен емес, мінезден... Білім біліммен, мінез – мінезбен*» деген сөзі бар. Біріншіден, Әлихан мінез деп атаның сүйегі, ананың сүтімен сіңген қасиетті, тәрбиені, елге, жерге деген сүйіспеншілікті айтып отыр. Екіншіден, білімнің табиғатына күнәнің тән екені туралы ой қозғайды. Адамзат баласының жұмақтан қуылуына білім ағашының жемісін жеуі себеп. Парадокс.

Арлы ақыл, ар білімі деу арқылы Шәкәрім үнемі арды алға қойып отырған. Арсыз білім, арсыз ақыл адамзатты адастырмақ. Шәкәрімнің «пәншілдік» орнына «ар түзейтін ғылым қажет» дегендегі басты ойын, *пәншілдік* турасындағы идеяларын осылай түсіну қажет. Сыртқы дүниені танып, оны адамзат игілігіне қызмет еткізу үшін затшыл ғылымның өз орны бөлек болғанмен, жанды, Жаратушыны тануда оның сол шектеулі шеңберден шыға алмайтынын түсінген жөн. Шәкәрімнің де айтпақ ойы осы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Шәкәрім. Иманым. Алматы: Арыс, 2000. – 117 б.
2. Құдайбердиев Ш. Шығармалары /Өлеңдер, дастандар, қара сөздер/. Алматы, 1988.– 206 б.
3. Ш. Құдайбердіұлы. Үш анық. // Әлем альманах. Алматы, 1991. -20 б.
4. Ш. Құдайбердіұлы. Мұсылмандық шарты. //Жол табалық ақылмен. Халықаралық Абай клубы 2006.–671 б.
5. Құнанбаев А. Шығармаларының бір томдық толық жинағы. Алматы, 1961. –227 б.
6. Абу Хамид аль-Газали. Крушение позиций философов. Москва, 2007.

ӘОЖ 39:1(=512,122)

ЖАҺАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ САҚТАУДЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Ракимжанова Саяна Қадырқызы
С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті
философия кафедрасының қауымдастырылған профессор м.а., PhD докторы,
Болысова Куралай Махсутхановна
Астана халықаралық университеті
Өнер және гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің
қауымдастырылған профессор м.а., философия ғылымдарының кандидаты, Астана, Қазақстан

Қазақ халқы өзінің ұзақ тарихи даму жолында бірнеше маңызды өркениеттік кезеңдерді бастан өткеріп, әр кезең ұлттық болмыс пен тарихи сананың қалыптасуына өзіндік әсерін тигізді. Бірінші кезең – «Алтын дәуір» деп сипатталады. Бұл – Алтын Орда кезеңімен сәйкес келетін уақыт. Қазақ пен ноғай халықтарының бірлігіне негізделген бұл дәуір көшпенділер өркениетінің ең шарықтау шегі ретінде бағаланады. Ұлы Дала кеңістігіндегі өмір салты мен ерлік рухын сипаттайтын эпостық мұралар – «Қырымның қырық батыры», «Ер Қосай» секілді жырлар – осы кезеңдегі тарихи сананың көркем көрінісі болып табылады. Екінші кезең – «Қиын-қыстау заман». Бұл уақытта қазақ пен ноғай бірлігі ыдырап, қазақ халқы өз бетінше мемлекет құру жолына түсті. Тәуелсіздікке ұмтылған көшпенді жұрт түрлі ауырлықтарды бастан кешірді. XV–XVII ғасырлар аралығындағы Дайыр Қожа, Қазтуған, Асан Қайғы, Доспанбет, Шалкиіз, Жиембет, Ақтамберді, Үмбетей, Бұқар жырау секілді жыраулардың шығармашылығы осы тарихи кезеңнің рухани айнасы іспетті. Бұл кезеңдегі жыраулық поэзия – халықтың еркіндікке деген ұмтылысын, ел мен жерге деген сүйіспеншілігін сипаттайтын терең философиялық мұра болып табылады. Үшінші кезең – «Зар заман». Бұл кезең Еуразиялық көшпелі өркениеттің әлсіреуінен басталып, қазақ халқының Ресей империясының ықпалына толықтай тәуелді болуымен сипатталады. Осы уақыттағы тарихи санада тәуелсіздіктен айырылудың зардабы, әлеуметтік күйзеліс, рухани дағдарыс көрініс тапты. Шортанбай Қанайұлы, Дулат Бабатайұлы және Мұрат Мөңкеұлы сынды зар заман ақындары бұл тарихи ахуалды терең сезіммен бейнелеп, елдің тағдырына алаңдаушылық білдірді. Төртінші кезең – «Жаңару дәуірі» немесе «жаңа заман». XX ғасырдың басынан бастап басталған бұл кезеңде Шығыс елдерінде, соның

ішінде Қазақстанда да, реформалық идеялар белсенді түрде тарала бастады. Бұл қозғалыс ұлттық мәдениет пен этностық ерекшеліктерді сақтай отырып, жаңғыру бағытын ұстанды. Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбайұлы және Ыбырай Алтынсарин сынды ағартушылардың еңбектерінен бастау алған бағыт кейіннен «Алаш», «Қазақ», «Түркістан» идеялары арқылы саяси деңгейге көтерілді. Ұлттық сана мен ұлтжандылық бұл кезеңде ерекше қарқынмен дамыды. Бесінші кезең – Қазіргі заман. Бұл – тарихи сананың жаңғыру, трансформациялану кезеңі. Қазақстан индустриялық және постиндустриялық даму жолына түсе отырып, жаһандану үдерістерінің белсенді қатысушысына айналды. Қазіргі таңда тарихи сана жаңа мазмұнмен толығып, ұлттық мұра мен жаһандық құндылықтарды үйлестіру міндеті алдыңғы қатарға шықты. Қазіргі уақытта дүние жүзінде аса күрделі процестер іске асуда. Соның бірі жаһандану (глобализация, ғаламдастыру) процесі – бұл әлеуметтік, рухани, саяси экономикалық процесті білдіретін термин. Жаһандану, ғаламдану, әлемдік ауқымдану, глобализация (ағылш. Global - әлемдік, дүниежүзілік, жалпы) – жаңа, жалпы әлемдік саяси, экономикалық, мәдени және ақпараттық тұтастық құрылуының үрдісі [1]. Жаһандану қандай да болмасын процестің, іс-әрекет барысының немесе мәдени-әлеуметтік феноменнің бір ғана ұлт, халық, мемлекет, өркениет немесе континент шеңберімен шектелмей, бүкіл планеталық деңгейде көрініс тауып, маңызға ие болуын танытатын ұғым. Бүгінгі таңда, дамудың қандай да болса проблемасын жаһандану үдерісінен бөлек қарау мүмкін емес [2].

Француз философы Жак Деррида жаһандану құбылысын қазіргі әлем дамуының **қайтарымсыз әрі заңды үдерісі** ретінде сипаттайды. Оның пікірінше, бұл үдерісті сыни тұрғыдан, терең пайыммен саралай отырып, оның **оң және теріс жақтарын** айқындау қажет. Жаһандану – әлем халықтарының мәдениеті, экономикасы, саяси құрылымы мен ақпараттық кеңістігін жақындастырып, біріктіретін әмбебап сипаттағы үдеріс. Бұл тұрғыдан алғанда, жаһандану ұлттық мемлекеттерге жаһандық интеграциялық үрдістердің жетістіктерін, экономикалық және ғылыми-технологиялық дамудың игіліктерін алып келу әлеуетіне ие. Алайда бұл үдерістің екінші бір қыры – ұлттық мәдениетпен дәстүрлі құндылықтарды көмескілену қаупін тудыруы. Жаһандану кейбір жағдайларда **ұлттық бірегейліктің әлсіреуіне**, этникалық мәдениеттердің жұтылып кетуіне, сондай-ақ саяси және әлеуметтік тәуелсіздік ұстанымдарының әлсіреуіне жол ашуы мүмкін. Ауқымды мәдени экспансия мен гомогенизацияға бейім бұл құбылыс **әлсіз өркениеттер мен шағын этностардың мәдени кеңістігін шектеуге немесе жоюға ұмтылатын ықпалға** ие болуы ықтимал. Осыған байланысты жаһандану үдерісін толықтай терістемей, оның ұтымды жақтарын ұлт мүддесіне сай икемдеп, жағымсыз ықпалдарын **бейтараптандыру** маңызды. Қоғам үшін жаһандану белгілі бір деңгейде қажеттілік болғанымен, оның ұрпақ санасын қорқынышты, жат бейнеде өзгеруіне жол бермеу қажет. Бұл – ұлттық құндылықтарды сақтау, дамыту және оларды жаһандық өзгерістерге бейімдей отырып қорғау арқылы жүзеге асатын үдеріс. Ұлтты ұлт ететін – тіл, дәстүр, тарих, мәдениет секілді рухани-мәдени негіздер. Осы құндылықтар жаһанданудың жағымсыз ықпалынан қорғалып, саналы түрде іріктелген, икемделген жағдайда ғана **ұлттық тұтастық пен рухани егемендікті** сақтап қалуға болады. Ал жаңашылдық ұғымына келетін болсақ, адамдар өміріндегі ойлау жүйесінің немесе дүниені қабылдаудың жаңа түрін шығару және қалыптастыру процесін айтамыз. Бұл көбіне ғылымда «инновация» терминімен байланысты. «Инновация» – латын сөзінен шыққан, ол «жаңару», «жақсару» немесе «өзгеру» деген мағынаны білдірді. «Innovatio» «өзгеріс бағытында» деген мағынада айтылған сөз [3]. Инновациялық ойлау, демек, жаңаша ойлаудың бағытын білдіретін ұғым. Оның үш өлшемі бар:жаңа ой, жаңа іс, харекет және жаңа нәтиже. Жаңалықты тану, сөйтіп, оны білім, ғылым, ең бастысы технологияға айналдыру [4]. Санамыз, ойымыз, ісімізден озып жүруін және жаңғыруын қажет етеді.

Қоғамның басты мақсаттарының бірі – елін сүйетін, отансүйгіш, рухани әрі адамгершілік қасиеттері жоғары тұлға тәрбиелеу болып табылады. Бүгінде Қазақстанның халықаралық және ақпараттық кеңістікке енуі ел дамуы үшін маңызды жетістік екені сөзсіз. Алайда бұл үдеріс ұрпақтың тарихи жадын, ұлттық дәстүр мен мәдени мұраларын ескерусіз қалдыруына себеп болмауы тиіс. Жастар өздерінің шыққан тегін, ұлттық болмысын, мәдениеті мен дәстүрін терең меңгермейінше, ел дамуына лайықты үлес қосуы қиынға соғады. Кез келген ұлттың негізгі тірегі – оның ұлттық құндылықтары екені даусыз.

Қазақ халқы өзінің бай да ұзақ тарихында көптеген қиындықтарды бастан кешіріп, осы жолда ұлттық болмысына сүйене отырып алға басты. Сол себепті жаһандану заманында ұлттық құндылықтарға немқұрайлы қарамай, оларды бағалай білу – бүгінгі және келешек ұрпақ үшін аса маңызды. Құндылықтарды сақтап қана қоймай, оларды қазіргі заман талабына сай қайта жаңғырту – бұл жастардың дамуына кедергі емес, керісінше, бағыт-бағдар бола алады.

Бүгінгі жаһандық бәсекеге толы заманда жастардың үздіксіз ізденіп, табысты болуға ұмтылуы қажет. Бұл жолда олардың білім алуымен қатар, өз мәдениеті, тілі, діні мен салт-дәстүрін ұмытпауы – маңызды мәселелердің бірі. Сонымен қатар, адамгершілік қасиеттерге бай, өзге адамдарға жанашыр, мейірімді ұрпақты тәрбиелеу – ұлттық болмысымызды сақтау мен дамыту жолындағы маңызды бағыттардың бірі. Жас ұрпаққа ұлттық тәрбиені сіңіру арқылы болашаққа нақты қадам жасай аламыз. Қай кезеңде де рухани құндылықтар – ұрпақтың басты қажеттіліктерінің бірі. Қазіргі таңда дәстүрлі қоғам өзгерістерге бейім емес деген көзқарастар жастардың санасына орнығып қалған. Алайда дәстүрлерді заман талабына сай бейімдеу – ұлттық сананың даму жолындағы маңызды қадам. Жастар өз халқының дәстүрін, мәдениетін, ұлттық құндылықтарын меңгере отырып, алдыңғы буыннан тәжірибе алады және оны өз идеяларымен байыта түседі.

Ұрпақтар сабақтастығы – қоғам дамуының маңызды элементтерінің бірі. Жастар бойында Отанға деген сүйіспеншілік қалыптастыруда ұлттық құндылықтардың атқаратын рөлі айрықша. Осы тұрғыда Бақытжан Сатершинов қазіргі жаһандану жағдайында батыстық бұқаралық мәдениеттің әсерінен ұлттық мәдениеттің әлсіреу қаупі бар екенін атап өтіп, оны қайта жандандыру жолында бірқатар міндеттерді шешу қажеттігін алға тартады. Ол, ең алдымен, ұлттық тілді, дәстүрді, тарихи жадты сақтап, мәдени-рухани мұраны игерудің маңыздылығын баса көрсетеді. Осы қадамдар арқылы ғана біз ұлт ретінде рухани жұтаңдықтан арылып, мәдени тәуелсіздігімізді сақтап қала аламыз [5].

Қазақ халқының сан ғасырлық тарихи-мәдени тәжірибесі ұрпақ тәрбиесіне ерекше мән беріп келгенін көрсетеді. Бабаларымыз ұрпақтың тек дүниеге келуін емес, оның толыққанды тұлға ретінде қалыптасуын өмірлік маңызы бар іс деп таныған. Адам болып туу – табиғи құбылыс болса, ал нағыз азамат ретінде қалыптасу – тәрбиенің, орта мен рухани құндылықтардың нәтижесі. Осы тұрғыдан алғанда, ата-баба жолын танымайтын, тарихи-мәдени тамырын мойындамайтын, өткенді «ескілік сарқыншағы» деп қабылдайтын ұрпақтың болашағы алаң туғызары сөзсіз. Мұндай жастардың ұлттық сана-сезімі әлсіз болып, олар қоғамның рухани жаңғыруына кедергі келтіруі ықтимал. Қазіргі кезеңде адамзат рухани құндылықтардан алыстап, материалдық мүдделерді алдыңғы орынға қоюда. Бұл үрдіс қоғамда рухани тоқырауға, адамдар арасындағы өзара түсіністіктің азаюына, әлеуметтік жіктелудің тереңдеуіне әкеп соғуда. Бұл құбылыстардың негізінде адами парасаттың әлсіреуі, руханияттың бағаланбауы және ұлттық құндылықтарға деген селқостық жатыр. Осындай жағдайда ұлттық дүниетаным мен дәстүрлі тәрбие жүйесі қоғамның тұрақтылығы мен дамуы үшін маңызды тірек бола алады.

Ұлттың тарихи жады мен рухани мұрасын жаңғырту – қазіргі кезеңдегі өзекті мәселелердің бірі. Тарихтан білетініміздей отарлық саясат пен тоталитарлық жүйе қазақ халқының тарихи санасын тұмшалап, ұлттық болмыстан алыстатуға тырысты. Дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар «ескіліктің қалдығы» ретінде қабылданып, рухани құндылықтардан алшақтау процесі жүрді. Мұның салдары ұрпақ тәрбиесінде жүйесіздікке, мәдени дағдарысқа әкелді. Бүгінгі күні бұл қателіктерді қайталамау – аса маңызды. Ұлттық сана, мәдени мұра, рухани құндылықтар – жас буынның болашағын айқындайтын басты тіректер. Сондықтан да ұлттық негіздегі тәрбие жүйесін нығайту – қоғам дамуының басты бағыттарының бірі болуы тиіс. Жаһандану дәуірінде ұлт ретінде сақталып қалудың басты шарттарының бірі – тарихи сабақтастық пен рухани мұраны ұрпақ санасына сіңіре білу. Өткен мен бүгіннің арасындағы рухани және мәдени байланысты үзіліссіз жалғай алған жағдайда ғана біз болашаққа сенімді қадам жасап, кейінгі буынға айқын бағыт көрсете аламыз. Алайда бүгінгі таңда өз халқының тіліне, дініне, дәстүріне немқұрайлы қарап, ұлттық рухы әлсіз, өз ұлтына тән құндылықтарды мойындамайтын, тарихи тамырынан ажыраған жастардың бой көрсетіп жүргені жасырын емес. Бұл құбылыс – қазіргі ақпараттық-технологиялық дәуірдің ықпалынан туындап отырған сананы улайтын үрдістердің салдары.

Бүгінде, жаһанданудың жағымды тұстарымен қатар, жастардың санасына теріс ықпал ететін мәдени экспансия да кең етек жайып келеді. Кейбір жастардың дәстүрлі құндылықтарымызды теріске шығарып, оларды еуропалық өркениеттің призмасы арқылы бағалауға бейім болуы – ұлттық бірегейлікке төнген үлкен қауіп. Бұл жағдай ұлттық сана мен рухтың әлсіреуіне әкеліп соғуы мүмкін. Өзінің тарихи болмысын басқа өркениеттен іздеген ұрпақтың ұлт ретінде қалыптасуы қиынға соғары анық.

Академик Ғарифолла Есім бұл мәселеге орай: «Еліктеушілік дегеніміз біреудің соңынан салпаңдап ере берушілік. Ал, әлемге өз өлшемін ұсына білу – ол жаңа сапалық, тың өркениеттік сұраныс. Біз осындай сұранысқа сай болу үшін көптеген мәдени, оқу, білім, ғылым, өнер саласында жаңа сапаға өтуіміз қажет. Тың сапалық кеңістікке шығу үшін біз өркениеттің жаңа өлшемін ұсынуымыз керек. Еліктеу және әлде кімдерден шәкірт болып үйрене беру өркениеттілікке жеткізбейді» [6], – деп, ұлттық ерекшелікті сақтау арқылы ғана өркениеттілікке қол жеткізу мүмкін екендігін алға тартады.

Шындығында, қазіргі кезде ақпарат құралдарының дамуы мен интернет технологияларының, әлеуметтік желілердің кеңінен таралуы жастардың дүниетанымына зор ықпал етіп отыр. Батыс мәдениетіне бейсаналы еліктеу – қазіргі қоғамда кең етек алған құбылыс. Мұндай жағдайда ұлттық құндылықтарымызды сақтап қалу мәселесі күн тәртібіне өткір қойылуы тиіс. Жаһандану заманында бізге жаңа технологиялар мен ғылымның жетістіктерін меңгеру қажет екендігі сөзсіз. Бұл – біздің жаһандық бәсекеге қабілетті ұлт болуымыз үшін маңызды шарт. Алайда, батыстан тек пайдалы тәжірибені ғана алуымыз қажет. Ал олардың дүниетанымынан туындаған, ұлттық сана-сезімге жат мәдени үлгілерінен бойды аулақ ұстау – аса маңызды.

Қазіргі қоғамда жастардың кейбірінің жат әрекеттерге бой алдыруы – ұлттық иммунитеттің әлсіреуінің айғағы. Бұл – жастардың шетелдік құндылықтарға шектен тыс әуестеніп, өз тамырынан ажырауының көрінісі. Сондықтан ұлттық дәстүр, тіл, тарих және дін сынды төрт іргелі құндылықтарымызды сақтау – бүгінгі ұрпақтың рухани қауіпсіздігін қамтамасыз етудің басты жолы. Осы құндылықтар ұлтты ұлт етіп отырған діңгек іспетті. Егер біз осы діңгектеріміздің айырылсақ, болашаққа бастар жолымыз бұлыңғыр болмақ. Ұрпақ тәрбиесі – ел болашағының кепілі. Алайда қазіргі кезеңде осы маңызды салада жүйесіздікке жол беріліп жатқаны байқалады. Жастардың танымдық бағдарында сыртқы мәдениетке, әсіресе батыстық үлгілерге шектен тыс еліктеушілік белең алуда. Бұл үрдіс ұлттық құндылықтардың маңызын төмендетіп, жастардың өз болмысынан алшақтауына себепкер болып отыр. Мұндай ахуалға жол бермеу – әрбір зиялы қауым өкілінің, саналы азаматтың азаматтық борышы.

Ұлттың болашағы оның төл мәдениетінде, салт-дәстүрінде, ана тілінде, тарихи санасында жатыр. Ұлттық құндылықтар – жас ұрпақтың тұлғалық дамуы мен рухани кемелденуінің негізі. Сол себепті де, қазақ халқының бойында ғасырлар бойы жинақталған моральдық-этикалық құндылықтардың ұрпақ тәрбиесіндегі орны айрықша [7].

Қазіргі жаһандану үдерісінде ұлттық болмысты, құндылықтарымызды сақтап қалу, әсіресе жас ұрпақтың рухани-мәдени кеңістігін қалыптастыруда аса маңызды. Жас ұрпақ өзінің ұлттық келбетін бөтен өркениеттен емес, ата-бабалардың өмір сүру тәжірибесінен, тарихынан және ғасырлар бойы қалыптасқан рухани мұрасынан іздеуі тиіс. Олай болмаған жағдайда, батыстық мәдениет пен өмір салтына шектен тыс еліктеудің салдары ретінде, тілін, дінін, мәдениетін менсінбейтін, өзіндік тарихи тамырынан үзіліп қалған ұрпақ қалыптасу қаупі бар. Бұл жағдай елдің болашағына тікелей әсер ететіні сөзсіз.

Аталған мәселелерді шешудің тиімді жолдарының бірі – ұрпақты ұлттық рухта, отансүйгіштік пен мәдени сана негізінде тәрбиелеу. Ұлттық патриотизм мен рухани тұтастықтың іргетасы болып табылатын дәстүрлі тәрбие жастардың болмысын қалыптастыруда ерекше рөл атқарады. Рухы биік, намысы берік ұрпақ ғана өз ұлтының тілін, мәдениетін, дінін және дәстүрін жаңғыртып, дамытуға қабілетті болмақ.

Ал, керісінше, ұлттық құндылықтарды елемеу, аяқасты ету ұрпақты сана-сезімі әлсіз, бағыт-бағдары бұлыңғыр, сыртқы ықпалға оңай берілетін тобырға айналдырады. Мұндай қоғамда болашақтың тұрақтылығы мен кемелдігіне сеніммен қарау қиын. Жаңа дәуір жастарының қалыптасуында тек технологиялық прогреске немесе заманауи білімге иек арту жеткіліксіз. Бүгінгі таңда, қоғамның алдында тұрған маңызды міндет – интеллектуалды ұрпақ тәрбиелеу. Алайда бұл интеллектуалдық өрлеу ұлттық негізден ажырамаған жағдайда ғана шынайы және тұрақты болмақ. Ұрпақтың ой-өрісі мен таным көкжиегі ұлттық құндылықтармен сусындаған жағдайда ғана, олар заман талабына сай дамып, ұлттың рухани тәуелсіздігін қамтамасыз ете алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан: ұлттық энциклопедия / ред. Ә. Нысанбаев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2001. – 720 б.

2. Болысова К.М. Мәңгүрттік әлеуметтік-философиялық феномен ретінде: филос. ғыл. кан. дисс. автореф.: 09.00.11. – Алматы, 2010. – 25 б.

3. Құрманбаева Н.М. Культура Востока и Запада: проблемы интеграции. – Алматы:Бастау, 2000. – 247с.

4. Есім Ғ. Инновациялық ойлау жүйесі // ҚазҰУ хабаршысы. – 2013. – №2(43). – Б. 4-8.

5. Сатиршинов Б.М. Тарихи сананың қалыптасуы мен дамуын әлеуметтік-философиялық талдау: 09.00.11: филос. ғыл. док .....автореф. – Алматы, 2009. – 45 б.

6. Есім Ғ. Бостандықтың бағасы. – Алматы: ЖШС Қазақстан баспа үйі, 2003. – 24 б.

7. Ракимжанова С.К. Дәстүрді философиялық бағамдау // Адам әлемі. 2018. – №2(76). – Б. 75-83.

ӘОЖ 101.1

ЖҮСІП БАЛАСАҒҰН ШЫҒАРМАСЫНДА ШЕШЕНДІК ӨНЕР ЖӘНЕ ТІЛ ФИЛОСОФИЯСЫ

Рахимшикова Мавлуда Каримжановна
М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті
философия ғылымдарының кандидаты, доцент, магистр
Хавазметова Динора Алишерқизи
Шымкент университеті, тарих және құқық кафедрасы оқытушысы, магистр, Шымкент, Қазақстан

Қазақ даласы даналарға, ғұламалар мен ақындарға, халық қадір тұтқан ойы мен санасы озық ойшылдарға қашанда кенде болмаған. Елдің жүрегінен орын алған қасиетті есімдер жыл сайын жаңғыра түседі.

Бабалардың тағылымды істері және рухани мұралары келешек ұрпағына қай уақытта да өнеге. Олар қалдырған ғылыми, рухани мұраны зерттеу, оның мазмұны мен маңызын халыққа жеткізу біздің негізгі парызымыз.

Сондай-ақ, халқымыздың сан ғасырлар бойы ұлы шығыс өркениетінің аясында дамығаны белгілі. Ұлтымыздың данышпан перзенттері білім мен ілімнің озық үлгілерін ислам мәдени орталықтарындағы білім ордаларында алды.

Сонымен қатар, әрбір халық, әрбір ұлт өзінің мәдени мұрасын жоғары деңгейде қадірлеген сайын ол әлемдік жұртшылық алдындағы, ұлы адамзат тарихы алдындағы мәртебесін биіктетеді. Сол себептен руханият әлеміне, өнер саласына барынша толыққанды көңіл бөлгенімізден ешқашан ұтылмаймыз. Осындай тарихи қадамдардың арқасында біздің ата-бабаларымыз өзінің ұлттық тіліндегі білімін жетілдіру бағытында асқақ биіктерге көтеріліп, тарих сахнасында өзіндік тарихы, философиялық ой-санасы бар халықтардың қатарында ерекше орынға ие болды.

Адамзат тарихында ғасырлар бойы сақталып, көне жазба ескерткіштері, халық ауыз әдебиеті шығармалары арқылы бізге дейін келіп жеткен мәліметтерге назар аударсақ біздің ата-бабаларымыздың тілді, адамның сөйлеу мәдениетін адамгершіліктің ең басты өлшемі деп санағанына куә боламыз. Шешендік өнердің, риториканың білім, ғылым әрі мәдениеттің дамуындағы орны аса маңызды екендігін назарға ала отырып Жүсіп Баласағұнның шешендік өнер мен тіл философиясының дамуына қосқан үлесін зерттеу тақырыбына айналдырдық.

Жүсіп Хас Хажиб Баласағұн (1020-1070) – аты дүниежүзі халықтарына танымал болған философ, ақын, қоғам қайраткері. Әлемге әйгілі шығыстанушы ғалым А.Н.Кононов: «Құтадғу білік» – қоғамдағы адам өмірінің мазмұны мен орнын талқылаушы философиялық шығарма, [1. 510] деп жазған. Бұл пікір бекер айтылмаған. «Құтадғу білік» кітабында көтерілген мәселелердің ауқымы өте кең және алуан түрлі болып, философиялық мәселелер талқыланған. Мысалы, әлем және оның құрылымы, табиғат, адамзат, оның ақылы немесе санасы, өмірдің мәні, өлім және мәңгілік, таным, білім және тәрбие, отбасы құру және басқалар. Философиялық сипатқа ие жоғарыда атап өтілген ауқымы жағынан өте кең әрі күрделі кітап арнайы зерттеуді талап етуде.

Осы тақырыпты зерттей отырып, тарихта Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» шығармасын жан жақты зерттеген ғалымдар туралы қысқа мәлемет беруді жөн көрдік. Ең алғашқы зерттеу жұмыстары XIX ғасырдың басында басталды. Өткен ғасырда Жүсіп Хас Хажиб Баласағұнның «Құтадғу білік» еңбегін ең көп әрі жан-жақты зерттеген Венгриялық ғалым Герман Вамбери болды. Ол 1970 жылы баспадан шығарған «Ujgurische Sprachmonumente und das Kutadgu Bilik» [2] кітабы Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» шығармасын бүкіл Еуропаға танымал етті. Сондай-ақ, Туркия ғалымдары ішінде Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» шығармасын жетік меңгерген Р.Р.Арат есімді ғалым осы тақырыпқа арнап көптеген мақалалар және монографиялар жазды [3]. Түркияның ғалымдары 1942-1943 жылдары бұл еңбектің үш нұсқасын Стамбұлда үш томдық кітап ретінде шығарды.

Зерттеу жұмыстары Ресей, Өзбекстан және Қазақстанда да жүргізілді. Мысалы, XIX ғасырдың 60-шы жылдарынан бастап орыс түркітанушы ғалымдары В.В.Радлов, В.В.Бартольд Жүсіп

Хас Хажиб Баласағұнның «Құтадғу білік» еңбегін зерттей бастады. Сонымен бірге, «Құтадғу білік» дастанын Өзбекстандық ғалым Қ.Каримов өзбек тіліне аударып, 1971 жылы кітап етіп шығарды. Н.Гребнев (1971), С.Иванов(1983) орыс тіліне аударды. 1986 жылы қазақстандық түркітанушы ғалым А.Егеубаев [4] бұл дастанды қазақ тіліне аударды.

Қазіргі таңда да осы шығарманың поэтикалық, риторикалық сипаттарына зерттеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бір қатар зерттеушілердің пікірі бойынша, «Құтадғу білік» дастаны – бұл дидактикалық шығарма. Яғни бұл шығарма ғылыми, философиялық, моральдық, діни идеяларды ғибрат ойлар көмегімен бейнелейтін шығарма ретінде қарастырылады. Онда көркем сөз, пікір, өсиет, тұжырым, уағыз, насихат басым болды. Бұл дастанда дидактикалық көркем сөздің орны ерекше екені байқалады.

«Құтадғу білік» дастанын толығымен оқып, мән-мағынасын талқылаған зерттеуші бұл шығармада адам өмірімен байланысты мәселелер қарастырылғандығына көз жеткізеді. Бұл философиялық поэманың даналық ойлары бүгінгі күнге дейін құнды әрі өміршең екенін байқаймыз. Дастанның ел өміріндегі маңызы, сипаты мен мұрат-мақсаты туралы алуан түрлі көзқарастар бар. Бұл дастан – философиялық толғамдарымен, көркемдік нақыштарымен, поэтикалық ойлау ерекшелігімен шеберліктің үздік үлгісі.

«Құтадғу білік» философиялық шығарма ретінде адам өміріндегі аса қажет болған экзистенциальдық сипаттағы мәселелерді қарастырады. Яғни адам өмірінің мәні, мазмұны, адамның бұл өмірде алатын орны бұл шығармада қарастырылған.

Дастанның басты мақсаты – құтты ел құру арқылы бақытты қоғамға қол жеткізу. Сол себептен де дастанда отбасы құру мәселесі, ел билеу, ел басқару, ұлы әділ мемлекет құру мәселелері қарастырылады. Көркемдік-эстетикалық нышандары кеңірек және эстетикалық талғамы өте жоғары деңгейде жазылған шығарма болып саналады. Ежелден символдық мәнге астарлы баламалы мағынаға ие болған сөздерден пайдалану поэтикалық түйіндер, семиотикалық құймалар дастанға өзгеше көркемдік тарихи шырай қосумен бірге, ұлттық-этникалық қасиеттеріне өрлей түскен. Сондай-ақ, тілдік стилистикасы жағынан да, тіл орамдары жағынан да ерекшеліктері бар екені анық.

«Құтадғу білік» дастанын қазақ тіліне аударған А.В.Егеубай былай жазады: «Шынайы талантты энциклопедиялық бітімдегі шығарма – тарихи түйінді құбылыс. Халықтық сипат, ұлттық мінез-құлық қырлары, сана, дәстүр болмысы солардан бедерленіп көрінбек [4, 20 б.].

Шындығанда да, «Құтадғу білік» дастаны Жүсіп Хас Хажибтың ақыл немесе насихат кейпіндегі өсиет сөздерге толы. Бұл дастанда өсиет сөздер мен тағылымды насихаттар аса көп. Ұлы ғұлама өзінің өмірлік тәжірибесінің арқасында келесі ұрпаққа қанатты сөздер қалдырды. Талқылап жатқан дастанның негізгі идеяларына назар аударайық. Олар:

- түркі тіліндегі көркемдік – эстетикалық сипатқа ие сөз өнерін, сана және ойлау өнерін өз бойына жинаған;

- дастанда мемлекетті дұрыс басқару және қоғамда әлеуметтік әділдікті қалыптастыру арқылы ел бірлігін сақтау және елді қорғау, елдің күшін нығайту туралы насихаттар бейнеленген;

- білім және тәрбие беру, ғылым мен өнерді дамытуға арналған ұсыныстар бар.

«Құтадғу білік» дастанында білім немесе тәрбие беру мәселесіне арнап жазылған шумақтар:

Білімді – аз, білімсіздер қаптаған,
Ақылсыз – көп, ақылдыны таптаған.

Білімсіздер білімдіге жау болды,
Надандардың аңсағаны дау болды.

Біліп сөйле, сөзіңде сөл, оң болсын,
Сөзің түпсіз қаранғыға көз болсын [4, 37 б.].

Осы сөздер арқылы Жүсіп Баласағұн риторика және тіл біліміне ерекше назар аударған. Ұлы бабамыз білімнің құдіретін жан-дүниесімен ұғып, адамдарға түсіндіргісі келді. Сондай-ақ,

Ақыл – шырақ, қара түнді ашатын,
Білім – жарық, нұрын саған шашатын [4, 38 б.], - деп жазылған.

Жүсіп Баласағұнның еңбектерінде шешендік сөз, яғни риторикаға арнап жазылған ой-толғамдарында бұл саланың адамгершілік пен моральға тығыз байланысты болуы туралы пікірлері мол.

Тіл, жүрегің шырын болсын қайда да,
Сөз бен есті тектен-текке лайлама [4, 40 б.]

Тағыда

Жұрт алдында аузыңды бақ, лепірме,
Кісі үйінде көз қадірін кетірме [4, 39-40 бб.].

Тақ еттен, сөз сүйектен өтеді,
Сөз қалады, таяқ табы кетеді [4, 43 б.].

Шешендік өнердің негізгі мәселелерін талқылай отырып, Жүсіп Баласағұн халықтың құтына, ырысына айналған ілімнің негізін қалады. Көзі ашық, көкірегі ояу ұрпақ тәрбиелеу – «Құтадғу білік» дастанының мақсат-мұраты. Автордың өзі бұл кітапта:

Кітап атын «Құтадғу білік» қойдым,
Құтын тұтсын оқушым білікті ойдың [4, 52 б.].

«Құтадғу білік» дастанында риториканың негізгі ережелеріне ерекше назар аударылған. Осы дастанның бір тарауы тіл өнеріне арнап жазылған. Яғни бұл дастанның жетінші тарауында тіл мен сөз өнерінің пайдалы қасиеттері туралы және оның зияны туралы пікірлер баяндалған. Осы мақсатта Жүсіп Баласағұн «Ақыл көркі – тіл, тілдің көркі – сөз, кісі көркі – жүз, жүздің көркі – көз» деп жазады. Ұлы бабамыз шығармасында тіл туралы, сөздің орны туралы былай делінген:

Ақыл, білім тілмәші – тіл, тіл – кепіл,
Жадыратар ерді шырын тіл деп біл»!

Тіл қадірлі етер, ерге бақ қонар,
Қор қылар тіл, кететұғын бас болар.

Тіл – арыстан, есік баққан ашулы,
Үй иесі, сақтан, жұтар басыңды [4, 53 б.].

Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» дастанында риторикаға тиесілі ой пікірлер оның өлеңдерінде мақал-мәтел, үлгі-насихат күйінде бейнеленген.

Сонымен бірге, оның шешендік ілімі, ең алдымен, имандылық, әдеп, адамгершілік қағидаларына негізделген. Оның шешендік өнері тіл, білім, ақыл-парасатты талап етеді.

Жүсіп Баласағұнның ғылыми шығармалары басқа түркі тілдес ұлттар мен бірге қазіргі қазақ халқының рухани әрі асыл қазынасы, қазақ мәдениетінің алтын қазығы болып табылады. «Құтадғу білік» дастанының тілі, стилистикалық жүйесі, классикалық өлшемі, философиялық-эстетикалық аспектілері бұл ойымызға толық негіз бола алады.

Дастанның философиялық қырлары ретінде ұлттық ой-сана мен мінез-құлық, дәстүр болмысы қарастырылады. Әлеуметтік мәселелерді рационализм тұрғысынан түсіндіріліуі, зайырлы қоғамды қалыптастыруға арналған концепцияның ұсынылуы – түркілік философиялық ойдың Жүсіп Баласағұн айқындаған дара жолы. «Құтадғу білік» дастаны өмір онтологиясына негізделген экзистенциальдық шығарма болып саналады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кононов А.Н. Поэма Ю.Баласагунского “Благодатное знание” // Юсуф Баласагунский. Благодатное знание.- М.: Наука, 1983.- С.496-517

2. Vamberu A. Ujgurische Sprachmonumente und das Kutadgu Bilik. Innsbruk, 1870.

3. Arat R.R. Kutadgu Bilig. Tipki basim 1. Viyana nushasi, Istanbul. 1942; Kutadgu Bilig. Tipki basim 1I, Fergana nushasi, 1943; Kutadgu Bilig. Tipki basim III, Misir nushasi, 1943.

4. Құтты білік / Көне түрік тілінен аударған, алғы сөзі мен түсініктерін жазған А.Егеубай. 2-басылым. – Алматы, «Өлке», 2006. -640 бет.

UDC 1(091)

THE DEEP TRADITION OF THE NATION'S TEACHER

Sagatova Asem Serikovna
Karaganda National Research University named after Academician E.A. Buketov, Candidate of Philosophical Sciences, Associate Professor of the Department of Philosophy and Theory of Culture
Beibyt Symbat Erlanovna
Karaganda National Research University named after Academician E.A. Buketov, 2nd year Master's student, Karaganda, Kazakhstan

Abai's role as a classicist, a critical realist, a great poet and thinker was established. In fact, there were many national poets and thinkers of such a classical level in Kazakh history both before and after Abai. So what is his special advantage? Why do we include the epithets “great” and “wise” in his name? If the history of mankind focuses on great personalities of world fame, it can be seen that their main traits are manifested in their ability to have a broad scope and deep understanding of global, universal problems and values. Thanks to this, their works and thoughts have been comprehensively studied and they themselves have become known as bright personalities who have initiated a deep scientific perception of various moments of human life.

The ideological orientation of the Communist Party towards the creation of a unified Soviet society in the past era did not allow comparing Abay with the world's famous giants and raising his name to their level. The honourable history of the Kazakh people was not fully highlighted.

Today Abay has shown himself as the greatest national thinker – humanist. The younger generation recognises him as a great master of the artistic word, who deeply revealed all aspects of Kazakh life of his time. But if he had remained a famous thinker at the national level, he would not have surpassed the modern classical thinkers. It is well known: for a national poet to rise to the level of genius, he must convey universal values in his work. A number of key points can be emphasised here from this position.

The eternal problem of human society is man himself. Throughout his life he recognises himself and is renewed with him. Nowadays, after the end of the 4th industrial revolution and the beginning of the 5th phase, with the emergence of artificial intelligence, the cognition and spiritual development of man are especially topical on the agenda. Abay, putting the virtue, morality of man in the foreground, this theme became the golden core of his works.

Abay considers the purpose of man from two sides: as a human being and a slave of this life. For the thinker, the first was the main thing. Abay highly appreciates the purpose of man in his poems: “My glorious name is man”, “My name is man...” [1].

The poet-philosopher extols the basic qualities inherent in human beings in the works he writes and teaches, ‘If you want to be a human being, avoid the five things and strive for the five best things’. Abay urges avoiding such evils as gossip, deceit, ostentation, laziness, and wastefulness. Unfortunately, neither modern Kazakh society nor humanity as a whole has got rid of them. Five best positive qualities - aspiration to knowledge, diligence, deep thoughts, moderation, kindness should be a model for imitation. These qualities of a spiritual person still have not lost their relevance in terms of the development of all mankind. The great thinker was engaged in constant propaganda of these important rules, as a result of which fully reflected on the established doctrine of a full-fledged man.

Great Abay always put spiritual development in the first place. And he divided human needs into the needs of body and soul. In addition, he emphasised that first of all he formed and satisfied only spiritual needs of a human being. In his philosophical thoughts, the poet put forward the truth that the body is temporary and the soul is eternal:

The body dies, but a man does not die, though he does not return, does not laugh and does not play. Only fools call a man who has lost his body dead [2].

Of course, Abay in his poems raises the philosophical problem of the world scale.

Further, the great akyn touches upon the same global issue of development of “eternal human soul”. And to his own question “what qualities are inherent in such a soul?” he answers: “Three qualities are worthy of a man: hot courage, bright mind, warm heart”. Summarising what has been said, the poet urges: “Take care of courage, mind and heart,/Then only you will be a full-fledged man”.

In matters of education and upbringing of a full-fledged human being, Abay valued the pursuit of sciences and knowledge. For example, in his “Words of Edification” (17th word), Will, Mind and Heart argue with Science, trying to find out which of them is more important [3].

The poet appeals to Science: unite them, and let them obey the Heart. By doing so, he puts the Heart first, speaking on its behalf, “I am the lord of the human body. Blood comes from me, the soul dwells in me,

without me life is unthinkable. I deprive sleep, I make those who lie in a soft bed to toss and turn, I force them to think of the poor, homeless, freezing and hungry. But people do not endeavour to keep me pure, and they themselves suffer for it. If I were pure, I would not make distinctions between people. I delight in virtue, I rebel against evil and violence. Self-love, conscience, charity, kindness - everything comes from me" [3; 152].

In "Words of edification" akyn asks the following rhetorical question: "Is there a more vulnerable place in a living person than the heart?" And argues that the heart is the expressor of emotions and feelings, in modern language, emotional intelligence. Among the precious human qualities, the poet-thinker finally puts forward the heart to the first place, thus forming the cult of the heart.

The cult of the heart is the golden core of Abayev's humanism. According to his understanding, the heart is the golden nest of all the best human qualities in the world: honesty and justice, spiritual purity, goodness and holiness, decency and mercy.

The first is to love God, the second is to love man, created by God with love, and finally the third is to love justice as the way of truth:

Man was created by Allah with love. Love him with all your heart in your life. Take them as your relatives, and do not lose justice in your heart [2; 244].

The truth is that the great Kazakh akyn raised the idea of love for man to humanistic heights: "Love man, know the truth of Allah. There is nothing more holy in this world". Starting with these lines, he raises the idea to the universal idea: "Love as relatives all mankind".

The Kazakh thinker and philosopher perceived justice as the path of truth laid down by God and asserted that it is the duty of every sane person to love and observe justice. Only a person who observes such a path is worthy of respect. The truth formulated by the Kazakh humanist - justice is of great importance in the life of every person and is the main criterion for the development of society - is of universal significance.

Abay honoured God as the only Creator:

Truth is in Allah, And truth is in the words of Allah. The truthful word cannot be called deceit. Many books have come to us from Allah, four of them help us to know Him [2; 244].

The humanist philosopher asserted that Allah should be understood with the mind and loved with all the heart, and blind faith, according to him, is considered ignorance in the Kazakh steppe. Abay himself deeply researched not only Islam, but also Christianity, Judaism and Buddhism. Thus, he took the plot for his poem "Iskander" from the Jewish Torah. Unfortunately, Abay's views on faith are still an unexplored topic.

Thus, the great thinker endeavoured to comprehensively reveal the complex moral state of not only Kazakh, but human society as a whole. He comprehended in a new way the eternal problems that accompany people from the moment of their birth.

Reading and deep study of works of scientists of the East: Fizuli, Shamsi, Saykhali, Navoi, Sagdi, Ferdowsi, Hafiz, Russian poets and writers helped him in this: Vasily Zhukovsky, Alexander Pushkin, Mikhail Lermontov, Ivan Krylov, Nikolai Nekrasov, Mikhail Saltykov-Shchedrin, Leo Tolstoy, the democrat raznochints Vissarion Belinsky, Nikolai Dobroliubov, Nikolai Chernyshevsky, and Alexander Herzen. And of course, European poets George Byron, Johann Goethe, philosophers Socrates, Spencer, Spinoza, Beil, J. Mill, scientists-researchers Abylgaza Bahadur, Babyr, Bichurin, Aristov....

Abay's precious thoughts, which became the quintessence of his deep reflections, have not lost their significance even today. At present, Abay's testaments are filled with new content and serve the revival and modernisation of public consciousness.

The article of the President of Kazakhstan Kasym-Jomart Tokayev "Abai and Kazakhstan in the XXI century" emphasises that first of all "we must promote Abai as the cultural capital of the nation": "Therefore, Abai should be widely presented to the world community as a brand of new Kazakhstan. This is the duty of the present generation" [4].

There is no doubt that today's good deeds, which are taking place in Kazakhstan and which we are witnessing, serve this great purpose. So let us be healthy and reach those bright days that Abay dreamed of.

References:

1. Poems / A. Kunanbaev. - Almaty, 1958. - 340 P.

2. Abai (Ibrahim) Kunanbaev. Complete Works in Two Volumes. Volume I. Almaty, publishing house "Nauka" of the Kazakh SSR, 1977. - 454 P.

3. Abai (Ibrahim) Kunanbaev. Complete Works in Two Volumes. Volume II. Almaty, publishing house "Nauka" of the Kazakh SSR, 1977. - 312 P.

4. Article of the President of the State Kasym-Jomart Tokayev "Abai and Kazakhstan in the XXI century". - [Electronic resource] - Mode of access: Abai and Kazakhstan in the XXI century (11.05.2020)

ӘОЖ 1(4/9)

ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ ТЕРЕҢ ТАҒЫЛЫМЫ

Сағатова Әсем Серікқызы
Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, философия ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
Қасымхан Ақбота Ерболсунқызы
Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, магистрант, Қарағанды, Қазақстан

Сұлтанмахмұт Торайғыров - XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамындағы әлеуметтік өзгерістерді ең өткір көтерген тұлғалардың бірі. Оның шығармашылығында еркіндік мәселесі басты орын алады. Ақын еркіндікті тек жеке адамның мұраты ретінде ғана емес, бүкіл халықтың тарихи-әлеуметтік дамуының негізі деп қарастырды. Бұл тұрғыдан оның мұрасы тек әдеби құндылық емес, философиялық ойдың да қайнар көзі болып табылады [1].

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың еркіндік туралы ойларын қарастырғанда, оны қазақ ағартушыларының жалпы қозғалысымен сабақтастыра қарастыру маңызды. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қазақ қоғамы екі түрлі жағдайда өмір сүрді: бір жағынан дәстүрлі ауыл өмірі, екінші жағынан Ресей империясының отарлық қысымы. Осы екі орта Торайғыровтың дүниетанымына әсер етіп, оның еркіндік мәселесін күн тәртібіне қоюына түрткі болды.

Мәселен, Шоқан Уәлиханов «қазақ қоғамындағы әлеуметтік әділетсіздіктің тамыры рулық қатынастар мен ескі дәстүрлерде жатыр» деп айтса, Ыбырай Алтынсарин білімсіз халықтың еркіндігі болмайтынын көрсетті. Ал Абай Құнанбайұлы «адам бол» идеясын ұсынып, ішкі еркіндікке мән берді. Осы ойлар Торайғыровтың шығармашылығында жалғасын тауып, жаңа әлеуметтік-саяси мазмұнға ие болды.

Торайғыров үшін еркіндіктің ең маңызды қыры – білім. Ол жастарды ғылым мен өнерге шақырып, білімді халық қана еркіндікке жетеді деп сенді. Ақынның өзі айтқандай:

«Жас жүрек, жас қырандар, білім ізде,
Қапысыз, қайрат қылмай елің тозар.
Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болам,
Қараңғылықтың кегіне, күн болмағанда кім болам?» [2, 56 б.].

Бұл жолдарда білім тек жеке тағдырдың емес, тұтас халықтың еркіндігінің кепілі екендігі айқын көрсетілген. Философиялық тұрғыдан алғанда, ақын білімді адамның рационалды қабілетін дамытып, оны еркін субъект дәрежесіне көтеретін негізгі құндылық деп түсінеді. Егер халық білімсіз болса, ол өз тағдырын өзі шеше алмайды. Ал білімді қоғам – өзін-өзі басқаруға, тарихи дамуға қабілетті қоғам [5].

Алайда Торайғыров еркіндікті тек біліммен шектемеді. Оның шығармашылығында әлеуметтік әділет пен теңдік те еркіндіктің негізгі шарты ретінде суреттеледі. «Кедей» өлеңінде ол қоғамдағы теңсіздікті өткір сынап, әділетсіздік орнаған жерде шынайы еркіндіктің болмайтынын көрсетеді:

«Бай байыса – жұртты жейді,
Кедей байғұс – еңбегімен күн көреді.
Теңдіктің дәмін татпай бұл халық,
Қайтіп еркін, қайтіп толық өмір сүрді?» [2, 112 б.].

Бұл жерде ақын әлеуметтік еркіндікті әділетті қоғамдық қатынастармен байланыстырады. Яғни, кедей еңбегінің қорғалмауы – еркіндіктің болмауының дәлелі. Мұндай ойлар тек әдеби сын емес, әлеуметтік-философиялық әділет тұжырымдамасымен үндес [4].

Ұлттық тәуелсіздік мәселесінде де еркіндік ұғымы айқын көрініс тапты. «Алаш ұраны» өлеңінде Торайғыров ұлт тағдырын жеке адамның еркіндігімен сабақтастырады:

«Алаш туы астында, күн сөнгенше сөнбейміз,
Енді Алашты ешкімнің қорлығына бермейміз.
Жасасын, Алаш, жасасын!» [2, 205 б.].

Бұл жолдар еркіндіктің ұжымдық қырын ашады. Жеке адамның еркіндігі ұлттың азаттығымен тікелей байланысты. Егер халық бодан болса, оның әрбір мүшесі де шынайы еркін бола алмайды. Бұл ой философиялық тұрғыдан қарағанда, ұлттық еркіндікті адамзаттық құндылықтардың қатарынан көруге мүмкіндік береді [5].

Торайғыров еркіндікті рухани дербестікпен де байланыстырды. Ол жастарды ой еркіндігіне, ар-ождан тазалығына, сенім бостандығына шақырды. Оның ойынша, еркін қоғам – ең алдымен ой еркіндігі бар қоғам. Ақын былай деп жырлайды:

«Алаштың баласы адам болам десеңіз,
Өнер-білім үйреніп, терең ойға түсіңіз.
Өзіңізді түзетпей елді түземек болмайды,
Алдымен өзіңді еркін қыла білгіңіз» [2, 148 б.].

Бұл өлең жолдары адамның ішкі еркіндігі мен рухани адалдығын айқындайды. Шынайы еркіндік адамның сыртқы жағдайына ғана емес, ішкі рухани болмысына да қатысты. Яғни, адам өз ар-ожданына адал болған жағдайда ғана толыққанды еркін тұлға бола алады. Бұл ойды И. Канттың «адам – мақсат, ешқашан құрал емес» деген қағидасымен салыстыруға болады [6].

Ақын еркіндікті тек саяси дербестікпен ғана емес, халықтың мәдени және рухани оянуымен байланыстырды. Оның ойынша, надан халық ешқашан шынайы еркін бола алмайды. Бұл жерде ол Абайдың «қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деп халықтың қараңғылығына қынжылуын жалғастырып, білім арқылы еркіндікті көруге тырысты. Яғни, еркіндік – тек саяси ұран емес, ол адамның ішкі мәдениеті мен парасатына тікелей тәуелді құбылыс.

Сонымен қатар, Торайғыров еркіндікті қоғамдық прогреспен ұштастырды. «Кім жазықты?» романында ол ескі әдет-ғұрып пен жаңа заман арасындағы қайшылықты бейнелей отырып, еркіндіктің қоғамды жаңартатын күш екенін көрсетті [2, 230 б.]. Ақынның ойынша, халық ескі салттың шырмауынан босамайынша, прогреске, демек еркіндікке жете алмайды. Бұл ой оның әлеуметтік-философиялық көзқарастарының тереңдігін көрсетеді. Еркіндік – тарихты алға жетелейтін қозғаушы күш.

Әйел теңдігі мәселесі де ақын шығармашылығында ерекше орын алады. «Қамар сұлу» романында ол әйелдің еркіндігі – бүкіл қоғамның өркениеттілік деңгейін айқындайтын өлшем екенін ашық көрсетті [2, 250 б.]. Қамардың қайғылы тағдыры арқылы Торайғыров қазақ қоғамындағы патриархалды салттың адам бостандығына қайшы екенін дәлелдеді. Бұл идея Ш. Уәлихановтың әйел жағдайын қоғамның дамуының көрсеткіші деп санаған ойларымен үндес [7].

Философиялық тұрғыдан ақын еркіндікті екі өлшемде қарастырғанын байқауға болады. Біріншіден, **онтологиялық еркіндік** – адамның тағдырға қарсы тұрып, өз мүмкіндігін жүзеге асыру қабілеті. Торайғыров кейіпкерлері көбіне қоғам мен дәстүрдің қысымында қалып, өз еркін таңдауын жасай алмайды. Бұл ақын үшін еркіндіктің ең алдымен ішкі рухани бостандық екендігін аңғартады. Екіншіден, **әлеуметтік еркіндік** – қоғамда теңдік орнатып, әрбір адамға өзін көрсетуге мүмкіндік беру. Ақынның *«Ерік жоқ елде еркін ой да тумайды»* деуі осыны меңзейді.

Торайғыровтың еркіндік туралы ойлары моральдық жауапкершілікпен астасады. Ол үшін еркіндік – өзімшілдік емес, қайта қоғамды әділетсіздіктен арылтуға бағытталған іс-әрекет. Еркіндік адамды жеке даралық деңгейде көтерумен қатар, оны ұжымдық болмысқа да жауапты етеді. Бұл тұрғыдан ақынды Канттың моральдық императивімен немесе Сартрдың экзистенциалдық еркіндік концепциясымен салыстыруға болады. Бірақ Торайғыровтан ерекшелігі – ол еркіндікті **ұлттың рухани жаңғыруының негізгі шарты** деп таныған.

Торайғыров шығармашылығында дін мәселесі де еркіндікпен байланысты қарастырылады. Ол дінді адамның рухани еркіндігін шектемей, қайта адамгершілік пен әділеттіліктің негізі болуға тиіс деп түсінді. Бұл тұрғыда ол фанатизмге қарсы шығып, діннің ағартушылық сипатын қолдады. Еркіндік – соқыр сенімнен құтылып, саналы түрде өмір сүру.

Ақынның философиялық көзқарастарын жинақтап айтқанда, еркіндік – сыртқы шындыққа қарсы рухтың қарсылығы ғана емес, адамның өзін тарих сахнасына енгізуі, қоғамға өз үнін қалдыру қабілеті. Шынайы еркіндік – жеке меннің қоғамдағы орнын табуы ғана емес, сонымен бірге қоғамның жеке адамға кеңістік беруі. Сондықтан Торайғыров үшін еркіндік – таңдау сәтіндегі азап пен қуаныштың тоғысы, ал оның шынайы мәні әділетсіздікті жоюмен тікелей байланысты.

Торайғыров үшін еркіндік – өзімшілдікке жол ашатын құбылыс емес, ол – қоғам алдындағы жауапкершілікпен ұштасқан құндылық. Әрбір жеке адамның еркіндігі екінші адамның еркіндігімен үйлесуі тиіс. Бұл ой Канттың «категориялық императивімен» үндес. Торайғыровтың ерекшелігі – ол бұл идеяны ұлттық болмыспен сабақтастырып, «ұлт бостандығы – әрбір адамның бостандығы» деген қағида ұсынды.

Торайғыров еркіндікті қазақ тілінің тағдырымен де байланыстырды. Ол үшін тіл – ұлттың рухани еркіндігінің кепілі. Егер тіл қолданыстан шықса, халықтың өзіндік болмысы жоғалады. Бұл идея қазіргі тіл философиясы мен мәдениеттанудағы «тіл – ұлттың рухы» деген көзқараспен сәйкес келеді.

Осылайша, Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармашылығында еркіндік – көпқырлы ұғым. Ол білім арқылы да, әлеуметтік әділет арқылы да, ұлттық тәуелсіздік арқылы да, рухани дербестік пен қоғамдық прогресс арқылы да ашылады. Бұл идеялар қазақ халқының сол кезеңдегі тарихи жағдайымен тығыз байланысты бола отырып, бүгінгі күн үшін де өзекті. Өйткені әлеуметтік еркіндік – тек өткеннің мұраты емес, қазіргі қоғамның да ең басты қажеттілігі. Сондықтан Торайғыров еңбектері бізге әрқашан жаңаша ой тудырады. Еркіндік туралы оның ойлары қазіргі заман философиясы тұрғысынан қарастырғанда да маңызын жойған жоқ.

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармашылық мұрасы – қазақ руханиятының алтын қазынасы ғана емес, сонымен бірге ұлттық философиялық ойдың дамуындағы маңызды кезең. Оның мұрасының құндылығы – әдебиетші ғалымдардың зерттеу нысанына үнемі айналып отырғанында. Белгілі ғалымдар Б. Кенжебаев, Н. Дүйсенбаев, А. Беркожин сынды тұлғалардың еңбектерінде Торайғыровтың әдеби мұрасы терең талданды. Әсіресе, XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі оның орны, шығармашылық жаңашылдығы, әдеби әдістер мен жанрлардың қалыптасуына қосқан үлесі айрықша аталды.

Философиялық тұрғыдан алғанда, Торайғыровтың мұрасы бірнеше өлшемде бағалануы тиіс. Біріншіден, оның эстетикалық идеалы – шындық пен әділетке негізделген, яғни сұлулық пен ақиқаттың үйлесімі. Екіншіден, оның поэзиясы әлеуметтік әділетсіздікті сынап, халықты азаттыққа, еркіндікке шақырды. Үшіншіден, ағартушылық идеялары – білім мен ғылымды қоғамды дамытудың басты тетігі деп санауы – ұлттық философиялық ойдың өркендеуіне зор ықпал етті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Торайғыров С. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1987.
2. Қирабаев С. Сұлтанмахмұт Торайғыров. – Алматы: Ғылым, 1993.
3. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991.
4. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003.
5. Әбдиманұлы Ө. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат, 2002.
6. Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Алматы: Ана тілі, 1991.
7. Әдебиеттану. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: ҚазАқпарат, 2005.
8. Кант И. Критика практического разума. – Москва: Наука, 1994.

ӘОЖ 304.9

«ЖЕРҰЙЫҚ» ФИЛОСОФИЯСЫ: ЗАМАН БАҒЫТЫН АНЫҚТАУ РЕТІНДЕ

Салыматова Нұргүл Рыскелдиевна
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
«Философия» білім беру бағдарламасы докторанты, Астана, Қазақстан

Жерұйық идеясы – қазақ дүниетанымындағы мәңгілік ізденіс пен болашаққа бағдарды бейнелейтін терең философиялық ұғым. Асан Қайғының Жерұйықты іздеуі халықтың әлеуметтік арманы ғана емес, сонымен қатар заманды тану, бағалау және оның бағытын анықтаудың философиялық көрінісі. Бұл идея адамзаттың уақытпен қатынасын, қоғамның даму жолын, болашаққа деген ұмтылысын білдіреді.

Алтын Орда заманынан келе жатқан жердің тұтастығы мен билік орталығын анықтау мәселесі XV ғасырда өзекті проблемаға айналды. Асан Сәбитұлы заманында қазақ рулары мен тайпалары жаңа мемлекеттің саяси-әлеуметтік негізін қалыптастыру жолында тұрды. Асан қайғының «Жерұйық» тұжырымдамасы дәл осы тарихи жағдайда пайда болды. Ол тек қоныс іздеу емес, мемлекеттілік пен ұлттық бірлікті қамтамасыз ететін саяси-философиялық концепт болатын. Асан Сәбитұлы – халық арасында Асан қайғы атанған кемеңгер жырау, ақылгөй, мемлекет қайраткері. «Қайғы» эпитеті оның жеке мұңын емес, халықтың тағдырына алаңдаған, елдің болашағын ойлаған даналық күйін бейнелейді [1, 113 б.]. Асан қайғының «Жерұйығы» тәуелсіз Қазақ хандығын құрудың мемлекеттік тұжырымдамасының өзегіне айналды. Ол Керей мен Жәнібек бастаған Қазақ хандығының құрылу процесінде хан кеңесінің мүшесі болып, мемлекеттің ішкі тұрақтылығы мен сыртқы қауіпсіздігіне қатысты кеңестер берді. Оның ойынша, жаңа мемлекетке ең басты қажет нәрсе – құт-берекелі, табиғаты қолайлы, стратегиялық тұрғыдан қауіпсіз қоныс. Бұл қоныс кейін «Жерұйық» атауымен белгілі болды.

«Жерұйық» сөзі екі компоненттен тұрады: «*жер»* – қазақ дүниетанымында тек географиялық ұғым емес, мемлекеттің негізі, билік жүргізілетін, халықты біріктіретін кеңістік. Жер деген географиялық термин ретінде баршамызға түсінікті, бірақ Асанға керегі мемлекеттік құрылысқа қажетті жер. Бұл мәнде жер географиялық емес, саяси мәнде аталып отыр [2, 13 б.]. «*Ұйық»* – байырғы түркі тілінде «тыныштық, бейбітшілік, тұрақ» деген мағынада. Қазақ халқының тарихи жадында «жер» ұғымы – тек табиғи кеңістік емес, саяси, әлеуметтік және рухани мәні бар категория. Ол ата-бабадан мұра болып қалған, олардың қанымен, жанымен қорғалған, ұрпақтан ұрпаққа аманат етілген қасиетті құндылық. Қазақ үшін жер – елдік пен бірліктің кепілі, болашақ ұрпақтың өмір сүруінің негізі [3, 45 б.].

Асан Қайғы үшін «Жерұйық» – халықтың құт-берекесі қонған, саяси тұрақтылық пен әлеуметтік әділет орнаған мекен. Бұл – утопиялық бақыт аралы емес, мемлекеттік құрылымға қажетті стратегиялық кеңістік деп түсіну арқылы ғана мәнін аша аламыз.

Демек, «Жерұйық» – табиғат байлығы мол, халқы бейбіт, мемлекеті мызғымас жерұйық елдің идеалды бейнесі. Бұл ұғым утопиялық сипатқа ие болғанымен, оның астарында нақты саяси-стратегиялық мазмұн бар. Асан қайғының «Жерұйық» іздеуі – қазақ халқының тарихи санасында сақталған утопиялық арман ғана емес, саяси-философиялық мәні зор ұлттық идея. Ол мемлекеттіліктің негізін құрайтын басты құндылық – жер екенін, оның қасиеті табиғат байлығында ғана емес, халықтың бірлігінде екенін көрсетті.

Философиялық тұрғыдан алғанда, Жерұйық – «идеалды болашақтың» моделін құруға бағытталған дүниетанымдық бағдар. Ол заманды келесі қырларынан анықтауға мүмкіндік береді:

Жерұйық ізденісінде қоғамдағы әділетсіздік, теңсіздік пен қайшылықтар айқын көрінеді. Бұл арқылы уақыттың рухани-әлеуметтік бейнесі ашылып, заман анықталады;

Жерұйық идеясы халықтың болашағын болжау, яғни әділетті қоғамға жету үмітімен байланысты. Ол келешекті елестету құралы ретінде әрекет етеді;

Жерұйық философиясы тек қиял емес, қоғамның даму жолын жобалаудың, болашақ құрылымын елестетудің мәдени-әлеуметтік жобасы.

Осы тұрғыдан алғанда, қазақ дүниетанымындағы жерұйық пен заман мәселелерін зерттеу қоғам мен уақыттың өзара байланысын терең түсінуге бағытталады. Жерұйық - заман ұғымын анықтаудың күрделілігін айқындайтын аспектілер қатарында қарастырылып, бұл кең көлемді құбылысты әлеуметтік-философиялық тұрғыда түсіндіруге, тарихи санадағы рөлін ашуға және оның кеңістікпен өзара байланысын көрсетуге деген қажеттілік туындайды.

Себебі, қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында заман тек хронологиялық өлшем ретінде ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік, тарихи және мәдени контекст арқылы бағаланады. Заманның объективті және субъективті аспектілері арқылы адам мен қоғамның тарихи дамуын, рухани эволюциясын тану маңызды философиялық міндеттердің бірі саналады.

Заман мәнін түсінудегі бұл көзқарастар оны тек уақыттық өлшем тұрғысында ғана қарастырудың жеткіліксіз екенін аңғартады. Ол – кеңістіктің, қоғам мен адам болмысының тұтас жиынтығын біріктіретін күрделі жүйе. Қазақ дүниетанымында заманның ауқымдылығы мен санада орныққан кең ұғым ретін жүйелеу үшін, оны қоғам, уақыт пен кеңістіктің бірлігі ретінде қарастыру көзқарасы негіз етілген. Осыған сәйкес, уақыт пен кеңістік ұғымдарының әлеуметтік жағдайға ықпалы, сондай-ақ қазақ дүниетанымындағы заман түсінігі мен оған қатысты қалыптасқан ұғымдар қарастырылуы керек.

Адаммен қатынасында уақыт – оқиғалар мен сезімдердің реттілігі, дүниені қабылдау тәсілі, адам болмысын ұғыну мүмкіндігіне айналады. Уақыт көпөлшемді, әмбебап заңдылыққа бағынбайды, әр қоғам өзінің уақыты мен тарихына сай қалыптасады және тарихи дамудың заңдылығы ретінде қайталанбас рухани мазмұн әкеледі. Осыдан түйетініміз – заман белгілі бір уақыт аралығындағы оқиғалармен, жағдайлармен, өзгерістермен айқындалатын, солар арқылы ерекшеленетін кезең.

Бұл қарастырғанымыздан қазақ дүниетанымындағы «заман» ұғымының кең және терең мағынаға ие, сонымен қатар қоғамның, табиғаттың және адамның өмір сүру кезеңдерін, өзгерістерін қамтитынына көз жеткіземіз. Заман – адамның өмір сүру ортасы мен тіршілігіне әсер ететін уақыттық, тарихи және мәдени категория. Жеке адамның ғана емес, бүкіл қоғамның тағдырына әсер етуші. Әр заман белгілі бір ұрпақтың өмір салты мен құндылықтарын айқындауы негізінде, заман халықтың тарихи жадында ерекше із қалдырған оқиғалар сипаты ретінде қалыптасады [4]. Ал, Жерұйық идеясы болса, заманды анықтау жолы деп түсінсек болады.

Жерұйық – тек географиялық мекен емес, ол адамзаттың рухани мұраты мен әлеуметтік идеалының философиялық концепті. Ол заманды айқындау арқылы адамның өз орнын, қоғамның өз

болашағын түсінуіне жол ашады. Қазақ ойшылдарының дүниетанымында Жерұйық – уақыт пен кеңістікті байланыстыратын, өткеннен сабақ алып, болашаққа бағдар беретін символ.

Асан қайғының «Жерұйық» идеясы негізінде этнотерриториялық тұтастықты сақтауды, халықтың қауіпсіздігі мен бірлігін қамтамасыз етуді мақсат етті. Тәуелсіз Қазақстан үшін де «Жерұйық» идеясы – өткеннің мұрасы ғана емес, болашақтың да бағдаршамы.

Сондықтан Жерұйық философиясы – заман бағытын анықтаудың, болашақты болжаудың және қоғамдық дамуды жобалаудың терең философиялық үлгісі. Ол бүгінгі кезеңде де өзектілігін жойған жоқ, өйткені қоғамның өркениеттік дамуын бағдарлауда әрдайым халық дүниетанымынан туындаған арман-мұратқа сүйену басты негіз болуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мағауин, М. Қобыз сарыны. – Алматы: Жалын, 1991.
2. Есім Ғ. Сана болмысы. Жетінші кітап. – Алматы: Ғылым, 1992.
3. Қоңыратбаев, Ә. Қазақ эпосы және түркі әлемі. – Алматы: Ғылым, 2004.
4. Salymatova N. «Analysis of the concept of *zaman* in the Kazakh worldview» // Journal of Philosophy Culture and Political Science. № 3/2025.

ӘОЖ 130.11

ҚАЗАҚЫ РУХ ЖӘНЕ ӘЛЕМДІК ОЙ: Т.Ы. ӘБЖАНОВТЫҢ ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫНА ҮЛЕСІ

Сарсенбеков Нұрсұлтан Жумабекович
Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті
PhD, ҚХА және ӘГП кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Қарағанды, Қазақстан

Екінші курста оқып жүрген кезіміз. Бірде Рақымжанов Бақытжан Қадырұлы сабақ соңында маған: «Сізді Төлеуғазы Ысқақұлы кафедрада күтіп отыр, барып жолығыңыз», – деді. Әлбетте, Т.Әбжановтың бізге дәрістерді тек үшінші курста ғана оқитынын білетінбіз. Сондықтан таңырқап, іштей қорқыныштың болғаны да бар. Сөйтсек, Төлеуғазы Ысқақұлы «Мақал-мәтелдердегі ой мен сөздің диалектикалық байланысы» тақырыбында курстық, кейіннен дипломдық жұмыс жаздыруға студент іздеп, өзге оқытушыларға қолқа салып, өтініш білдірген екен. Осылайша, менің Төлеуғазы Ысқақұлымен алғашқы кездесуім осылай басталған еді. Т.Әбжанов бакалавриатта ғылыми жетекшім болды. Т.Әбжанов мен үшін ғылыми ізденістерге алғаш жол ашқан ұстаз. Оның дәрістері, ақыл-кеңестері мен адами қолдауы барлық күмәнімді жеңіп, өз күшіме сенуге жол ашты. Ғылыми-танымдық бағыттағы мақалаларымның газет беттеріне жариялануына бағыт беріп отырды.

Т.Әбжанов – қазақ гуманитарлық дүниетанымда ерекше орны бар аса көрнекті философтардың бірегейі. Ол Қарағанды философиялық мектебінің тұңғыш өкілі әрі сол мектептегі шәкірттері үшін де ғылыми-рухани жетекшісі бола болды. Ол өзінің философиялық әрі қазақ дүниетаынмындағы даналықтың әдіснамалық және құндылықтық негіздеріне ерекше назар аудара білді. Ұлттық рухты философиялық тұрғыда пайымдаудың дәстүрін қалыптастыру мақсатында төңірегіне тұтас бір буын болып табылатын зерттеуші-ғалымдарды жинай білді.

Т.Әбжанов қазақ дүниетанымы мен ұлттық рухын зерттеуге айрықша көңіл бөлді. Оның ой-толғаныстарынан И.Кант пен Г.Гегель мұрасымен сабақтастық айқын байқалатын. И.Кант адам ақылының шегін және моральдық борышты мәселе етіп қойса, Т.Әбжанов ар, ұждан, намыс пен еркіндік тұлғаның рухани өзегін құрайтын қазақ философиялық дәстүрінің категориялық негіздерін айқындауға ұмтылды.

Т.Әбжановтың жиі қозғайтын мәселелерінің бірі Г.Гегельдің «Ұлт рухы» (*Volksgeist*) туралы идеясы еді. Т.Әбжанов қазақтың ұлттық рухын жай ғана тарихи мұра емес, тарихтың бағытын айқындайтын әрі дәстүрден қуат алатын тірі күш деп дәріптеді. Ол халық рухы сол ұлттың тілінде, мақал-мәтелдерде, салт-дәстүрде, ойлау құрылымында көрініс табатынын, нақ сол жерде шынайы философиялық категориялар туындайтынын жиі еске салатын. «Қазақ рухының философиясы» еңбегінде Т.Әбжанов: «Тек өзіндік сана, өзін-өзі жете тану арқылы ғана әрбір жеке тұлға халқының рухани дүниесіне зер салып, содан бойына нәр алады. Ал енді өнер, тіл, дін, яғни мәдениеттің барлық формалары, рухты дамытуға, оның мәнін ашуға бағытталған сара жол болып табылады. Рух философиясына осыншама мән берудің және оның аса қажеті екендігін атап көрсетудің негізі қайда

жатыр?» [1: 5 б.] деп пайымдайды. Бұл тұжырым арқылы жеке тұлғаның рухани дамуы тек өзін-өзі тануы арқылы ғана мүмкін екенін аңғарамыз. Бұл ойды Г.Гегельдің «Дух, который знает себя в таком развитии как духа, есть наука [2: 13 б.] көзқарасымен салыстыруға болады. Демек, адам өз болмысын терең түсінбейінше, ол өзінің ұлттық рухани мұрасымен де толық байланыса алмайды.

Адамның рухани дамуының бастауы – өзіндік сана мен өзін-өзі тану. Тұлға өзін терең түсінгенде ғана халқының рухани дүниесіне бойлап, одан нәр алады. Осы тұрғыда жеке мен ұжымдық рухтың өзара байланысы айқын: адам өзін танығаң сайын, ол мәдени мұрасын да жандандырады. Өнер, тіл, дін сияқты мәдени формалар – рухтың өзін-өзі ашу жолдары. Тіл – ойдың табиғи құралы, өнер – шексіздікке ұмтылыс, дін – мәннің түпнегізін іздеу. Осы құбылыстардың барлығы рухты тек сана деңгейінде емес, нақты болмыстық формада жүзеге асырады. Рух философиясына ерекше мән берудің себебі де осында: ол адам мен әлемнің байланысын түсіндіретін әмбебап парадигма ретінде мәдениеттің онтологиялық маңызын ашады. Рух өзін танып, мәдени формалар арқылы дамыған сайын, адамзат еркіндікке жақындайды.

Рух философиясына ерекше мән беру – адамның тек әлеуметтік болмысына ғана емес, оның экзистенциалдық, онтологиялық және тарихи мәніне үңілу қажеттігінен туындайды. Демек, рух философиясы – адамның болмыстық мәнін, еркіндікке ұмтылысын және мәдениет арқылы жүзеге асатын рухани тереңдігін ашуға бағытталған ілім.

Осылайша Т.Әбжановтың ұстанымы Г.Гегель пайымдаған диалектикалық оймен ұқсас болды: тарих – еркіндікті саналы түрде тану арқылы рухтың ілгерілеуі. Т.Әбжанов үшін бұл ілгерілеу қазақ дүниетанымының дамуынан көрініс тапты – ауызекі дәстүрден философиялық жүйеге, халық даналығынан ғылыми пайымға, ата-баба жадынан қазіргі заманға дейінгі жолда тарихи сана қалыптаспақ.

Төлеуғазы Ысқақұлы Әбжановтың ұстаздық кеңестері, рух пен мәдениет жайлы тағылымы, шәкірттеріне деген сенімі мен үлгісі – мәңгі жадымызда. Оның ықпалы ғылыми еңбектерінен ғана емес, шәкірттерінің де еңбектерінен анық аңғарылады. Сондықтан Т.Әбжановтың философиялық ұстанымы адамзат тарихының шынайы мәнін құрайтын – еркіндікті саналы түрде тануға негізделген прогреспен мәңгі байланысты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ рухының философиясы. Т.Ы. Әбжанов., Сағатова Ә.С., Рақымжанов Б.Қ., Мұқыш Қ.С. - Қарағанды: ҚарМУ баспасы. 1-кітап, 2003. - 240 б.
2. Г.В.Ф. Гегель Система наук. Часть первая. Феноменология духа. Перевод Г. Шпета. - Санкт-Петербург, Изд-во «Наука», 1992.

ӘОЖ 13.01

ФИЛОСОФИЯ МЕН ФИЛОСОФТАР: «ОЙДА САҚТАЛҒАН ДӘУІР»

Саттарова Фарида Фаттаховна
«Bolashaq» академиясы,
философия ғылымдарының кандидаты, қаумдастырылған профессор
Қарағанды, Қазақстан

Философия мен философтар туралы сөз қозғағанда Қарағандылық философия мектебінің негізін қалаған тарихи тұлғалар, даналық иелері туралы міндетті түрде айту керек. Өйткені, тарих дегеніміз, Карл Ясперс айтқандай, «шынайы болған оқиғалардың уақыттық тізбегі».

Мен 1965 жылы Қарағанды мемлекеттік университетінің физика-математика факультетіне «Физика» мамандығы бойынша оқуға түстім. Институт ректоры ғалым С.Б.Баймурзин ағай болатын. Екінші курстан бастап философия пәнінен философия ғылымдарының кандидаты, доцент, философия кафедрасының меңгерушісі, Қазақстандағы алғашқы әйел философ-ғалым болған М.С. Сагинова апай сабақ берді. Сол уақыттан бастап менің философтармен таныстығым басталды. Оқу бөлімінің проректоы, фс.ғ.докторы, профессор Р.А.Клещева, фс.ғ.д., профессор Б.К.Қасенов, фс.ғ.к. О.Құдышев, т.ғ.к. Қ.М.Бейсембаев, фс.ғ.к. О.Н.Нұрғалиев, аға оқытушы Т.Ы.Әбжанов т.б философия кафедрасының мұғалімдері болды. Философия әлеміне алғашқы қадамым М.С.Сагинованың жетекшілегімен студенттік ғылыми конференцияларға белсенді қатысуымнан басталды.

1969 жылы қызыл дипломмен оқу бітіріп, оптика кафедрасында аға лаборант болып қызмет істеп жүргенімде М.С.Сагинова апай мені іздеп келіп, философия кафедрасына оқытушы болып ауысуымды ұсынды. Ол кезде физ.ғ.к. Ж.С.Ақылбаев факультет деканы ретінде менің таңдауыма қарсылық білдірмей, ұсынысты қолдап, жаратылыстанушылардың философ болып қалыптасуына ғылымның жаңа бағытының, пәнаралық синтезідің перспективасын көре білді деп ойлаймын.

Сөйтіп, кәсіби философ болып қалыптасуымда Қарағандылық философиялық мектеппен қатар, рационалдық ойлау жүйесі мен философиялық ойлау мәдениетін меңгеруде Қазақстандық диалектикалық логика мектебінің рөлі ерекше болды. Философия және философтар дегенде осы педагогикалық институттың негізінде қалыптасқан бүгінгі Е.А Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің философия және психология факультетінің де тарихи түбірі, базисі сол мемлекеттік педагогикалық институттан келген философтар мен философия кафедрасы, ал философия және мәдениет теориясы кафедрасы сол базиске негізделген рухани қондырма.

Көп жылдар кафедра меңгерушісі болған, талай жас мамандардың философиялық ойлау деңгейін қалыптастырған, ғылыми біліктіліктеріне ықпал еткен фс.ғ.д, профессор Әбжанов Төлеуғазы Ысқақұлы деп білемін.

Философияның өзегі - көзқарас. Адам бойында, санасында әлемге деген біртұтас көзқарас қалыптастыру дүниетанымдағы ең күрделі процесс. Ол үшін қажетті мәдени-рухани құндылықтарды жасай, қабылдай және меңгере білу керек. Қазақта сол құндылықтардың ішінде ұмыт болып бара жатқан ұлттық тәрбиеміздегі этикалық мағынасы зор құндылығымыз адамдық қасиетіміздегі өнеге-үлгі ұғымы. Халқымызда өнеге - үлгі боларлық тұлғаларымыздің бірі Т.Ы Әбжанов ағамыз. Тұлғалық мәнін ашуда адамға қажет қасиеттер аз емес ол адамның қандай құндылықтарды таңдауына, қолданылатын өмірлік позициясының ұстанымдарына да байланысты.

«Адам ең жоғарғы құндылық, барлық заттың өлшемі» дейді грек философы Протагор. Иә, адам құндылық, ал өлшем деген ұғым ның мағынасы қандай? Ол өлшем нені білдіреді?

Адам дүниенің өлшемі. Ол реалдық өмірде бар нәрсенің бар екендігінің, жоқ нәрсенің жоқ екендігінің өлшемі. Адам болмысының өлшемі. Өлшем деген ұғымды философтың тұлғалық мәнін анықтау үшін қолдансақ, ол өлшем адамгершілік пен әлеуметтік жауапкершілік. Адам өз өлшемін жаратушы, өз өлшеміне сай өлшеуші, бағалауыш болмыс.

Ғалымның рухани іс -әрекеті оның адамдық болмысының, шығармашылығының көзқарастық -когнитивтік, идеялық -құндылықтық түбірі. Сондықтан өлшем нақты мәнде өлшеу белсенділігін анықтайды. Адам санасын нақты өлшеу бірліктерінің ғана емес, адам бойындағы барлық қасиеттер мен ерекшеліктерді адамға тән белгімен, адамға тән құрастырулармен, адамға тән өнеге-үлгі тәсілмен, адамға тән түйсіну, ұғыну, түсіндіру үлгісімен қайта жасақтағанда, бір сөзбен айтқанда түсіністік философиясы қалыптасады.

Адам бойындағы ерік, рух ата-бабамыздан бүгінге дейін сақталған құндылық. Профессордың айтуы бойынша рух, ең алдымен, қазақ өмірімен оның болмысымен, шаруашылық - тұрмыстық жағдайымен, саяси әлеуметтік ахуалымен, тарихи қызметімен тығыз байланысты. Рухтың қайнар бұлағының негізі мыналар:

1. Халқымыздың бойына біткен тәлім-тәрбиелік даналығында.
2. Халқымыздың керемет бай, әрі терең ойлы асыл қазынасы- тілінде.
3. Халқымыздың басқа елдермен салыстырғандағы қайталамбас төл тума өнерінде.
4. Халық даналығындағы терең ойлы мақал-мәтелдері, аңыз әңгімелері.
5. Адамның рухани дамуына зор әсер ететін дінінде және ділінде [1,7б.].

Гуманистік принциптерді басшылыққа алу арқылы адамзаттың әлемдік байланыстары мен қатынастарын үйлесімді дамытуға болатындығын өзінің өмірімен, және философиялық ойлау мәдениеттілігімен айқындаған ағамыз тарихи тұлға.

Философ Аяжан Сағиқызы айтқандай: «Бүгінгі күні адам бұрынғыдан да көрі өзінің мәнін, өзінің мақсаттары мен тағайындылығын жаңаша түсінуге мұқтаж. Қазіргі кездегі адамның ерекшелігін түсіну үшін оның өткен жолын қарап шығу, оның дүниетанымы мен дүниеге қатынасының зерттеу қажет. Өйткені қазіргі адам көптеген әлемдерде өмір сүреді, әртүрлі мәдениеттермен, дәстүрлермен кездеседі, сондықтан оның моральдық бағдарлары мен өмірлік ережелері өзгереді. Жалпы адамзаттық құндылықтарды және гуманистік дүниетанымды басшылыққа алған адам адамгершіліктік ұстанымдардың қажеттілігі туралы идеяны берік ұстанып, өзінің ішкі моральдық заңын қатаң орындайды. Қазіргі қоғам гуманистік идеяларға мұқтаж, өйткені олар көп жағдайда адамның өмірін жақсартады және оған мағына береді» [2,24 б].

Философия мен философтар және олардың қоғам өміріндегі рөлі туралы мәселе бүгінгі жаһандану, ақпараттандыру заманында ғылыми өзекті проблемалар ғана емес, тереңіне үңілсек, философия мен философтардың арақатынасы философия тарихында үнемі қойылып отырған екен. Ұлы Стагирит-Аристтельдің пайымдауынша, философия еркін мақсатты көздеген қызмет, рухтың іштей бекуі, асқақтауы және оны жүзеге асыру үшін құмарлықтар, өмірлік қажеттіліктер мен шығармашылық қажет.

Немістің классикалық философы И.Канттың пікірінше, «философқа екі нәрсе: 1) оларды мүмкін болатын барлық мақсаттарға қолдану үшін талант және қолдана білу мәдениеті; 2) құралдарды белгілі бір мақсаттарға қолдану дағдысы қажет деген болатын [3,332б]. Ол философияның барлық жүйелері-ақыл - ойды қолдана білу тарихы деп тұжырымдайды.

Ал неміс философиясының шыңы В.Гегельдің ойынша, халық өзінің нақты өмірінің шетінен шығып, күйреуіне бағыт алғанда, ішкі ұмтылыс пен сыртқы қызметтің арасында алшақтық пайда болып, рух барлық тірі өмір сүруге немқұрайдылық танытқан да немесе көңілі толмағанда, адамгершіліктік өмір ыдырағанда философиялық пайымдау пайда болады және грек философтарының мемлекеттік істерден аулақ болған себебі осында жатыр [4,61б]. Бірақ, менің ойымша, грек философиясының бұл мемлекетке қатысты қыры философия мен философтардың мемлекеттен аулақ емес, керісінше, мемлекеттік құрылымға философтардың тікелей қатысуының болуы керек екендігін іштей сезініп, оны саяси-әлеуметтік қажеттілік деп білуінде. Оған дәлел - Платонның «Мемлекетті философтар басқару керек» деген қағидасы. Шынына келсек бүгінгі заманда да философтардың мемлекеттік құрылысқа тікелей қатынасының болуы қажет екендігін академик Ж.М. Абдильдин дәлелдеп отыр. Сонау 1991 жылдары Қазақстанның тәуелсіздігін алған кезде мәжіліс депутаты, адам құқығының сенаторы болып қызмет атқарған академик Жабайхан Мүбәрәкұлы Абдильдиннен сұхбат алған журналист ағамызға мынадай сұрақ қойды:

«Сіз саясаткер емессіз, философсыз. Мемлекет құрылымында сіздің философ ретінде атқаратын рөліңіз қандай?». Осы сұраққа ғалым ағамыз былай жауап берген еді: «Грек философы Платон мемлекетті философтар басқару керек деген. Бірақ мен бұл жерде мемлекетті басқарудан гөрі философ ретінде мемлекет құрылысының құрылымында болуға міндеттімін».

Қоғамның философия мен философтарға деген көзқарасын дәл білдірген Н.Бердяевтің пікірі: «Философтың жағдайы шыныменен трагедиялық. Оны ешкім сүймейді. Мәдениет тарихының барлық кезеңдерінде философияға деген жеккөріністілік байқалады және ол сан түрлі тараптан көрінеді. Философия мәдениеттің ең нашар қорғалған жағы. Философтар әрқашан адамзаттың шағын ғана тобы болды, олар ылғи да аз. Соған қарамастан адамдардың оларды соншалықты жақсы көрмейтіні таңқаларлық. Философия мен философтарды діннің адамдары, теологтар, шіркеу иерархиясы және қарапайым ғана сенушілер , ғалымдар және әртүрлі мамандық өкілдері, саясаткерлер мен әлеуметтік қызметкерлер, мемлекет билігінің адамдары, консерваторлар мен революционерлер, инженерлер мен техниктер, артистер, қарапайым адамдар, тоғышарлар сүйейді» [5,238б].

Осы күйді кейбір жағдайларда қазіргі философия мен философтар да кешіп отырғандай көрінеді. Философияның қандай қоғамдық пән екенін білмей, кейбір ЖОО- да псевдофилософтар табылып, жүктемені толтыру үшін философиядан сағат алып, студенттерге сабақ беріп жүргендер қаншама десеңізші!? Кезінде Б.Рассел айтып еді, дін мен ғылым арасында бос кеңістік бар, ол кеңістікті толтыратын тек қана философия деп. Шынында да солай! Философияның өзегі - көзқарас, ал дүниеге біртұтас көзқарас қалыптастыратын ілім-философия» [6, 252б].

«Адам-Әлем» оның субстанцианалдық жүйесі. Негізгі зерттеу объектісі адамның рухы, санасы, ойы, адамгершілігі, өмірінің мәні мен мағынасы, адамның қоғамдағы рөлі, тұлға ретінде қалыптасуы және күрделі әлеуметтік-рухани мәселелер.

ЖОО да, колледждерде философия пәнін оқытумен философ мамандарды дайындауда ұстаздардың құзыреттілігі мен кәсіби біліктілігі қажет. Өйткені И.Кант айтқандай: «философияны кездейсоқ шарлатандар емес, арнайы білімі бар мамандар оқытуы тиіс». Қазақта мынадай бір мақал бар: «Шымшық сойсаң да, қасапшы сойсын!». Бұл сөздің өзектілігі бүгінгі оқу жүйесіндегі жіберіліп жатқан, тіпті кең тараған олқылықтың бірі. Осыдан қазақ тобында орыс тілді ұстаздың философиядан дәріс оқуы, семинар жүргізуі қаншалықты орынды деген сұрақ туады!?

Кәсіби біліктілік философтың жоғары ойлау мәдениеттілігін, рацианалды ойлау жүйесімен ғылыми категориалдық деңгейін қажет етеді. Философия тек қана оқытылатын пән емес, ол өзінің ерекше тілі бар, яғни ұғымдары мен категориялары, методтары мен методологиялық принциптері бар гуманитарлық білім саласы, қоғамдық сананың ерекше формасы!

Университет - рухани қоғамдық өндіріс орны. Ғылым да қоғамдық сананың ерекше формасы. Ғылым-өндіргіш күш. Ғылым-мәдени феномен. Ғылым-әлеуметтік институт. Ғылым шығармашылық - танымдық ізденіс. Ал философия-рухани іс-әрекет. Ұстаз - философқа бүгінгі ұлттық зерттеу университетінде кәсіби мамандар дайындауда, студенттерге философия пәнінен сабақ беруде рационалды ойлау жүйесі қажет. Осы орайда ұстаз оқытушылық қызмет пен ғылыми ізденіс, шығармашылық арқылы ғылыми жобалар қорғайды. Ғылыммен айналысу барысында білім сапасын арттыру жолында тиімді әдістер мен методологияны қолдана білу қажеттігі бар. Оқытушының ғылыми теориялық деңгейі, диалектикалық-логикалық ғылыми принциптерді зерттеу барысында қолдануы әлемдік ғылым өлшеміне сай болуы керек.

Жас мамандар үшін философиялық ойлау мәдениеттілігін, сұхбат мәдениетін меңгере білу керек. Ол үшін философия классиктерінің еңбектерін олардың түпнұсқасында оқып, талдау жасай білуге тырысу қажет. Кезінде Қазақстандық ғылым академиясының философия және заң институтында Асистотельдің, Платонның, Ницше мен Сартрдың, Абай мен Шәкәрімнің т.б. философтардың еңбектері бойынша методологиялық семинарлар аспиранттарға жүргізілетін. Классик философтардың еңбектерін түпнұсқасында оқымай, философ болып шығу мүмкін емес! Бұл әрбір ұстаз-философтың пешенесі, парызы!

Философиялық ойлау, сөйлеу мәдениеттілігін қалыптастыру үшін жас философтың ойын нақты, дәл, көркем жеткізе білу өте маңызды. Софистер грекия мемлекетінің азаматтарын шешендік (риторика) өнеріне ерекше баулуды мақсат етіп қойғанын философия тарихынан білеміз. Бүгінгі технологиялар заманында ауызша сөйлеудің орнын тест сұрақтары басқан, сондықтан жастарымыз ойлаудан да, сөйлеуден де кемтар болып бара жатқаны өтірік емес. Сондықтан философия мен ғылым методологиясының принциптерін білім алу үрдісінде кеңінен қолданудың қажеттігі бар. Ол принциптер (ұстанымдар): тарихилық пен логикалықтың бірлігі; абстрактылықтан нақтылыққа өрлеу; рационалдық редукция; тарихи-мәдени реконструкция; нақтылық принципі; қайшылықтар принципі; пәнаралық синтез т.б. [7. 102б].

Философтарды оқыту барысында эссе жазу методын қолданудың арқасында студенттің логикалық және өзіндік ойлау қабілетін арттырып, жеке тұлғалық көзқарас қалыптастыруға бейімделеді. Аристотель, Платон, Сократ, Абай, Шәкәрім т.б ойшылдар туралы жазылған эсселер осы пікірімізге дәлел болады. Еуропалық университеттерде эссе жазу басты білімді жетілдіру әдісіне айналған.

Философияны оқытуда ерекше мәнге ие бөлім - семинар сабағы. Студент оқытушының дәрісінен бөлек интернет жүйесімен, қосымша әдебиеттермен өз тұрғысынан тақырыпқа қызығушылық таныту арқылы шығармашылық іс-әрекет жасайды. Сабақ барысында «Ассистент институты», «Философиялық скетчтер», «Философиялық жаттығулар», «Кроссворд» т.б. әдістер қолдану арқылы техникалық оқу құралдарын кеңінен қолданып, презентациялар жасайды. Бір ескертетін жағдай бар, ол презентациямен сабақ уақытын түгел алмай, оған қысқаша түсініктеме бере білу керек. Келесі бір әдіс -ол ойын мәселесі. Й.Хейзинганың «Философия как игра» деген әдісі бар, оның да өзінің нақты талаптары мен ережелері бар [8].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әбжанов Т.Ы. Қазақ рухының философиясы: Оқу құралы. -Қарағанды: КарМУ баспасы, 2003. -240 б.

2. Сағиқызы А. Гуманистік дүниетаным: Әлеуметтік мәдени негіздер. – Монография. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК. Философия, саясаттану және дінтану институты, 2013. -292 б.

3. Кант И. Трактаты и письма. – М.: Мысль 1980.

4. Гегель. Соч.Т. lX. – М.: Мысль, 2011.

5. Бердяев Н. Философия свободного духа. М.: Мысль. 1944.

6. Саттарова Ф.Ф. Рухани құндылықтардың тұлғалық – мағыналық сабақтастығы. Меңлібаев Қ.Н., Саттарова Ф.Ф. //Тәуелсіз Қазақстанның рухани құндылықтары: тарих және қазіргі заман - Монография. – Қарағанды: РИО «Болашак баспа», 2020. – 428 б.

7. Саттарова Ф.Ф. Интеллектуалды ұлт және білім беру философиясы // Қазіргі заманғы маңызды мәселелер. Халықаралық ғылыми журнал. - № 2 (48). - Қарағанды: РИО «Болашак баспа», 2018.

8. Хейзинга Й. Homo Ladens, Опыт определения игрового элемента. – М., 1992.

УДК 101.1

МЕТОД УЧИТЕЛЯ

Старовик Павел Павлович
Карагандинский университет имени академика Е.А.Букетова,
Старший преподаватель кафедры философии и теории культуры,
магистр гуманитарных наук, Караганда, Казахстан

Лекции профессора Абжанова, нам – первому выпуску кафедры философии – посчастливилось слушать на старших курсах университета. Тлеугазы Искакович читал нам историю философии XIX века, классическую немецкую философию и диалектическую логику.

Невероятные пары профессора запоминались не просто учебным материалом, а целыми экскурсами в историю культуры, в возникновение и развитие тех или иных феноменов, событий и процессов.

Объясняя философские системы немецких классиков Тлеугазы Искакович проводил параллели с древними греками, находя «корни» Канта и Гегеля у досократиков и, конечно, у Платона с Аристотелем. Картина становилась более чем понятна и откладывалась в памяти на долгие годы.

Частыми были отсылки к легендам, мифам, народным обрядам и поверьям, по аналогии с сюжетными линиями которых, можно было увидеть всю панораму времени и пространства событий.

Примером такого рассуждения был рассказ о черном лебеде. Профессор Абжанов на этом образе создавал целостную картину философской традиции, размышляя как те или иные словесные конструкции могут влиять на мифологию, религиозные взгляды, философию, ментальность народа.

В казахском языке лебедь – Аққу – «белая птица». Нет отдельного названия для черного лебедя. И как этот диссонанс можно уложить в представлении. Поразительно, как эти рассуждения совпадали с мыслями автора известной на весь мир книги [1].

На протяжении большей части своей истории человеческое общество придерживалось мнения, что лебеди существуют исключительно в белом окрасе. В этом контексте «черные лебеди»

воспринимались как нечто мифическое, способствующее разрушению устоявшихся стереотипов и предвзятых представлений.

Лебеди действительно обладают удивительной грацией и красотой, что делает их символами различных положительных качеств. Их движения на воде и белоснежное оперение придают им особую элегантность, которая вдохновляет поэтов, художников и композиторов на протяжении веков.

В культурах разных народов лебеди часто ассоциируются с любовью и преданностью. Например, в мифологии и фольклоре они нередко выступают в роли символов романтических отношений, ведь лебеди создают пары на всю жизнь. Это символизирует идеалы верности и преданности, которые ценятся в любви.

Кроме того, в различных традициях лебедь может олицетворять творчество, вдохновение и духовную чистоту. В некоторых культурах лебеди связаны с водой, что также подчеркивает их связь с жизнью, неисчерпаемой энергией и трансформацией.

Действительно, лебедь – это очень многослойный и символичный образ, который встречается в различных культурах и мифологиях. Его ассоциации с чистотой и возрождением делают лебедя символом духовной глубины и утонченности. Птица, которая умеет сочетать в себе элементы воды и воздуха, действительно может служить метафорой перехода между разными мирами – жизнью и смертью, материальным и духовным.

Противостояние белого и черного лебедей также создает глубокие смысловые пласты. Белый лебедь, как правило, ассоциируется с добром, чистотой и светом, в то время как черный лебедь может представлять темные стороны жизни, зло или непредсказуемость. Это контрастное изображение напоминает о том, что жизнь полна противоречий, и лишь приняв их, мы можем осознать всю полноту человеческого опыта.

И вот, например, у тюрков – выходцев из Алтая, лебедь считается прародителем: «ку» буквально лебедь. Получается — люди-лебеди. Не отсюда ли этимология слова «қазақ» (қаз ақ). Где «лебедь» перекликается с «гусем» и впоследствии становится этнонимом. Казахи охраняли лебедей и называли их царскими птицами, гордыми и вольными.

Согласно народной легенде, когда-то давно над землей летали лебеди из далекой страны, за ними наблюдал молодой охотник, поражённый разумом и красотой невиданной ранее птицы. Лебеди опустились на горную реку или высокое озеро для отдыха, сбросили крылья на берег и превратились в трех прекрасных девушек, вошедших в воду. Эти девушки — духи природы. Зачарованный охотник спрятал крылья одной из них, и она не смогла улететь со своими сестрами. Девушка и охотник полюбили друг друга, у них родились дети, которые могли летать как вольные птицы, сохранившие природу и лебедя, и человека.

К сожалению, формат данной статьи, не позволяет отметить весь колоссальный комплекс знаний по классической немецкой философии, погружение нас, студентов, в глубину эпохи, культурных, социальных, экономических и политических условий становления мыслителей данного периода. Но, эти знания и особенности времени отложились на долгие десятилетия.

Нельзя не вспомнить прекрасное знание профессором античной литературы, поэтов и драматургов Эллады и древнего Рима.

Особо хотелось бы отметить прекрасные лекции Тлеугазы Искаковича по истории философии XIX века, в части его размышлений о поэзии античности и корнях философии Ницше.

В середине 90-х годов двадцатого века, работы немецкого философа стали печататься в поразительных объемах, многие студенты, и мы в том числе, стали буквально глотать эти произведения, очаровываясь его слогом, логикой и нигилизмом. Рассуждения профессора Абжанова о немецком философе подействовали на нас отрезвляюще, позволили по-новому взглянуть и на личность, и на смыслы произведений «маленького пастора».

Профессор Абжанов признавал все значение Ницше на дальнейшее развитие философии, на ее креативность. Их сближало даже базовое филологическое образование. Профессор признавал, что Ницше будучи студентом и впоследствии профессором классической филологии, глубоко проник в античную эпоху и хорошо разбирался в этом вопросе. Критически оценивая современную ему европейскую культуру, Ницше видел истину исключительно в жизни древних греков досократической эпохи, которой он уделял особое внимание еще в годы своего преподавания в университете. Он утверждал, что все философские системы вышли из античности, греки сияют ярче, чем когда-либо — особенно греки до Сократа». Для Ницше именно досократовская Греция символизировала начало человека, общества и культуры — именно ее считал важным образцом и научным вдохновением.

Характеризуя жизнь Ницше, профессор Абжанов приводил цитату из Антигоны Софокла: «Безумие для смертного есть худшее из зол» [2]. Уже много позже, когда мы стали осваивать Ницше в качестве преподавателя, слова нашего профессора звучали рефреном в выводах о неизбежном трагизме жизни немецкого мыслителя.

Однако, он отмечал, что стиль Ницше, насыщенный символами и метафорами, заимствован у Гераклита. А, например, эпиграмматический стиль, как в прозе, так и в поэзии перенят у Саллюстия и Горация. Особенно врезалась в память отсылка к известному изречению Ницше, которое наш профессор, прекрасно знавший немецкий язык, привел на немецком и потом рассказал о всех нюансах данного утверждения.

Так, например, в работе 1888 года «Сумерки идолов, или как философствуют молотом» Ницше пишет: «Aus der Kriegsschule des Lebens. – Was **mien** nicht umbringt, macht mich stärker». Дословно это переводится как «Из военной школы жизни. – Что не убивает меня, делает меня сильнее» [3, 815].

И тут же продолжение: «Помогай себе сам: тогда поможет тебе и каждый. Принцип любви к ближнему» [4].

Чтобы приблизиться к пониманию, что хотел сказать Ницше, нужно обратиться к его другой работе, более поздней и последней в творчестве философа: «Ecce Homo. Как становятся сами собою». В ней, в главе «Почему я так мудр» (!!!) фраза звучит несколько иначе: «Was **ihn** nicht umbringt, macht ihn starker» – «Что его не убивает, то делает его сильнее» [5].

Профессор Абжанов увидел разницу в местоимениях и обратил наше внимание на то, что вся смысловая нагрузка меняется в крылатых фразах. И чтобы увидеть весь объем эволюции философских воззрений Ницше, конечно же необходимо обращать внимание на детали текста, нюансы мыслей, построение словесных оборотов.

Ключом же служит один из стихов Горация, поэтически выразившем крылатую латинскую поговорку (Increscunt animi viresciyy volnere virtus – Растут силы и укрепляется мужество ударом):

Противна чернь мне, таинствам чуждая!
Уста сомкните! Ныне, служитель муз,
Еще неслыханные песни
Девам и юношам запеваю…

Кто тем, что есть, доволен — тому уже
Не страшно море неугомонное
И бури грозные несущий
Геда восход иль закат Арктура,

Не страшен град, лозу побивающий,
И не страшна земля, недовольная
То ливнем злым, то летней сушью,
То холодами зимы суровой [6, 517].

Первоначально не совсем понятно, как коррелируют Ницще и Гораций. Но, вчитываясь в текст оды Горация, постепенно начинаешь видеть сходство со стилистикой философа XIX века.

Тлеугазы Искакович учил нас видеть эти глубины мысли, выявлять близость философии мыслителей разных культур и времен.

Список использованной литературы:

1. Талеб Нассим. Черный лебедь: под знаком непредсказуемости: пер. с английского. – М., 2007. – 734 с.
2. Софокл. Трагедии / Перевод С.В. Шервинского. – М.: Художественная литература, 1988. – 364 с.
3. Ницше Ф. Так говорил Заратустра / Рождение трагедии, или Эллинство и пессимизм/ Пер. с немецкого. – М.: Эксмо; СПб.: Мидгард, 2005. – 1024 с.
4. Там же. С. 815
5. Там же. С. 942
6. Марон. Гораций. Оды. Эподы. Сатиры. Послания. Наука поэзии: [сб.: пер. с лат.] / Квинт Гораций Флакк. — М.: АСТ: АСТ МОСКВА, 2009. — 908 с.

УДК 165.9

ИБН СИНАНЫҢ ТАНЫМ ІЛІМІ: ДӘСТҮР МЕН ҚАЗІРГІ ФИЛОСОФИЯ АРАСЫНДАҒЫ САБАҚТАСТЫҚ

Шұғай Ю.Ш.
Академик Е.А.Букетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, магистрант,
Қарағанды, Қазақстан

Ибн Сина философиялық мұрасы ислам және әлемдік ой тарихында орталық орынды алады. Оның еңбектері көне философияның жалғасы ғана емес, Шығыстың да, Батыстың да дамуына әсер еткен бірегей зияткерлік дәстүрді қалыптастырды. Ибн Сина жүйесінде рационалды білім, діни ашылу және метафизикалық қағидаттарды біріктіретін таным туралы ілімнің маңызы ерекше. Осы тұжырымдаманы қазіргі заманғы философиялық дискурс контексінде қарастыру оның сананың, когнитивтік ғылымдардың және ақыл-ой философиясының проблемаларын талдау үшін сабақтастығы мен өзектілігін анықтауға мүмкіндік береді.

Ибн Сина тану туралы ілімі адамның ақыл-ойы қарапайым сезімдік қабылдаудан Құдайдың ақиқатын түсінуге дейін көтерілуге қабілетті деген ұғымға негізделген. Ойшыл танымды сезімдік қабылдауды, абстракцияны және логикалық өңдеуді, белсенді интеллект қызметін және интуитивті танымды қамтитын көп деңгейлі процесс ретінде қарастырады. Сезімдік қабылдау сыртқы әлем туралы деректердің бастапқы көзі , ол заттардың мәнін емес, феноменальды сипаттамаларын көрсетеді. Бұл деректер толық білім бермейді, бірақ одан әрі зияткерлік талдау үшін бастапқы нүкте болып табылады. Олкөзі,көмегімен адам сыртқы шындық туралы алғашқы мәліметтерді алып, кейіннен ұтымды қайта өңделуге жатады [1].

Эмпирикалық деңгейден әмбебап ұғымдар мен санаттарды қалыптастыруға көшуге мүмкіндік беретін абстракция және логикалық өңдеу келесі кезең болып табылады. Дәл осы кезеңде ұтымды білімнің негізі қаланады. Бұл процесте басты рөлді белсенді интеллект (al- «aql al-fa» «al») атқарады, ол сезімдік тәжірибе деректерін түсіндіріп, оларды теориялық білім құрылымына айналдырады. Белсенді интеллектінің арқасында адам шектеулі және салыстырмалы эмпирикалық тәжірибенің шегінен шығып, әмбебап ақиқаттарды қалыптастыра алады.

Авиценнаның гносеологиясында оның екі іргелі ойлау актісі: тасаввур (түсінік беру, ұғымды қалыптастыру) және тасдик (бекіту, пайымдау) туралы оқуы ерекше орын алады. Бұл актілер кез келген танымдық процестің құрылымын айқындайды. Тасаввур оларсыз логикалық пайымдау мүмкін болмайтын ұғымдардың бастапқы қалыптасуын қамтамасыз етеді, ал тасдик ұғымдарды пайымдауға байланыстырады және білімнің пропозициялық құрылымдарын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Көбінесе силлогистикаға шоғырланған аристотель логикасынан айырмашылығы, Авиценна тұжырымдамалық ойлау кезеңіне назар аударады. Ол үшін ұғымдарды құру процесі кез келген ақыл-ой актісінің бастапқы негізі болып табылады. Бұны қазіргі заманғы когнитивтік зерттеулермен қатар көруге болады, онда білімді тұжырымдамалау және репрезентациялау проблемасына ерекше назар аударылады [2].

Білімнің сезімдік және ұтымды деңгейлерінен басқа, Ибн Сина ерекше нысанды - интуитивті білімді бөліп көрсетеді. Ол дәлелдемелерді талап етпейтін және болмыстың жоғары қағидаттарын тікелей түсіну болып табылатын «аподиктикалық шындық» ретінде қарастырылады. Авиценненің пікірінше, интуиция метафизикалық және моральдық ақиқаттарға қол жеткізуде ерекше рөл атқарады, ол Құдайды және ғаламның жоғары принциптерін тануға жол ашады. Ойшыл діни ашылуды пайғамбарға қолжетімді интуицияның ерекше түрі ретінде түсіндіреді, ол арқылы Құдайдың шындығы адамзаттың игілігіне айналады. Бұл жерде философия мен дін қарама-қайшылыққа түспейді, керісінше, олар үйлесімді бірлікті құрайды: ақыл-ой пайымдаудың интуитивті нысанда хабарлағандарын ашады.

Ибн Сина ақыл-ойы ақпаратты белсенді қабылдамайды, керісінше, ол деректерді өзгерте отырып, ақиқатқа ұмтылады. Оның жүйесінде жан туралы ілім ерекше орын алады, ол өсімдік, жануар және ақылға қонымды болып бөлінеді. Ақылға қонымды жан тану қабілетін алып жүруші болып табылады және сонымен қатар тіріліктің шыңы мен адам мен болмыстың жоғары деңгейлері арасындағы делдал бола отырып, Құдайдың жарығымен байланысады. Авиценнаның гносеологиясы тек логика мен таным теориясын ғана емес, сонымен қатар антропологияны, этика мен метафизиканы да қамтиды, рухани өрлеу ретінде танымның тұтас бейнесін қалыптастырады [3].

Ибн Сина тағылымы ежелгі философия мен исламдық зияткерлік дәстүр арасындағы сабақтастықты көрсетеді. Бір жағынан ол Аристотель мен Платонның идеяларына сүйенеді, екінші

жағынан - рационалдық пен ашықтықты біріктіретін жеке таным моделін жасайды. Бұл модель орта ғасырлық еуропалық схоластикаға, әсіресе Фома Аквинский және Альберт Ұлы сияқты ойшылдарға терең әсер етті. Кейіннен Ибн Сина идеясы әлемдік мәдениет пен ғылымның дамуына елеулі ықпал ете отырып, ежелгі философия мен кейінгі дәуірлердің гуманистік дәстүрі арасындағы байланыстырушы буынға айналды.

Қазіргі заманғы зерттеушілер Ибн Сина философиясы сананың табиғаты, ғылым мен діннің арақатынасы, ұтымды және интуитивті туралы пікірталастар аясында өзектілігін сақтайтынын атап өтеді. Тасаввур мен тасдик арасындағы айырмашылығы қазіргі философиясы мен когнитивтік ғылым терминдерінде семантикалық репрезентациялар мен пропозициялық ұстанымдар арасындағы айырмашылық ретінде түсіндірілуі мүмкін. Белсенді интеллект тұжырымдамасы жасанды интеллект және когнитивті сәулет теорияларымен үндеседі, ал білімнің көзі ретінде интуицияға назар аудару адам ойлауының феноменальды санасы мен интуитивті аспектілері туралы заманауи пікірталастардан параллель табады.

Ибн Сина танымы көне мұраның, исламдық рухани дәстүрдің және түпнұсқалық философиялық ойдың бірегей синтезі болып табылады. Оның таным теориясы ортағасырлық философияның дамуын анықтап қана қоймай, сананы және гносеологияны қазіргі заманғы зерттеу контекстінде маңызын сақтайды. Танымды сезімдік тәжірибеден Құдайдың шындығына көтерілу процесі ретінде қарастыра отырып, Ибн Сина рационалды және рухани арасындағы бөлінуді еңсеретін тұтас үлгіні ұсынады. Ғылым мен руханият, рационалдық пен интуиция арасындағы үйлесімділікті іздеуге байланысты қазіргі заманғы философиялық пікірталастар үшін өнімді болуы мүмкін [4].

Таным туралы ілім ислам шығысы мен бүкіл ортағасырлық философияның ірі ойшылдарының бірі Ибн Сина философиялық жүйесінде негізгі орын алады. Оның еңбектері ежелгі мұраның, ең алдымен аристотелдік және платоникалық емес дәстүрлердің, ислам философиясының бірегей ережелерінің бірегей синтезі болып табылады, бұл оған мұсылман Шығысына да, латын Батысына да ұзақ уақыт әсер еткен біртұтас таным тұжырымдамасын жасауға мүмкіндік берді. Ибн Сина эпистемологиясын ойшылдардың келесі ұрпақтары - схоласттардан бастап Жаңа заман философтарына дейін қабылдап, қайта өңдеді, ал оның жекелеген элементтері сананың табиғаты, когнитивтік механизмдер мен білімнің негіздері туралы заманауи пікірталастарда да қолдау табады.

Бүгінде Ибн Сина іліміне жүгінудің өзектілігі бірнеше факторлармен түсіндіріледі. Біріншіден, оның таным тұжырымдамасы формалар туралы көне ілімді, орта ғасырлық схоластиканы және заманауи эпистемологиялық тәсілдерді біріктіре отырып, философиялық дәстүрдің сабақтастығын көрсетеді. Екіншіден, оның интеллект теориясы қазіргі заманғы танымдық ғылымдармен және сананың философиясымен тікелей байланысты мәселелерді көтереді: абстракциялау қалай жүреді, әмбебап қайдан шығады, сезімдік тәжірибе мен ойлаудың ұтымды құрылымдары қалай біріктіріледі. Үшіншіден, технологиялар мен жасанды интеллект қарқынды дамыған дәуірде Ибн Сина идеялары адам танымының негізін қалайтын және оның ақпаратты өңдеудің жасанды жүйелерінен айырмашылығы неде екенін түсіну перспективасын ашады.

Ибн Сина тану туралы ілімі әлеуетті, әрекет ететін, алынған және белсенді деңгейлер ерекшеленетін интеллекттің көп деңгейлі құрылымы туралы ұғымға негізделген. Модель таным сезімдік деректердің механикалық жинақталуы емес, оларды түсіну, ретке келтіру және әмбебап қағидаттармен арақатынас процесін білдіреді деп болжайды. Осы теорияда әмбебап және білімнің объективтілігінің кепілі болып табылатын белсенді интеллект басты орын алады. Нақ осы тұжырымдама ойшыға эмпирикалық және ұтымды, жеке және әмбебап біріктіруге мүмкіндік береді, осылайша таным процесін тұтас түсінуді ұсынады.

Қазіргі заманғы философиялық дискурста Ибн Сина эпистемологиясына қызығушылық оның теориясының сана философиясының негізгі мәселелерін қозғайтындығымен түсіндіріледі. Сананың тәжірибені пассивті емес, белсенді түрде құрылымдайды деген идея танымдық ғылымдар мен феноменологияның қазіргі заманғы теорияларымен үйлеседі. Оның пікірін жоққа шығарусыз ақиқатты кенеттен түсіну ретінде қарастырылатын интуитивті таным (ƨads) ұғымы инсайт пен шығармашылық ойлау феноменінің қазіргі заманғы зерттеулерін болжайды. Сонымен қатар, Ибн Сина сезімдік қабылдау мен оның таным үдерісіндегі рөліне назар аударуы оның тұжырымдамасын эмпирикалық тәсілдерге жақын етеді, бұл оның көп өлшемді және әртүрлі интерпретациялар үшін ашықтығы туралы айтуға мүмкіндік береді [5].

Ибн Сина ілімін зерттеу философиялық дәстүр мен заманауи тәсілдер арасындағы сабақтастық сызығын бақылауға мүмкіндік береді. Оның интеллект теориясы және таным үдерісіндегі сананың белсенді рөлі эпистемологияның іргелі проблемаларын талқылау үшін маңызды болып қала береді. Қазіргі заманғы философиялық және ғылыми зерттеулер ойшыл XI ғасырда

қалыптастырған мәселелерді қоюдың өзектілігін растайды. Сондықтан оның эпистемологиясы философия тарихының бір бөлігі ретінде ғана емес, білім мен сана туралы заманауи дискурсты байытуға қабілетті идеялар көзі ретінде де қарастырылуы тиіс.

Ибн Сина философиялық мұрасы ислам және әлемдік ой тарихында ерекше орын алады, ол ислам Шығысының ежелгі философиялық мұрасы мен бірегей зияткерлік дәстүрінің синтезін білдіреді. Оқуы грек-рим философиясы, араб ойы және одан кейінгі еуропалық схоластика арасындағы байланыстырушы буынға айналды, шығыс философиясына да, батыс философиясына да елеулі әсер етті. Оның жүйесіндегі орталық идея болып табылады, оған сәйкес адам санасы қарапайым қабылдаудан жоғары метафизикалық ақиқаттарды түсінуге, тіпті Құдайдың шындығын түсінуге дейін шыға алады [6].

Бұл ретте Ибн Сина философиясының діни контексін ескеру керек. Исламның дүниетанымына сәйкес, Жаратушының бар екендігіне деген сенім бастапқыда адамда қалыптасқан және оның табиғатының негізін құрайды. Бұл шынайы ұмтылыс әдетте адамның «бастапқы табиғаты» деп түсіндірілетін фитра ұғымымен белгіленеді. Эпистемологиялық перспективада фитра танымның өзіндік негізіне айналады: ол философиялық білімде дамып, ұтымды ресімделетін ақиқатқа бастапқы көзқарасты білдіреді. Осылайша, Ибн Сина жүйесінде діни және философиялық бастаулар бір-біріне қарсы емес, бірыңғай таным иерархиясын құрайды, онда рационалды білім ақиқатқа деген туа біткен ұмтылыстың ашылу нысаны болып табылады.

Мұнда маңызды эпистемологиялық сұрақ туындайды: адамның ақиқатқа (фитраға) бастапқы ұмтылуы танымның ұтымды-эмпирикалық тетіктерімен қалай үйлеседі? Ибн Синаның жауабынан негізгі қағидатты көруге болады: сезімдік қабылдау бастапқы материалды береді, бірақ өзінен-өзі нәрсенің мәнін ашпайды; ұтымды ойлау абстрактілі ұғымдарды қалыптастыра отырып, сезімдік деректерді түрлендіреді; белсенді интеллект бірліктен әмбебап интеллектіге көшу мүмкіндігін қамтамасыз етеді; ал интуиция метафизикалық ақиқаттарды тікелей түсінуге мүмкіндік беретін білімнің жоғары формасына айналады. Ибн Сина таным жүйесі деңгейлер иерархиясы ретінде құрылады - сезімталдықтан интеллектуалдыққа және интеллектуалдықтан интуитивтіге. Бұл ретте адамның ақиқатқа бастапқы көзқарасы (фитра) философия мен дін арасындағы үйлесімділікті қамтамасыз етеді: философия таным тәжірибесін жүйелейді және ұтымды түсінеді, ал діни өлшем оның абсолюттік ақиқатқа түпкілікті бағытталуын бекітеді [7].

Осы тұрғыдан Ибн Сина тағылымы дәстүр мен жаңашылдықтың бірегей синтезі болып табылады. Бір жағынан, ол Аристотель мен неоплатониктерге қарай келе жатқан ежелгі білім тұжырымдамасын мұраға қалдырады; екінші жағынан, ол рационалды әдіснаманы танымды діни өлшеумен біріктіре отырып, бірегей үлес қосады. Білім тек рационалды-эмпирикалық қызметтің өнімі болып табыла ма немесе ол сана мен адам табиғатының неғұрлым іргелі құрылымдарына сүйене ме деген сұрақ эпистемологияда, сана философиясында және танымдық ғылымдарда пікірталас тақырыбы болып қала береді.

Осы заманғы пікірталастар аясында Ибн Сина эпистемологиясы ерекше өзекті болып отыр. Оның білімді тек эмпирикалық тәжірибеге ғана жеткізу мүмкін емес деген түсінігі когнитивтік ғылымның қазіргі заманғы теорияларында қолдау табады, онда туа біткен когнитивтік құрылымдар, интуитивті таным механизмдері және ақпаратты өңдеудегі сананың рөлі талқыланады. Ибн Сина сезім білімнің сыртқы қабығын ғана береді дегендей, қазіргі заманғы зерттеушілер эмпиризмнің шектеулілігін және біздің қабылдау мен ойлауды қалыптастыратын когнитивтік үлгілерді ескеру қажеттігін атап көрсетеді.

Ибн Сина философиясы ежелгі мұраны сіңіріп, оны исламдық зияткерлік дәстүр аясында өзгерткен, адам білімінің құрылымы туралы бірегей оқу ұсынады. Гносеологиясының логикасы дұрыс ойлау туралы ғылым ретінде негізгі орын алады, онда екі іргелі эпистемологиялық акт - тасаввур (ұсыну, ұғым) және тасдик (бекіту, пайымдау) негізгі мәнге ие. Бұл санаттар білімді қалыптастыру жолын да, оның ішкі құрылымын да анықтай отырып, оның бүкіл таным теориясының негізін құрайды [8].

Жаңа білім алудың басты әдісі ретінде силлогизмге баса назар аударылған аристотель логикасынан айырмашылығы, Ибн Сина түсініктерді құру процесіне баса назар аудара отырып, өзінің логика және таным жүйесін құрады. Пікірінше, нақ осы ұғым (тасаввур) кез келген ақылға қонымды ойлау актісінің бастапқы элементі болып табылады. Ұғымдарды алдын ала қалыптастырусыз пікірлер құру да, қисынды қорытындылар шығару да мүмкін емес. Ибн Сина логиканы ойлау және тану процестерін зерттеудің әмбебап құралына айналдыра отырып, ежелгі логикалық дәстүрдің шеңберін едәуір кеңейтеді.

Ибн Сина Тасаввур - бұл пәнді оның «бейнесінде» түсіну актісі, санаға нысанды сезімдік тәжірибенің алуан түрлілігінен бөліп алуға және оны түсінік түрінде бекітуге мүмкіндік беретін

ойлау ұғымын қалыптастыру. Ұғым одан әрі ойлау қызметі үшін қажетті шарт болып табылады, өйткені ол танымдық процеске орнықтылық пен айқындылық береді.

Тасдік, керісінше, пайымдауда ұғымдар өзара біріктірілетін, шынайы мәні бар сөйлемдерді қалыптастыратын бекіту актісі ретінде әрекет етеді. Осылайша, тасдик абстрактілі ұғымнан білімге өз мағынасында көшуді білдіреді, өйткені тек пайым ғана дұрыс немесе жалған болуы мүмкін.

Ибн Сина осы дихотомияны дамыта отырып, танымның екі жақты құрылымы бар екенін көрсетеді: ол ұғымдардың қалыптасуынан басталады, бірақ бұл ұғымдар білімнің тұтас жүйесін құрайтын тұжырымдарға қосылғанда ғана аяқталуға жетеді.

Мұндай тәсіл Ибн Сина үшін логика пайымдау техникасымен ғана шектеліп қоймай, танымдық процестің құрылымы мен заңдары туралы оқулыққа айналатынын көрсетеді. Бұл оның түпнұсқалығын көрсетеді: ол логикаға әмбебап ойлау ғылымы мәртебесін береді, ол тек қорытынды ережелерін ғана емес, білімді құрудың іргелі формаларын да зерттейді.

Қазіргі заманғы зерттеушілер тасаввур мен тасдик арасындағы айырмашылықтың XX-XXI ғасырлар философиясында таңғажайып ұқсастықтары бар екенін атап өтеді. Айталық, талдамалық дәстүрде ұғымдық репрезентациялар мен пропозициялық ұстанымдар арасындағы айырмашылық көбінесе Ибн Сина интуициясымен үндеседі. Айталықғылымдарда ұқсас дихотомиялар когнитивтік үлгілердің құрылымын қалыптастыратын ментальдық бейнелер мен тұжырымдар арасындағы айырмашылықта көрінеді. Эпистемология ежелгі философиямен сабақтастықты ғана емес, сонымен қатар қазіргі заманғы ғылыми пікірталастардың контекстінде өзектілігін көрсетеді [9].

Әбу Әли ибн Сина философиялық жүйесі антикалық рационализм мен исламдық метафизиканың бірегей синтезі болып табылады, онда гносеология орталық орын алады. Оның танымға деген көзқарасы терең құрылымдылығымен, логиканың, сезімдік тәжірибенің, эмоциялар мен ерік-жігердің интеграциясымен ерекшеленеді, бұл білім процесін жан дүниесінің сезімнен интуитивті ұғымға көп қабатты қозғалысы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Ибн Сина логикасы формалды құралмен шектелмейді, ол адам білімінің барлық түрлерін - жаратылыстану және метафизикалық ғылымдардан бастап практикалық және этикалық пәндерге дейін құрылымдауға және бағыттауға қабілетті ұтымды талдаудың әмбебап әдісіне айналады.

Белсенді интеллект тұжырымдамасының ерекше мәні бар, ол арқылы философ ұтымды және ашық білім арасында үйлесім жасай отырып, философиялық және діни танымды байланыстырады. Ақиқаттың тек логикамен ғана емес, сонымен қатар жан дүниесінің ішкі дайындығымен, ерік-жігерімен және эмоциялық жетілуімен түсінілетінін түсінуге мүмкіндік береді, бұл Ибн Сина ілімін когнитивтік ғылым мен эмоциялар психологиясындағы заманауи зерттеулерге жақындатады [10].

Қорытындылай келе, Ибн Сина тасаввур және тасдик тұжырымдамасы ежелгі дәстүр сияқты жаңа зияткерлік көкжиектерді ашатын танымның түпнұсқа моделін қалыптастырады деп айтуға болады. Ортағасырлық ислам философиясының ерекшелігін түсінуге ғана емес, сонымен қатар оны қазіргі заманғы сана философиясымен, логикамен және танымдық ғылымдармен байланыстыратын сабақтастық сызықтарын анықтауға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Миронов В.В., Иванов А.В. Онтология және таным теориясы: Оқулық. – М.: Гардарики, 2005. – Б. 17–25.
2. Балил Абд әл-Карим. Құран терминологиясы: лингвистикалық және семантикалық талдау / ағылш. тілінен ауд.: С.М. Коваленко. – СПб.: Петербургское Востоковедение, 2022. – 216 б.
3. Швырёв В.С., Малер Е.А. Гносеология. – М., 2019. – 56 б.
4. Аристотель. Метафизика. – М.: Қасиетті Фома философия, теология және тарих институты, 2016. – 232 б.
5. Шпилькин Ю.И. Гносеология және оның баламалары // Еуразиялық философия дискурсы. – РАЕ, 2017.
6. Davidson, D. A Coherence Theory of Truth and Knowledge // Truth and Interpretation. Perspectives on the Philosophy of Donald Davidson, Ernest LePore (ed.). – Oxford: Basil Blackwell, 1986. – P. 307–359.
7. Зотов А.Ф., Миронов В.В., Разин А.В. Философия. Оқулық (6-басылым). – М.: Проспект, 2011. – Б. 123–134.
8. Роберт Т. Кэррол. Агностицизм // Қате түсініктер энциклопедиясы. – М.: Диалектика, 2005. – 13 б.
9. Васильев В.В. Кант метафизикасының жертөлелері. — М.: Наука, 2008. — 160 б.
10. Таным философиясы: XXI ғасыр. – Қазақстандық философтар ұжымы. – Алматы: ҚР БҒМ Философия институты, 2012. – Б. 37–45.

ӘОЖ: 316.7. 323

ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНДАҒЫ ДӘСТҮРДІҢ РӨЛІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӨЗГЕРІСІНІҢ САЯСИ МОДЕРНИЗАЦИЯҒА ЫҚПАЛЫ

Шәкей Фариза, Өтеген Аяна
Академик Е.А.Бөкетов атындағы университеттің
«Саясаттану» оқу бағдарламасының 4 курс студенті
Ғылыми жетекші ***Г. А.Жумасултанова,*** т.ғ.к.,
қауымдастырылған профессор

Дәстүр - қоғамдағы мәдени нормалар мен әдет-ғұрыптар жиынтығы. Ол халықтың тарихи тәжірибесін, құқықтық салт-дәстүрлерін қамтиды және символдық капитал ретінде қоғамның өзіндік ерекшелігін қалыптастырады. Осыған орай белгілі Э. Хобсбаум пен Т. Рейнджер секілді ғалымдар «ойдан табылған дәстүрлер» тұжырымдамасында дәстүрлердің кейде мемлекеттік немесе ұлттық бірегейлікті нығайту мақсатында жаңадан жасақталатынын көрсеткен [1]. Ал дәстүрмен жаңару процесі оның өзгерумен байланысты болады.

Ғылыми ортада қоғамда болып жатқан жаңару үрдісі модернизация деген ұғыммен анықталады. Оның ішінде саяси модернизация ерекше орын алады, себебі, С. Хантингтон айтқандай, саяси модернизацияда қоғам институттардың нығаюы саяси мәдениеттің өзгерісіне әкеледі. Бұл тұрғыда жаңару дәстүрлі құндылықтардан секулярлыққа және тіршілікке бағытталған құндылықтардан өзін-өзі білдіруге өтуді қамтиды (Inglehart–Welzel мәдени картасы бойынша) [2].

«Көптік модерндер» қағидасы бойынша Ш. Эйзенштадт ұсынған тұжырымдамаға сәйкес, әрбір қоғам өзінің тарихи және мәдени ерекшеліктеріне сай модернизацияның өзіндік үлгісін қалыптастырады. Яғни, модернизация – біржақты емес, дәстүрмен үйлескен локальды синтез ретінде жүреді [3]. Бұл тұрғыда Қазақстан да өзіндік көшпенді дәстүрлерді сақтай отырып, жаңару жолын таңдаған елдердің қатарында саналады.

Қазіргі таңда Қазақстанда дәстүр мен модернизация қатар дамып келеді десек қателеспейміз. Мемлекеттік мәдени имиджде дәстүрлі және жаңартылған элементтер үйлесіп көрсетіледі. Мысалы, Астананың заманауи сәулетімен қоса этникалық фольклор мен ұлттық киім үлгілері де жиі насихатталады деген пікірмен келісуге толық болады [4]. Қазақстан «заманауи мемлекетке айналғанымен» көшпелі дәстүрлерін де сақтайтын ел ретінде сипатталады. Қоғамдық-саяси тұрғыда қазақ дәстүрлері саяси модернизацияның тұрақтылық көзі болып отыр. World Values Survey зерттеу жобасының нәтижелері бойынша Қазақстанда ұрпақаралық байланыс пен отбасылық құндылықтар (дәстүрлік өлшемде) әлі де жоғары бағаланады [5].

Қазақстанда дәстүрлер саяси модернизацияның тұрақтылығын қамтамасыз етуші күш болып табылды. Шоқан Уәлиханов сипаттағандай, біздің қоғамда билер институты ғасырлар бойы маңызды рөл атқарды [6]. Қазіргі кезеңде де билер соты мен халықтық құндылықтар. Қазақстан заң жүйесінде және әлеуметтік өмірде беделін сақтап келеді. Мысалы, билік пен қоғам арасындағы ұлттық бірлік пен консенсус мәселелері «Ұлттық құрылтай» секілді жаңа ұйымдар арқылы талқылануда. 2024 жылы Бурабайда өткен құрылтай мемлекет пен қоғам өкілдерінің жаңа саяси бағдарларын анықтады.

Қазіргі Қазақстанда мемлекет басшысы жариялаған бағдарламаларда ұлттық рух пен тарихи дәстүрлерді жаңғырту міндеті алдыңғы орынға қойылған. Соның ішінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы жаңа ғасырға сай ұлттық сананы жаңарту ретінде жарияланған. Ол дәстүрлі құндылықтарды қорғаумен тығыз байланысты деп толық айта аламыз. Оның дәлелі еліміздің тарихында жатыр деп айтуға болады.

Қазақ заңдарының тамыры ертеден басталып, әділдік пен теңдік принциптері негізінде қызмет етіп келеді. Мысалы, Қазақ хандығы жылнамаларында Қасым ханның «Қасқа жолы», Есім ханның «Ескі жолы» және Тәуке ханның «Жеті Жарғысы» сияқты заң кодекстері жазық құжат ретінде қалыптасты [7]. Соның ішінде 1836 жылы «Төрт би мен төре» заңдар жинағы Қазақ жеріндегі алғашқы толық заң шығарушы актілердің бірі болып, барлық қоғамдық топқа теңдік пен жаза шараларын төлем жолымен реттеуді көздеген. Және «даудың идеалы – бейбітшілік» ұстанымы бұрынғы қазақ қоғамында билердің қызметінде басты рөл атқарған.

Ал келесі тарихи кезеңде (Ресей империясының бодандығында болуда) патшалық үкімет дәстүрді ресми түрде жою мен орыстандыруға ұмтылғаны белгілі. Кейін кеңес дәуірінде діни және ұлтшыл институттар шектеуге алынып, жалпы білім беру мен мәдениет жүйесі арқылы кеңес идеологиясы насихатталды. Дегенмен дәстүр кейде бейресми ортада сақталып, ауылдық қоғамда өмір сүру салтына енді.

1991 жылдан кейін Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бастап елімізде ұлттық сана жаңғыруы жүріп, қазақ тілі мен мәдениетінің маңызы қайта көтерілді. Мемлекеттік рәміздер (таудың ұшы, күн, бүркіт бейнелері) ұлттық бірегейліктің символдары ретінде бекітіліп, қазақ тілін қайта

өркендету бағдарламалары қолға алынды. Мысалы, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы ұлттық мұраны сақтап, жаңғыртуды басты міндетке айналдырды. Осы саясат арқасында «ұлттық тағамдар», «қазақи нақыштағы киімдер» т.б. салт-дәстүрлер қайта насихатталып, білім мен БАҚ-та қазақ фольклоры мен «Бабалар сөзі» кітаптары кеңінен қолға алынды.

Қазіргі таңда 2022 жылғы конституциялық саяси реформаларға сәйкес еліміздің саяси жүйесінде іргелі өзгерістер енгізді. Азаматтық құқықтары мен саяси институттарды нығайту аясында суперпрезиденттік басқару моделі кеміді; президентке қызмет мерзімі бір реттен астам сайланбау, партия мүшелігінен бас тарту және облыс әкімдерін тағайындау құқығынан айыру сияқты шектеулер қойылды. Конституциялық соттың қайта қалпына келтірілуі де осы реформаның бір бөлігі болды. Мысалы, 2023 жылдың қаңтарынан бастап кез келген азамат Конституциялық Сотқа жүгінуге мүмкіндік алды. Заңнамалық өзгерістер партиялық сайлау жүйесін либералдандыруды көздеп, Парламент пен азаматтық қоғамның ықпалын арттырды. Сонымен қатар, бұл үрдістер дәстүрлі легитимдік идеяларымен де үндесіп отыр.

2022 жылғы «Жаңа Қазақстан: жаңару және жаңғыру жолы» Жолдауында Президент Қ.Тоқаев жаңа әлеуметтік-саяси құрылымды құруда құндылықтық негіздің маңызын атап өтті. Президенттің пікірінше: «Біздің мұратымыз – Жаңа Қазақстанды құру; мақсатқа жету үшін мемлекеттің аппаратын жаңарту жеткіліксіз. Өзгерісті әрқайсымыз өзімізден бастауымыз керек – әрбір адам және бүкіл қоғам жаңғыруы қажет» деген ұстаным осы реформаларға рух беріп отыр. Осы бағдарламаның құндылықтық тұжырымдамасында жеке адамның қабілетін ашу, әділдік пен білімге негізделген қоғам құру идеялары алдыңғы қатарға қойылған. Сонымен қатар, жаңа институттық бастамалар (мысалы, «Ұлт деңгейіндегі референдум» өткізу) қоғамдық құндылықтар динамикасына (әсіресе жастар мен белсенді азаматтар арасында) оң ықпал етуде [8].

Халықаралық зерттеулердің (әсіресе World Values Survey) нәтижелері бойынша Қазақстан «дәстүрлі құндылықтар» полюсі жағынан іргелі даму бағытын таңдаған елдер қатарына жатады. Яғни қазақ қоғамында отбасылық, діни және ұлттық құндылықтар жоғары бағаланса, секулярлық-рационалды тенденциялар әлі де төмен деңгейде қалып отыр. Бірақ бұл сипаттама жалпы ел деңгейінде орташа бейнені көрсетеді. Ішкі деңгейде жас пен аймақтар арасындағы айырмашылықтар байқалады. Мысалы, жастар арасында сауалнамалар көрсеткендей, ауылдық жерлердегі жастар дәстүрлі құндылықтарға қалалықтарға қарағанда едәуір сенімді бағынышты; ауыл жастары дәстүрлі ұстанымдарды айқын жоғары бағалайды. Ал қалалық жастар анағұрлым батыстық толерантты көзқарасқа бейім [5].

Жалпы алғанда, қазақстандық қоғамның құндылықтары ата-анадан төменгі буынға иерархиялық түрде беріліп, көп жағдайда патерналистік сипатқа ие болып қалады. Этникалық айырмашылықтар да маңызды: зерттеулерде қазақ жастары орыспен салыстырғанда басқа әлеуметтік топтарға төзімділік деңгейі төмен және дәстүрлі тәжірибені (патриархат, әулет ұстанымдары) қатты ұстанатыны анықталды [5].

Қазақстан қоғамында дәстүрлік институттар мен құндылықтар саяси модернизация үдерісінің бір бөлігі ретінде қайта қаралып отыр. Тарихи кезеңдерде қалыптасқан қазақ билері мен жарғылары идеялары қазіргі заманғы медиация мен татуластыруға негіз болуда. Ал саяси реформалар «жаңғыру» мен «жаңару» тұжырымдамалары аясында дәстүрдің тарихи маңызын мақұлдаумен бірге, оны жаңаша интерпретациялауды да мақсат етеді. Конституциялық, мәдени және әлеуметтік өзгерістер ұлттық сана мен институттарды біртұтас нығайтуға бағытталған. Жаңа Қазақстан идеясында халықтың ұлттық құндылықтарына сүйенген модернизация моделі ұсынылады, яғни дәстүр мен жаңашылдық арасындағы ықпалдастық дамудың негізі ретінде қабылданады.

Жалпы алғанда, Қазақстан үшін дәстүр – тек өткенді еске алатын мәдени мұра ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік тұрақтылықты, ұлттық бірлікті және институционалдық жаңғыртуды қолдайтын рухани-идеологиялық ресурсқа айналғаны анықталды.

Дәстүрді модернизация процесінде елемеу мүмкін емес, себебі ол ұлттық бірлік пен саяси тұрақтылықты қамтамасыз ететін факторлардың бірі болып саналады. Алайда дәстүрдің саяси модернизацияға әсері әрдайым оң нәтиже бере бермейді, өйткені оның қолданылуы белгілі бір тәуекелдер мен шектеулерді де тудырады. Осы себепті дәстүрдің саяси жүйеге ықпалын жан-жақты сараптау үшін төрт аспектіні бөліп қарастыру қажет: күшті жақтар, әлсіз жақтар, мүмкіндіктер және қатерлер. Оны SWOT-талдау кестеден қарстыруға болады:

Кесте

Қазақстандағы дәстүрдің саяси модернизацияға ықпалы: SWOT-талдау

Категория	*Сипаттама*
Күшті жақтар	Дәстүр ұлттық бірлік пен саяси легитимділікті нығайта алады. Мысалы, Қазақстанда тарих пен мәдениетті күшейтуге бағытталған мемлекеттік бағдарламалар халықтың ортақ ұлттық санаға бейімделуіне

	ықпал етті. Дәстүрлі медиация институттарының (билер соты сияқты) құқық жүйесін толықтыра алатыны байқалды: билердің дауды ымыраға келу арқылы шешкен тәсілі қауымдастық арасындағы сенімді нығайтады. Осындай әлеуметтік келісім тәжірибесі құқықтық тәртіппен ұштасып, азаматтық қоғамда әлеуметтік капиталды дамытуға мүмкіндік береді.
Әлсіз жақтар	Дәстүрдің шектен тыс маңызы формальды институттардың әлсіреуіне әкелуі мүмкін. Сарапшылар Қазақстандағы ресми саяси жүйенің кейде формальды сипатта, нақты билік жеке желілер мен патроналды байланыстар арқылы жүзеге асатынын жазады. Бұл дәстүрлі байланыстардың құқық үстемдігін ығыстыру қаупін көрсетеді. Сонымен қатар, дәстүрлік нормалар гендерлік теңсіздікті күшейтуі ықтимал. Қазақстанда отбасылық рөлдер көбіне дәстүрлі «нәнгер» үлгісіне негізделген, әйелдердің қоғамдық өмірдегі қатысуы әлі де патриархалдық кедергілерге тап болады. Сарапшылардың пікірінше, тәуелсіздік жылдарында гендерлік теңдік мәселесінде прогресс болғанымен, патриархалдық үрдістер әлі де сақталып отыр.
Мүмкіндіктер	Дәстүрлік құндылықтарды қазіргі басқару және қызмет этикасымен үйлестіру арқылы қоғамды нығайтуға болады. Мысалы, «құрмет», «міндет» сияқты ұлттық ұғымдарды мемлекеттік қызмет этикасы мен өзін-өзі басқару нормаларымен ұштастыру арқылы азаматтық қызметке деген сенімді арттыруға болады. Сонымен қатар, дәстүрлі кеңес-диалог механизмдерін институционализациялау пайдалы: Қазақстанда Ұлттық құрылтай мен қоғамдық кеңестер ұлттық бірлікті нығайтып, халықты шешім қабылдауға тартудың жаңа форматын іске асыруда. Бұл институттық форматтар халықтың мемлекеттік реформаларға қатысуын күшейтіп, басқаруды халықпен тең дәрежеде келісу тәжірибесін дамытуға мүмкіндік береді.
Қатерлер	Дәстүрдің саясилануы қоғамды поляризацияға ұшыратуы мүмкін. Мәселен, Қазақстанда қазақ тілі мен тарихына қатысты қоғамдық пікірталастар ұлттық «қазақтық» және «қазақстандық» идеялардың қайшылығын көрсетіп, әлеуметтік шиеленіске алып келді. Егер саяси элита дәстүр мен ұлттық рәміздерді ұлтаралық қақтығыс құралы ретінде пайдаланса, онда бұл қоғамдық консенсусты әлсіретеді. Сонымен бірге, дәстүрлі «ұят» пен «әдет» нормаларының құқықтық нормалар үстемдігін ығыстыру қаупі бар. Яғни, егер даулы мәселелер құқықтық емес дәстүрлі ұстанымдарға негізделіп шешілетін болса, онда формальды заң үстемдігі әлсірейді (S.Huntington теориясы бойынша).

SWOT-талдау қорытындысы бойынша, дәстүрдің саяси модернизациядағы күшті жақтары – ұлттық бірлікті нығайту, қоғамдық келісім мен әлеуметтік капиталды құрылымдау. Дегенмен, әлсіз тұстары ретінде формальды институттарды бейресми нормалардың басып кету қаупі, гендерлік және жас теңдігіне қатысты консерватизм пайда болуы мүмкін. Мүмкіндіктер қатарында – құрмет пен парыз сияқты дәстүрлік құндылықтарды мемлекеттік қызметке, өзін-өзі басқаруға енгізу, ұлттық диалог институттарын нығайту болса, қатерлер қатарында – дәстүрдің саясилануы, құқық орнына «ұят» нормасының үстем болуы, модернизациялық жанжалдар туғызу қаупі бар.

Осы жұмыстың нәтижесінде төменде көрсетілген салаларға байланысты келесі ұсыныстарды беруге болады.

Дәстүрді құқық үстемдігімен сәйкестендіру. Билер институтының мұрасын қазіргі медиация мен құқық жүйесіне енгізу керек. Қазақ дәстүріндегі билер соты – талас-тартысты дау-дамайды билікке емес, қоғам ішіндегі бедел мен келісім арқылы шешетін тәжірибе. Осы тәжірибені оқу бағдарламаларына енгізіп, медиация курстарында дәріптеу, сондай-ақ билер әділдігі негізінде істелген шешімдерге пилоттық зерттеулер жүргізу ұсынылады.

Дерек-негізді дискурс. Қоғамдағы құндылықтық өзгерістерді жүйелі бақылау үшін халықаралық зерттеулер мен ұлттық сауалнамалардың нәтижесін пайдалану маңызды. Мысалы, Қазақстан жастарының құндылықтарын талдау жұмысында World Values Survey (2018) нәтижелері пайдаланылып, зерттеу және мемлекеттік бағдарламалардың халықтың құндылықтық беталыстарына сәйкестігі анықталды. Мұндай деректер реформаларды халықтың өзгеретін құндылықтық бағдарларымен үйлестіруге көмектеседі. Кез келген жаңа заң жобасы мен әлеуметтік бағдарлама азаматтардың құндылықтық өзгерістерін ескере отырып әзірленуі тиіс.

Инклюзия. Дәстүрді көпмәдени қоғам контекстінде теңдік қағидаттарына сай бейімдеу қажет. Бұл үшін заңдар мен стратегиялық құжаттарда дәстүрлі нормалар мен қазіргі заманғы теңдік ұғымдары

үйлесімді қарастырылуы керек. Мысалы, конституциялық реформалар кезіндегі тәжірибені ескере отырып, дәстүрлі құқықтар мен әйелдер мен жастардың құқықтары арасындағы тепе-теңдікті сақтау маңызды.

Қорытындылай келе, дәстүр мен модернизация Қазақстанның саяси-әлеуметтік дамуында комплементарлық сипат ұстанады. Дәстүр ұлттық сәйкестілікті қамтамасыз етсе, модернизация институционалдық тиімділікке бағыттайды. Олардың үйлесімділігі – Қазақстанның тұрақты және демократиялық даму жолындағы маңызды стратегиялық ресурсы болуында.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Waśkiel T. Historical Narrative and Tradition as Instruments of Creating the Image of the State on the International Arena: The Case of Kazakhstan [Электронды ресурс]. – University of Wrocław, Faculty of Social Science, Poland. – URL: https://scispace.com/pdf/historical-narrative-and-tradition-as-instruments-of-29awe1h4l8.pdf
2. Inglehart–Welzel cultural map of the world [Электронды ресурс]. – URL: https://en.wikipedia.org/wiki/Inglehart%E2%80%93Welzel_cultural_map_of_the_world
3. Eisenstadt, Shmuel N. Multiple Modernities // *Daedalus*. Winter 2000. Vol. 129. No. 1. P. 1–29. [Электронды ресурс]. – URL: https://www.amacad.org/sites/default/files/daedalus/downloads/Daedalus_Wi2000_Multiple-Modernities.pdf
4. Zhumasheva L., Abdildin Z., Aubakirova S. (2023). Kazakhstan's Society Modernization in Response to the 21st Century Global Challenges: The Material Aspect and the Shifting Discourse Issue. Journal of Ethnic and Cultural Studies, 10(4), 81–101. [Электронды ресурс]. – 2023. – URL: https://doi.org/10.29333/ejecs/1582
5. Abuova, N. How Ancient Steppe Laws Shaped Kazakh Communities in Altai for Centuries [Электронный ресурс] // The Astana Times. – 4 January 2025. – URL: https://astanatimes.com/2025/01/how-ancient-steppe-laws-shaped-kazakh-communities-in-altai-for-centuries/ (дата обращения: 12.07.2024).
6. Жаңа Қазақстанның құндылық бағдары: қазіргі заманның сын-қатерлері [Электронный ресурс] // Сборник статей по материалам международной научно-практической конференции. – 2022. – URL: https://api.kipd.kz/storage/uploads/images/2024/08/01/cennostnye-orientiry-1_1722533880.pdf#:~:text=%D0%B1%D0%B0%D0%B9%D0%BB%D0%B0%D0%BD%D1%8B%D1%81%D1%82%D1%8B%20%D0%BF%D1%80%D0%B5%D0%B7%D0%B8%D0%B4%D0%B5%D0%BD%D1%82%20%D2%9A,1 (дата обращения: 18.07.2024).
7. Kalshabaeva, M. Zh.; Sartayev, S. A.; Tauyekelov, N. B. A biy's court and a council of elders as a historical prerequisite for mediation in Kazakhstan [Электронный ресурс]. – 2024. – DOI: https://doi.org/10.32523/2616-6844-2024-148-3-89-104 (дата обращения: 25.07.2024).
8. Тоқаев, Қ. «ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН: ЖАҢАРУ МЕН ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ». Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы, 16 наурыз 2022 ж. [Электрондық ресурс]. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K220000422 (дата обращения: 26.09.2025)

Бақыт және мұң: гендерлік және тұрғылықты мекені бойынша айырмашылықтар

Тленчиева Шырын Мураткызы
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының
«Әлеуметтану» мамандығы бойынша PhD кандидаты

Қазіргі әлеуметтану мен психологияның өзекті міндеттерінің бірі субъективті әл-ауқатты зерттеу болып табылады. Өмір сүру сапасын түсінуде халықтың бақыт деңгейін анықтау да, мұң сияқты жағымсыз эмоциялардың болуы да маңызды рөл атқарады. Бақыт және мұң ұғымдары ғылыми жұмыстарда көбінесе эмоционалды күйдің қарама-қарсы тұжырымдары ретінде қарастырылады. Дегенмен, эмпирикалық зерттеулердің нәтижесі бұл ұсынылып отырған ұғымдар адамдардың бойында қатар сезіліп, екі жақты эмоционалды тәжірибені ұсына алатындығын көрсетеді.

Бақыт пен эмоция арасындағы байланыстың болуын анықтау позитивті психологияда және нейробиология, медицина саласында кеңінен зерттеледі. Позитивті эмоциялар туралы бар зерттеулер салыстырмалы түрде оқшауланған академиялық салаларда жүргізілді, көбінесе әртүрлі зерттеу бағдарламалары арасында маңызды өзара әрекеттесулер жоқ [1, 34-40 бб.]. R. Alexander және т.б. жұмысында позитивті эмоциялар, сезімдер және аффекттер тәжірибесі төзімділікті, өркендеуді, өміршеңдікті, бақыт пен өмірге қанағаттануды дамытудың негізгі құрылыс материалы болып табылатындығы қарастырылған [2, 220-249 бб.].

Silton, R. L. және т.б. жұмыстарында депрессияға шалдыққан адамдарда жағымды эмоцияларды реттеудің рөлі туралы білімді жетілдіру, өмірдегі жағымды оқиғалар тәжірибесін насихаттайтын дәлелді, трансдиагностикалық емдеу тәсілдерін дамытуға жәрдемдесуге негізделген [3, 93-97 бб.].

Бұл мақала өздерін бақытты ретінде көрсететіндер арасында мұңды сезіну жиілігі қандай екендігін анықтауға бағытталған. Зерттеудің эмпирикалық базасы 2024 жылғы «Қазақстан халқының бақытына әсер ететін факторларды аймақтар бойынша салыстырмалы талдау» жобасы аясында ҚР бес өңірі бойынша барлығы 500 респондент арасында жүргізілген сауалнама нәтижелеріне негізінде қарастырылады.

Талдау жұмыстарын жүргізуге келесі екі сұрақ қолданылды. Біріншісі, жалпы бақытты бағалау деңгейіне қатысты «мүлдем бақытты емеспін» дегеннен «өте бақыттымын» арасындағы бес баллдық шкала бойынша «Жалпы алғанда сіз өзіңізді қаншалықты бақыттымын деп санайсыз?» сұрағы қойылды. Екінші сұрақ жағымсыз эмоционалдық күйлердің жиілігін өлшеуге бағытталған: «Сіз соңғы айда келесі эмоцияларды қаншалықты жиі бастан өткердіңіз?» (бұл жерде ұсынылған эмоциялардан «мұң» таңдалынып алынды) сұрағы бойынша респонденттер мұңды сезіну жиілігін «ешқашан», «сирек», «кейде», «көп жағдайда», «жиі» жауаптары бойынша көрсетті. Сонымен қатар, бақыт деңгейі мен мұңды сезіну жиілігі арасындағы байланыс жынысы және тұрғылықты мекені бойынша қарастырылды.

Аталған айнымалылар бойынша респонденттердің жауаптар бөлінісі өздерін бақытты сезінетіндер арасында мұңды сезінуі жиілігінің («ешқашан» және «сирек») төмен екендігін көрсетті. Сонымен қатар, кейбір респонденттер өздерінің бақытын жоғары бағалағандарына қарамастан, көп жағдайда және тіпті әрқашан мұңлы болатындықтарын атап өтті (1 кесте). Бұл нәтиже бақыт жағымсыз эмоциялардың болуын жоққа шығармайтынын көрсетеді.

		Бақыт деңгейін бағалауы				
		Мүлдем бақытсызбын	Бақытсызбын деуге болады	Орташа	Бақыттымын деуге болады	Өте бақыттымын
Мұңды сезінуі	Ешқашан	37,5%	33,3%	7,9%	24,7%	42,1%
	Жиі	25,0%	11,1%	20,6%	35,9%	31,5%
	Кейде	0,0%	33,3%	49,2%	32,3%	23,9%
	Көп жағдайларда	25,0%	11,1%	11,1%	5,4%	1,5%
	Әрқашан	12,5%	11,1%	11,1%	1,8%	1,0%

1 кесте – Бақыт және мұңды сезіну бойынша жауаптар бөлінісі

Нәтижелерді тұрғылықты мекені бойынша салыстыру өзіндік ерекшеліктердің бар екендігін көрсетті. Қала тұрғындарына қарағанда ауыл тұрғындары арасындағы респонденттердің басым бөлігі өздерін бақытты санайды. Ауыл тұрғындары арасында өздерін бақытты сезінетіндердің мұңды сезіну жиілігі төмен (2 кесте). Қала тұрғындары арасындағы жағдайда өзгешелік байқалады, яғни ауыл тұрғындарымен салыстырғанда қала тұрғындары арасында өздерін бақытты санайтындардан үнемі мұңлы жүретіндер үлесі жоғары (3 кесте).

		Бақыт деңгейін бағалауы				
		Мүлдем бақытсызбын	Бақытсызбын деуге болады	Орташа	Бақыттымын деуге болады	Өте бақыттымын
Мұңды сезінуі	Ешқашан	50,0%	42,9%	12,5%	24,3%	44,0%
	Жиі	16,7%	0,0%	17,5%	35,5%	28,4%
	Кейде	0,0%	42,9%	47,5%	35,5%	25,0%
	Көп жағдайларда	16,7%	14,3%	5,0%	3,3%	0,9%
	Әрқашан	16,7%	0,0%	17,5%	1,3%	1,7%

2 кесте – ***Қала*** тұрғындарының бақыт және мұңды сезіну бойынша жауаптар бөлінісі

	Бақыт деңгейін бағалауы

		Мүлдем бақытсызбын	Бақытсызбын деуге болады	Орташа	Бақыттымын деуге болады	Өте бақыттымын
Мұңды сезінуі	Ешқашан	0,0%	0,0%	0,0%	38,5%	61,0%
	Жиі	50,0%	50,0%	37,5%	38,5%	22,0%
	Кейде	0,0%	0,0%	37,5%	11,5%	17,1%
	Көп жағдайларда	50,0%	0,0%	25,0%	3,8%	0,0%
	Әрқашан	0,0%	50,0%	0,0%	7,7%	0,0%

3 кесте – ***Ауыл*** тұрғындарының бақыт және мұңды сезіну бойынша жауаптар бөлінісі

Әйелдер мен ерлер арасындағы бақыт пен мұңды сезіну жиілігін салыстыру барысында маңызды айырмашылықтар байқалды. Әйелдер қауымына қарағанда өздерін «өте бақыттымын» деп санайтын ер адамдар үнемі мұңлы жүреді екен (4 кетсе). Бұл жағдай әйелдерде керісінше, яғни өздерін бақытты сезінетін әйелдер сирек немесе мүлдем ренжімейтіндіктерін хабарлады (5 кесте). Нәтижесінде ер адамдар эмоционалды екі жағдайды жиі көрсетеді, әйелдер өздерін бақытты сезінгенде мұңлы болмайды деген тұжырымға келуге болады.

		Бақыт деңгейін бағалауы				
		Мүлдем бақытсызбын	Бақытсызбын деуге болады	Орташа	Бақыттымын деуге болады	Өте бақыттымын
Мұңды сезінуі	Ешқашан	33,3%	25,0%	10,7%	35,8%	52,1%
	Жиі	16,7%	0,0%	32,1%	37,9%	23,3%
	Кейде	0,0%	25,0%	39,3%	21,1%	21,9%
	Көп жағдайларда	33,3%	25,0%	3,6%	3,2%	1,4%
	Әрқашан	16,7%	25,0%	14,3%	2,1%	1,4%

4 кесте – ***Ерлер*** арасындағы бақыт және мұңды сезіну бойынша жауаптар бөлінісі

		Бақыт деңгейін бағалауы				
		Мүлдем бақытсызбын	Бақытсызбын деуге болады	Орташа	Бақыттымын деуге болады	Өте бақыттымын
Мұңды сезінуі	Ешқашан	33,3%	25,0%	10,7%	35,8%	52,1%
	Жиі	16,7%	0,0%	32,1%	37,9%	23,3%
	Кейде	0,0%	25,0%	39,3%	21,1%	21,9%
	Көп жағдайларда	33,3%	25,0%	3,6%	3,2%	1,4%
	Әрқашан	16,7%	25,0%	14,3%	2,1%	1,4%

5 кесте – ***Әйелдер*** арасындағы бақыт және мұңды сезіну бойынша жауаптар бөлінісі

Алынған нәтижелер бірнеше қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Біріншіден, бақыт пен мұңды тек қарама-қарсы күйлер деп санауға болмайды. Өзін бақытты сезінетін адамдар да үнемі мұңды бастан кешіре алатындығы анықталды. Бұл субъективті әл-ауқаттың күрделілігі мен көп өлшемділігін растайды. Бұл жағдайды F. Bryant (2003) зерттеу нәтижелерімен сәйкестендіруге болады. Адамның оң нәтижелерден ләззат алу қабілеті туралы нанымдар, жағымды эмоцияларды бақылаудың бір түрі, алайда бұл жағымсыз эмоцияларды бақылаумен күресу туралы нанымдарға тәуелді емес [4, 175-196 б.].

Екіншіден, гендерлік айырмашылықтар негізінде ерлер оң және теріс эмоциялардың сәйкес келуі ықтимал екенін көрсетеді, ал әйелдерге жеткілікті эмоционалды үйлесімділік сипаты тән.

E. Diener және т.б. зерттеулерінде субъективті әл-ауқатқа бір ғана фактор емес бірнеше фактор байланысты болғанына қарамастан айқын айнымалылардың болатындығын көрсеткен. Олардың зерттеу нәтижесі бойынша жағымды сезімдер, жағымсыз сезімдер және өмірге қанағаттану анық ажыратылады [5, 67-100 б.].

Үшіншіден, тұрғылықты мекені бойынша айырмашылықтар өздерін бақытты санайтын қала тұрғындары арасында тұрақты мұңды сезіну жағдайы үйлесуі мүмкін екенін көрсетеді, ал ауылды

жерлерде бақытты тұрғындар арасында жағымсыз эмоциялардың сирек немесе жоқ екендігі анықталды. Бұл әртүрлі елді мекендердегі өмір салтының әлеуметтік-мәдени және экономикалық сипаттамаларын көрсетуі мүмкін.

Әлемдік зерттеулерде жағымды эмоциялар тұрақтылықтың және өмірге қанағаттанудың жоғарылауын болжаған. Жағымсыз эмоциялар субъективті әл-ауқатқа әлсіз әсер еткен немесе мүлдем әсері болмаған және бұл жағдай жағымды эмоциялардың артықшылықтарына кедергі келтірмейтіндігі анықталған [6, 361 б.].

Қорытындылай келе, зерттеу нәтижесі субъективті әл-ауқаттың (біздің жағдайымызда бақыт) жағымды және жағымсыз эмоцияларды сезінуге ықпал ететін күрделі конструкт екендігі анықталды. Гендерлік және тұрғылықты мекені бойынша айырмашылықтар адамдардың эмоционалды тәжірибесін зерттеу барысында әлеуметтік контекстті назарға алу қажеттілігін көрсетті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Villanueva, Cynthia & Silton, Rebecca & Heller, Wendy & Barch, Deanna & Gruber, June. (2021). Change is on the horizon: call to action for the study of positive emotion and reward in psychopathology. Current Opinion in Behavioral Sciences. 39. 34-40. 10.1016/j.cobeha.2020.11.008.

2. R. Alexander et al. The neuroscience of positive emotions and affect: Implications for cultivating happiness and wellbeing. Neuroscience and Biobehavioral Reviews 121 (2021) 220–249 https://doi.org/10.1016/j.neubiorev.2020.12.002.

3. Silton, R. L., Kahrilas, I. J., Skymba, H. V., Smith, J., Bryant, F. B., & Heller, W. (2020). Regulating positive emotions: Implications for promoting well-being in individuals with depression. *Emotion, 20*(1), 93–97. https://doi.org/10.1037/emo0000675

4. Bryant, F. (2003). Savoring Beliefs Inventory (SBI): A scale for measuring beliefs about savouring. Journal of Mental Health, 12(2), 175–196. https://doi.org/10.1080/0963823031000103489

5. E. Diener, C.N. Scollon, R.E. Lucas (2009). The evolving concept of subjective well-being: The multifaceted nature of happiness. E. Diener (Ed.), Assessing Well-Being, Springer (2009), pp. 67-100, 10.1007/978-90-481-2354-4_4.

6. Cohn MA, Fredrickson BL, Brown SL, Mikels JA, Conway AM. Happiness unpacked: positive emotions increase life satisfaction by building resilience. Emotion. 2009 Jun;9(3):361-8. doi: 10.1037/a0015952. PMID: 19485613; PMCID: PMC3126102.

ӘОЖ: 304.2

Қазақстандағы азаматтық және ұлттық бірегейліктің ара қатынасы мен трансформациясы

Базарбай Айдидар
Академик Е.А.Бөкетов атындағы университеттің
«Саясаттану» оқу бағдарламасының 4 курс студенті
Ғылыми жетекші: Жумасултанова Г. А.**,** т.ғ.к.
қауымдастырылған профессор

Қазақстандағы азаматтық және ұлттық бірегейліктің арақатынасы мен трансформациясын зерттеу қазіргі саяси ғылымның ең өзекті бағыттарының бірі болып табылады. Көпұлтты, көпмәдениетті қоғам жағдайында азаматтық бірегейлікті қалыптастыру мәселесі мемлекеттің тұрақтылығын, этносаралық келісімін және саяси модернизациясын қамтамасыз ететін маңызды алғышарт ретінде қарастырылады.

Азаматтық бірегейлік ұғымы ең алдымен индивидтің өзін мемлекет пен қоғамның мүшесі ретінде сезінуін, құқықтары мен міндеттерін түсінуін, сондай-ақ қоғамдық-саяси өмірге белсенді қатысуға даяр болуын білдіреді. Бұл феномен әрқашан ұлттық бірегейлікпен байланыста қарастырылады. Ұлттық бірегейлік болса, тіл, мәдениет, дәстүрлер, тарихи жад секілді этномәдени құндылықтарға негізделеді. Осы тұрғыдан алғанда, азаматтық пен ұлттық бірегейлік - бір-бірін толықтыратын, бірақ кей жағдайларда қарама-қайшы сипатқа ие күрделі әлеуметтік-саяси құбылыстар.

Қазақстандық ғалымдар бұл тақырыпқа айрықша назар аударып келеді. Мәселен, А. Нысанбаев азаматтық қоғам мен азаматтық бірегейліктің дамуын қоғамды біріктірудің басты тетігі ретінде қарастырады [1]. Ал А. Косиченко азаматтық бірегейлікті саяси мәдениетпен байланыстыра қарастырып, оның тек құқықтық емес, сонымен қатар моральдық және құндылықтық өлшемдері бар екенін дәлелдейді [2]. Р.К. Қадыржанов еңбектерінде азаматтық бірегейлік пен азаматтық қоғам институттарының өзара ықпалы талданады [3]. Бұл тұрғыдан Қазақстандағы саяси модернизация

азаматтық бірегейліктің трансформациясына ықпал етіп отырған маңызды фактор болып табылады. Муслимова К.С. өз зерттеулерінде азаматтық бірегейліктің әдіснамалық негіздерін қарастыра отырып, оның ұлттық бірегейлікпен тепе-теңдігін сақтаудың маңызын ерекше атап өтеді. Ол азаматтық бірегейліктің әлеуметтік негізін түсіну үшін тек саяси факторларды ғана емес, мәдени-тарихи ерекшеліктерді де ескеру қажет дейді [4].

Ұлттық бірегейлік мәселесіне тоқталсақ, ол этностық ерекшеліктер мен мәдени құндылықтарға сүйенеді. Қазақ тілінің, салт-дәстүрінің, тарихи жадтың сақталуы ұлттық бірегейліктің тірегі болып табылады. М.С. Әшімбаев Қазақстандағы ұлттық бірегейлікті дамыту процесінде тіл саясатының рөліне назар аударып, қазақ тілін біріктіруші фактор ретінде бағалайды [5]. Бұл орайда ұлттық бірегейліктің тек мәдени-этникалық қана емес, саяси маңызы бар екендігі де айқын.

Бүгінгі таңда азаматтық бірегейлік тек мемлекеттік саясаттың нәтижесі ғана емес, сонымен қатар жаңа медиа мен әлеуметтік желілердің ықпалымен қалыптасып отыр. Жастар өздерінің әлеуметтік тәжірибесінің басым бөлігін осы виртуалды кеңістіктен алады. В.Д. Курганская зерттеулерінде әлеуметтік медиа жастардың саяси әлеуметтенуінің негізгі арнасына айналғаны атап өтіледі [6]. Бұл құбылыстың жағымды қыры да, жағымсыз қыры да бар: бір жағынан, жастардың ақпаратқа қолжетімділігі артып, азаматтық белсенділікті дамытуға мүмкіндік туады; екінші жағынан, деструктивті идеялар мен радикалдық көзқарастардың таралу қаупі күшейеді.

Қазақстандағы азаматтық және ұлттық бірегейліктің ғылыми-теориялық негіздері олардың өзара толықтырушылық сипатын және бір мезгілде қайшылыққа толы табиғатын көрсетеді. Азаматтық бірегейлік саяси-құқықтық тұтастықты қамтамасыз етсе, ұлттық бірегейлік этномәдени ерекшелікті сақтайды. Екеуінің тепе-теңдігі Қазақстандағы саяси тұрақтылықтың кепілі болып табылады.

Қазақстандағы азаматтық және ұлттық бірегейліктің трансформациясын тарихи тәжірибесіз түсіну мүмкін емес. Қазақ халқы ғасырлар бойы қалыптасқан этномәдени құндылықтарын сақтай отырып, түрлі саяси жүйелердің ықпалында болды. Ұлттық сана мен азаматтық өлшем әр кезеңде әртүрлі сипатқа ие болып, қоғам дамуының ерекшеліктерін айқындады.

Дәстүрлі қазақ қоғамында ұлттық бірегейлік негізінен этникалық, рулық және мәдени ерекшеліктерге сүйенді. Қазақтың дәстүрлі құқық жүйесі – әдет-ғұрып нормалары, билер соты, салт-дәстүрлер қоғамдағы әлеуметтік байланыстарды реттеп, ортақ құндылықтық жүйені қалыптастырды. Бұл дәстүрлі құрылым азаматтардың өзін қоғамның толыққанды мүшесі ретінде сезінуіне мүмкіндік берді, алайда ол заманауи түсініктегі азаматтық бірегейлікті қалыптастырған жоқ. Ұлттық бірегейлік этностық негізде басымдыққа ие болды, ал азаматтық өлшемнің орнына рулық, тайпалық байланыстар жетекші рөл атқарды.

Ресей империясы құрамына қосылу кезеңінде қазақ халқының ұлттық бірегейлігі жаңа сынақтарға тап болды. Бір жағынан, империялық билік қазақ қоғамын отарлау саясаты арқылы мәдени трансформацияға ұшыратуға ұмтылды, екінші жағынан, қазақ зиялыларының жаңа буыны ұлттық сананы жаңғыртуға күш салды. Бұл кезеңде ұлттық бірегейлік отаршылдыққа қарсы күрес құралына айналды. Алаш қозғалысы ұлттық бірегейлік пен азаматтық идеяларды ұштастырып, қазақ қоғамын заманауи мемлекет құруға дайындауға талпынды. Алашорда қайраткерлері халықтың этномәдени ерекшелігін сақтай отырып, оны жалпыұлттық азаматтық құндылықтармен толықтыруға тырысты.

Кеңестік дәуір Қазақстандағы бірегейлік мәселесін түбегейлі өзгеріске ұшыратты. Кеңес билігі ұлттық республикалар құру арқылы бір жағынан этностық бірегейлікті сақтауға мүмкіндік бергенімен, екінші жағынан «советтік халық» тұжырымдамасы арқылы азаматтық өлшемді үстем етті. Бұл саясаттың салдары ретінде ұлттық бірегейлік екінші орынға ығыстырылып, азаматтық бірегейліктің мазмұны кеңестік идеологияға сәйкес қалыптасты. Қазақ тілі мен мәдениеті шектеулерге ұшырады, ал орыс тілі мен кеңестік құндылықтар азаматтық өлшемнің негізіне айналды.

Дегенмен кеңестік кезеңнің де белгілі бір оң нәтижелерін жоққа шығаруға болмайды. Кеңес билігі кезеңінде индустрияландыру, урбанизация, білім беру жүйесінің дамуы қазақстандық қоғамның әлеуметтік құрылымын өзгертті. Азаматтық сана белгілі бір дәрежеде жаңа сипатқа ие болды, халықтың көп бөлігі мемлекетке тәуелді әлеуметтік топтарға айналды. Бұл жағдай кейінгі кезеңдердегі азаматтық бірегейліктің мазмұнына ықпал етті.

1991 жылы Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін азаматтық және ұлттық бірегейлікті қалыптастыру мәселесі стратегиялық деңгейге көтерілді. Біріншіден, жаңа тәуелсіз мемлекет көпұлтты құрылымымен ерекшеленді. Этностық әралуылықты ескере отырып, азаматтық бірегейлікті қалыптастыру үшін мемлекеттік саясаттың жаңа үлгілері қажет болды. Екіншіден, ұлттық бірегейлікті жаңғырту, қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде орнықтыру, дәстүрлі мәдениетті дамыту күн тәртібіне шықты.

Тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығында «қазақстандық ұлт» концепциясы ұсынылды. Бұл идея азаматтық бірегейлікті этностық айырмашылықтарға қарамастан дамытуға бағытталды. Ресми саясат этностарды біріктіру үшін Қазақстан халқы Ассамблеясы сияқты институтты құрды. Бұл орган

азаматтық келісім мен этносаралық татулықты нығайтуға бағытталды. Сонымен қатар, қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беру арқылы ұлттық бірегейліктің саяси маңыздылығы артты.

Алайда, «қазақ» және «қазақстандық» бірегейліктің қатар өмір сүруі кейде қайшылықтарға әкелді. Қазақ халқы үшін тіл мен дәстүрді сақтау басты құндылық болса, этникалық азшылықтар үшін азаматтық құқықтар мен тең мүмкіндіктер маңыздырақ болды. Осы тепе-теңдікті сақтау қиындық тудырды. Муслимова К.С. өз еңбектерінде бұл жағдайды азаматтық және ұлттық бірегейліктің үйлесімділігін қамтамасыз ету қажеттілігімен түсіндіреді [4].

2000 жылдардан бастап Қазақстандағы бірегейлік саясатында жаңа кезең басталды. Жаһандану, ақпараттық кеңістіктің кеңеюі және әлеуметтік желілердің дамуы азаматтық бірегейліктің жаңа формаларын қалыптастырды. Жастардың басым бөлігі ақпаратты жаңа медиадан алып, өз құндылықтарын осы арна арқылы қалыптастыра бастады. Бұл жағдай азаматтық және ұлттық бірегейліктің жаңа трансформациясына жол ашты.

Қазіргі кезеңде Қазақстанда азаматтық және ұлттық бірегейліктің трансформациясы екі негізгі үрдіспен сипатталады: біріншіден, ұлттық құндылықтарды сақтау мен жаңғыртуға бағытталған саясат, екіншіден, азаматтық келісім мен ортақ құндылықтарды қалыптастыруға арналған мемлекеттік бағдарламалар. Бұл екі бағытты ұштастыру – елдің саяси тұрақтылығының кепілі. Еліміздегі азаматтық және ұлттық бірегейліктің трансформациясының аясында жаһандану әлеуметтік құрылымдар мен құндылықтарға ықпал ете отырып, дәстүрлі ұлттық кодқа жаңа сын-қатерлер әкелуде. Бұл үдеріс әсіресе жастарға тән, себебі олар қазіргі кезеңде жаһанданудың ең белсенді қатысушысы ретінде ерекшеленеді. Жастар ақпаратты дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдарынан емес, жаңа медиа мен әлеуметтік желілерден алады. Бұл үрдіс олардың азаматтық сана-сезімін, қоғамға қатынасын түбегейлі өзгертуде.

Ғалымдар өз зерттеулерінде азаматтық бірегейліктің әдіснамалық негізін қарастыра отырып, қазіргі ақпараттық қоғамда азаматтық сана жастар ортасында ерекше сипатқа ие болатынын, оны қалыптастыруда тек саяси институттар ғана емес, жаңа медиа да шешуші рөл атқаратынын айтады [7]. Бұл ой Қазақстан жастарының бірегейлігін түсінуде маңызды тұжырым болып табылады.

Жастардың азаматтық және ұлттық бірегейлігін қалыптастырудағы жаңа медианың ықпалын төмендегі кесте арқылы түсіндіруге болады:

Кесте

Жаһандану және жаңа медианың жастардың бірегейлігіне ықпалы

Фактор	Азаматтық бірегейлікке әсері	Ұлттық бірегейлікке әсері
Ақпараттық кеңістіктің ашықтығы	Әлемдік құндылықтарға бейімделу, өзін жаһандық азамат ретінде сезіну	Ұлттық мәдениеттің өзектілігі әлсіреуі мүмкін
Әлеуметтік желілер	Азаматтық белсенділіктің жаңа формалары, қоғамдық пікір қалыптастыру	Ұлттық дәстүрлердің виртуалды кеңістікте бейімделуі
Жалған ақпарат және деструктивті контент	Азаматтық бірегейліктің әлсіреуі, радикалдық көзқарастардың таралуы	Ұлттық бірегейлікке сенімнің шайқалуы
Мемлекеттік саясат пен медиасауаттылық	Жастардың ақпаратты сыни қабылдауы, құқықтық мәдениетті нығайту	Ұлттық құндылықтарды жаңа форматта насихаттау

Бұл кестеден байқағанымыздай, жаңа медиа азаматтық және ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда екі жақты сипатқа ие. Бір жағынан, жастардың азаматтық белсенділігін арттырып, олардың қоғамдық-саяси процестерге қатысуын қамтамасыз етеді. Екінші жағынан, деструктивті ықпалдарға бейім етіп, ұлттық құндылықтардың әлсіреуіне әкелуі мүмкін. Сондықтан Қазақстан үшін ең маңызды міндет – осы екі бағыттың арасындағы тепе-теңдікті табу.

Отандық ғалымдар Л.Ахметов пен Б.Бектурганова өз еңбектерінде жастардың азаматтық құндылықтарын қалыптастыру үшін арнайы мемлекеттік бағдарламалардың қажеттілігін атап өтеді [8]. Бұл бағдарламалар тек дәстүрлі институттарға ғана емес, жаңа медианы тиімді пайдалануға да негізделуі тиіс. Осылайша, жаһандану жағдайында ұлттық және азаматтық бірегейлікті сақтау үшін жаңа медиаға бейімделген ақпараттық саясат қажет.

Қорытындылай келе, жаһандану мен жаңа медиа Қазақстандағы жастардың азаматтық және ұлттық бірегейлігін трансформациялауда шешуші факторға айналып отыр. Бұл процестің оң нәтижеге жетуі мемлекеттің жастармен жүргізетін саясатында медиасауаттылықты арттыру, ұлттық құндылықтарды заманауи форматта жеткізу және азаматтық белсенділікті қолдау арқылы жүзеге аспақ.

Сонымен, Қазақстандағы азаматтық және ұлттық бірегейліктің рөлі мен трансформациясын қарастыру қоғам дамуының қазіргі кезеңінде стратегиялық мәнге ие. Қазақстан жағдайында олардың үйлесімді дамуы мемлекеттің тұрақтылығы мен ұлттық бірліктің кепілі болып табылады. Жаһандану үдерістері бұл процеске жаңа сипат берді. Жастардың дүниетанымы жаңа медианың ықпалымен

қалыптасып, олардың азаматтық белсенділігі виртуалды кеңістікте көрініс табуда. Осы зерттеу негізінде мынадай ұсыныстарды атап өтуге болады:

- ұлттық және азаматтық құндылықтардың тепе-теңдігін сақтау – тіл саясаты, мәдени бағдарламалар және тарихи жадты жаңғырту азаматтық бірегейлікті нығайтудың негізі болуы тиіс;
- жастардың медиасауаттылығын дамыту – оқу бағдарламаларына ақпаратты сыни қабылдау дағдыларын енгізу қажет;
- жаңа медиа арқылы азаматтық құндылықтарды насихаттау – жастарға арналған онлайн-платформаларда патриотизм мен азаматтық жауапкершілікті күшейту;
- этносаралық келісімді нығайту – Қазақстан халқы Ассамблеясы және этномәдени бірлестіктердің әлеуетін барынша тиімді пайдалану;
- ғылыми зерттеулерді қолдау – азаматтық және ұлттық бірегейлікті зерттеу отандық ғылымның басты басымдықтарының бірі болуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Нысанбаев А. Философия гражданского общества. – Алматы: Ғылым, 2000. – 312 б.
2. Косиченко А. Политическая культура и идентичность в Казахстане. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 256 б.
3. Кадыржанов Р.К. Гражданское общество и государство: взаимодействие и развитие. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2012. – 298 б.
4. Муслимова К.С. Азаматтық сәйкестілікті зерттеудің әдіснамалық негіздері // ҚазҰУ Хабаршысы. Психология және әлеуметтану сериясы, 2019. -70(3). - Б. 52–61..
5. Ашимбаев М.С. Политическая модернизация и гражданское общество. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 275 б.
6. Курганская В.Д. Политическая социализация молодежи в условиях информационного общества. – Алматы: Жібек жолы, 2020. – 188 б.
7. Алияров Е.К. Гражданская идентичность и современные вызовы глобализации. – Астана: ЕҰУ, 2019. – 210 б.
8. Ахметов Л.С., Бектурганова Б. Формирование гражданских ценностей в современном Казахстане. – Астана: Фолиант, 2018. – 240 б.

ҚАЗАҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ «ЗАМАН» ҰҒЫМЫ НЕГІЗІНДЕ БОЛАШАҚТЫ БОЛЖАУ ҮЛГІЛЕРІ

Аташ Б.М. – философия ғылымдарының докторы
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ философия кафедрасы

Құранбек Ә.А. – философия ғылымдарының кандидаты
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ философия кафедрасы

Қазақ философиясын зерттеулер онда да өзіндік бір жеке дара ұғымдары мен түсініктері, «категориялары» деп те айтуға болатын дүниетанымдық концепттері қалыптасқандығын паш етті: құт, жалған дүние, намыс т.б. [1, 17-23бб.]. Осы орайда біз, «заман» ұғымын ұлттық руханияттық таным тарихы тұрғысынан байыптап өтпекпіз. Оны арнайы философиялық категория ретінде ажыратып алғандықтан, былайша анықтама беріп өтуімізге болады: «Заман дегеніміз – тарихи-әлеуметтік шындықтың сол дәуірдегі тұрмыстық-өмірмәнділік жалпы сипатының концептуалдық көрінісін білдіретін эстетикалық-экзистенциалдық тұрпатты ұлттық философияның категориясы».

Қазақ халқының поэтифилософиясының жыраулық кезеңінде «заман» арнайы дүниетанымдық түсінікке өтті, мифологиялық сипатынан ажырап, тарихилықтан әлеуметтік кейіпке енді, мазмұнын кеңейтті. Бұл ұғымды зерттеушілер Асан қайғы дүниетанымынан бастап, оны пессимистік және оптимистік бағытқа ажырады: ақыр заман – қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман [2, 52-54бб.].

Асан қайғы толғауларының бір-ақ жерінде ғана апокалипсистік сарын байқалады: «Суда жүрген ақ шортан, Қарағай басын шалар» [3, 235б.]. Бірақ бұл діндегі шынайы апокалипсистік бейне емес, өнердегі образдық-рәміздік гиперболалық тәсіл ғана. Бұндай толғау дәстүрлері «даналықтың өзегі» болып саналады [4, 206б.].

Бабамыздың пессимистік танымы оның болашақтағы «Ақыр заман» жөніндегі толғауларымен дәйектеледі: «Әй, Жәнібек хан, ойласаң, Қилы-қилы заман болар. Суда жүрген ақ шортан қарағай басын шалар, балшықтан үй болар, Сиыр малы пұл болар, Шәй деген ас болар, Шәй асынан бермесе, екі үйлі жан бірімен-бірі қас болар». Сарынның сипаты – пессимистік, бірақ философиялық-өмірмәнділік құндылығы – маңызды әлеуметтік болжам екендігі және оның шындыққа сәйкес келуі. Қазіргіше

ғылыми тілмен айтсақ, оның этнофутурологиялық болжамдарының мәдени-әлеуметтік-тұрмыстық-ғұмыр кешушілік парадигмада шындыққа жанасуы. Әзірге, мәлім болған зерттеулер бойынша, ол «заман» ұғымын (әлеуметтік философияның категориясын) алғаш енгізуші.

Халқымызда, «заман» түсінігі оптимистік (жаңа заман, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман), пессимистік (зар заман, ақыр заман) және бейтарап (заман өзгерді) жазықтықта түсіндіріледі. «Заман дегеніміз – тарихи-әлеуметтік шындықтың сол дәуірдегі тұрмыстық-өмірмәнділік жалпы сипатының концептуалдық көрінісі». Ал Асан Қайғының заман ұғымы «ақыр заман формасында» пессимистік сипатта. Бұл түсінік кейіннен зар заман ақындарымен жалғасын тауып (Заман ақыр болғанда), Абайға дейін сабақтасып (Ақыр заман жастары, қосылмас ешбір бастары) [5, 106б.], Мағжан сынды ақындарымызбен тұжырымдалып отырды – бұл толғаныстар этнофутурологиялық болжамдар.

Осындай халқымыздың дүниетанымындағы ақыр заман деген түсініктің қазіргі діни танымдағы адамзаттың сөзсіз құритындығы туралы апокалипсис, дүниенің қирайтындығы хақындағы катаклизм, тұңғиық үмітсіз құлдырау емес, көшпелілік өркениеттің қасіретті ақырының келіп жететіндігі мен ұлттық құндылықтардың орнын батыстық құндылықтардың кейбір жағымсыз жақтары басып, тұрмыс пен таным-түсініктің өзгеруінің келеңсіз көріністерінің туындауы туралы. Демек, бабамыздың заман туралы футурологиясында; ретроспективтік-интроспективтік-перспективтік-постперспективтік әдіснама қолданылған. Өткен мен сол дәуірдегі дүниетанымның жалпы картинасын терең меңгерген Асан қайғы – халқының тыныс-тіршілігін байыпты тұрғыдан таразылайды – келешекке үңіле отырып – өз халқының болашағына күйзеліспен қарайды [6, 12-21бб.].

Жоғарыдағы, оның толғауына назар салсақ, болжау үлгілерінің бәрі бүгінгі шындыққа жанасады, ал «Шортан қарағай басын әлі шалған жоқ». Бүгінгі замандағы адам сенбес оқиғалар, логикамен түсіндірілмейтін құбылыстар, ғылыммен дәлелденбейтін үдерістер т.б. ауытқу үрдістері рәміздік түрде «қарағай басына шортанның шығуы» болып табылады.

«Зар заман» ақындары деп аталған ойшылдар тек Ресей отаршылдығы ғана емес, Еуропалық дәстүрлерге де іштей психологиялық, идеологиялық қарсылық көрсетумен өз идеяларын еркін таратады, әрі ұлттық құндылықтарды сақтауды өздерінің орталық түсініктеріне айналдырады, сайып келгенде, олар қазақ қоғамының болашақтағы модельдерін конструкциялайды. Бұлар өз идеяларын іске асыратын практиктер емес, көп жағдайда сары уайымшылдыққа бет бұрады, барлық өзгерістерді заманның объективті ағымы деп түсіндіреді. «Зар заман ақындары» деп аталуы да осы себептен туындаған. Бірақ бұлардың тағы бір ерекшелігі футурологиялық болжам жасауда батыл ұстанымдарын еркін жеткізуі, болашақ қоғам туралы толғану. Осы болжамдардың бүгінгі күнге сәйкес келгендігін уақыт ағымы дәйектеді. Дулат, Шортанбай, Әбубәкір, Мұрат сынды ойшылдар осы көзқарастың көрнекті өкілдері ретінде танымал тұлғалар [7].

Зар заман ақындарының толғауларының пессимистік бағытта өрбуінің негізгі себебі – отаршылдықтың зардаптарын мәлімдеу: ұлттық құндылықтар жүйесіне, халқымыздың дәстүрлері мен сенімдеріне мүлде жат жағымсыз элементтердің енуі, көшпелі өркениеттің тәмамдалуы, дәстүр мен салттың канондық, заңдылық үлгісінен ажырай бастауы, тарихилықтың сақталмай бара жатырғандығын баса көрсету т.б. сайып келгенде, ұлт тағдыры мен болашағы мәселесіне ойысты. Жыраулық дәстүрдегі ақыр заман әлемнің сөзсіз құритындығы мен түгелдей жойылатындығы хақындағы діни апокалипсиске еш қатысы жоқ, ол – қазақ қоғамындағы мәдени-рухани өмірдің түбегейлі дәстүршілдіктен ауытқып, мыңдаған жылдар бойы сақталып келе жатырған өмір стилінің келмеске кетуі мен соған лайықты адамдардың пайда болып, дәстүршілдікке, тарихилыққа, өткенге құлақ аспай, тек батыстық және Ресейлік дәстүрлердің жағымсыз қырларын сараптан өткізбей-ақ мойындауы мен бас ию заманы туралы түсінік. Демек, ұлттық болмыстың құлдырауы туралы толғау сарындары, әрине, болашақта қазақ қоғамында игілікті даму бағдарлары да болуы ықтимал, бірақ бұл ойшылдар ұлттық қауіпсіздікке алаңдай отыра, болашақтағы қатерлерге басымдылық береді.

Дулат Бабатайұлы да заманды орталық түсінікке шығарады, ол қасіретті келешектің келбетін, оның нақты көрінісін былайша бейнелейді, оны сезімдік тұрғыдан терең байыптайды: «Мынау азған заманда, Қарасы – антқор, ханы – арам, Батыры көксер басы аман, Бәйбіше – тантық, бай – сараң, Бозбаласы – бошалаң, Қырсыға туды қыз балаң, Нары – жалқау, кер табан» [8].

Заманның азуы тек әлеуметтік ортада ғана емес, табиғи ортаға да әсер ете бастайды, моральдік құлдырау бүкіл болмысты қамтиды және кері, жағымсыз сипатта өрлейді, субъективтілік объективтілікке қарай бағдарланады. Мәселен, «Қырсыға туған қыз» түсінігінде қыз сол заманның ықпалымен ерген, тумысынан-ақ қырсық болып келеді. Бұл неліктен? Халқымызда генетика ілімі арнайы еуропалық парадигмалар бойынша дамымаса да, «қандық» деген ұғым бар. Осы қанмен берілген ақпараттар заманның шынайылығын және анасының өмірге көзқарасын бойына жинақтай бастайды. Дулаттың ойтолғаныстары осындай терең мағыналарды қамтып тұр, «адам мен тіршіліктің ырқы заманның ағымына сыйғыздырылған» болып шығады. Оның толғауларының жалпы идеясы – көшпелілік өркениеттің аяқталуының қайғысы, ал нақты мазмұны – мыңдаған жылдар бойы сабақтасып келе жатырған және тәжірибе сыннан өткізілген ұлттық құндылықтардың күйреуі, батыстық және орыстық

таным-түсініктердің оның орнын алмастыруы. Осыдан заманнан ешқайсысы оқшау, тыс бола алмайды, ол объективті үрдіс деген тұжырым анық байқалады.

Сондай-ақ Дулат Бабатайұлы қазақ халқының еркіндіксүйгіш сезімін терең толғай отыра, өткенді аңсайды, оның қайталанбас қалпына келісіп-келіспегендей болады: «Қызық дәурен сүргенде.. Еркінше өскен қайран ел, Дәулетің бейне шалқар көл»

Көшпелілік рухтың еркіндігі мен кеңдігі дала қазағын қала шеңберінде үнемі ұстаумен үндесе бермейді, байырғы қазақы адамның «даламен» тұтастығы оны белгілі бір заңдылықтар аясына сыйғызады. Мәселен, Шортанбай Қанайұлының: «Әзірет қонған Қаратау, Аса алмаған онан жау, Болмаған онда қанталау, Ел соқпағы даңғыл жол, «Қасымның қасқа жолы» екен»,-деп пайымдаған ойтолғамдары осының үлгісі. Ол орыс отаршылдығын айыптайды, халқының еркіндігі мен азаттығын тежеп тұрған басты күшті көрсете отырып, оған өзінің шынайы бағасын береді, осындай аласапыран заманды ол «ақыр заманның» бір көрінісі ретінде немесе одан кем түспейтін кері кету ретінде түйсінеді. Осындай дәуірдің туатындығын алдын-ала сезінбегендік, болашақ туралы нақты болжаулардың болмағандығын, қауіп-қатерді алыстан аңдамағандығын да өкінішпен жырлайды: «Күнбатысқа көз салмай, Күншығысты еске алмай, Бізді алатын жау жоқ деп, Алды-артыңды байқамай, «Маған не бар» дескенсің».

Елдің отаршылдыққа еніп келе жатырған үдерісінен халқының азаттық сүйгіш рухының өшіп бара жатырғандығын, еркіндік сананың жоғалып кеткендігін үмітсіздікпен қайғыра жырлайды: «Аяғын буған қойға ұсап, Мойнын ұсынып беріліп, Қол созбайды азатқа»

Бірақ зар заман ақындары үнемі сарыуайымға салынып, қоғамдық санада пессимистік ая қалыптастыруды мақстат етпейді, кей сәттерде ұлттық рухты көтерудің табиғи-тарихи тамырларына сүйенеді, рухтандырушы идеолог ретінде де қызмет атқарады: «Қылыш алсаң қолыңа, Қорғау үшін еліңді, Міндетіңді еліңе арт, Тәңірінен күт өлімді»

Зар заман ақындарының көрнекті өкілдерінің бірі – Шортанбай Қанайұлы. Шортанбай Қанайұлының бір ерекшелігі келешек туралы болжауларында және оның бүгінгі күнге сәйкес келуінде болып отыр: «Жалғыз сиыры бар болса, Соғымына сояды, Қағаздатып бұзауын, Ноғайына қояды», немесе: «Қылымсыған қатыны, Қызыл көйлек киеді, Өзінің байын менсінбей, Көрінгенді сүйеді...»,-деген пікірлер сол кезең үшін адам айтса нанғысыз азғындықтың белгісі болған. Шортанбай ақынның ақыр заман толғауы әсіресе моральдік құлдырауды басшылыққа ала отырып жырланады, жастардың бұзылған реңкін былайша сипаттайды: «Заман ақыр кезінде, Ұл сыйламас атасын, Арам сідік болған соң, Атасы бермес батасын, Қазы, болыс қойыпты, Некесіз туған шатасын»,-деп ұлды сынаса, «Қыз сыйламас енесін, Арттырам деп егесін, Салыстырар денесін, Пысықсыған немесін»,-деп қызды сынайды.

Ал «Заман» – сол уақыттағы қоғамның күрделі хал-ахуалы мен мән жайын сипаттайтын әлеуметтік болмыстың; өмір жағдайы, адам мақсат мұраттары сияқты құндылықтарды қоса қамтитын қоғамдық-тарихи процестің нақты бір кезеңі. Ол оптимистік бағытта: қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман, түзелген заман және пессимистік бағытта: зар заман, ақыр заман т.б. кездеседі. Заман түсінігі қоғамдық болмыстың объективті даму тенденциясын да білдіретін субъективті факторларды да қамти отыра, әлеуметтік болмыс деген ұғымның шынайы, өткір келбетін, пердесін ашып көрсетуге келіп саяды.

Ал Мұрат ақынның болжауларының ішінде тұрмысты, таза экзистенцияны жырлау кездеседі: Мен қауіп еткеннен айтамын: «Ақ борықтай иілген, Кейінгі туған баланың, Ұстай ма деп білегін, Шая ма деп жүрегін. Шашын, мұртын қойдырып, Ащы суға тойдырып, Бұза ма деп реңін» [9, 147 б.].

Мұрат ақын патшалық отарлау саясатының қазақ жеріне басып кіруінің геосаяси нәтижелерін болжайды және оған философиялық тұрғыдан келеді: Еділді алса – елді алар, Елді алмаған не қалар? Жайықты алса – жанды алар, Ойылды алса – ойды алар. Ойлашы сонда не қалар?..» [9, 122 б.].. Бұл тұстағы «елді алу», «жанды алу» түсінікті жайт, ал «ойды алу», біздіңше, санаға қатысты, яғни, отарлық сана мен құлдық психологияның орнығуы, саяси еркін және саяси тәуелсіз ойлаудың құлдырауы, сайып келгенде, манипуляция мен сендіру идеологиялары арқылы, кейінгі ұрпақтарға «Мәдени жарақаттармен» қатар «Стокгольм синдромдарын» қалдыруы. Шынығында, бұл бүгінгі күнге дейін көрініс тауып келе жатқан – қайғылы жағдай – Ұлттық трагедиялардың бірі.

Яғни, қорыта айтқанда, қазақ ойшылдарындағы заман ұғымын концепт ретінде қарастыру оның көпқызметтілігімен қатар, ұлттың болашағын зерделеудің құралы ретінде де пайдаланылғандығына көз жеткізуімізге болады. Бұл «футурологиялық» деп айтуға болатын болжамдардың ерекшелігі мен мәні – болжау модельдерінің кейінгі өмірге түбегейлі болмаса да, барынша толықтай сай келуі.

Сонымен қатар, қазақ ақындағы мен жыраулаы тек пессимистік бағытта ғана жырлаған деген түсінік туындамауы керек. Ұлтқа шбаты беретін, боашаққа деген сенім, өркениеттік үлгілерін ұсынатын көзқарастар легі мен өзіндік тың пікірлер де кездеседі. Мәселен, М. Жұмабаевтың: «Мен жастарға сенемін» атты өлеңі пафоста жазылғанмен, оның да болашақ туралы оптимистік пайымаулары анық көрініс табады [10, 156б.].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ерғалиев І., Телібаев Ғ. Қазақ дүниетанымының негізгі ұғымдары// ҚР ҒА хабарлары.-1993, №3.- 17-23 бб.

2. Аташ Б.М., Айтбаева А.Б., Құранбек Ә.А., Муминов Н.Ә. Қазақ дүниетанымының іргелі ұғымдары: эстетика және этика.-Алматы: Дарын, 2025.-191б.

3. Бес ғасыр жырлайды//Құрастырғандар:М. Байділбаев, М. Мағауин.-А.: Жазушы, 1989.-Т1.-384с

4. Толысбай К. Асан қайғы.-Алматы:Дайк-Пресс, 2006.-235б.

5. Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Алматы "Жазушы", 1995, 1-т., 336 б.

6. Ошақбаева Ж.Б. Қазақ хандығы дәуіріндегі жыраулар шығармашылығындағы әмбебаптар: автореф. канд. филос. дисс. - ҚР Алматы, 2010.-26 б.).

7. Мәдібай Қ. Зар заман. – Алматы: Қазақ университеті, 1997. – 128 б.

8. Дулат Бабатайұлы. http://catalog.karlib.kz/irbis64r_ 01/Kraeved/ Personalii_kaz/ Shortanbay_zhyrau/Atamura.

9. Мұрат/ Құрастр. Б. Қорқытов. – Алматы: Арыс, 2001. – 232б.

10. Жұмабаев М. Шығармалар: 3 томдық. (1 Т.)- Алматы: Білім,1996.-512 б.

ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ЕЛ БИЛЕУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТАРИХНАМАСЫНЫҢ ТӨЛТУМАЛЫЛЫҒЫ: ТАРИХИ АЙҒАҚТАР НЕГІЗІНДЕГІ ЖАЛПЫЛАМА БАҒДАРЛАР

Құранбек Ә.А. – философия ғылымдарының кандидаты
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ философия кафедрасы

Аташ Б.М. – философия ғылымдарының докторы
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ философия кафедрасы

Қинаятов Ж.- Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ философия кафедрасының докторанты

Қазақ қоғамындағы ел басқару жүйесі Қазақ хандығы құрылғаннан кейін бірден-ақ қалыптасқан емес, ол өзінің тарихи астарларын тұтасынан қамтиды. Сондықтан, бұндай құрылымның бастаулары тым әріде жатыр, ол кейіннен кемелденіп, жетіліп, заманға байланысты түрленіп, өзгеріп отырғандығы да рас.

Түркі-Қазақ қоғамындағы билік құрылымын тарихи-философиялық тұрғыдан талдау үшін, алдымен, оның жалпы ерекшеліктеріне тоқталып өтуіміз қажет.

1. Түркі-қазақ халқы өзінің даму эволюциясында Орталық Азияда орналасқандықтан, әлемнің көптеген елдерімен мәдени-экономикалық қана емес, саяси-әлеуметтік қатынастар да орнатқан. Осыған байланысты, олардың ел басқару жүйесі де басқа халықтармен мәдени алмасулар болуына байланысты, өзгерістерге де түскен. Әрине, ол түпкілікті болмаса да, барынша тұрақты болып келсе де, мүлде тұрақты болды деуге де болмайды.

2. Түркі-қазақ қоғамында көне замандарда Зорастризм, Тәңіршілдік, шамандық, кейіннен, ислам сияқты діндерді ұстанғанмен, дінді құрмет тұтқанмен, қазіргіше айтқанда, «зайырлы» деп атауға болатындай ұстанымда болған. Сондықтан да, көне Мысырдағы, Көне Үндідегі, Католиктегі т.б. сияқты дін иелері ел билеу ісіне ресми түрде араласқан жоқ. Ел билеудегі басты сапа көп жағдайда: жауынгерлік пен даналыққа келіп тіреледі.

3. Түркі халықтарының жауынгер болғандықтан, кең аумақты иеленуі оларды басқару жүйесінің ұтымды, тиімді, оңтайлы болып құрылуын қажет етті. Кезінде, олардың вассалдары, салық төлеуші басқа да бағынышты мемлекеттері көп болған. Сондықтан да, тек қана өз меншігіндегі алып территория емес, өзіне бағынышты халықтарды басқарудың тиімді тетеіктерін құру қажеттігі болған.

Сонымен қатар, біз, қойылып отырған мәселеге қатысты алғанда, оны зерттеудің негізгі қиыншылықтарына да тоқталып өтуді жөн көрдік.

- тарихымызда жазба мәдениет қанағаттанарлықтай сақталмағандықтан, ел басқару туралы дереккөздер де толыққанды емес, әсіресе, ол дәуір неғұрлым тым көне болған сайын, соғұрлым көмескі бола түседі.

- елімізде ұлтымызға қатысты саясат философиясының өркендеп дамымамуы да, бұл мәселені әрі қарай зерттеу үшін айтарлықтай қиындықтар туғызады. Яғни, саясатты философиялық тұрғыдан зерттеудің әдіснамасы мен теориясының өзі орнықты тиянақталмаған, оның ішінде, ұлттық саясаттың философиясы да өркендемей отырған салалардың б2і0р7і деп айта аламыз.

- осыған сәйкес, аталған тақырып бойынша зерттеулердің аздығы да біршама қиындықтар туғызады. Жалпы түркі мәдениеті, қазақ мәдениеті елімізде айтарлықтай зерттелгенмен, осы билік философиясы туралы зерттеулер біз үшін аздық етеді.

- бұл бірнеше жылдар бойы түркі халықтарының тарихына маңыз бермеген еуропоцентристік көзқарастардың ықпалдары, дегенмен, соңғы жылдары түркі халықтарын зерттеуге деген құлшыныстар кездеседі.

Олай болса, келесі кезекте, біз, тым көне дәуірлердегі ел басқару мен оның қазақ хандығына дейінгі кезеңін негізге ала отырып, жалпы ерекшеліктеріне тарихи-философиялық талдаулар жасаймыз.

Тым көне мифологиялық дәуірлерге көз жүгірткен отандық зерттеушілер, матриархат туралы пікірлерге сүйене келіп, оның Орта Азияда болғандығын жариялайды. Могие әйелдің елді 20 жыл билеп, оның 10 000 түтіні болғандығы, 9 қабатты тау шатқалында тұрғандығы т.б. сипаттайды. Бірақ кейіннен, патриархат матриархатты ауыстырғаннан кейін, еркекетердің ролі бірінші орынға шығады да, рубасылар, көсемдер, әскербасылар оладың арасынан таңдалынып алынатын болғандығын тұжырымдаған пікірлерді негізге алсақ[1,15б.] онда аракідік кездесіп қалатын көне сақ көсемдерін, мысалы, Томирис патшаны соның сарқыншақтары ретінде бағалай аламыз. Олай болса, бізге беймәлім тарихта арғы түркі халықтарында бірнеше ел билеуші әйелдер болған деп болжамдай аламыз. Бірақ осы арғы түркі халықтарының жаугершіліктері мен алып аймақтарды бидеуіне қарапп, олардың нашар қолбасшылар емес екендігін тұжырымдай аламыз және кейінгі түркі-қазақ халықтарындағы батыр қыздар мен әйелдер осы жауынгерлік рухтың табиғи-генетикалық тұрғыдан сабақтасқан көріністері деп пайымдай аламыз.

Көне түркілік дәуірде ғұн-сақ заманында ел билеу ісі, бастапқыда құрылған шағын аймақтардың бірте-бірте кеңейген сәтте, бөліктерге бөліну жүйесі бойынша дами түсті. Себебі, ұлан-ғайыр аймақты басқару бірте-бірте қиындай бастады. Мысалы, ғұн империясының өзі батыс және шығыс ғұн болып бөлініп кетсе, скифтер деген біртұтас алып ұлыстың өзі бінеше атаулармен біріккен: тиграхауда сақтары, хаомоварга сақтары т.б. Бұндай үрдіс кейіннен де сақталып отырды: шыңғыс хан империясының Ақ Орда мен Көк ордаға бөлінуі, Қазақ хандығының Үш жүзге бөлінуі, одан қалса руларға жіктелуі т.б.

Бірақ, бұндай алып империялардың екіге-үшке бөлінуі көп жағдайда тұтас ұлыстың ыдырауына алып келіп отырған сыңайлы. Демек, ұлыс ішіндегі жеке аймақтардың өзара біртіндеп, тұтас ұлысқа бағынғысы келмеуден туған тәрізді. Немесе, түркі халықтарының дифференциялануына айналуының негізгі өлшемдері мен себептері болған деп те айта аламыз.

«Ғұндардың одағы 24 бөлшектен құралған, олардың әрқайсысын рубасылар басқарған. Ғұндардың ел билеушісін «Тәңір-құты» деп атаған. Ғұндардың б.з.д. III ғасырда: «Ұлықтардың лауазымы мен мәртебесі атадан балаға мұра болып қалады»,-деген заңы болған. Бұл заңда мұраға қалатын атаның тағы мен мәртебесі. Тақ билігі – мемлекет басқару билігі, бір елдің саяси, әкімшілік және әскери билігінің бір қолда шоғырланған көрінісі. Мәртебе – ризық, атадан балаға қалған ел, жер және байлық. Елді билеп келген мәртебелі әкенің сіңірген еңбегі даусыз, ол көз жұмарда тақты ұлына қалдыруы да заңды. Оның ұлдары мен әулеті ел билеу істеріне араласады, ел басқарудың қыры мен сырына қанығып өседі, үйренеді, жетіледі, даярланады. Бұл ел билігін сенімді қолға тапсырудың және оны сабақтастырудың алғы шарты. «Үйсіндер ғұндармен әдеттес». Үйсіндердің мұрагерлік заңында «Әке өлсе, ұлы мұрагер, аға өлсе іні мұрагер» деген бар. Үйсіндер ел билеушісін «Күнби» деп атаған[2,24-28бб.],-деген прікірлерді негізгі алсақ, олардың ел басқару жүйесінің құрылымдарына үңілсек, қазіргі заманауи немесе қазақтардағы ел билеу жүйесінің тарихи тамырларын аша аламыз. Мысалы, билер Кеңесі қашан пайда болған деген сауал тастасақ, онда тарихи деректер бойынша оның үйсіндерде пайда болғандығының куәсі бола аламыз.

Яғни, қазақстардағы билер институтының тарихи терең тамырларына кезігеміз және мыныа деректерге қарап, көне үйсіндердің бүгінгі біздің ата-бабмыз екендіктерін қайтадан дәйектей алмыз: «Үйсіндердің саяси өмірінде «билер Кеңесі» болған. «Билер бітімі» біріншіден дауларды шешіп ел ішін алалықтан сақтап келсе, екіншіден мұрагерлік институтқа да ықпал жасаған, яғни билер мұрагерлік заңды бұзуға жол бермеуге тырысқан. Мұрагерлік үрдіс түркілерде де болды. Түркілерде мұрагердің таққа отыруы алдыңғы қағанның ауызша өсиеті, тәңірінің қалауы және сайлам сияқты үш түрлі жолмен іске асырылып отырды. Түркілерде де «Әке өлсе ұлы мұрагер, аға өлсе іні мұрагер» болды. Түркілер мұрагер таққа отырғанда киіз жаю, атқа мінгізу, киізді «күн» деп айналу, мұрагерлікке отыру жосығына киелі оқ берген, қағанның билігі тәңірінің қалауымен дарыған деген түсінікті санаға сіңірген. Түркілерде кей кездері қағанның таққа отыруын ел ақылшылары «билер Кеңесі» мақұлдайтын түрлері де болған»[3].

Сондай-ақ, Түрік қағанаты кейін Шығыс және Батыс Түрік қағанаты болып екіге бөлінген. Әрбір қағанат өз алдына жеке саяси құрылым болып, өздерін «Ел» деп атаған. Түрік қағанаттарының әлеуметтік да барынша құрылымы күрделі болды. Ол байлардан, шығайлардан (кедейлер), таттардан (тәуелді шаруалар), құлдар мен күндерден құралды. Мемлекеттік ұйымының басында қаған тұрды.

Құқықтық әдет-ғұрыптармен қатар жазба заңдар да болды. Оларды «Төру» деп атаған. Бұл ұғым XYI ғасырға дейін қолданылып келді де, одан кейін «Төре бітігі» деп аталатын соңғы заңдар жинағы қабылданған. Заң шығару ықтияры қағанның қолында болды. Қазақтың «жарлық» деген сөзі түрікше «ярлық» деп айтылады. Осы ежелгі заманда қалыптасқан құқықтық ұғымдар кейінгі кезеңдердегі саяси құрылымдардың мемлекеттік-құқықтық өміріне мықтап сіңді де, оларды қазақ халқы мирас етіп алды.

Бұдан, түркі қоғамындағы билік құрылымының мынадай ерекшеліктерін туындата аламыз: а) жалпы билік жүйесінің өзіндік бір сакральді жүйесі болғандығын көрсетеді. Олар, әсіресе, кей жағдайларда, мифологиялық және діни сарындарға сүйенді. Сондықтан, да ол бейне бір экзотериялық сипат алғадай болды; ә) билік жалпы алғанда, мұрагерлік бойынша жалғасты, сондықтан, оған басқалардың таласының болмауы, ел ішідегі билікке таласты аз да болса бәсеңдетті; б) түркі халықтарындағы ел билеу, өзіндік бір тәртіппен құрылды, арнайы заңдар мен құқықтық ережелер болғамнен, көп жағдайда, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты халықтың өзі-ақ күштеусіз мойындап, орындауға ерікті түрде барды; в) түркі халықтарындағы ел басқару құрылымы кең далаға иелік етуге, мал шаруашалығына, адамгершілік заңдылықтарына т.б. тұтас өзіндік болмысын қайталатйын, ұлттың өзін-өзі берегейлендіріп отыруының алғышарты болды.

Арғытүркілік қоғамдағы ел басқару жүйесі тек саяси-әлеуметтік құрылымдардан ғана тұрмайды, саяси-идеологилық, рухани-мәдени шарттармен де сабақтасып жатыр. Оны біз шартты түрде саясиланған діни сенімдер, саясиланған мифология, ел басқару ісіне ықалдасқан этика т.б. салаларға ажыратып алуымызға болады. Бұндай үлгілер, тек түркі қоғамында емес, ілемдік тарихи тәжірибеде кездесіп отыратын үдеріс. Мысалы, Көне Қытайдың діни философиясы саяси, этикалық, экзистенциадық т.б. мәселелерді тұтас қамтиды: Император Аспанның ұлы, оған барша халық сөзсіз бағыну керек т.б. ұстанымдар кезінде, билік құрылымын нығайтатын діни-саяси идеология ретінде орныққан болатын.

Осыған орай, біз, көне түркілік: бөрі тотемі, зорастризм, тәңіршілдік, шамандық сияқты сенімдерді негізге ала отырып, оның ел басқару ісіндегі қызметтері мен қырларын талдап көрсетеміз. Тәңіршілдікке сенім өздерін әлемге «Көк Түріктері» деп әйгілейтіндей титул берді. Бұның астарында өзгелер үшін жаугершіл-намысшыл халық деген саяси-психологиялық мағына жатты. Бұл сырттан таңылған бағалау емес, түркі халықтарының жауынгерлік-саяси рухының өз ішінен өңделіп шыққан елді рухтандыру тетіктерінің бірі.

Мәселен, М. Қашғари «Диуани луғат ат-түрік» атты еңбегінде: «Менің бір тайпа қосыным бар, оларды түрік деп атап, Күншығысқа қоныстандырдым. Кейбір тайпаларға ренжісем, оларға түріктерімді қарсы аттандырамын» деп тұжырымдауы, сондай-ақ Аттиланың «құдайдың қамшысы» деп аталуы[4] т.б. өздерінің елдік пен жауынгерлік рухының «тәңірден-ақ» екендігін паш етіп, оны «бекітіп» қоюдың, демек, обьективті-ғарыштық-көктік себептері бар екендігін жариялаудың психологиялық тетігіне, жауынгерлік идеологиясына, саяси астарға келіп тоғысып жатты. Түркі халықтары ғұндар заманында өздерін Тәңрінің ұлдарымыз деп атағандықтан, олар қорғаныш пен жаугершілікте де Тәңірге жалбарынып, өздерінің жеңіске жететіндіктеріне күмәнсіз болған.

Ғұндар мен үйсіндер аңыздарындағы көк бөрі тотемі, жай ғана қасқырды құрметтеу емес, өзіндік бір сол ұлттың болмысының айшықты рухының көрінісін берді. «Мысалы, Көк бөрі жаугершілік және бостандық үшін күрес заманында қайсарлыққа шақырған рәміздік роль атқарды»,-деп келтірілген пікірлер де[1,15,17бб.] осының айғағы

Түркі халықтарындағы маңызды орын алған тотемизмнің бір түрі – көк бөріні құрмет тұту. Ол - көне түркілер дәуіріндегі әфсаналық оқиғаларда жиі көрініс табатын орталық түсініктердің бірі, кейде ер жыныстық, кейде әйел жыныстық, кей кезде адам кейіптенген, ал кейбір оқиғаларында табиғи бөрілік биологиялық таза қалпын сақтағандығын көптеген этнограф зерттеушілеріміз атап көрсетіп жүр.

«Бөріні құрмет тұту жігерлі Рухтың түпнегізін құраушы емес, дәйекті жалғастырушы аралық буыны, заманауи шынайы қажеттіліктерден туындаған ұлтжасампаздықтың ақиқаты, әрі нанымдық-сенімдік сипат алатын образдылық, ишаралы көрініс деп пайымдай аламыз. Осыған орай, бөрі мен ұлттық жігерлі Рухтың арасындағы байланыстарды былайша анықтап алуымызға болады. Бөрі көбіне жалғыз жортатын, оқшаулық пен даралықта шыңдала түсетін хайуан. Сондықтан ол түркі даласындағы оқшауланған өмірі арқылы – өзіне сенімділіктің, өзін-өзі даланың қатал заңдарындағы тәжірибе алаңында үнемі сынау тәжірибесінің образдық түрдегі жалқы өкілі. Сонымен қатар қайсарлық, жігерлілік, қайтпас рухты, өжет, айлакерлік т.б. психологиялық сапаларды жинақтаған ұлы кеңістіктің ауыр талаптары ұсынған тіршілік үшін күресте «жеңімпаз» деп атауға болатындай өміршең жан болып та табылады. Жалығу мен қорқуды, шаршау мен демалуды, шегініс пен жеңілісті түбегейлі түрде теріске шығаратын хайуан екендігі де шындық»,-деп тұжырымдалған пікірлер де[5,22-29бб.] осы ойды нақтылай түседі.

Ата-баба аруағын құрмет тұтқан онгондарға табыну дәстүріндегі Елдік рухы, олардың жерленген орындарына табыну мен қастерлеу салттары арғытүркі дәуірінен сақталып-сабақтасып келе жатырған мәдени-әлеуметтік, діни-философиялық құбылыс. Мәселен, көне сақ патшаларының парсыларға қарата

айтылған: «әуелі біздің ата-бабамыз жерленген қорымдарға тиісіп көрсін, сонда біз ашық соғысқа шығатын боламыз» деген қорғаныш тетіктері де жауынгерлік рухтың қозғаушы күші мен тетігінің қайта орналастырылғандығын паш етіп тұрғандай сенім тудырады.

Түркілік рухтың сақтаушысы мен детерминанттарының бірі олардың тұтас болмысына қатысты сала – экономикалық тіршілігіне келіп тіреледі: жылқы өсіру мен атқа отыру – жауынгерлік атты әскердің тұрақтылығын қамтамасыз етті. Басқа халықтарда да жылқыны мініс ретінде пайдалану кездеспейді емес, бұл тұста, түркі халықтары әлемде алғаш рет жылқы жануарын қолға үйретіп, оны мініс құралы ретінде бірінші рет пайдаланғандығы және оны көп өсіргендігіне байланысты болып отыр. Бір ғана мысал, тарихқа көз жіберсек, Аттила Римге 200 мың әскермен аттанған-мыс, демек, соншама қашықтыққа жету үшін қосын аттары мен азық-түлік жылқыларының есебін қосқанда, шамамен миллион басқа жуықтайды. Бұл тек бір ғана жорық үшін тағайындалған әскер мен дайындалған жылқы. Ол кезеңдерде Еуропада, кейіннен басқа да әлем халықтарында бұндай атты әскер қуаты қамтамасыз етілмеген еді. Сонымен қатар, атқа отыруға жетік машықтану кеңістікті тез игерудің құралына айналды, сондықтан да түркі халықтары тарихта бірнеше рет империялар құруға мүмкіндік алды деп айтуға толық негіз бар. Бұл жылқышылдық болмыс, кейіннен, қазақ хандығында да жалғасын тапты.

Ал көне түркілік немесе оғыз-қыпшақтық дәуірде де ұлан ғайыр кең далаға ие болу үшін жергілікті мемлекеттік басқару жүйелерінің мығымдылығы аса қажет болғандығы түсінікті. «Қаһан» басқаратын түркілік бірлестіктер, біздіңше, жергілікті жерлер бойынша да, «хандар» болып белгіленген деп айта аламыз. Олар бір орталықтан басқарылатын белгілі бір аймақты және бір шаһардың билеушілері болған сыңайлы. «Қорқыт ата кітабындағы» жырдағы оқиғаларға үңілсек, жергілікті басқару жүйесінің үлгілерін таба аламыз. «Қорқыт ата кітабындағы» жырлардың мазмұнына ортақ нәрселердің бірі – түркі қоғамындағы саяси құрылым туралы болып келеді. Бұл құрылым жоғарыдан төмен қарай қатаң орналастырылған иерархияға бағынды. Саяси элиталардан бастап, төменгі таптарға дейінгі құрылған өзіндік әлеуметтік кеңістік жүйесі әкімшілік-басқарушылық ыңғаймен оның жырларының өн бойына сіңірілген»,-деп пайымдалған пікірлерді[6,79б.] негізгі алсақ, біз ондағы жергілікті басқару жүйесі туралы мәселелерді саралай аламыз.

Жыр оқиғаларында «Хандардың ханы», бәрінің билеушісі «Байындыр хан» болса, жергілікті мемлекеттік басқару ісіне бұнда «хандар» мен «бектер» деп аталатын әлеуметтік мәртебелі адамдар қатынасатындығы туралы ой ниеттері бар. Бірақ бұл хандар мен бектер, Хандардың ханына, яғни, бір орталықтан басқарылатын мемлекеттік жүйеге бағынады деген сөз. Себебі, тұтас оғыз-қыпшақ ұлысында, «Хандар» көп, демек, олар осы атауды титул ретінде бекіткен тәрізді, қазіргіше айтсақ, ол шамамен облыс әкімдеріне жуықтайтын сияқты, сонымен қатар, ол екінші бір қырынан ақсүйектер, демек, «саяси элита» деген де мағынаны береді: Дірсехан, Бұқаш хан, Қазан бек, Қам Бура-Бек, Игенек-бек т.б. Осы тұста, мүмкін, қазіргі жергілікті басқарумен салыстырсақ, «Хандар» облыстық, «Бектер» аудандық әкімдер тірізді болған болуы да ықтимал деп болжамдай аламыз.

Оғыз қыпшақ ұлысының бір орталыққа бағынған 24 аймаққа бөлінгендігі, оларды билейтін бектер мен хандардың үнемі жиналып, кеңес құратындығы келтірілген: «Байындыр хан: Жиырма төрт тудың бегі жиналсын,-деп бұйырды. Әуелі Темір қақпалы Дербентке бек болған, сүңгі найза ұшымен ерлерді түйреген, қас жауына жеткенде, кімсін деп сұрамаған Қиян Селжіқұлы Дели Дундар сенімен бірге барсын. Содан соң айғыр көз сұңғақ ат жүздірген елу жеті қаланың кілтін алған Қожаұлы Дүлен Еврен де бірге барсын... Сонымен Байындыр хан жиырма төрт қаһарман тудың бегін Игенекке жолдастыққа қосып берді»[7,99б.].

Алтын орда мемлекеті де аумағы үлкен мемлекет болғандықтан, оны жеке аудандарға бөліп, әрқайсысын жеке басқаратын ұлыстарға бөлу тарихи шындықтың және ел басқару жүйесінің заңды талаптары еді. Сондықтан да, Жошы, Үгедей, Шағатай, Төле ұлыстары қалыптасып, олардың өздеріне тән билеу аймақтары белгіленген еді [8,126б.]. Олардың тайпа басшыларында: «әмір», «бек», «би», «бай» деген атаулар кеңінен тарады. Олар көшпелі және отырықшы бұқара «қараша» деп аталған халыққа билік жүргізді. Бұлар да, жоғарыда айтылғандай, жергілікті басқарушы болса да, жауынгерлік-әскери өнерді меңгеруі тиіс болатын. Оларда, әрине, әскери саясаттағы онбасы, жүзбасы, мыңбасы, түменбасы деген иерархиялар сақталған, бірақ бұндай әскербасылар көп жағдайда саяси билікке араласуы міндетті емес болды. Тек әйгілілері әрбір ірі-ірі жорықтар сайын басқолбасшы болып тағайындалды.

Қорыта айтқанда, арғықазақ қоғамындағы ел билеу жүйесінің тарихнамасының төлтумалылығы мынадай ерекшеліктермен айқындалды:

1. Ел басқару жүйесі тек белгілі заңдармен жүргізілген жоқ, ол діни сенімдер, мифология, одан туыдайтын салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар бойынша тиянақталып, халықтың наным-сенімдеріне, ырым-тиымдарына да негізделді. Сондықтан да, тұран тайпалары мен кейінгі түркі халықтары мемлекеттік жүйенің тәртіптерін ресми емес заңдар бойынша өздері ерікті түрде сақтауға ұмтылып отырды. Олд сәйкесінше, ішкі ел бірлігін нығайтып, өз кезегінде, тарихта алып мемлекеттер құруына алып келді.

2. Ел басқару ісінде, белгілі жауынгерлік рух болды. Ол басты идеал ретірде, ел билеушілерден бастап, батырларды қамтыды, тіпті, әрбір түркі азматы ерлік көрсетуге бағдарланған болды. Сондықтан да, батырлық, ерлік, намыс сынды құндылықтар сол қоғамда үстемдік етті.

3. Тұран мен түркі халықтарының ел басқару жүйесінде кейбір еуропоцентристік көзқарастар бағлағандай, тек қана жауыздық, әділетсіздік, өктемдік, қаталдық қана орнаған жоқ, өзіндік бір игіліктілік пен адамгершілік қағидаттар үстемдік етті. Олар басып алған жерлеріне де барынша төзімділікпен қарады.

4. Олардың материалдық тұрмыс жағдайын, көшпелілік пен өзіндік темір, қола т.б. өнеркәсіптері белгілі деңгейде саяси сипат алып қана қойған жоқ, сол халықтың болмысы мен өміршеңдігінің алғышартына айналды. Сондықтан да, ел басқару ісінде ол өзіндік маңызды буын болып шықты. Мысалы, қару соғатын ұсталық өнер де қасиетті саналды.

5. Тым көне Тұрандықтар, одан кейінгі сақтар мен ғұндар, одан кейінгі оғыз-қыпшақ ұлысы, Шыңғыс хан заманы т.б. ел басқрау жүйесінде белгілі бір сабақтастық болды. Бір ғана мысал, б.э.б. 1000 жылдықтарда қалыптасқан ғұндарда да 24 аймақтық билік болса, 9-12 ғасырлардағы оғыз-қыпшық ұлысында да 24 бөлікке бөлінген бір орталықтан басқрау жүйесі сақталды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ философиясы тарихы.-1Том.-Алматы: ҚР БҒМ Ғк ФСжДи, 2014.-391б.
2. Смағұлова А. С. Қазақтың әдет-ғұрып заңдары. Оқу құралы. Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің Редакциялық – баспа бөлімі, 2004. – 88 б.
3. Қазақтың әдет-ғұрып заңдары және құқықтары//http:///publ/prezentacija_ na_kazakhskom_ jazyke /y/ aza_ty_det_ryp_za/21-1-0-3475
4. Әкім Ж. Қазақ идеясы. Түркі өркениеті негізінде.-Алматы: Өлке, 2006.-232 б.
5. Аташ Б. Түркі халықтарындағы елдік Рух негіздері//Bilimsel Ekzen. Scientific Axis.-№8.-2012.-22-29бб.
6. Әбсаттаров Р.Б. Қорқыт ата мұраларындағы оғыз-қыпшақ ұлысының саяси-әлеуметтік келбеті//Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің Хабаршысы «Әлеуметтік және саяси ғылымдар» сериясы.- №2(42).-2013.-77-90бб.
7. Қорқыт ата кітабы.-Алматы: Жазушы, 1994.-160 б.
8. Қазақстан: Ұлттық энцклопедия/Бас редактор Ә. Нысанбаев.– Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы.-8Т.-1998.-144б.

ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРДЕГІ ДАНАЛЫҚ: БИЛЕР ИНСТИТУТЫНЫҢ РУХАНИ МАҢЫЗЫ

Ризабекова Сәнді Ризабекқызы
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің
«Философия» білім беру бағдарламасының 3 курс студенті, Қарағанды, Қазақстан

Аңдатпа: Халқымыздың ақыл-парасатының көрінісі болып табылатын шешендік сөздер – ғасырлар бойы халықтың сыннан өткізіп, сұрыптап жеткізген рухани мұрасы, баға жетпес қазынасы. Бұл ғылыми еңбек шешендік өнердің маңызын, әсіресе шешендік сөздердің тарихи шындықпен байланысын айқындап, жас ұрпақты ой тереңдігіне, тапқырлық пен зерделілікке баулып, шешендік сөздердің танымдық, тәрбиелік және эстетикалық құндылығын ашуды мақсат тұтады.Осы мақсатқа жету барысында ең алдымен тақырыпқа қатысты деректер мен әдебиетші ғалымдардың теориялық тұжырымдары негізге алынған. Шешендік сөздердегі дара шығармашылықтың орнын анықтау үшін дәлелді мысалдар келтірілген. Бұл ғылыми жұмыстың негізгі бөлімінде айқын көрініс табады. Кен асылы – жерде, сөз асылы – елде" демекші, қазақ халқының қасиетті өнерінің туын биіктетіп көтерген ойы ұшқыр, тілі жүйрік, сөзі уәлі, аузы дуалы шешен-билердің ғибратқа толы нақылдары мен өмір тәжірибелерін өнеге ету – жұмыстың басты нысаны болып саналады.Сондықтан да, "Жақсы сөз – шамшырақ іспетті, ол көңілге нұр ұялатады" деп Жамбыл атамыз айтқандай, жүрек түкпіріне орныққан, жан дүниені сергітетін, қалам ұшына шабыт берген шешендік сөздер жайындағы ой мұнымен түгесілмейді. Бұл – келешектің, болашақ ұрпақтың еншісіндегі мәңгілік тақырып.

Кілт сөздер: шешендік өнер, тәрбие, рухани сабақтастық, құндылық, өнер

Қазақ жұрты жаратылысынан шешендік өнерге бейім халық. Оның қиыннан қиыстыра, төтеннен төге сөйлейтін тапқыр да ақылды, бейнелі де бедерлі, аталы да баталы, нақыл, қанатты ойлары жөнінен өзіміз де, өзгелерде таңдай қағып айтудамыз. Шешендігінің үстіне қазақ халқы – ақын халық. Түйеге мінгеннің төрт ауыз, атқа мінгеннің алты ауыз өлеңі бар демекші, кез-келген үлкен-кіші, әйел-еркек

“ауылдың алты ауызын”,“қонақ кәде”, “жар-жар”, “бет ашар”, “тойбастарды” домбыраға қосылып термелей жөнеледі.Ал аналар болса, түн ұйқысын төрт бөліп, түнде бесік таянып, бесік жырын тербейді. Ақын жыраулар болса, таң бозарып атқанша елін қорғаған батырлар, хандар, билер жөнінде және махаббат хикаясын шертіп хисса – дастан толғайды. Демек, ақындық пен шешендік өнер егіз. Оны бір-бірінен ажырата қарау әбестік.Ал, би, шешендер даулы мәселені түйінді төрт-ақ ауыз сөзбен тындырып отырған. Тындырғанда да хатсыз, хабарсыз, ауызша жүзеге асып, бітіп жатқан.

Шешендік өнерге көне дәуірден-ақ айрықша назар аударылған. Ежелгі Грек пен Рим елдерінде бұл өнер “риторика” деп аталып, жеке ғылым саласы ретінде оқытылған. Әлемге танымал көне дәуір шешендері — Пратогор, Демосфен, Цицерон, Квинтилиан өз заманында мемлекет қайраткерлері әрі терең ойлы ғалымдар ретінде белгілі болған. “Риторика” ғылымы сол кезеңде барлық өнердің төресі саналған.М.В.Ломоносовтың 1748 жылы жарық көрген “Шешендікке қысқаша басшылық” атты еңбегі Ресейде шешендік өнердің дамуына және қалыптасуына зор ықпал етті.Қазақ шешендік сөздерінің тарихы Майқы би мен Аяз билерден (XII–XIII ғ.ғ.) бастау алып, Жиренше шешен мен Асан Қайғы (XIV–XV ғ.ғ.) есімдерімен байланысты дамып, өркендей түсті.Бұл дәстүр кейін Шалкиіз, Бұхар (XV–XVIII ғ.ғ.), Шортанбай, Дулат, Мұрат, сондай-ақ Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би және Әйтеке билер арқылы жалғасын тапты. [1] Шешендік өнердің кең өріс алып, ең жоғары дәрежеге жеткен кезеңі – XV–XVIII ғасырлар. Бұл уақыт қазақ халқының жоңғар, қалмақ және қытай басқыншылығына қарсы тұрып, тәуелсіздік жолында күрес жүргізген дәуірімен тұспа-тұс келген.

Шешен кісі желдіре-желдірте сөйлеп отырғанда пернелі сөз бірде ұйқасып, бірде үндесіп өлең сияқты естіледі.“Ағайын жұртың бар болсаң көре алмайды, жоқ болсаң - бөліп бере алмайды; жақсы болсаң күндейді, жаман болсаң – жүндейді. Қайың-жұртың қолыңның ұзынына қарайды, жағаңның қызылына қарайды; берсең жағасың, бермесең пәлесіне қаласың...” деген толғауда көркемдікпен бірге онда ойға үйлес үндестік те, ұйқас та бар. [2] Шешендік пернелі сөздерде айтылмыш ой ежіктеліп жатпайды, түйінді пікір, тұжырымды сөзбен қысқа қайырылады.

Термелі сөзге де, пернелі сөзге де ортақ жалпы шешендік сөздерге тән бірнеше көркемдік ерекшеліктер бар. Ең алдымен шешендік сөздердің көлемі шағын, сөйлемі ықшам келеді дедік. Оның өзі қасаңдау, ұзақ термеден қажетті сөзді қалыпқа құйғандай іріктеп алып, жаттап, жадында сақтауға да, керек кезінде жаңғыртуға да қолайлы. Тыңдаушысын жалықтырмай, зеріктірмей ұйытып, үйретіп әкетуге себеп болады. Өйткені “көп сөз қола, аз сөз алтын” деп халық бос сөзді, көп сөзді жақтырмайды, одан гөрі тауып айтылған бір ауыз дәмді сөзді артық санайды, жадында сақтап қалады. Бірақ, шешендік сөз қысқа болғанымен мақал-мәтел емес, бір уақиғамен байланысты туған, белгілі адамдардың атынан айтылған сөздер. Бұл қасиет шешендік сөзге сенім туғызады. Өмірге үйлес келу, тыңдаушыны иландыра білу ауыз әдебиеті үшін де, жазба әдебиеті үшін де құнды қасиет.

Билер - халықтың көкейіндегі ойын сыртқа шығарып, ел тілегін жеткізген әділдік пен шындықтың қорғаушылары болған. Олардың ерекшелігі – билікке байлық та, мансап та жеткізбеген. Би дәрежесіне топтан озып шыққан, әділдікті ту еткен, қара қылды қақ жарып сөйлейтін парасатты тұлғалар көтерілген. Би болу үшін адамда туа біткен шешендік қабілет, терең ақыл, кең ойлау, алыстан болжау мен байыпты зерделеу қасиеттері болуы шарт еді. Олар сөздің нәрін тап басып, ойын көркем жеткізе білетін дана тұлғалар болатын. Осы ұғымды айқындайтын «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би» деген даналық сөз халық жадында мәңгі сақталған. Қазақтың даңқты билері – Төле, Қаз дауысты Қазыбек және Әйтеке билер қалыптастырған билік айту дәстүрі ғасырлар бойы үзілген емес. Ахмет Байтұрсыновтың сөзімен айтқанда, «әділ билердің қолындағы билік – қазақтың барлық дертін жазатын ем секілді еді». Билер қоғамда жақсылық пен жамандықты, әділ мен әділетсіздікті, жеңіл мен ауырды саралап, ел ішіндегі түрлі дау-дамайларға төрелік айтқан. Мал мен жер дауына, ар мен намысқа байланысты әділ шешім шығарып, сөзбен түйін жасап, халықты татуластырған. Сол дәуірде қазақ халқы бос сөз бен жағымпаздықты айып санап, шындықты жоғары қойған. «Сөз шынына тоқтайды, пышақ қынына тоқтайды» деп әділ сөздің құнын биік бағалаған. «Су түбін шым бекітеді, дау түбін сөз бекітеді» деп орынды айтқан шешен билер өз уәжін дәлелді, қисынды түрде жеткізген. Егер билік айту барысында бір би әділеттен ауытқып кетсе, өзгелері оны тоқтатып, шындыққа шақырған. Сондықтан да билердің сөзі мен шешімі халық үшін заңдай қабылданған. Қазіргі таңда «би» сөзінің шығу төркіні жөнінде нақты бір пікір жоқ. Бұл ұғымды зерттеген ғалымдар Г. Вамбери мен В. Радлов «би» сөзінің түп тамырын түркі тілдеріндегі «жоғары», «биік» мағыналарынан іздеген. Ал Леонтьев, Ш. Уәлиханов, Халид және басқа зерттеушілер өзге көзқарастарды ұсынған. Алайда көпшілік зерттеулерге сүйенсек, «би» сөзі ежелгі түркі тіліндегі «бек» сөзінен туындап, «басқару», «билік ету», «жарлық жүргізу» мағынасын білдірген. Демек, бұл терминнің түп негізі түркі дәуіріне барып тірелетіні сөзсіз. [3]

Қорытындылай келе, шешендік өнер - қазақ халқының рухани мәдениетінің өзегі, ұлттың сөз қадірін, ой тереңдігін, даналық дәстүрін танытатын құнды мұра. Бұл өнер тек әсем сөйлеу ғана емес, ойды дәл, әсерлі жеткізу, ел бірлігін сақтау мен әділдікті қорғаудың жолы болған.Ежелгі дәуірлерден бастап шешендік сөз қоғамдағы тәрбие құралы, халық даналығының көрінісі ретінде қалыптасты. Майқы биден бастап, Төле, Қазыбек, Әйтеке билерге дейін жалғасқан бұл дәстүр ұлттың бірлігін,

адамгершілігін, парасатын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырды. Шешендік өнердің басты құндылығы – оның тәрбиелік, танымдық және эстетикалық маңызында. Ол тыңдаушыны ойлануға, әділ болуға, сөзге құрметпен қарауға баулиды. Халық “Жақсы сөз - жарым ырыс”, “Сөздің салмағы бар” деп бекер айтпаған. Сондықтан шешендік өнер - ұлттың рухани коды, мәдени мұрасы, елдік пен бірліктің белгісі. Оны дәріптеу, зерттеу және кейінгі ұрпаққа үйрету – ұлттық руханияттың дамуы мен сақталуының кепілі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ақатай С. Қазақтың дүниетанымдық мәдениеті. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 214 б.
2. Арын Е. Қазақ философиясының тарихы. – Алматы: Рауан, 2010. – 352 б.
3. Төлеубаев Ә. Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының философиялық негіздері. – Алматы: Санат, 2005. – 265 б.

РУХАНИ ТАЗАЛЫҚ ПЕН ЭМОЦИЯЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

Мұқан Нұрзат
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан
mukan.nurzat@gmail.com
Нұрғазы Кәмшат
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан
kamshatnurgazy@gmail.com

Аннотация (қазақша)

Бұл мақалада рухани тазалық пен эмоциялық тұрақтылықтың өзара байланысы пәнаралық тұрғыда қарастырылады. Рухани тазалық ұғымы адамның ішкі әлемін реттеу, ар-ожданмен өмір сүру, құндылықтық тұтастықты сақтау, ниет пен әрекетті үйлестіру, өз-өзіне сын көзбен қарау және жүрек мәдениетін қалыптастыру сияқты өлшемдер арқылы ашылады. Эмоциялық тұрақтылық адамның күйзеліс кезінде өзін-өзі ұстай білуі, эмоцияны тануы мен басқаруы, шамадан тыс алаңдаушылық пен аффектілерге берілмеуі, психологиялық серпінділігі және әлеуметтік ортада теңгерімді қатынас құра алуы ретінде сипатталады. Мақалада рухани тазалықтың эмоциялық тұрақтылыққа ықпал ету тетіктері ретінде мағына мен мақсаттың айқындалуы, ішкі қақтығыстардың азаюы, өзін-өзі реттеу дағдыларының нығаюы, кешіру мен сабыр мәдениетінің қалыптасуы, сондай-ақ әлеуметтік қолдаудың күшеюі қарастырылады. Цифрлану дәуірінде ақпараттық қысым, әлеуметтік салыстыру және тұтынушылық бағдардың көбеюі рухани өмірге де, эмоциялық күйге де әсер ететіні талданып, рухани тәжірибелердің психологиялық сауатпен ұштасқан жағдайда тұлғаның тұрақтылығын арттыратыны негізделеді. Зерттеу нәтижесінде рухани тазалық пен эмоциялық тұрақтылық бір-бірін күшейтетін тұтас жүйе екені тұжырымдалып, білім беру, отбасы тәрбиесі және психологиялық қолдау салаларына қатысты қолданбалы қорытындылар ұсынылады.

Түйін сөздер: рухани тазалық, эмоциялық тұрақтылық, өзін-өзі реттеу, сабыр, мағына, құндылық, серпінділік, психологиялық саулық.

Аннотация (русский)

В статье рассматривается взаимосвязь духовной чистоты и эмоциональной устойчивости в междисциплинарной перспективе. Духовная чистота трактуется как внутренняя целостность, согласованность намерений и поступков, опора на совесть и ценности, способность к саморефлексии и нравственному самоконтролю. Эмоциональная устойчивость описывается как умение распознавать и регулировать эмоции, сохранять равновесие в стрессовых ситуациях, противостоять избыточной тревожности и поддерживать конструктивные социальные отношения. Анализируются механизмы влияния духовной чистоты на эмоциональную устойчивость: укрепление смысла и жизненных ориентиров, снижение внутреннего конфликта, развитие саморегуляции, формирование практик терпения и прощения, а также усиление социальной поддержки. Отмечается, что в условиях цифровизации информационное давление, социальное сравнение и потребительские установки могут усиливать эмоциональную нестабильность, поэтому духовные практики наиболее эффективны при сочетании с психологической грамотностью. Делается вывод о системной взаимодополняемости духовной чистоты и эмоциональной устойчивости и предлагаются прикладные ориентиры для образования, семьи и психологической поддержки.

Ключевые слова: духовная чистота, эмоциональная устойчивость, саморегуляция, смысл,

ценности, психологическое благополучие, резильентность.

Abstract (English)

This article explores the relationship between spiritual purity and emotional stability from an interdisciplinary perspective. Spiritual purity is conceptualized as inner integrity, alignment of intentions and actions, conscience-based living, value coherence, self-reflection, and ethical self-control. Emotional stability is described as the capacity to recognize and regulate emotions, maintain balance under stress, resist excessive anxiety, and sustain constructive social relationships. The paper examines mechanisms through which spiritual purity supports emotional stability, including strengthened meaning and life orientation, reduced inner conflict, enhanced self-regulation, cultivation of patience and forgiveness, and increased social support. In the context of digitalization, information overload, social comparison, and consumerist cues may amplify emotional instability; therefore, spiritual practices are most effective when combined with psychological literacy. The article concludes that spiritual purity and emotional stability function as a mutually reinforcing system and outlines practical implications for education, family socialization, and psychological support.

Keywords: spiritual purity, emotional stability, self-regulation, meaning, values, resilience, psychological well-being.

Негізгі мәтін

Қазіргі қоғамда адамның өмір сапасы тек материалдық жағдаймен немесе сыртқы жетістікпен өлшенбейді, ол ішкі тыныштықпен, мінез тұрақтылығымен, күйзеліс жағдайында өзін ұстай алуымен және құндылықтық бағдардың айқындығымен тікелей байланысты. Соңғы жылдары психологиялық шаршау, мазасыздық, ашушаңдық, күйіп кету синдромы және әлеуметтік қатынастардағы қақтығыстар жиілеп, адамдардың эмоциялық тұрақтылыққа деген сұранысын күшейтті. Мұндай құбылыстардың бір себебі ретінде ақпараттық тасқын, әлеуметтік желідегі үздіксіз салыстыру, өнімділік культі, қарқын мен бәсекенің артуы аталады. Дегенмен адам тек сыртқы реакциялар жиынтығы емес, оның ішкі әлемі, ар-ожданы, сенімі, өмірлік мағынасы мен мақсаттары бар күрделі жүйе. Осы тұрғыдан келгенде рухани тазалық пен эмоциялық тұрақтылықты бір-бірінен бөлек қарастыру жеткіліксіз, өйткені ішкі құндылықтық тұтастық бұзылған жерде эмоцияны ұстап тұру қиындайды, ал эмоциялық тұрақсыздық күшейген жерде рухани тәрбие мен өзін-өзі жетілдіру әлсірейді. Сондықтан рухани тазалық пен эмоциялық тұрақтылықтың өзара байланысын талдау тұлғаның психологиялық саулығын да, әлеуметтік өмірдің сапасын да түсіндіруге мүмкіндік береді.

Рухани тазалық ұғымы әр дәстүрде әртүрлі атаумен берілгенімен, оның өзегінде адамның ішкі әлемін тазарту, ниет пен амалдың бірлігі, ар-ожданға адалдық, жүрек пен ойды тәрбиелеу идеясы жатыр. Рухани тазалықты тек діни рәсім немесе абстракт ұғым ретінде түсіну тарлық етеді; ол адам мінезінің мәдениеті, жауапкершіліктің ішкі деңгейі, өзін-өзі бақылау және ішкі өлшемдерге сүйену қабілеті ретінде де көрінеді. Рухани тазалық бар жерде адам өтірік пен өзін-өзі алдаудан алыстап, ішкі шындықпен өмір сүруге жақындайды, өзінің әлсіз тұстарын мойындап, оларды түзетуге талпынады. Мұндай адамның құндылықтары тұрақтырақ болады: ол не үшін өмір сүретінін, қандай шекарадан аттамайтынын, шешім қабылдауда қандай өлшемге сүйенетінін шамамен болса да біледі. Ішкі өлшем айқын болған сайын күйзеліс те өзгеріске ұшырайды, өйткені адам сыртқы оқиғаға ғана емес, оны қалай түсінетініне, қандай мағына беретініне қарай эмоциялық жауап береді.

Эмоциялық тұрақтылық ұғымы да тек «ашуланбау» немесе «суыққанды болу» дегенге сыймайды. Эмоциялық тұрақтылық адамның эмоцияны тануы, оны сөзбен білдіре алуы, эмоцияға беріліп кетпей, оны басқаруы және шешім қабылдауда эмоцияның ықпалын реттей алуы арқылы сипатталады. Эмоциялық тұрақты адам қайғыны сезбейді немесе қорықпайды деген сөз емес; керісінше, ол эмоцияны жоққа шығармай, оны түсініп, бағыттай алады. Мұндай тұлға қысым жағдайында да өз құндылықтары мен мақсаттарын жоғалтпай, жағдайды бағамдап, ұтымды әрекет таңдауға бейім болады. Психологияда мұны өзін-өзі реттеу, стресс-төзімділік, серпінділік және эмоцияны қайта бағалау сияқты қабілеттермен байланыстырады. Осы қабілеттердің көпшілігі рухани тәрбиенің мазмұнымен табиғи түрде қабысады, өйткені рухани тазалықтың өзегінде де өзін бақылау, сабыр, тәубе, кешіру, ниетті түзету, ішкі жауапкершілік сияқты ұғымдар бар.

Рухани тазалық эмоциялық тұрақтылыққа ең алдымен мағына арқылы әсер етеді. Мағынасы бар өмірде күйзеліс толық жоғалмайды, бірақ оның салмағы басқаша сезіледі: адам қиындықты «жазалау» немесе «соңы» деп қабылдаудан гөрі, оны сын, сабақ, өсу мүмкіндігі ретінде түсіндіруге бейімделеді. Мағына адамның психологиялық қорғанысын күшейтіп, үмітті сақтайды, ал үміт сақталған жерде үрей мен үмітсіздік әлсірейді. Мағынасыздық, керісінше, эмоциялық тұрақсыздықты күшейтеді: ішкі бос кеңістік ұсақ сәтсіздікке де шамадан тыс реакция туғызуы мүмкін, өйткені адамның ішкі тірегі жоқ. Рухани тазалық көбіне мағына өрісін кеңейтеді, адамды өзінен жоғары құндылықтармен

байланыстырады, кейінгі нәтижені ғана емес, процестің әдебін де маңызды етеді. Бұл ішкі «компас» эмоциялық дауыл кезінде бағыттан таймауға көмектеседі.

Рухани тазалықтың екінші механизмі ішкі қақтығыстарды азайтуымен байланысты. Эмоциялық тұрақсыздық жиі ішкі диссонанстан туады: адам бір нәрсені дұрыс деп біледі, бірақ басқаша әрекет етеді; немесе құндылықтары жариялағанымен, өмір салты оған қайшы келеді; немесе сырт көзге ұнау мен ішкі адалдықтың арасында қалады. Мұндай диссонанс ұят, кінә, мазасыздық, ашу және өзін төмен бағалау сияқты эмоцияларды күшейтеді. Рухани тазалық адамның ниетін түзету, өз кемшілігін тану, жауапкершілікті мойындау, қателікті түзету сияқты қадамдарды алға шығарады. Қателікті мойындау әлсіздік емес, керісінше ішкі тұтастыққа апаратын жол болғандықтан, тұлға созылмалы өзін-өзі кінәлаудан немесе жасырын қорғанудан арылады. Ішкі тұтастық артқан сайын эмоция да тұрақтанады, себебі адам өзімен «соғыспай», өзін түсініп, түзетуге кіріседі.

Рухани тазалықтың үшінші ықпалы өзін-өзі реттеу қабілетін күшейту арқылы көрінеді. Эмоцияны басқарудың маңызды бөлігі импульсті тежей білу, ерік күшін тәрбиелеу, ойды жинақтау, күдік пен қорқынышқа беріліп кетпеу, ашудың «алғашқы толқынына» ермей тоқтай алу сияқты дағдылардан тұрады. Рухани тәжірибелердің көпшілігі дәл осы дағдыларды күнделікті жаттықтыруға ұқсайды: адам тұрақты түрде өзін есепке алады, ниетін байқайды, сөзін өлшейді, реакциясын бақылауға тырысады, сабырды таңдайды. Бұл жерде рухани тәрбие мен психологиялық өзін-өзі реттеу бір-бірін толықтыра алады: рухани практика адамның ішкі тәртібін бекітсе, психологиялық сауат эмоцияның табиғатын түсіндіріп, қиын жағдайда нақты әдістерді қолдануға мүмкіндік береді. Мысалы, эмоцияны атау, тынысқа назар аудару, ойды қайта бағалау, руминативті ойды үзу сияқты тәсілдер рухани бағыттағы «байқа, тоқта, түзет» логикасымен үйлеседі.

Төртінші механизм ретінде кешіру, шүкіршілік және сабыр мәдениетінің эмоциялық тұрақтылыққа әсерін атауға болады. Кешіре алмау көбіне ішкі реніштi ұзақ уақыт ұстап тұруға әкеледі; реніш күшейген сайын адам сыртқы ортаға күдікпен қарап, шиеленіске тез түседі, ал шиеленіс тұрақты болса, эмоциялық сарқылу пайда болады. Кешіру деген әрдайым болғанды ақтау емес, ең алдымен реніштің адамды іштен жеуіне жол бермеу, өз жүрегін ауырлықтан тазарту деп түсіндірілсе, ол психологиялық тұрғыдан да сау үдеріс болады. Сол сияқты, шүкіршілік тәжірибесі адамның назарын тек жетіспейтінге емес, бар игілікке де бұрып, негатив ақпараттың үстемдігін азайтады. Сабыр мәдениеті эмоцияны басып тастау емес, эмоцияны мойындай отырып, әрекетті құндылықтарға сай таңдау қабілеті ретінде көрінгенде, тұрақтылықтың негізіне айналады.

Бесінші маңызды арна әлеуметтік байланыстар арқылы ашылады. Рухани тазалығы бар адам көбіне қарым-қатынаста әділет пен мейірімділікке жақын болады, сөздің салмағын сезінеді, өзгеге зиян келтірмеуге тырысады, уәдеге беріктікке мән береді. Мұндай мінез әлеуметтік сенімді күшейтеді, ал әлеуметтік сенім артқан жерде қолдау желісі қалыптасады. Эмоциялық тұрақтылықтың бір тірегі дәл осы қолдау екені белгілі: адам қиын шақта жалғыз қалмағанын сезгенде күйзеліс төмендейді, үрей азаяды, үміт сақталады. Керісінше, рухани тазалық әлсіреп, қатынас дөрекілік пен өзімшілдікке қарай жылжыса, байланыстар үзіліп, жалғыздық күшейеді, ол эмоциялық тұрақсыздықты тереңдетуі мүмкін. Осылайша рухани тазалық тек ішкі әлемге емес, әлеуметтік экологияға да әсер етеді, ал әлеуметтік экология қайтадан адамның эмоциялық күйіне ықпал етеді.

Цифрлану кезеңінде бұл байланысты түсіндіретін жаңа қиындықтар пайда болды. Әлеуметтік желілер адамның өзін өзгемен салыстыруын үдетеді, салыстыру күшейген сайын ішкі қанағат азайып, күйзеліс артады. Ақпараттық тасқын эмоциялық жүйені шаршатады, ұйқының бұзылуы мен назардың шашырауы көбейеді, бұл өз кезегінде ашуланшақтықты өсіреді. Тұтынушылық идеалдар адамның құндылықтарын сыртқы витринаға тәуелді етеді, ал сыртқы витрина өзгермелі болғандықтан эмоциялық күй де тұрақсыз болады. Осындай ортада рухани тазалықтың мәні айқындалады: ол адамды сыртқы көрініске емес, ішкі өлшемге қайта әкеледі, өмірді «көрсетілім» емес, «мән» арқылы бағалауға үйретеді. Дегенмен рухани мазмұн сау психологиялық біліммен үйлеспесе, кейде шектен тыс өзін кінәлау, қатал перфекционизм немесе эмоцияны жоққа шығару сияқты тәуекелдер туындауы ықтимал. Сондықтан рухани тазалық пен эмоциялық тұрақтылықты бірге дамытуда теңгерім маңызды: рухани тәрбие жүректі жұмсартуы тиіс, ал психологиялық сауат эмоцияны түсіндіріп, өзін қорғау шекараларын сақтау мәдениетін күшейтуі тиіс.

Осы тұжырымдарды тәжірибелік кеңістікке әкелгенде, рухани тазалық пен эмоциялық тұрақтылықты дамыту жеке адамның ғана емес, әлеуметтік институттардың да міндетіне айналады. Білім беру жүйесінде тұлғаны тек ақпаратпен емес, құндылық пен мінез мәдениетімен тәрбиелеу қажеттігі анық көрінеді: жас адам эмоцияны тануды, оны сөзбен жеткізуді, қақтығысты өркениетті шешуді, мәнді мақсат қоя білуді үйренген сайын рухани да, эмоциялық та тұрақтылық нығаяды. Отбасында баланың сезімін тыңдау, оған жауапкершілік пен мейірімділікті қатар үйрету, алдаусыз қарым-қатынас құру рухани тазалықтың алғашқы мектебі бола алады. Қоғамдық деңгейде психологиялық қызметті қолжетімді ету, мәдениет пен медиада сабыр, кешірім, ар-ождан, мағына туралы сау дискурс қалыптастыру адамдарға ішкі тірек береді. Мұндай қадамдардың бәрі бір мақсатқа

қызмет етеді: адамның ішкі әлемі тұрақтанса, оның сыртқы әрекеті де ізгіленеді; ал сыртқы әрекет ізгіленсе, қоғамдағы сенім мен тыныштық та күшейеді.

Қорытындылай келгенде, рухани тазалық пен эмоциялық тұрақтылық бір-бірін толықтыратын және өзара күшейтетін жүйе ретінде көрінеді. Рухани тазалық мағынаны айқындап, ішкі қақтығысты азайтып, өзін-өзі реттеуді күшейтіп, кешіру мен сабыр мәдениетін орнықтырады және әлеуметтік қолдауды нығайтады, ал осы факторлардың бәрі эмоциялық тұрақтылықтың негізгі тіректері болып саналады. Эмоциялық тұрақтылығы бар адам да рухани өсуге қолайлы күйде болады, өйткені ол эмоция теңгерімі арқылы өзін бақылауға, ойды тазартуға және құндылыққа адалдықты сақтауға бейім келеді. Цифрлану дәуіріндегі ақпараттық қысым жағдайында бұл байланыс одан сайын маңызды болып, рухани тәжірибелердің психологиялық сауатпен ұштасуы тұлғаның тұрақтылығын арттыратын тиімді жол ретінде көрінеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Al-Ghazali. Ihya’ ‘Ulum al-Din. Beirut: Dar al-Kutub al-‘Ilmiyya.
2. Bandura A. Social Foundations of Thought and Action: A Social Cognitive Theory. Englewood Cliffs: Prentice-Hall, 1986.
3. Frankl V. Man’s Search for Meaning. Boston: Beacon Press, 2006.
4. Gross J. J. (ed.). Handbook of Emotion Regulation. New York: Guilford Press, 2014.
5. Kabat-Zinn J. Full Catastrophe Living. New York: Bantam, 2013.
6. Masten A. Ordinary Magic: Resilience in Development. New York: Guilford Press, 2014.
7. Pargament K. I. The Psychology of Religion and Coping. New York: Guilford Press, 1997.
8. Seligman M. E. P. Flourish: A Visionary New Understanding of Happiness and Well-being. New York: Free Press, 2011.
9. Vygotsky L. S. Mind in Society: The Development of Higher Psychological Processes. Cambridge: Harvard University Press, 1978.
10. Baumeister R. F., Vohs K. D. (eds.). Handbook of Self-Regulation. New York: Guilford Press, 2004.
11. Эллис А. Разум и эмоции в психотерапии. СПб.: Питер, 2002.
12. Қазақстан Республикасының Конституциясы. (Адам құқықтары мен қадір-қасиет қағидасына қатысты нормалар).

СЕКЦИЯ 3. ФИЛОСОФИЯ, ДІН ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ ТОҒЫСЫНДАҒЫ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

СЕКЦИЯ 3. ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ НА ПЕРЕКРЁСТКЕ ФИЛОСОФИИ, РЕЛИГИИ И КУЛЬТУРЫ

SECTION 3. ARTIFICIAL INTELLIGENCE AT THE CROSSROADS OF PHILOSOPHY, RELIGION AND CULTURE

УДК 17:004.8

ЭТИКА ОТВЕТСТВЕННОСТИ В ЭПОХУ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА: ФИЛОСОФСКОЕ ИЗМЕРЕНИЕ

Адылханова Самал Ерденовна
Карагандинский технический университет имени Абылкаса Сагинова,
магистр философии

Развитие искусственного интеллекта (ИИ) в XXI веке стало одной из ключевых трансформаций современного общества. Если в начале научной революции и эпохи модерна философия сосредотачивалась на вопросах познания и разума, то сегодня центральным становится вопрос об ответственности человека за создание технологий, способных действовать автономно и непредсказуемо. Искусственный интеллект меняет не только экономические и социальные структуры, но и ставит перед человечеством этические вызовы, требующие нового философского осмысления [2, с.47].

Традиционная этика (Аристотель, Кант, утилитаристы) формировалась в условиях, когда человеческое действие было ограничено локальными масштабами. Ответственность воспринималась как ответственность перед ближними, государством или обществом. Однако развитие технологий расширило горизонты человеческой деятельности и сделало последствия глобальными. Ханс Йонас в книге «Принцип ответственности» подчеркивает, что современная техника требует новой этики, ориентированной на будущее человечества и сохранение биосферы. Его идея «страха как эвристики» заключается в том, что человек должен учитывать даже гипотетические катастрофические последствия [1, с. 64].

Применительно к искусственному интеллекту философия ответственности приобретает новую специфику: речь идёт не только о рисках экологических или биотехнологических, но и о рисках социального, политического и антропологического характера — от алгоритмических предубеждений до угрозы автономного оружия и замещения человеческого труда.

ИИ всё чаще действует без непосредственного контроля человека: от автономных автомобилей до алгоритмов принятия решений в медицине и праве. Возникает вопрос: кто несет ответственность за последствия действий ИИ? Разработчики? Пользователи? Государство? [7, с. 64–66].

Одним из ключевых вызовов является проблема алгоритмической дискриминации. ИИ обучается на данных, содержащих социальные предубеждения, и способен воспроизводить и усиливать их. Это поднимает вопросы справедливости, равенства и прав человека [9, с. 1–5].

Массовое использование ИИ в системах слежки и управления обществом приводит к рискам тотального контроля и утраты свободы личности. Здесь пересекаются философские проблемы свободы, ответственности и этики власти [8, с. 79–82].

В эпоху ИИ человек сталкивается с необходимостью пересмотра собственной идентичности: что значит быть человеком в мире, где машины могут мыслить и принимать решения? Ответственность здесь приобретает личностный и экзистенциальный характер.

Этика ответственности предполагает участие институтов — государства, корпораций, международных организаций. Требуется разработка этических кодексов, правовых норм и глобального регулирования использования ИИ [6, с. 14–22].

ИИ — транснациональная технология, его последствия не ограничены отдельной страной. Следовательно, ответственность носит планетарный характер и требует глобального диалога культур и философских традиций [5, с. 54-56].

Философские дискуссии ведутся не только о текущем «слабом» ИИ, но и о гипотетическом «сильном» ИИ, способном к самосознанию. Вопрос: возможно ли говорить об ответственности самого ИИ или ответственность всегда будет принадлежать человеку? [4, с. 148].

Трансгуманисты видят в ИИ путь к радикальному улучшению человеческой природы, тогда как критики предупреждают об опасности утраты человечности и непредсказуемых социальных разломов [3, с. 215–218].

На практике уже существуют международные документы: Рекомендации ЮНЕСКО по этике ИИ (2021), инициативы ЕС по созданию нормативной базы для ответственного использования ИИ. Эти шаги демонстрируют движение в сторону институционализации этики ответственности.

Этика ответственности в эпоху искусственного интеллекта становится не просто философским направлением, но насущной необходимостью. Человечество стоит перед вызовом: технологии способны изменить саму природу общества и человека. В этих условиях требуется новая философия ответственности, которая соединяет экзистенциальное, социальное и глобальное измерения.

Основная задача — удерживать баланс между инновациями и гуманистическими ценностями, между развитием ИИ и сохранением человеческого достоинства. Как писал Йонас, «страх перед возможной катастрофой должен быть сильнее надежды на выгоду». Только так возможно сохранить ответственность перед будущими поколениями [1, с. 70].

В условиях стремительного развития ИИ становится очевидным: этика ответственности не может существовать вне межкультурного и философско-религиозного контекста. Искусственный интеллект — это не только технологическое, но и глубоко мировоззренческое явление, формирующееся в пересечении различных цивилизационных подходов к человеку, разуму, морали и природе.

Восточные философские традиции, особенно в Китае и Японии, склонны воспринимать ИИ как естественное продолжение природных процессов, а не их антагонист. Это во многом объясняется влиянием даосизма, конфуцианства и буддизма, в которых человек мыслится как часть всеобщей гармонии. В результате возникает иной подход к этике: технологии не вызывают страха, а воспринимаются как способ достижения внутреннего и внешнего равновесия [2, с. 59].

На Западе же, где доминируют авраамические религии и христианско-гуманистическая традиция, человек наделяется уникальным достоинством как образ и подобие Бога. Здесь возникает опасение, что создание автономных машин, имитирующих разум, может размыть границу между человеком и технологией. ИИ может восприниматься как вызов традиционному антропоцентризму и даже как форма «техногенного высокомерия» — стремление человека уподобиться Творцу.

Философ Ханс Йонас говорил о необходимости этики, основанной на предвидении последствий. Он утверждал, что в эпоху технологического могущества человек не должен руководствоваться лишь надеждой на выгоду, но обязан учитывать даже маловероятные, но катастрофические сценарии. Эта идея перекликается с религиозным принципом смирения перед неизведанным и может стать общей точкой для диалога между различными культурами и философиями.

Йонас вводит понятие «страха как эвристики» — т.е. как способа познания и оценки рисков. В контексте ИИ это означает: прежде чем внедрять ту или иную систему, общество должно задать себе вопрос о возможных негативных последствиях — моральных, социальных, политических и даже онтологических [1, с. 64].

Искусственный интеллект — это транснациональное явление, не подчиняющееся границам. Его внедрение и последствия ощущаются во всех культурах. Поэтому вопросы ответственности требуют глобального философского диалога, в котором должны быть услышаны разные голоса: западный и восточный, религиозный и секулярный, технократический и гуманистический.

Такой диалог уже начинает выстраиваться в рамках ЮНЕСКО, Европейского Союза, ООН и других организаций. Однако, как показывает практика, эти инициативы ещё недостаточно охватывают разнообразие культурных и философских позиций. Необходимо стремиться к выработке этического консенсуса, основанного на универсальных ценностях: уважении к человеку, справедливости, прозрачности, свободе и достоинстве [6, с. 15–20].

Для устойчивого и гуманного развития ИИ важную роль играет этическое образование. Ответственность начинается с формирования морального сознания у тех, кто создаёт и применяет технологии. Поэтому философия — особенно этика — должна стать неотъемлемой частью подготовки специалистов в сфере ИИ. Только так возможно соединить техническую рациональность с гуманистическим мышлением.

Кроме того, философия помогает понять более глубокие вопросы:

– Что значит быть человеком в мире ИИ?

– Где граница между искусственным и естественным?

– Может ли машина обладать моральным статусом?

Эти вопросы не имеют однозначного ответа, но именно в их постановке заключается задача современной философии ответственности.

Философия в эпоху искусственного интеллекта — это не отвлечённая дисциплина, а необходимый инструмент выживания и устойчивого развития. Она помогает человеку не потерять ориентиры в быстро меняющемся мире, где технологии всё чаще претендуют на автономность, а границы человеческого становятся всё более размытыми.

Этика ответственности — это попытка удержать баланс между инновациями и ценностями, между глобализацией и культурным разнообразием, между технологическим могуществом и нравственной зрелостью. Как писал Йонас, «мы должны бояться больше, чем надеяться» — не для того, чтобы остановить прогресс, а чтобы он не стал причиной духовной и цивилизационной катастрофы.

Список используемой литературы:

1. Jonas, H. The Imperative of Responsibility: In Search of an Ethics for the Technological Age. University of Chicago Press, 1984.

2. Абжанов, Т.И. Мышление. Разум. Нравственность. Алматы, 1994.

3. Bostrom, N. Superintelligence: Paths, Dangers, Strategies. Oxford University Press, 2014.

4. Tegmark, M. Life 3.0: Being Human in the Age of Artificial Intelligence. Vintage, 2018.

5. Cath, C. et al. Artificial Intelligence and the ‘Good Society’: The US, EU, and UK Approach. Science and Engineering Ethics, 2018.

6. ЮНЕСКО. Рекомендации по этике искусственного интеллекта. Париж, 2021.

7. Савельев, А.И. Правовое регулирование искусственного интеллекта: вызовы и перспективы. М.: Статут, 2020.

8. Швырёв, В.С. Философия техники и проблема ответственности. Вопросы философии, №7, 2019.

9. Floridi, L., Cowls, J. A Unified Framework of Five Principles for AI in Society. Harvard Data Science Review, 2021.

ӘОЖ 61:378-004

ЦИФРЛЫҚ ДӘУІР: ТАҢДАУ ЕРКІНДІГІНІҢ ПАРАДОКСТАРЫ

Ахатова Айгуль Арысламовна
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, докторант,
Астана, Қазақстан

Адамзат тарихында таңдау еркіндігі ұғымы әртүрлі әлеуметтік, саяси, философиялық және психологиялық контексттерде өзекті мәселелердің бірі болып келеді. Әрбір тарихи дәуірдің әлеуметтік құрылымы мен билік ұсынған нормалары адамның таңдау еркіндігіне белгілі бір шектеулер қойып отырған. Соған қарамастан, таңдау еркіндігі категориясы адамның өзін-өзі анықтауына, жеке жауапкершілігін сезінуіне, дүниені тануына мүмкіндік беретін іргелі қабілет ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, ол адам құқықтары мен бостандықтарының теориялық негізін құрайтын басты философиялық ұғымдардың бірі болып табылады. Еркіндік мәселесін философиялық тұрғыдан пайымдағанда, С. Кьеркегор еркіндікті адамның «таңдау алдындағы үрейі» және Құдай алдындағы жауапкершілігімен байланыстырса, Ж.-П. Сартр оны адамның жеке таңдауы мен сол таңдауы үшін жауапкершілігі ретінде түсіндіреді. Ал М. Хайдеггер еркіндікті болмыстың уақытша және тарихи өлшемдеріне тәуелді құбылыс деп пайымдады.

XX ғасырға дейін таңдау еркіндігі мәселесі дәстүрлі философиялық дискурстар аясында қарастырылып келді. Тарихи тұрғыдан алғанда, өткен дәуірлердегі әлеуметтік құрылымдар адамның өмір салты мен дүниетанымын айқындауда шешуші рөл атқарды. Ол кездегі адамдардың басым көпшілігі белгілі бір әлеуметтік орта мен нақты географиялық кеңістікке бекітілген, адамның өмірі бір мекенде өтті, ол көбіне бір ғана кәсіппен шұғылданды және қоғамдағы орны алдын ала анықталды. Дүниені түсіндірудің тұрақтылығы ғасырлар бойы сақталып, өзгерістердің қарқыны өте баяу жүрді. Сондықтан адамның таңдау еркіндігі шектеулі болды, оның өмірлік бағыты көбіне дәстүрлер мен қалыптасқан қоғамдық нормаларға тәуелді еді.

Осыған ұқсас жағдайды XX ғасырдағы Кеңес Одағы мысалынан да көруге болады. Кеңестік жүйе қатаң орталықтандырылған құрылым ретінде ерекшеленді. Елде бірнеше онжылдыққа созылған индустриализация процесі мемлекеттік жоспарлау негізінде жүзеге асырылып отырды. Адам өмірін

алдын ала айқындап беретін бесжылдық жоспарлар жоспарлы экономиканың басты атрибуты болды: қайда білім алатыны, қайда тұрып, қандай салада еңбек ететіні нақты жоспарға сәйкес белгіленді. Тіпті балалық шақтан бастап адамның қашан октябрят, пионер, комсомол немесе партия мүшесі болатыны алдын ала анықталған. Кеңестік жүйеде болашақ «жарқын коммунизм» ретінде көрсетілді. Жеке адамның мақсаты – білім алу, еңбек ету, қоғамға үлес қосу – барлығы осы ортақ идеологияның құрамына кірді.

Орта ғасыр адамының да, кеңестік дәуір адамының да дүниетанымдық тұрақтылығын қамтамасыз еткен басты фактор – метанарративтер еді. Олар – қоғамның басым бөлігі бөлісетін тұтастай дүниетанымдық жүйелер. Мұндай жүйелер өткен, қазіргі және болашақ уақытты өзара байланыстырып, тарихты біртұтас құбылыс ретінде қабылдауға мүмкіндік берді. Ең маңыздысы, бұл жүйелер индивидке болашақтың айқындылығын қамтамасыз етті: өткен шақ қазірге, ал қазір болашаққа табиғи түрде жалғасып отырды.

Осының нәтижесінде болашақ көпшілік үшін алдын ала түсінікті, болжамды және күтілетін сипатқа ие болды. Бұл жағдай қоғамдағы адамдардың өміріне мән беріп, олардың ұжымдық әрі жеке мақсаттарын жалпыға ортақ жүйенің құрамына енгізіп отырды. Демек, утопиялық сипаттағы болашақтың белгілі бір сценарийі алдын ала жасалып, әлеуметтік өмірде орныққан болатын. Мұндай жағдайда таңдау еркіндігі шектелгенімен, қоғамдық тұрақтылық пен өмірдің тұтастығы қамтамасыз етілді.

XX ғасырдың екінші жартысында, әсіресе оның соңғы онжылдықтарында, әлемде айтарлықтай өзгерістер орын алды. Технологиялық даму, цифрландыру, жасанды интеллект пен медиа құрылымдардың адам санасына ықпалы таңдау еркіндігін экзистенциалдық және постмодернистік тұрғыдан қарастыруға жол ашты. Бұл кезең әлеуметтік үдерістердің белгісіздігімен және тұрақсыздығымен ерекшеленді.

Цифрлық дәуір адамзатқа бұрын-соңды болмаған мүмкіндіктер беріп отырғанымен, оның рухани болмысы мен әлеуметтік қарым-қатынасына жаңа сынақтар жүктеді. Мұндай құбылыстар қазіргі қоғамның басты сипаттарына айналып, философиялық және социологиялық тұжырымдамаларда кеңінен талқылануда. Мәселен, XX ғасырдың екінші жартысынан бастап Зигмунт Бауман, Жан Бодрийяр, Мишель Фуко сынды философтар еркіндіктің билік, тұтыну мәдениеті, бақылау және цифрлық технологиялар жағдайындағы өзгерістерін жан-жақты қарастырды.

Ақпарат ағынының көптігі, алгоритмдер мен виртуалды кеңістіктің ықпалы адамның шешім қабылдауына тікелей әсер етуде. Осы тұрғыдан алғанда, қазіргі қоғам адамының таңдау еркіндігі бір жағынан кеңейгенімен, екінші жағынан түрлі шектеулерге ұшырап отыр. Мұндай қайшылықты жағдайды философиялық тілде «еркіндіктің парадокстары» деп атауға болады. Сондықтан цифрлық дәуірдегі таңдау еркіндігінің мәнін, мазмұнын және оның парадокстық табиғатын ашу – бүгінгі философиялық зерттеулердің маңызды бағыттарының бірі болып табылады.

Поляк-британдық социолог Зигмунт Бауман әлеуметтік шындықтың өзгермелілігі мен динамикасын негізге ала отырып, «сұйық модерн» метафорасын ұсынды. Оның ойынша, қазіргі қоғамда әлеуметтік құрылымдар мен құндылықтар тұрақсыз, уақытша әрі үнемі өзгеріп отырады. Мобильді болу қазіргі қоғамның басты символына айналды. Дәстүрлі нормалар мен институттардың әлсіреуі жағдайында адам әр сәтте жаңа шешім қабылдауға мәжбүр болады [1; 8 б.].

Бұл ерекшелік қазіргі қоғам адамының таңдау еркіндігі мәселесіне тікелей ықпал етеді. Бір жағынан, әлеуметтік өмірдің жеңілдігі индивидке бұрын-соңды болмаған кең мүмкіндіктер берсе, екінші жағынан тұрақсыздық пен белгісіздікпен қатар жүреді. Тұрақты бағдардың жоқтығы, құндылықтардың салыстырмалылығы және әлеуметтік қатынастардың уақытша сипаты адамды артық жүктемеге түсіріп, жауапкершіліктің ауыртпалығын күшейтеді.

Бүгінгі қоғам— үздіксіз өзгерістер ағыны. Ертең қандай трендтер пайда болады, мода қалай өзгереді, технологиялар қандай жаңалық әкеледі – мұның барлығы сан алуан факторларға тәуелді. Енді жалғыз орталықтан басқару жоқ; біз тұтасымен децентрленген, бір-біріне ықпал ететін және тұрақты қозғалыс жағдайындағы әлемде өмір сүреміз.

Religious Wars: From Past to Present

History knows many examples of religious wars:

The Crusades (11th–13th centuries) were an attempt to liberate the Holy Land, accompanied by violence and genocide.

Jihads in Islamic history - both defensive and expansionist.

The Thirty Years' War (1618–1648) was a conflict between Catholics and Protestants in Europe.

Figure 1 – illustration on the topic of the article

In modern times, the religious factor is often intertwined with the ethnic and political:

Conflicts in Yugoslavia, where Orthodox, Catholics and Muslims found themselves on opposite sides of the barricades.

India and Pakistan - tensions between Hindus and Muslims.

The Middle East is a struggle between Sunnis and Shiites, and also with Israel.

Wars of the Future: Challenges of Interpretation

Future conflicts will differ from traditional wars:

Cyber wars - attacks on infrastructure, information manipulation.

Biotechnological threats - the use of viruses, genetic weapons.

Ideological wars are a struggle for minds, values, and worldviews.

Religious teachings can play different roles:

Justification of violence - if the texts are interpreted literally and radically.

Peacekeeping - if the emphasis is on love, mercy and justice.

Mobilization - religion can become an instrument of political propaganda.

Ethical dilemmas and the role of religion

In the context of technological wars, new questions arise:

Is the use of autonomous weapons acceptable?

How to evaluate cyber attacks from a moral point of view?

Can religion offer universal principles of regulation?

Sacred texts can serve as a source of ethical norms, but require interpretation in the contemporary context. Interreligious dialogue is becoming a key tool for conflict prevention.

Sacred texts contain both pacifist and militant elements. Their interpretation depends on the historical context, political interests and spiritual maturity of society. In the conditions of future wars, religion can become both a source of peace and a justification for violence. The task of modern humanity is to use spiritual heritage to strengthen justice, dialogue and non-violence.

List of references:

1. Golovnev G.A. Military conflicts of the 20th and 21st centuries in theological interpretations of Jehovah's Witnesses // Bulletin of the Irkutsk State University. Series: Political Science. Religious Studies. - 2023. - No. 2. - P. 45-58. - URL: https://cyberleninka.ru/article/n/voennye-konflikty-xx-i-xxi-vv-v-bogoslovskih-interpretatsiyah-svideteley-iegovy (date of access: 09/15/2025).

2. Gorin A.A. Religious Wars: Problems of Historical Interpretation. – 2nd ed., revised and enlarged. – Kazan: Publishing House “YaZ”, 2015. – 212 p. – ISBN 978-5-98688-05-01.
3. Küng G. Religion, Violence and “Holy Wars” // International Review of the Red Cross. - 2020. - No. 471. - P. 15-32. - URL: https://international-review.icrc.org/sites/default/files/reviews-pdf/2020-11/471.pdf (date accessed: 15.09.2025).
4. Koran. Per. from Arabic E. Kuliev . – M.: Umma , 2010. – 624 p.
5. Bible. Synodal translation. – M.: Russian Bible Society, 2012. – 1340 p.
6. St. Augustine. About the City of God. – M.: AST, 2018. – 640 p.
7. Thomas Aquinas. Sum of Theology. – M.: Nauka, 2015. – 535 p.

Е.А. БӨКЕТОВТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ПЕДАГОГ КАДРЛАРЫН ДАЙЫНДАУ ИННОВАЦИЯЛАРЫ

Ш.А.Шаропов, М. Т.Баймуканова
Б. Ғафуров атындағы Мемлекеттік университет, Тәжікстан, Худжант
Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық университеті
Қазақстан, Қарағанды қаласы

1960-70 жылдарда Қарағанды университетінде енгізген революциялық әдістер қазіргі цифрлық педагогиканың прототиптері болды. Университеттің қарқынды дамуына мүмкіндік беретін барлық инновациялардың инициаторы ректор болып табылады. Бірінші ректор болып, Евней Арыстан ұлы Бөкетов Қазақстандағы заманауи білім беру жүйесін қалыптастыруда шешуші рөл атқарған инноватор ретінде тарихқа енді. Ол тек ғылыми мектеп құрушы ғана емес, сонымен бірге білім беру саласындағы барлық ірі инновациялардың бастамашысы болды.

Е.А.Бөкетов тек жеке педагогикалық тәжірибені ғана емес, бүкіл білім беру жүйесін өзгертетін институционалдық реформаларды іске асырды. Оның әрбір педагогикалық инновациясы Қазақстан білім беру жүйесінде тұрақты институционалдық өзгерістер тудырды. Оның бастамаларынсыз қазіргі заманғы Қазақстан университеттерінің халықаралық беделі мүмкін болмас еді [1].

Евней Бөкетовтың 60-70 жылдарда енгізген инновациялық әдістері бүгінде қазіргі заманғы педагогикалық тәжірибеде жаңаша құндылықтарға ие болып отыр. Оның бастаған зерттеуге негізделген оқыту, жекешелендірілген тәрбиелеу және пәнаралық интеграция идеялары XXI ғасыр педагогикасының негізгі бағыттарына айналды. Е.А. Бөкетовтың педагогикалық инновациялары қазіргі заманғы білім реформаларының негізін қалауда. Оның идеялары цифрлық дәуірдің жаңа шамасында да өз өзектілігін сақтап, болашақ педагогиканың даму бағыттарын айқындауда.

Қазіргі таңдағы жаһандық проблемалардың бірі – адамзат баласында қарқынды қадамдармен өзгеріс жасап келе жатқан уақыт талабына сай бейімделе алатын қабілеттердің жеткіліксіздігі. Бұл жаңа технологиялардың әлемнің дамуын, түпкілікті өзгертуіне терең ықпалын аңғартады. Заманауи әлемнің өзіндік ерекшеліктері: жаһандану үдерісінің жеделдеуі, қоғамның индустриалды кезеңнен ақпараттық кезеңге өтуі, экономикалық біліктің маңыздылығы болып табылады. Мақсатты нұсқаулықтар да өзгеруде, «білімдендіру» парадигмасынан, құзіретті-бағытталған, жаңа қорытынды нәтиже беретін парадигмаға өту жүзеге асуда. Зерттеу жұмыстарын енгізу және жобалық іс-әрекет ету - мектепте оқушылардың ең маңызды және нәтижелі оқу формаларына айналуда. Тағы бір өзекті мәселелердің бірі, ол технопарк мектептерді (жазғы мектептер, балалар «Наноградтары», т.б формалар), корпоративті оқыту орталықтарын, бизнес-серіктестерді қосымша капиталдарды тарту арқылы дамыту.

Осы өзгерістерге орай, «Ойын экономикасы» қоғамда, білім беру саласында кеңінен таралғаны жөн. Себебі, «ойын экономикасы» заман талабына сай экономика саласындағы рөлдерді (тауар айналымы, ақша айналымы, өндіріс процесін, т.б.), жастар еңбек биржасын, оқушылардың «еңбек портфолиосын» модельдей алады. Осы тұста, бейіндік оқытуға даярлаудың және бейіндік оқытудың – білім алушыларда көп деңгейлі, кешенді жүйенің негізінде өзара ықпалдасатын, жалпы және қосымша білім берудің жаңа модельдерін әзірлеу қажеттілігі туындайды. Ондай модельдер, қосымша білім беру жүйесіне (желілік «Оқушылар сарайы») виртуалды ресурс-мектеп кампустарын, әдістемелік аудио, видеоматериалдарды, бағдарламалар мен контент-ресурстарды кіріктіру [2].

Заманауи әлемде мұғалім рөлі түбегейлі өзгеруі тиіс. Мұғалім оқушы іс-әрекетін тәлімгерге, бағыттаушыға айналуы керек. Бұлтты технологиялардың дамуының нәтижесінде әлем бойынша жалпы пәндерден айрықшаланатын салаларда оқытатын жаһандық сыныптар қалыптасады. Осының бәрі, дәстүрлі мұғалімнің рөлін «алыстағы доска» алмастырады және АКТ-ның тәлімгерлерге көмекші құрал-жабдық ретіндегі өзгеше, жаңа рөлін көрсетеді. Онлайн білім беру – білім беру жүйесінен тыс,

«мектептен тыс - мектеп» қалыптастырып дамытуға алғышарт болады. Әрбір объект физикалық кеңістікте оқытуға желіде онлайн қатыса алатын интеллектуалды электрондық жүйе «Ақылды ортаның» өрістеуі шынайы өмір мен когнитивті технологиялардың дамуы арқылы симуляцияланады. Бүгінгі күнде, педагогика ғылымына «симуляция» жаңа ұғымы енгізілді. «Симуляция» дегеніміз – шынайы өмір заңдылықтарын сақтай отырып, виртуалды өмірге ену. Бұл форманың негізгі мақсаты: білім алушыларға виртуалды әлемде шынайы өмірдегідей тәжірибелер жасауға, зерттеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік беру, яғни, осы іс-әрекеттерді шынайы өмірде жүзеге асыруға дайындау. Симуляция компьютерлік рөлдік ойын модельдерінде де көрініс беруі ықтимал. Мектеп – бұл тұста, ойын кеңістігі рөлін атқарады, яғни білім беру мектеп қабырғасында да, мектеп қабырғасынан тыс та жалғаса береді. Симулицияның алғашқы ұтымды қолданылуы АО «Назарбаев Зияткерлік мектептерінің» бастауыш сыныптарында білім беру процесінде өзінің жемісті нәтижелерін беруде.

Шынайы өмір мен когнитивтік технологиялардың симуляцияға негізделген мазмұны адамға: терең білім алу мен үстіртін білім алу, тұрақты және тұрақсыз білім алу, шынайы және жалған білім алу, қажетті және кездейсоқ білім алу критерийлерін ажыратуға мүмкіндік береді. Адамның алғашқы білім алуы компьютерлік рөлдік ойындар арқылы көрсетілген, шынайы өмірдің мән-мағынасын түсінуге бағытталған және де басқа аталып өткен формаларға негізделеді. Мектептің болашақ дамуының жоспары келесідей болмақ, қазіргі таңда адамзат санасында қалыптасқан дәстүрлі мектеп моделі түбегейлі жойылуы мүмкін. Мектеп – көптеген формаларда білім беруді қарастыра бастайды, мұғалімдер тәлімгерлерге айналады. Мұғалімдер мен оқушылар арасында өзара білім алмасу процесі пайда болады. Мектепте кәсіпқой-педагог еместердің пайда болуы ықтимал [3].

Жалпы орта білім беру саласындағы осындай түбегейлі өзгерістерді есепке алар болсақ, онда ЖОО жаңа индивидуалды траекторияларды, қашықтықтан оқытуды, онлайн-технологияларды кіріктіруді және жаңа технопарктер қамтитын Назарбаев университеті үлгісіндегі инновациялық зерттеу қызметін жүзеге асыратын ЖОО ашу қажеттілігі туындайды. Жоғарғы білім беру студенттердің индивидуалды ойлау қабілетіне бағытталуы керек, ал оқытушы өз алдына тәлімгер функциясын атқаруы керек. Сөзсіз, алдағы уақытта практикалық-бағытталған оқыту алға қойылып, онлайн-білім беру дамиды.

Білім берудің даму болашағы мұғалімнің тұлғасына және кәсіби біліктілігіне жоғарғы талаптар қояды. Бұл талаптар болашақ мұғалімдерді кәсіби маман ретінде дайындау мазмұнын түбегейлі өзгертеді. Осыған сәйкес, педагогикалық институттарда білім беру процесін ұйымдастыруды түбегейлі жаңа жолға қойылу керек.

Заманауи педагогтың ең маңызды кәсіби қабілеті – ол уақыт талабына сәйкес болып жатқан өзгерістерді қысқа уақыт аралығында қабылдау және оларды басқару. Заманауи педагогтың жоғарыда айтылған кәсіби қабілеттерінің бірнеше құрылымы бар. Біріншісі – педагог бойында көшбасшылық, білім алушылардың өзара әрекеттестігін ұйымдастыра алу қабілеттернің болуы. Екіншісі – кешендік зерттеу жұмыстарын жүргізе алу және сол зерттеу жұмыстарының нәтижесінде стратегиялық тұжырымдар жасау, олардың маңыздылығын көрсете алу қабілеті. Үшіншісі – аналитикалық зерттеудің қорытындылары негізінде жаңа білімдерді дамыту және білім беру саласына елеулі жаңалықтар мен өзгерстер енгізу. Төртіншісі – қабылданған шешімдердің салдары үшін әлеуметтік жауапкершілік сезімінің болу қабілеті. Бесіншісі – проблемалардың тиімді шешімдерін табу, инновацияларды басқару, және олардың әлеуметтік-экономикалық салдарын болжамдай алу. Педагогтың кәсіби дайындығы болашақта болатын өзгерістерге сай бағыттала құрылуы керек [4].

Болашақ педагогтарды кәсіби дайындау қазақстандық білім беру жүйесінің модернизациясына, жалпы орта білім беретін мектептердің 12 жылдық білім беруге көшіуне сай болжамданып, бағытталғаны жөн. Ол жаңа мемлекеттік білім беру стандарттарымен, жаңа оқу бағдарламаларымен, АОО «Назарбаев Зияткерлік мектептері» құрастырған оқулықтармен жұмыс жасағанда құзіреттілік танытып, болжам жасауға мүмкіндік береді. 2020 жылға қарай, мектеп мұғалімдерінің 100% -ы 12 жылдық білім берудің стандарты бойынша жұмыс істейді. Сондықтан да, мектептің білім беру моделінің түбегейлі өзгеруі, ЖОО білім беру бағдарламаларын түбегейлі өзгертуді талап етеді.

Тар шеңберде мамандандырылған кәсібиліктің орнына, мәселеге бағытталған әмбебап, фундаментталған дайындық кәсібилігі келеді. Ол өзін-өзі дамытудың, қайта квалификациядан өтудің жоғарғы потенциалын қамтамасыз етуі керек. Онсыз заманауи қоғамда адамның кәсіби бейімделуі мүмкін емес. Педагогтың тұлғасын болашақта білім берудің навигаторы ретінде елестетуге болады. Ол – адамды зерттеумен айналысатын өнертапқыш, түзетуші-диагност, полилог, болжамдаушы-дамытушы. Осының нәтижесінде, жоғарғы педагогикалық білім берудің жаңа модернизацияланған тренді қалыптасады [5].

Ең алдымен, кәсіби білім берудің мақсаты өзгереді. Бұл мақсат – алдын-ала кәсіби дайындықтың озық сипаттамасына көшуге негізделеді. Ал, кәсіби дайындықтықтың озық сипаттамасына көшудің

нәтижесі - ЖОО түлегінің кәсіби құзіреттілікті қазіргі уақыт талабына сай және болашақ уақыт талабына сәйкес меңгере алуы. Осындай білім алудың негізгі мағынасы: танымдық-пәндік-дамытушылық жүйеден танымдық-әдістемелік-дамытушылық оқыту типіне көшу. Ол өз алдына мамандық классификаторларын педагогикалық мамандықтарды топтастыру арқылы оңтайландыруды алға тартады. Білім беру жүйесі мазмұнының негізгі модернизациялау бағыттары педагогтың кәсіби стандарттарының әзірлемелерін дайындауды қамтиды, олар: әмбебап маман, болашақ мұғалімерді дайындаудың негізгі компонеттерін іздестіру, әдістемелік және теоретикалық білімдердің синтезі, болашақ педагогтарды дайындауда кәсіби іс-тәжірибені күшейту, дуальды оқытуды дамыту, тағылымдама жүйелері.

ЖОО-да жаңа технологияларды енгізу және қолданудың бір мысалы ретінде, біз, «Әлеуметтік педагогика» мамандығының 4-курс студенттері 2015-2016 оқу жылының 7 семестрінде еңгізілген «Мектептің оқу-үдерісін ұйымдастырудың инновациялық технологиялары» пінінде қолданылған Кембридж бағдарламасымен оқытуды ерекше атап өтуге болады. Бұл сабақтардың басты ерекшелігі, сабақ - студенттердің белсенділігіне, шығармашылығына, ұйымшылдығына бағытталған. Әр сабақтың басында топ студенттері екіге немесе одан да көп топтарға бөлініп, бірігіп шығармашылық жұмыс жасауға, тақырыптарды еркін меңгеріп, өздігінен талдауға, түрлі рефлексиялық ойындар түрлерін ойнауды, өздерін әділ бағалауды үйренді. Сабақтың нәтижесі ретінде топ студенттерінің әрқайсысы заманауи оқытудың 7 модулі бойынша, олар: топтық жұмыс, диалогтік оқыту, сыни-тұрғыдан ойлау, жоспарлау, инновациялық-коммуникативтік технологияларды қолдану, дарынды және талантты балалармен жұмыс, тұлғалық-бағытталған оқыту тақырыптары бойынша эсселер дайындап, эсселер мақала ретінде жарыққа шықты. Семестр соңында, келесідей қорытындылар жасады:

1) сабақ бойында оқытушының басымдылығы азайды, оқытушы студенттер үшін тәлімгерге айнала білді;

2) студенттер өз-өздерін объективті бағалуды үйренді;

3) студенттер әрбір берілген тапсырманы шешу барысында шығармашылық тұрғыдан шешім табуға машықтанды (әр сабақта макеттер, постерлер, жобалар жасалынды);

3) оқытудың дәстүрлі лекция тәсіліне қарағанда сабақ барысында жаңа тақырыпты ойын тәсілі арқылы түсіндіру тәсілі басымды болды;

4) топ студенттері арасында табысты нәтиже бере алатын ұжымдар қалыптасты, достық қарым-қатынас орнады;

5) сұрақтарға жауаптарды студенттер оқытушыдан емес, өздігінен іздеуге талаптана бастады;

6) сабақ барысында қолданылған жаңа ойын формалары студенттерге болашақ іс-тәжірибеге пайдалы кеңестер кітапшасына жинақталды.

Білім беруді жан-жақтандыру келесідей теоретикалық піндер негізінде жүзеге асады. Олар: білім беру философиясы мен әлеуметтануы, білім беру реформалары мен ғылыми тәжірибе теориясы, педагогикалық болжамдау, ғылыми зерттеуге кіріспе, білім беру инноватикасы, білім берудің фундаментализациялау теориясы және оның адами негіздері, білім беру этикасы мен эстетикасы, эргономика және де басқа бағыттағы теоретикалық пәндер. Педагогикалық мамандарды дайындаудың мазмұнынан басқа, болашақ мамандарды дайындауды ұйымдастыруды әзірлеу қажет. Яғни, бастауыш, жалпы орта және жоғары білім беру арасында интеграция модельдерін дамыту керек [6].

Жалпы педагогикалық білім беру базасы негізінде қосымша кәсіби білім беруді жетілдіру қажеттілігі туындайды. Ғаламтор жүйесінде инновациялық білім беру мекемелеріне сұраныс көбейеді. Жоғарғы квалификацияланған педагог мамандардардың магистратурада білім алу процесін ең алдымен, мемлекеттік педагогикалық жоғарғы оқу орындарында шоғырландырған жөн. Бұл фундаменталды педагогикалық ғылым, бір жолға қойылған дәстүрлі практиканың жүйесі, аймақтың білім беру жүйесімен тығыз қарым-қатынас.

Болашақта педагогикалық білім беру жүйесін қайта құру идеясының негізгі мақсаты - мемлекетіміздегі алдыңғы қатарлы педагогикалық білім беретін жоғарғы оқу орындарын келешекте ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысатын инновациялық университеттерге айналдыру [7]. Біз, Қазақстанның білім беру жүйесіне енгізіліп жатқан жаңалықтардың, жаңа оқыту технологиялары мен тәсілдердің болашақта өзінің жемісті нәтижесін береріне және білім беру жүйесін түбегейлі өзгертетініне нақ сенімдіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бөкетова Н.Кристалдай таза әрі қайталанбас тұлға.//Орталық Қазақстан.-2025.-20 наурыз (№31 (23500).-Б.6.
2. Никитина Н.Н. Основы профессионально-педагогической деятельности. М., 2002

3. Шестаков А.Л., Ваулин С.Д., Федоров В.Б., Пантелеев А.С. «Инновационная деятельность – важнейшое направление развития современного университета». М., 2004
4. Карагандинский государственный университет имени академика Е.А.Букетова (1972-2012). История и своременность / Под ред.Е.К.Кубеева.-Караганда: Изд-во КарГу, 2012.-284 с.
5. Багаутдинова Н.Г. Высшая школа сегодна и завтра: пути преодоления кризиса. М., 2003
6. Месяц Г.А., Чучалин А.И., Агранович Б.Л., Чудинов В.Н. Инновационный университет: интеграция академических ценностей и предпринимательской культуры. Материалы международного симпозиума. М., 2003
7. Қазақстан Республикасының білім беруді және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: https://bilimdinews.kz/

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті (Грант №АП23489106) қаржыландыратын гранттық жоба аясында дайындалған.

ӘОЖ: 659.4

ЦИФРЛЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ДАМУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ САЯСИ САНАНЫҢ ӨЗГЕРУ ЖОЛДАРЫ

Ескуатова Жулдыз, Махсат Марал
Академик Е.А.Бөкетов атындағы университеттің
«Саясаттану» оқу бағдарламасының 4 курс студенттері
Ғылыми жетекші: Г. А.Жумасултанова**,** т.ғ.к.,
қауымдастырылған профессор

Қазіргі заманғы цифрландыру үдерісі әлемдік деңгейде қоғамның барлық салаларын қамтыған ірі трансформациялық құбылыс болып отыр. Қазақстан Республикасы да бұл үдерістен шет қалмай, «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында түрлі салада ауқымды өзгерістер енгізіп келеді. Мақалада цифрландырудың саяси сана мен саяси мәдениетке әсері ғылыми тұрғыда қарастырылып, азаматтардың жаңа технологиялық жағдайларға бейімделуі, мемлекеттік қызметтерді қабылдау ерекшеліктері және ақпараттық қоғам жағдайында саяси қатысу формаларының өзгеруі талданады.

Қазіргі заманғы қоғамның барлық салаларын қарқынды ақпараттандыру процесі XXI ғасырдың басындағы кезеңге тән ерекшелік болып табылады. Зерттеу тақырыбының өзектілігі адам қызметін, іс-әрекетін оның санасындағы әлем моделі басқаратыны туралы ережеден туындайды. Бұл жағдай қазіргі заманғы ақпараттық, цифрлық технологиялардың, сонын ішінде жасанды интеллекттің адам санасына әсер ету контекстінде өзіндік болып табылады. Бұл әсіресе адамның түрлі іс-әрекеттерінде және қызметтерінде айтарлықтай үлесті сана факторы құраған кезде ерекше маңызға ие.

XX ғасырдың 90-шы жылдарының екінші жартысында адамның тіршілік әрекетін ақпараттық қамтамасыз ету шеңберінен шығатын, адамның қоршаған ортамен өзара іс-қимылының әртүрлі жақтарының мәнін өзгертетін принципті жаңа құбылыс туралы түсініктерді жүйелейтін саяси және мәдени сипаттағы жұмыстардың ауқымы кеңейді. Қазіргі қоғамдардағы ақпараттандыру 90-шы жылдардың соңында қоғамдық өмірге белсенді түрде енгізіле бастағандығымен түсіндіріледі. Осыған байланысты постиндустриалды қоғамдағы ақпараттандыру және коммуникативті процестердің ерекшеліктерінің теориялық негіздері, әрине, Д.Белл [1], М. Кастеллс [2], Э.Тофлер [3], А.Турен [4] және тағы басқа батыстың белгілі ғалымдардың еңбектерінде кең түрде қарастырылған еді. Олардың ғылыми зерттеулерін ақпараттық қоғамның мәні мен құрылымын және оның қалыптасуындағы қоғамдық сананың рөлін, зияткерлік капиталдың маңызды құрамдас бөлігін түсіну үшін маңызды деп санауға болады.

Сонымен бірге адам санасына ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың әсер етуінің әлеуметтік зерттеулері егжей-тегжейлі Дж. Брайанттың, А. Бард, Н.Луманның, М. Маклюэннің, А. Мольдің, С. Томпсонның және т. б. жұмыстарында баяндалған [5].

Ресейдегі ақпараттандыру процесін түсіну үшін ресей авторлардың жұмыстары белгілі бір ғылыми маңызға ие. Мысалы, қоғамды ақпараттандырудың маңызды жақтары Ресей қоғамының саяси өмірінде ақпараттық технологияларды пайдалану мәселелері Д. А. Авдиенко, Е. Л. Вартанова, М. С. Вершинина [6], С. Г. Кара-Мурза [7], А. Н. Кочетов және т.б. авторлардың еңбектерінде зерттеледі.

Қазақстандық ғылымда соңғы жылдары ақпараттық технологияларды тарату мен цифрландыру қоғамдық өмірдің белгілі бір салаларына ықпал ету арқылы зерттеу мәселелерінде біраз жандану

байқалады. Мысалы, саяси ғылымдар докторы А.Нұртазинаның жұмысына назар аудару керек. Оның жұмыстарында қазіргі заманғы бұқаралық коммуникацияны дамыту мәселелері және оның ақпараттық қоғамның әлеуметтік-саяси процестеріндегі рөлі жан-жақты зерттеледі, қоғамның түрлі үлгілерінің ақпараттық медиаландшафты көрсетіледі, ақпараттық коммуникация және т. б. механизмдерін қолданудағы саяси дүниетаным мен саяси мәдениет талданады [8].

Ақпараттандыру мен ақпараттық қоғамның қазіргі адамзат тарихында алатын орны және ықпалдары туралы, сондай – ақ мемлекеттегі ақпараттық саясаты, оның механизмдері жайлы алуан түрлі пікірлер мен өз көзқарастарын соңғы жылдарда басқа да отандық зертушілер ғылыми талқылауға салғандары мәлім. Мысалы, отандық ғалымдар Д.Қ. Мамытқанов, С.А. Амитовтың [9], белгілі ғалым Е.К. Алияровтың ғылыми жұмыстарында Қазақстанның ақпараттық саясатын қалыптастырудың методологиялық мәселелері ақпараттық қауіпсіздігінің халықаралық және нормативтік-құқықтық аспектілеріне көңіл бөлген [10]. Мемлекеттік ақпараттық саясатын жүзеге асыруында технологиялық аспектілеріне байланысты Г.Ибраеваның [11], А.С.Ақшулаковаңың [12], Г.С. Сұлтанбаеваның [13] және біздің зерттеушілік қызығушылығымыздың аясында А.Альшанская мен Б.Садыковтың «Цифрландыру және Қазақстандағы сандық мәдениетті қалыптастыру» секілді жұмыстарды да атап өтуге болады [14].

Қазіргі қоғамның өмірін цифрландыру қоғамдық байланыстар жүйесін түбегейлі өзгертетіндіктен, бірінші кезекте, елеулі өзгерістер белгілі бір саяси санаға негізделген саяси мінез-құлыққа қатысты. Осының барлығы цифрландырудың саяси сана мен оның негізінде саяси мәдениеттің өзгерісіне әсерін зерттеудің маңыздылығы мен мәнділігіне негізделеді.

«Цифрландыру» терминіне келер болсақ, ол аналогтық немесе физикалық ресурсты сандық немесе ақпараттық ресурстармен ауыстырудан алшақ жүретін трансформацияны сипаттау үшін қолданылады. Цифрландырудың негізгі артықшылытары мыналар болып табылады:

- адамдардың уақыты мен ақшасын үнемдеу;
- сыбайлас жемқорлықты төмендету;
- тең құқықты қамтамасыз ету және басқару шешімдерінің сапасын арттыру.

Сондықтан цифрландыру экономикалық өсу мен өнімділіктің басым факторы болып саналады. Осы мәселені отандық зерттеуші Ғ.С. Қармыс пікірі бойынша: «Бұл жағдайда цифрландыру деп кіріс ағынын ұлғайту, шығындарды қысқарту немесе қызмет көрсетуді жақсарту мақсатында бизнес-процестерді ауыстыру немесе қайта құру үшін цифрлық технологиялар мен деректерді пайдалану процесі түсініледі» [15, 258 б]. Алайда, бұл терминнің терминологиялық талдауы осы терминдердің арасында белгілі бір сәйкестік бар екенін көрсетеді. Осы ұғымдардың екеуінде де адамның саяси санасы мен мінез-құлқына оң да, теріс әсер ету үшін де әлеует бар.

Саяси кеңістіктегі цифрландыру процестерінің маңыздылығы мен әсерін талдай отырып, осы қазіргі заманғы процесс және басқару жүйесінде цифрландырудың кең таралуы, мысалы, көптеген өркениетті елдерде электрондық үкімет қағидаттарын дамыту арқылы ақпараттық қоғамның басым болуы жағдайында жаңа саяси сананы қалыптастырудың маңызды факторы болып табылады деп батыл айтуға болады. Бұл мағынада цифрландыру – «барлық ықтимал қоғамдық және адами іс-әрекеттерге цифрлық технологияларды тұрақты енгізу» деген пікірмен келісу керек [16].

Саяси мәдениет пен саяси сана көрінісінің қазіргі ерекшеліктері аясында қоғамдық өмірді цифрландыру халықтың негізгі көбшілігі мінез-құлқының стереотиптерін түбегейлі өзгертеді. Бұл ықпалға, ең алдымен, жастар саяси мәдениеттің сандық нұсқасының негізгі тасымалдаушысы ретінде ұшырайды.

Ғалымдардың пайымдауынша, қоғамдық өмірді цифрландыру процесін жүзеге асыру шеңберінде ақпаратты таратудың критерийлері жаңа саяси мәдениет пен саяси сананы құруды қамтамасыз етеді, олар өзінің қалыптасуында келесі кезеңдерден өтеді:

- Ақпаратқа қол жеткізу арқылы белгілі бір білім көлемін алу.
- Білімді сенімге айналдыру.
- Тұлғаның саяси бағдарын қалыптастыру.
- Саяси мәдениеттегі тұлғалық бағдарды жүзеге асыру [17].

Саяси сана мен мінез-құлықтың қалыптасу процесі саяси әлеуметтену ретінде қарастырылады. Ақпараттық қоғам жағдайында цифрландыру бұл үрдісті жеделдетіп, адамның саяси білім мен мәдениетті жылдам меңгеруіне мүмкіндік береді. Интернет-ресурстар арқылы жастардың саяси мәдениеті ерте қалыптасып, саяси өмірге қатысушылар саны артуда.

Цифрландыру үдерісі бүгінде әлемнің барлық елдерін қозғайды. Бүгінде Интернет экономика дамушы елдерде жылына 25%-ға дейінгі қарқын мен өсіпкеледі, бұл ретте экономиканың бірде-бір секторы осындай қарқынға жақындай алмайды. Барлық жаһандық деректердің 90%-ы соңғы 3-4 жылда жасалып шықты. 35 млрд. құрылғы Интернетке қосылған және деректер алмасуды жүзеге асырады. Бұл сан әлем халқының жалпы санынан бес есе артық [18, б.16]. Бірақ, сонымен бірге үкіметтер мен

корпорациялар кибер шабуылдарға кең таралған жаңа құбылыстарға қарсы әрекететуге жыл сайын жарты миллиллион АҚШ долларын жұмсайды. Цифрландыру бойынша белсенді дамып келе жатқан адам капиталы қазіргі елдегі адамдардың саяси санасын жаңартады. Мысалы, Эстонияда цифрландыру қарқынды дамыды. Азаматтар онлайн дауыс беріп, мемлекеттік қызметтердің басым бөлігін e-Estonia жүйесі арқылы алады. Бұл халықтың билікке сенімін арттырып, саяси мәдениетін жаңартты. Жастар цифрлық сауаттылықтың арқасында саясатқа белсенді қатысып, азаматтық жауапкершілігі жоғары қоғам қалыптасты.

Әрбір ел цифрлық дамудың басымдықтарын өзі анықтайды. Әлемнің 15-тен астам елі қазіргі уақытта цифрландырудың Ұлттық бағдарламаларын жүзеге асырады. Қазіргі тәжірибе көрсеткендей, ұлттық экономиканы цифрландыру бойынша алдыңғы қатарлы елдер Қытай, Сингапур, Жаңа Зеландия, Оңтүстік Корея және Дания болып табылады. Оны дәлелдеуге келесі мысалдарды келтіруге болады: Қытай өзінің «Интернет плюс» бағдарламасында цифрлық индустрияны дәстүрлі индустриямен біріктіреді, Канада Торонто қаласында акт-хабын құрады, Сингапур акт драйвері болып табылатын «ақылды экономиканы» қалыптастырады, Оңтүстік Корея «креативті экономика» бағдарламасында адами капиталды дамытуға, кәсіпкерлікке және АКТ жетістіктерін таратуға бағдарланады, ал Дания мемлекеттік секторды цифрландыруға шоғырланады.

Бұл елдерде мемлекет бағдарламаны іске қосу мен іске асыру да маңызды рөл атқарады, бұл ретте табыс жеке ойыншыларды тартуға байланысты – «Цифрлық жекешелендіру» деп аталады. Мысалы, Сингапурда қазірдің өзінде балабақшалар мен мектептерде бағдарламалау курстары оқытылып, мектеп жасындағы және тіпті мектепке дейінгі жастағы балалардың сандық сауаттылығын арттыруға арналған стартаптар пайда болуда. Бұл адамның жастайынан бастап оның санасын қазіргі әлемге бейімдейді.

Бүгінгі тәжірибе сондай-ақ әлемнің бірқатар алдыңғы қатарлы елдерінде заманауи ойлауды дамытуға саяси ықпал етудің маңызды тәсілі және қазіргі қоғам мен ашық мемлекеттік басқаруды қалыптастырудың басты элементтерінің бірі «электрондық үкімет» болып табылатынын көрсетті. «Электрондық үкімет» азаматтарға мемлекеттік қызметшілермен тікелей өзара іс-қимыл жасамай, әлеуметтік маңызды мәселелерге жедел жауап алуға мүмкіндік береді, мемлекеттік қызметтерді алу кезінде әкімшілік сипаттағы барлық кедергілерді жояды, сондай-ақ ресми ақпаратқа қол жеткізуді жеңілдетеді. Кейбір зерттеушілердің пайымдауынша, көптеген елдер 1990-2000 жылдары өз электрондық үкімет жүйелерін жаппай құра бастады. Дәл осы кезеңде үкімет жүйелерін оңтайландыруға бағытталған халықаралық маңызы бар алғашқы құжаттар пайда болды, олардың көпшілігі осы ұйымдарға қатысушы елдердің орындауы үшін міндетті болып табылады.

Біздің еліміздің басқару жүйесіне электрондық үкіметті енгізу бойынша Қазақстанның тәжірибесін зерделеумен айналыса отырып, ғалымдар әлемде электрондық үкіметтің түрлі модельдері қалыптасқанын, олардың арасында келесі бағыттар бөлінетінін атап өтеледі:

1. Құрлықтық-еуропалық модель.
2. Ағылшын-американдық үлгі.
3. Азиялық модель [19, 173 б.]

Электронды үкімет халықтың саяси процеске қатысуына айтарлықтай ықпал етеді. Онлайн платформалар арқылы азаматтар мемлекеттік органдарға өтініш, шағым немесе ұсыныс беріп, өз пікірін еркін жеткізе алады. Мысалы, Egov.kz порталындағы "Электронды өтініш" немесе түрлі онлайн петициялар қоғамдағы өзекті мәселелерді көтеруге мүмкіндік береді. Бұл азаматтардың саяси белсенділігін арттырып, билікке ықпал ету тетіктерін кеңейтеді. Сонымен қатар, мемлекеттік бағдарламалар мен заң жобалары бойынша онлайн талқылауларға қатысу халықтың саяси мәдениетін қалыптастырады. Электронды үкіметтің ашықтығы мен қолжетімділігі сыбайлас жемқорлықты азайтып, әділ басқару идеясын күшейтеді. Нәтижесінде азаматтар саяси процестерге тек бақылаушы ретінде емес, белсенді қатысушы ретінде араласуға үйренеді. Осылайша электронды үкімет халықтың саяси санасын жаңғыртып, демократиялық құндылықтардың дамуына жол ашады.

Қорытындылай келе, цифрландырудың саяси санаға әсері – бұл біржақты немесе тек технологиялық құбылыс емес. Ол – күрделі әлеуметтік-мәдени және саяси процесс. Қазақстан жағдайында да бұл процесс тек мемлекеттік бастамалардың нәтижесі емес, сонымен бірге азаматтық қоғамның белсенділігіне, халықтың қабылдау қабілетіне және әлеуметтік сенім деңгейіне де байланысты. Цифрлық трансформация саяси сананы жаңғыртудың қуатты құралы бола алады, егер ол инклюзивті, түсінікті және сенімді түрде жүзеге асырылса.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Белл Д. Грядущее постиндустриальное общество. М.,1999.
2. Кастельс М. Информационная эпоха: экономика, общество и культура. М., 2000.

3. Тоффлер Э. Метаморфозы власти. Знание, богатство и сила на пороге XXI века / Э. Тоффлер. М.: Изд-во АСТ, 2002, 669 с.
4. Турен А. Способны ли мы жить вместе? Равные и различные // Новая постиндустриальная волна на Западе : антология. М., 1999. С.465-491
5. Мухин А.А. Информационная война в России: участники, цели, технологии. М., 2000
6. Вершинин М.С. Политическая коммуникация в информационном обществе. -СПб.: Из-во Михайлова, 2011.-253с.
7. Кара-Мурза С.Г. Манипуляция сознанием. М., 2000, 380 с.
8. Нуртазина Р.А. Современные массовые коммуникации в условиях глобализации.Ч.1, 2 - Астана, 2006-2007, 384 с., 348 с.
9. Мамытқанов Д.Қ., Амитов С.А. Ақпараттандыру үрдісінің ақпараттық мінез-құлықты қалыптастырудағы рөлі // ҚазҰУ Хабаршысы. Психология және социологоия сериясы. 2012, № 2(41), 36-40 б.б.
10. Алияров Е.К. Государственная информационная политика Республики Казахстан в условиях глобальной информатизации. Дис. д-ра полит. наук. Алматы, 2006. 317 с.
11. Ибраева Г. Демократизация информационного пространства // Саясат. 2001, № 5
12. Акшулакова А.С. Информационная безопасность Республики Казахстан: Дис. канд. полит.наук. Алматы, 2009, 140 с.
13. Сұлтанбаева Г.С. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы саяси коммуникация: шетелдік тәжірибе және Қазақстан: фил.ғ.д. дис.. Алматы, 2010. 360 б.
14. Альшанская А., Садыков Б. Цифровизация и формирование цифровой культуры в Казахстане // Казахстан Спектр. Научный журнал. 2018, №3 (85). С. 7-14.
15. Қармыс Ғ.С. Влияние цифровизации на рынок труда // Вестник Карагандинского государственного университета. Серия «Экономика». 2019. № 1(93). С.256-260.
16. Digitization, digitalisation and digital transformation: the differences. [Электронный ресурс]. URL: / https://www.i-scoop.eu/digitization-digitalization-digital-transformation-disruption/
17. Блохин Т.К. Влияние цифровизации на изменение политической культуры / Инновационная наука. 2019. № 2. С. 160-162. [Электронный ресурс]. URL: .
18. Батырбаева А. К. Глобальные тренды цифровизации и международный опыт // Молодой ученый. 2019. № 15 (253). С. 16-17.
19. Жумасултанова Г.А. Опыт использования электронных услуг в системе государственного управления Республики Казахстан // European Research: Innovation in Science, Education and Technology / European research. – London, 2016, № 4 (15). С.171-174.

ӘОЖ 328.3

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МӘСЛИХАТТАРДЫҢ РӨЛІ

Бурханов О.А.
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
«Саясаттану» ББББ магистранты

Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан бергі отыз жылдан астам уақыт ішінде елде саяси жүйені жаңарту мен қоғамды демократияландыруға бағытталған ауқымды қадамдар жасалды. Осы реформалардың құрамдас бөлігі ретінде мәслихаттар құрылып, олар халық мүддесін білдіретін және жергілікті деңгейде билік пен қоғам арасындағы көпір қызметін атқаратын маңызды институтқа айналды. Бастапқыда мәслихаттар бюджет пен әкімшілік шешімдерді қарауға бейімделген құрылым ретінде сипатталса, уақыт өте келе олардың саяси салмағы арта түсті.

Зерттеудің әдіснамалық тірегі саяси ғылымдағы институционалдық және салыстырмалы талдау әдістеріне сүйенеді. Институционалдық тәсіл мәслихаттарды билік жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырып, олардың құқықтық мәртебесін, құзыретін және жұмыс механизмін айқындауға мүмкіндік береді [1][2]. Саяси модернизация теориясы мәслихаттардың даму динамикасын демократиялық институттарды қалыптастырудың кезеңдік үдерісі ретінде зерделеуге жағдай жасайды [9][10]. Сонымен қатар салыстырмалы әдіс арқылы Қазақстан тәжірибесі Еуропа және Азия елдеріндегі өзін-өзі басқару үлгілерімен салыстырылады [14]. Бұл тәсіл жергілікті өкілді органдардың ерекшеліктерін айқындап қана қоймай, олардың әлеуетін бағалауға да көмектеседі.

Мақалада қолданылған дереккөздер қатарында Қазақстан Республикасының Конституциясы [1], «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңы [2], «Сайлау туралы» Конституциялық заңы [3], Мемлекет басшысы Қ.-Ж. Тоқаевтың Жолдаулары [4][5][6], сондай-ақ ҚР Орталық сайлау комиссиясының ресми мәліметтері бар [7]. Бұған қоса Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының зерттеулері [15], OECD жарияланымдары [14] және отандық ғалымдардың еңбектері (Нуртазина, Байзаков, Омаров) ғылыми-теориялық база ретінде пайдаланылды. Осылайша, жұмыстың әдіснамасы құқықтық талдау, салыстырмалы сараптама және статистикалық деректерді жүйелеуге сүйенеді.

Мәслихаттардың құқықтық іргетасы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясында қаланған [1]. Конституцияның 86–90 баптарында мәслихаттардың сайлану тәртібі, өкілеттіктері және негізгі міндеттері нақтыланған. Депутаттар азаматтардың жасырын дауыс беруі арқылы сайланып, халықтың еркін білдіреді. 2001 жылғы «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заң мәслихаттардың құзыретін кеңейтіп, әкімдердің есебін тыңдау, бағдарламаларды бекіту, коммуналдық меншікке қатысты шешім қабылдау сияқты өкілеттіктер жүктеді [2].

Мәслихаттардың эволюциясына тоқталсақ, алғашқы сайлау 1994 жылы өтті. Сол кезде олардың дербестігі шектеулі болды, ал депутаттар көбінесе партиялық тізімдер бойынша ұсынылды. Кейінгі жылдардағы өзгерістер (1999 ж., 2007 ж.) саяси жүйеге белгілі бір жаңашылдық енгізгенімен, мәслихаттардың шынайы ықпалын күшейте алмады. Тек 2021–2022 жылдары жүзеге асқан саяси реформалар шешуші сәт болды. «Сайлау туралы» заңға енгізілген түзетулер нәтижесінде аралас мажоритарлы-пропорционалды жүйе енгізіліп [3], тәуелсіз кандидаттардың сайлануына жол ашылды және саяси бәсекеге жаңа серпін берілді.

Президент Қ.-Ж. Тоқаев өз Жолдауларында жергілікті өкілді органдардың маңызын үнемі атап өтеді [4][5][6]. «Есептін мемлекет» тұжырымдамасы шеңберінде мәслихаттар азаматтардың ұсыныстарын жинақтап, билікке жеткізетін негізгі арна болуы тиіс деп белгіленді. 2022 жылғы Жолдауда Президент: «Халықтың үнін ескермей ешбір реформа нәтижелі болмайды. Мәслихаттар қоғам пікірін билікке жеткізетін басты алаңға айналуы қажет» деп көрсетті [4].

Аймақтардағы соңғы тәжірибелер мәслихаттардың рөлінің күшейіп келе жатқанын байқатады. Шығыс Қазақстан облысында депутаттар 2022 жылы әлеуметтік салаға бөлінген қаржыны қысқартуға қарсы шығып, қаражаттың сақталуына ықпал етті [12]. Қарағанды облысында 2023 жылы мәслихат денсаулық сақтау және білім беру нысандарын жөндеуге қосымша қаражат бөлуді қолдады. Басқа аймақтарда да экология, су тапшылығы, тұрғын үй-коммуналдық мәселелер сияқты проблемаларды талқылауда мәслихаттар белсенділік танытып отыр [13].

Сонымен бірге, бірқатар проблемалар шешімін күтіп тұр. Ең алдымен, мәслихаттардың қаржылық дербестігі жеткіліксіз, өйткені жергілікті бюджеттердің басым бөлігі республикалық трансферттерге тәуелді [2]. Бұдан бөлек, сайлаушылардың белсенділігі төмен деңгейде қалып отыр: 2023 жылғы сайлауда дауыс беруге қатысу 54 пайыз шамасында болды [7]. Депутаттардың басым бөлігі өз міндетін негізгі жұмыспен қатар атқаратындықтан, уақыт пен ресурстар шектеулі [9][10].

Саяси бәсекелестіктің де әлсіз тұстары бар. Ұзақ уақыт бойы мәслихаттарда «Аманат» партиясы үстемдікке ие болды [12]. Қазіргі таңда жаңа партиялардың құрылуы және тәуелсіз кандидаттардың келуі саяси алаңды әртараптандырып келеді, бірақ толыққанды демократиялық тепе-теңдікке жету үшін әлі де уақыт қажет.

Халықаралық тәжірибе Қазақстан үшін маңызды бағдар бола алады. OECD-тің көпдеңгейлі басқаруға арналған зерттеуінде [14] Еуропа елдерінде жергілікті органдардың салық жинау құқығы кеңейтілгені және олардың бюджет дербестігі жоғары екендігі көрсетілген. Бұл жүйе халықтың қажеттіліктеріне жедел жауап беруге мүмкіндік береді. Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының баяндамасында [15] да халықаралық тәжірибені бейімдеу қажеттілігі баса айтылып, азаматтық қатысуды арттыру мен ашықтықты қамтамасыз ету негізгі міндет ретінде белгіленген.

Салыстыра қарағанда, Қазақстандағы мәслихаттар әлі де қалыптасу жолында тұр. Еуропа мен Азиядағы тәжірибе көрсеткендей, жергілікті билік органдарына дербестік пен жауапкершілік артқан сайын азаматтардың сенімі де артады. Қазақстан бұл бағытта айтарлықтай жетістіктерге жеткенімен, алдағы уақытта атқарылар іс көп.

Қорытындылай айтқанда, мәслихаттар – елдің саяси жүйесінің негізгі буыны. Олардың тиімді қызметі жергілікті басқаруды жетілдіруге, қоғам мен билік арасындағы диалогты нығайтуға және халық сенімін арттыруға ықпал етеді. «Әділетті Қазақстан» тұжырымдамасы аясында мәслихаттардың шынайы халықтық өкілдікке айналуы саяси жаңғырудың басты қозғаушы күшіне айналмақ [5][6].

Пайдаланылған әдебиеттер

Қазақстан Республикасының Конституциясы 30 тамыз 1995 ж. (2023 ж. өзгерістер мен толықтыруларымен). – Астана: ҚР Парламенті. URL: adilet.zan.kz

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» ҚР Заңы, 23 қаңтар 2001 ж. № 148-II (2023 ж. редакциясы). – Астана. URL: adilet.zan.kz

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» ҚР Конституциялық заңы, 28 қыркүйек 1995 ж. № 2464 (2022 ж. редакциясы). – Астана. URL: adilet.zan.kz

ҚР Президенті Қ.-Ж. Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Әділетті Қазақстанға бағытталған курс» (1 қыркүйек 2022 ж.). URL: akorda.kz

ҚР Президенті Қ.-Ж. Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» (1 қыркүйек 2023 ж.). URL: akorda.kz

ҚР Президенті Қ.-Ж. Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсу, қоғамдық оптимизм» (2 қыркүйек 2024 ж.). URL: akorda.kz

ҚР Орталық сайлау комиссиясы. Мәжіліс пен мәслихат депутаттарын сайлау қорытындылары (19 наурыз 2023 ж.). URL: election.gov.kz

ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті. «Қазақстан сандармен» статистикалық жылнамасы. – Астана, 2023. URL: stat.gov.kz

Нуртазина Р.А. Қазақстан Республикасындағы саяси қатысу социомәдени аспектілері // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. – 2019. – № 3(128). – 66–73 б. DOI: 10.32523/26-16-6887/2019-128-3-66-73

Нуртазина Р.А. Қазақстан Республикасы: БАҚ және саясат: оқу құралы. – Алматы: Бастау, 2014. – 210 б. (2-басылым).

Серікжанова А.Т., Нуртазина Р.А., Нагасбекова Б.С., Серікжанова И.Т. Қазақстандағы әйелдердің саяси өмірге қатысуы: өңірлік аспектілер // Россия в глобальном мире. – 2024. – Т. 27. – № 3. – 106–126 б. DOI: 10.48612/rg/RGW.27.3.6

Байзаков С.Б. Қазақстандағы жергілікті өзін-өзі басқару: мәселелері мен келешегі // Полис. – 2021. – № 2. – 45–58 б.

Омаров М.Е. Қазақстан мен Украинаның аймақтық және жергілікті басқару (өзін-өзі басқару) жүйелерінің салыстырмалы талдауы // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. – 2024. – № 2(147). – 57–81 б. DOI: 10.32523/2616-6887/2024-147-2-57-81

OECD. Decentralisation and Multi-level Governance in Kazakhstan. OECD Multi-level Governance Studies. – Paris: OECD Publishing, 2018. DOI: 10.1787/9789264309930-en

ҚСЗИ (Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты). Қазақстандағы жергілікті өзін-өзі басқару: ерекшеліктері мен реформалау перспективалары. – Астана, 2023. URL: kisi.kz

ФИЛОСОФИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ: ӨТКЕНІ, БҮГІНІ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ

Көрнекті қазақстандық ғалым және философ
Төлеуғазы Ысқақұлы Әбжановтың туғанына 90 жыл толуына арналған
Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның

МАТЕРИАЛДАРЫ

10 қазан 2025 ж.

АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ФИЛОСОФИИ: ПРОШЛОЕ, НАСТОЯЩЕЕ И БУДУЩЕЕ

МАТЕРИАЛЫ
Международной научно-практической конференции,
посвященной 90-летию со дня рождения выдающегося казахстанского ученого-философа
Толеугазы Искаковича Абжанова

10 октября 2025 г.

ACTUAL PROBLEMS OF PHILOSOPHY: PAST, PRESENT AND FUTURE

MATERIALS

International Scientific and Practical Conference,
dedicated to the 90th anniversary of the birth of the outstanding Kazakh scientist-philosopher
Toleugazy Abzhanov

October 10, 2025

Басуға қол қойылды 06.10.2025 ж.
Пішімі 70x90 1/8. Қағазы ксеркстік. Times гарнитурасы.
Көлемі 27 б.т.
Таралымы 9 дана. Тапсырыс № 148

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің баспасы
100024, Қарағанды қ., Университет к-сі, 28, Тел. (7212) 35-63-16.
E-mail: izd_karu@mail.kz